

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

**Сары-
ардуаның
салталы**

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

Сарыарқаның самалы

(Туған жер, табиғат, экология
мәселелері туралы кітап)

Қарағанды
2003 ж.

**ББК 84 (5 Қаз)
Ж 26**

**Ж 26 Сарыарқаның самалы, Жанысбай С.
- Қарағанды, 2003 - 227 бет.**

ISBN 9965-613-52-4

Белгілі қаламгер Сүйіндік Жанысбайдың бұл кітабы біздің облыстағы экология және табиғат қорғау мәселесіне арналған. Онда Семей сынақ полигоны мен "Байқоңыр" ғарыш айлағының зардаптары, одан ұшырылған "Протон" зымырантасығышының екі рет біздің облыс жеріне құлауы, Нұра өзенін сынаптан тазалау, Балқаш көлін сақтап қалу мәселесі, Ақтоғай ауданындағы ашық қалған бұрынғы уран рудниктерінің оқпандарын жабу және осы ауданды экологиялық қауіпті аймақ қатарына қосу, Қарқаралының қалың орманын қорғау туралы жайлар қамтылған.

Кітап қалың оқырман қауымға арналғанымен оны студенттер мен мектеп оқушылары қосымша құрал ретінде пайдалануына болады.

ББК 84 (5 Қаз)

**Ж 4704250201
00(05)-03**

ISBN 9965-613-52-4

**© Жанысбай С.
Қарағанды, 2003.**

Камалтин МҰХАМЕДЖАНОВ,
облыс әкімі

БҰЛ — БІЗДІҢ СОҢҒЫ МҰМКІНДІК



Балқаш көлі бүкіл жер шарындағы аса ірі көлдердің қатарына жатады. Бұл су қоймасы біздің республикамыздың аса ауқымды аймағындағы экологиялық жүйенің барлық түрін (атмосфера, топырақ қабаты, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және басқалар) қамтып отыр. Оған қоса біздің облыс үшін бұл су қоймасының мәніне баға жетпейді.

Су ресурсының және пайдалы қазбаларының байлығы Қарағанды облысына қарайтын көлдің солтүстік жағалауында өнеркәсіптік кешен салуға алғышарт болды. Мұнымен бірге Балқаш көлін өнеркәсіптік игеру қоса жүргізілді. Сөйтіп, оның қазіргі өндірістік ауқымында құрамына Қоңырат және Саяқ кеніштері кіретін Балқаш кен-металлургия комбинатының алатын орны ерекше. «Қазақмыс» корпорациясына қарасты Балқаш жылу-электр орталығы, «Балқашбалық» АҚ, «АБС-Балқаш» мемлекеттік республикалық корпорациясы, сол сияқты Приозерск қаласы мен оның инфрақұрылымдары да бар.

Өткен жылы меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындар мен ұйымдар және жеке құрлыс салу-

шылар Балқаш аймағы бойынша 346,7 млн. теңге инвестициялық қаржы игерді.

Балқаш көлінің экологиялық жүйесінде су деңгейінің төмендеп кетуі күрделі мәселе туғызып, көлдің тиімді табиғи гидрологиялық, гидрохимиялық және гидробиологиялық режимін бұзуға әкеліп соқтырды. Көптеген су қоймаларын (Қапшағай және басқалар) салу үшін Іле өзенінің ағысын негізсіз реттеу, толып жатқан суару жүйелері мен каналдар салу, осы гидрожүйелердегі су ағысының бүлінуі көлдің табиғи су балансын бұзуға әкеліп соқтырды. Соның салдарынан көлдің деңгейі кейінгі жылдары тіпті төмендеп кетті (Ең төменгі деңгейі 341 метр болуы қажет болса, 1999 жылғы жазда ол 341,75 метрге жеткен).

Орта есеппен алғанда су деңгейі 3 метрге төмендеп, тұз құрамы, яғни судың минералдануы екі есеге жуық артқан.

Осылардың барлығы қазіргі кезде өсімдік және жануарлар дүниесінің, балықтың түр-түрі мен санының мүлде азайып кетуіне әкеліп соқтырды, климат жағдайына да әсер етті. Көлдің жағалауындағы өсімдіктерге орасан зиянын тигізді. Егер Қытай жағы Іле өзенінің суын өздеріне бөліп алатын болса, онда бұл кері процесс одан сайын қиындай түспек. Сондықтан да Қазақстан мен Қытай шекарасынан өтетін өзендерге қатысты мемлекетаралық келісімге қол қою шарасын тезірек қолға алу керек.

Бұл процесс су қоймасының шаруашылық бағасы мен оның мәні айқындалмай тұрған кезде басталған еді. Көлдің экологиялық жүйесіне қажетті деңгейде бақылаудың және мониторингтің жоқтығынан Балқаш-Іле бірыңғай табиғи кешеніндегі экологиялық жүйенің мәні айқындалмай қалған. Соған орай көлдің құқықтық мәртебесі заң тәртібімен белгіленбеген.

Егер біз Балқаш көлінің реттеуші мәні оның режим деңгейіне тікелей қатысты дейтін болсақ, онда бірінші

кезекте, ең қысқа мерзімде, кезек күттірмейтін шара ретінде ең төменгі деңгейден — Балтық жүйесі бойынша 341 метрден төмендетпей ұстап тұрудың тетігін табуымыз қажет. Және де осы ең соңғы деңгей мөлшерінде тұрақты ұстап тұра алғанымызбен ол су қоймасының экологиялық жүйесіндегі қорғану-қалпына келтіру міндетін қамтамасыз ете алмайтын болғандықтан, бұдан әрі гидрогеологиялық режимді қалпына келтіру жөніндегі кешенді шараны қабылдау керек. Сонда ғана Балқаш-Іле табиғи кешенінің бұзылған экологиялық жүйесін қалпына келтіре аламыз.

Балқаш көлі мен оның маңындағы аймақтардың экологиялық жүйесіне осындағы кәсіпорындар мен Сарышаған әскери полигонын пайдаланудың техногендік қызметі зиянды әсерін тигізуде. Әсересе, Балқаш жағалауының біздің облысқа кіретін солтүстік аймағы техногендік әсерге көбірек ұрынып отыр.

Көлдің солтүстік аймағын ластандырушы ең үлкен көз Балқаш кен-металлургия комбинаты. Комбинаттың мыс зауыты, байыту фабрикасы, түсті металл өңдеу зауыты, жылу-электр орталығы, тағы басқа қосалқы өндірістік буындары ондаған жылдар бойы көлге ластанған, тазаланбаған ағын суын жіберіп келеді. Көлге тұзды су мен ауыр металдар қосылуын тоқтату мақсатында комбинат тоғандары арқылы қайталама су көздерін тазалаудың кешенді шараларын жүзеге асыруда. Мұның өзі судың сапалық құрамын жақсартуға жағдай жасайды.

Балқаш көлінің солтүстік жағалауының атмосфералық ауасын БКМК көп жыл бойы өзінің күкіртті ангидридiмен ластау үстінде. Бұл қазір ғана туындап отырған мәселе емес. Ол Балқаш комбинатындағы ауаны қорғау жұмысының тиімсіз жүргізілуінің салдары.

Комбинаттың ластаушы заттарды шығаруын қысқарту және облыс бойынша санитарлық деңгейге

жеткізу мақсатында «Балқаш кен металлургия комбинатының қызметіндегі экологиялық бағдарлама» жасалды. Оған БКМК-дан шығатын қалдық газдарды бейтараптандыратын қондырғы салу жөніндегі кешенді шаралар енгізілді. Бағдарламаның сметалық құны 4 млрд. теңгеден астам, оны игеру 4 жылға жоспарланған. Қазіргі күнге дейін оның 1,5 млрд. теңгесі ғана игерілді. Күкіртті ангидридті бейтараптандыру жөніндегі тәжірибелік-өнеркәсіптік қондырғының жобасы орындалды. Әк тастарын өндіріп, оны күкірт газын бейтараптандыруға қолдану үшін Сарықұм кенішінің құрылысын салу жөнінде жұмыстар жүргізілді.

Балқаштың солтүстік жағалауының табиғатын басты пайдаланушы кен-металлургия комбинаты тудырып отырған экологиялық мәселелерді шешіп, көлдің техногендік ластану дәрежесін төмендету үшін «Қарағанды облысының 1999-2001 жылдары экологиялық жағдайын сауықтыру» бағдарламасы жасалып, жұмыс істеліп жатыр. Онда Балқаш аймағындағы табиғат қорғау шаралары қамтылған. Егер ол шара жүзеге асырылса, көптеген мәселелер шешіліп, экологиялық жағдай біршама жақсара түсер еді.

Сарышаған әскери полигонына қатысты да көптеген жұмыстар бар. Бірақ қазіргі кезде біздегі ақпараттың шектеулі болуына байланысты оның ықпалына, бұл объектінің пайда болғаннан бергі барлық кезеңінде Балқаш өңірінің табиғатына қаншалықты зиян келтіргеніне нақты баға бере алмай отырмыз. Сондықтан да полигонның ықпалынан бүлінген аймақтарда кешенді сауықтыру және қалпына келтіру шараларын жүргізу әзірше мүмкін емес.

Бұл мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының табиғат қорғау жөніндегі заңнамаларындағы полигон мен табиғат қорғау органдары арасында белгіленген қарым-қатынасқа сәйкес Ресей-Қазақстан

арасында келісім жасалып, ол қабылдануы қажет. Мұндай келісімді қабылдау полигон қызметінің айналадағы ортаға, оның ішінде Балқаш көлінің экологиялық жүйесіне кері әсерін анықтауға және оны азайту жөніндегі шаралар жүргізуге мүмкіндік берер еді.

Балқаш-Іле экологиялық жүйесінде байқалған табиғат қорғау заңын бұзу аймақтағы қоршаған ортаның жағдайын нашарлатуға әкеліп соқтырды. Келешекте бұлай жалғаса берсе жағдайының мүлде құлдырап кетуі ғажап емес. Ол халықтың қалыпты өмір сүру деңгейін елеулі дәрежеде төмендетуге әкеліп соқтырады. Яғни, «Мұндай бірегей көл келешекте бола ма, жоқ құрып кете ме?» деген сұрақты төтесінен қоюға тура келеді. Өйткені ол Арал тағдырын айна көтесіз қайталап, республикамыздың орталық өніріндегі ауқымды аймақта тіршілік көзінің жойылып кететіндігіне күмән келтірмейді.

Балқаш көлінің мәселесін кешенді шешу — күрделі процесс. Олар көптеген факторларға, оның ішінде Балқаш-Іле жүйесіндегі су ресурстарын басқарудың ұйымдық-құрлымдық схемасына — Балқаш көлінің ластануының мониторингіне және оның бассейніндегі шаруашылық қызметті реттеуге тікелей қатысты

Қазіргі уақытқа дейін Балқаш көлінің суының ластануына үш облыстың (Алматы, Қарағанды, Жамбыл) айналадағы ортаны қорғау басқармасы бақылау жасап келеді. Геологиялық тіршілікті бақылау және биоресурстарды, оның ішінде балық қорын қорғауды жуырда ғана құрылған Биоресурстарды қорғау жөніндегі Балқаш аймақтық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады. Балқаш көлінің барлық бассейндері бойынша су тұтынудың бекітілген көлемі бойынша су ресурсын бөлумен Балқаш-Алакөл бассейнінің су шаруашылығы басқармасы айналысады. Аталған органдардың осы аймақтағы табиғат қорғау қызметін басқарудың тек бір ғана мәселесін шешуге мүмкіндігі бар.

Балқаш көлінің тағдырына қатысты мәселелерді одан әрі шешу үшін су айдынының нормативтік-құқықтық базасын анықтау жөніндегі бастамадан арнайы ғылыми-зерттеу бағдарламасын жасауға және оны жүзеге асыруға дейінгі су деңгейін белгілеу жөніндегі ұзақ мерзімдік жұмыс жүргізу басты мақсат болып табылады.

Бұған көлдің белгіленген гидрогеологиялық қалпына келтіру жөніндегі ұйымдық-техникалық кешенді жұмыстарының орындалуын бақылау, үкімет деңгейіндегі мемелкеттік құрылымдар ұйымдастыру қажеттігі де кіреді.

Мақсатты түрдегі тұрақты қаржыландырусыз Балқаш көлінің экожүйесін қалпына келтіру және қалыпты өмір қызметін қамтамасыз ету мүмкін емес. Біздің ойымызша бұл мақсатқа қаржы әртүрлі көздерден жиналуға тиіс. Бұлар — бюджеттік қаржы, сол сияқты экологиялық қорлар қаржысы, инвестиция тарту, халықаралық қорлар мен ұйымдардың демеушілік көмегі, ең ақыры мемлекетаралық қаржылай көмек. Бұл қаржылар осы мақсатқа құрылған арнайы қорларға жиналып, қатаң түрде осы іске пайдаланылуы қажет. Әрі бұл қордың қалай орындалып жатқандығы туралы кеңінен хабарланып отыруға тиіс. Алдағы уақытта осы қордың негізінде экологиялық банк құру мәселесін де қарастыруға болады.

Біздің бұл әрекетіміз Қазақстанның кәусары саналатын бірегей көлді сақтап қалу жөніндегі соңғы әрекеттер. Сондықтан да оны мүмкіндігінше жүзеге асыруымыз қажет.

(Республикалық «Табиғат» экологиялық апталығынан аударылды. 2000 жыл, желтоқсан).



ТАБИҒАТҚА ҚАСТАНДЫҚ — ҚЫЛМЫС

Халқымыз жерді аса құрмет тұтып, оған бас иген. Тоқымдай жер үшін қасық қаны қалғанша күресіп, оны сырт жаудан қорғап отырған. Сондай ата-баба жерінің бүгінгі жауы — әртүрлі экологиялық жағдайлар болып отыр. Соған орай облысымыздың аумағындағы жерді бүлінуден, өрттен қорғау және басқа жағдайлар жөнінде облыс әкімінің орынбасары Санат ТҰҢҒЫШБЕКОВПЕН әңгіме өрбіттік.

— Сәке, облысымыз экологиясына теріс әсер етіп отырған бір мәселе — әртүрлі технологиялық жағдайларға байланысты бүлінген жерлер. Солар туралы бірер сөз айтсаңыз.

— Иә, біздің облыс республикамыздағы өндірісті аймаққа жататындығы белгілі. Ал, өндірісті аймақта қашанда экологиялық проблемалар қатар жүреді. Біздің облыста ашық разрездер, шахталар



көптеп саналады. Оған қоса Қарағанды мен Теміртауда, Жезқазған мен Балқашта, басқа да қалаларда өнеркәсіппен химия кәсіпорындары көптеп шоғырланған. Олардың да жерге, ауаға, суға зиянды заттар таратып отырғаны белгілі. Биылғы жылдың басында сондай бүлінген

жер 46,2 мың га болды. Негізінен мұндай жерлер шахталар мен разрездердің кені алынған, қыртысы қопарылған, пайдаланылған, су мол төгілгендіктен батпақтанған, күлтөкпелерге айналған жерлер. Бұған бұзылған ғимараттар мен үйлердің орындары, ағашы құрап қалған аймақтар қосылып отыр.

— Осылардың ішінде қанша гектар жер қайта өндеуге жатады?

— Мұның ішінде кені алынған 13,6 мың га жерді қайта қалпына келтіру қажет.

— Қазір қанша гектар жер қалпына келтірілген?

— Бұрын бұл жұмыс қарқынды жүргізіліп келді. Нарықтың тығырыққа тіреуіне байланысты кейінгі үш жыл ішінде небәрі 715 га жер ғана қалпына келтірілді.

— Жерді қайта қалпына келтіру ісімен кімдер айналысуға тиісті?

— Жерді қалпына келтірумен сол жерді бүлдірушілердің өздері айналысуға тиісті. Олар «Қарағандаликвидшахт» РМБК, «Испат-Кармет» АҚ көмір департаментінің кәсіпорындары. Мәселен, «Молодежная» шахтасы — 24 га., «Қазақстан» шахтасы — 3 га., «Саран» шахтасы — 2 га., тағы сол сияқты өз шамаларынша рекультивация жасады. Сондай-ақ «Қазақмыс» корпорациясының кәсіпорындары да бірталай жұмыс атқарды. Олар Сәтбаев қаласындағы Никольск карьері мен Жезқазған рудниктеріндегі кені алынған жерлерді өңдеді.

Рекультивация биылғы жылы да бірталай жүргізілді. Оның жалпы көлемі мен ауқымы жер ресурстарын басқару жөніндегі облыстық комитет жер балансын бекіткен соң нақтыланады.

— Қазіргі кезде жұмыс істеп тұрған тазарту қондырғыларының техникалық жағдайы қалай? Олардың жұмысы талапқа сай ма?

— Қазір облысымызда 98 тазарту қондырғысы жұмыс істеп тұр. Әрине, олардың барлығының тех-

никалық жағдайы талапқа сай деуге болмайды. Соның ішінде төрт қондырғының жұмысы онша тиімді емес. Өткен жылы биологиялық тазарту блогын қайта жасау жолымен Жезқазған және Сәтбаев қалаларындағы тазарту қондырғылары нормативтік талапқа жеткізілді. Зерттеу нәтижесі бойынша кәсіпорындардың жоспарлы өңдеу жұмыстарының кешенді шараларын Абай, Қарағанды, Шахтинск және Теміртау қалаларының өкімшіліктері бекітті. Сол жүзеге асырылса, облыстың тазарту қондырғыларының жұмыс тиімділігі арта түсетін болады.

— Теміртауды айтқан кезде күре жолдың бойындағы шаңы аспанға шығып жатқан террикон көзге елестейді. Ол даланың да, қаланың да сәнін келтіргені өз алдына, жел тұрғанда шаңдатып, бүкіл қаланы тозаңның астында қалдырады. Соны жою туралы мәселе көтерілген жоқ па?

— Біріншіден, Теміртаудағы террикондар емес, олар «Испат-Кармет» АҚ-ның күлтөкпелері. Оған табиғатты пайдалану жөніндегі жоспар бойынша өндіріс қалдықтарын төгуге рұқсат берілген. Негізінен онда домна мен болат балқыту өндірістерінің қалдықтары, байытылған көмірдің породасы төгіледі. Ал, енді оны жоюды әзірше қолға алып отырған ешкім жоқ. Бұл туралы мәселе көтерілген де емес.

— Жердің тағы бір жауы — өрт. Өткен жылдардағы өрттерден бірталай жеріміз жанып кетті. Әсіресе, Қарқаралы орманы көп шығынға ұшырады. Соған байланысты орманды қалпына келтіру үшін қандай шаралар жүргізуде?

— Кейінгі екі жылда Қарқаралының орманды алқабы қалың өртке ұрынғаны рас. Соның салдарынан 4200 га жер жанып кетсе, оның ішінде 1740 га жер орман алқабы. Бұл жерлердегі жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың жанып кетуі әлі күнге дейін адамның ішін ашытады. Өйткені жапырақты ағаштар-

дың өсіп-жетілуі үшін кемінде 10 жыл керек болса, қылқан жапырақты ағаштар 50 жылсыз өсіп жетілмейді. Оның үстіне қылқан жапырақты ағаштар үшін адамның қолдай күтімі керек. Яғни, ең бірінші кезекте зиянкестер мен орман ауруын таратушы болып табылатын күйген ағаштардан тазарту қажет болады. Өкінішке орай, күйген ағаштар өте көп. Ал оларды тазарту ісі техниканың ескілігі, адам күшінің аздығы, ең бастысы — қажетті қаражаттың жоқтығы сияқты себептерден өте баяу қарқынмен жүргізілуде. Сондықтан да Қарқаралы орманын қалпына келтірудің нақты мерзімі туралы дәл қазір айта қою қиын.

Өткен 1998 жылы Қарқаралы орман-тоғай аумағына республикалық дәрежедегі Мемлекеттік Ұлттық парк мәртебесі берілді. Ұлттық паркті ұстауға қаржы республикалық бюджеттен бөлінеді. Бірақ біз де сырт қалып жатқан жоқпыз. Айналадағы ортаны қорғау қорының есебінде осы алқаптың орманын қалпына келтіру үшін 2000 жылға қаржы бөлу туралы жоба бар.

— Өткен жылы осы Қарқаралыдағы өртке кінәлі болған адамдардың анықталғанын білеміз. Оларға қандай шаралар қолданылды?

— Өткен жылы облыста 1277 га алқапты қамтыған 31 өрт оқиғасы тіркелген. Өрттің шығу себептері зерттелді. Соның ішінде Қарқаралыда екі үлкен өрт болды. Онда 1200 га алқап, оның ішінде 318 га орман өртенді. Соңғы екі өрттің шығуына себепші болғандар анықталды. Қазіргі кезде осы екі өрттен келген 10 млн. 641 мың теңгеден астам шығынды қалпына келтіру жөніндегі іс сотта қаралып жатыр. Табиғатқа қастандық — қылмыстың ең үлкені деп ойлаймын. Соған орай кінәлілер тек шығынды толтырып қана қоймай, қатаң жазаға да тартылуға тиіс,

Қарқаралыда биыл да өрт болды. Бірақ орманға шығын келген жоқ.

— Ендігі бір үлкен мәселе «Протон» зымырантасы-ғыштарының апаты. Биылдың өзінде облысымыздың жеріне екі рет құлап, гептил төгілді. Осылар туралы қандай тұжырым бар?

— Шілде айының басында «Протон» зымырантасы-ғышы апатқа ұшырап, Қарқаралы жеріне құласа, одан соң төрт айдан кейін Жаңаарқа жеріне құлады. Алғашқыда күннің ыстық болуы себепті бірталай дала, егістік жер өртенді. Одан келген жалпы шығынды 10 млн. 694 мың теңге деп есептедік. Оны ресейліктер бізге төледі. Жерден, судан, ауадан, өсімдіктерден үлгілер, адамдардан қан алынып тексерілді. Барлығы 338 үлгі алынған болатын. Негізінде гептил бар болғанымен оның мөлшері өте мардымсыз, адамдар мен жануарлар организмiне зияны жоқ деген қорытындыға келді. Кейінгі жолы да табылғаны өте аз болғандықтан гептил жоқ деп те айтуға болады. Бұл жолы тек Қарағанды мен Ресейдің ғана емес, республикамыздың Ұлттық Ғылым академиясының Химия ғылымдары институтының мамандары да қатысты. Алынған нәтиже ресейлік ғалымдардың көрсеткішімен бірдей болып шықты.

Атасуда құлаған «Протон» зымырантасығышының келтірген зияны 19 млн. 100 мың теңге көлемінде дегенге келістік. Бұл шығынды Ресей жағы жақын арада төлеуге тиіс.

— Алдағы уақытта облыс экологиясын жақсартуға бағытталған қандай шараларды жүзеге асыру жоспарланып отыр?

— Алдағы уақытқа жасалған жоспар көп. Оның барлығы белгілі себептермен жүзеге аса бермейді. Дегенмен де қаржы мүмкіндігіне, техникалық күш-қуатқа сәйкес жасалған жоспардың бірнешеуін атап өтейін.

Қарағанды облысының 1999-2001 жылдардағы экологиялық жағдайын сауықтыру бағдарламасы жасалған. Онда, жүзеге аса қалған жағдайда, айналадағы ор-

таны сауықтыруға елеулі үлес қосатын көптеген маңызды табиғат қорғау шаралары қамтылды. Сондай ірі шаралардың ішінде атмосфераны қорғауға жататын қондырғыны атауға болады. Күкірт қышқылы ангидридін ауаға таратпай жағып жіберуге арналған бұл қондырғы Балқаш кен-металлургия комбинатында орнатылмақ. Ол жүзеге асқан кезде атмосфераға тарайтын зиянды қоспа мөлшері едәуір азая түсер еді. Бұл қондырғы қазір салынып жатыр. Жыл аяғына дейін онда 150 млн. теңгенің құрылыс-монтаж жұмысы жүзеге асырылмақ.

Жезқазған қаласындағы жылу-электр орталығынан Кеңгір өзеніне ағатын мазут қосындысын тоқтату жүзеге асырылады. Сөйтіп, өзенді мұндай өнімдермен ластандыратын бір көз жойылды деп есептеуге болады.

КарГРЭС-І-дің күлтөкпесінен ауа мен жерге күл тозаңының тарауын болдырмау мақсатында да бірталай жұмыстар атқарылуда. Оның бірінші кезеңінде рекультивация жұмыстары жүргізіліп, қазіргі күнге дейін 55 млн. теңгенің жұмысы атқарылды.

Міне, табиғат қорғау мақсатында осындай жұмыстарды жалғастыра беретін боламыз. Табиғатқа, айналадағы ортаға жанашырлықпен қарау басты мақсатымыз.

— Әңгімеңізге көп рахмет.

2000 ж.



ҚОРШАҒАН ОРТА ТАЗАЛЫҒЫ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Біздің облыс Қазақстанның өндірісті орталықтарының бірі. Мұнда көмір, түсті металл өндіру мен қара металлургия, жылу-энергетика, машина жасау, тамақ өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары шоғырланған. Концентраттың жоғарылығы, экологиялық лас, өнеркәсіптік ресурстарды қажет ететін өндірістердің көптігі, тұрғын үй аймақтарында өнеркәсіптік кәсіпорындардың салынуы халыққа қолайсыздықтар тудыруда. Мұндай жағдайларды бол-

дырмау және экологиялық тазалық сақтау мақсатында жұмыс істейтін облыстық экология және биоресурстар басқармасының бастығы Балташ Тілепбекұлы ҚОЖАХМЕТОВ ПЕН кездесіп бірнеше сұрақ қойған едім.

— Балтеке, сөзімізді облыстың экологиялық жағдайын шолудан бастасақ қайтеді?

— Әлбетте. Біздің облыс экологиялық қолайсыз аймақ болуы өз алдына, сы-



нағын тоқтатқан Семей ядролық полигоны мен Бай-

қоңыр космодромы, Сарышыаған зымыран полигоны жағдайымызды тіпті қиындатып келеді.

Біздің облыстағы өндірістік қуаттар экологиялық жағдай мен оның зардаптарын ескерусіз дамытылды. Соның салдарынан облыстың атмосфералық ауасы бұзылды. Кәсіпорындардан миллион тоннадан астам ауаны ластандырушы заттар тарайды екен. Бұл бүкіл республикадағы көрсеткіштің үштен бір бөлігі. Негізгі ластаушы көздер Теміртауда «Испат-Кармет» АТАҚ (жылына 361,5 мың тонна), Жезқазғанда «Қазақмыс» АҚ (жылына 138,4 мың тонна), Балқашта «Балқашмыс» АҚ (жылына 299,4 мың тонна), сол сияқты Қарағандыдағы энергетикалық кәсіпорныдардың өзі жылына 96,2 мың тонна ластандыратын қоспа таратады.

Бұған қоса атмосфералық ауаны автокөліктер де аз ластандырмайды. Олар жылына 110 мың тонна көлемінде зиянды заттар таратса, оның ішінде 200-ге жуық әртүрлі қоспа бар екен.


Қала маңына орналасқан ГРЭС-1, №3 ЖЭО және Қаражал ЖЭО-ның күлі мен түтіні бұрқырап, мазаны алуда. Сол сияқты Ақжал байыту фабрикасының, Қайрақты, Жамбыл, Қарағайлы кеніштерінің, қазір тоқтап тұрған Ақшатау кенішінің қалдықтары да бұрқырап, желге ұшып жатыр. Бұларда қауіптілігі 1-3 классты қорғасын, мырыш, бериллий, висмут және радионуклидті флотация қалдықтары көп. Тозаңданып аспанға ұшудың салдарынан мұндай заттар маңайын да шаңдатып жібереді.

Қарағанды көмір пластарында сақталған метан газы да ауаға тарап, жыл сайын бір триллион текше метр экологиялық таза отын босқа кетеді. Жыл сайын көмір шахталарындағы желдеткіш пен дегазация құралдары бір миллиард текше метрге жуық метан газын ауаға шығарады. Мұның тек 1 процентке жуығы ғана шахта қазандықтарында жағылады. Бұл өте жетімсіз екендігі баршаға аян.

— Президентіміздің Жолдауында халықтың денсаулығын сақтау үшін таза суды пайдаланудың, экологиялық зиянды объектілерді азайтудың маңыздылығы туралы жолдар бар. Осыған байланысты облысымыздағы ауыз судың тазалығы туралы не айтасыз?

— Облысымыздағы су ресурстарының қоры Ертіс-Қарағанды каналын қоса есептегенде жылына 3,4 миллиард текше метр. Оның жыл сайын 2-2,3 миллиард текше метрі пайдаланылады. Негізгі су көздері Нұра өзені, оның Шерубай-Нұра және Соқыр құймалары,

Ертіс-Қарағанды каналы, Қаракенгір және Жезді өзендері, Балқаш көлі болып табылады.



Аймақ өзендеріне техногендік әсерлердің салдарынан Қаракенгір және Жезді өзендерінде мұнай өнімдері, мыс, мырыш, өнімдері көбейіп, лас сулар қатарына қосылады. Нұра,

Шерубай-Нұра, Соқыр өзендері мұнай өнімдері, аммоний азоты, нитраттар, органикалық заттары көп суларға жатады. Облыс суларының сапалық жағынан жақсаруына кері әсерін тигізіп отырған кәсіпорындар «Испат-Кармет» ААҚ, «Карбид» АҚ, «Қазақмыс» АҚ, «Балқаш» АҚ, «Облсуканал» су-канал шаруашылығы басқармасы, «Қарагандарезинотехника» АҚ, энергетика, көмір өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындары. Сол сияқты суармалы алқаптарда тыңайтқыштар мен улы химикаттарды пайдалану, мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін орналастыруда да қолжасыздықтар бар. Облыстың ағын суларына 90 тазалау қондырғысы қойылатын болса, оның

7-і тиімді жұмыс істемейді.

Су жердің нәрі. Ол болмаса барлық тіршілік атаулы жойылар еді. Таза сулы таулы аймақтарда өсімдіктің мәңгі жасыл болып тұратындығы сондықтан. Суды таза сақтау — өмір нәрін таза сақтау, яғни бұл денсаулық кепілі деген сөз.

— Жер мәселесі де күн тәртібінен түсіп көрген емес. Облысымыздағы жерді пайдалану жайы туралы да айтып берсеңіз.

— Жер Ананы ардақтау да, оны таза сақтау да ежелден келе жатқан әңгіме. Біздің облыстың жер қоры 42,8 миллион гектар. Оның 19,7 миллион гектарын ауыл шаруашылығы үшін пайдаланады. Жерді өңдеуге қалай болса солай қараудың салдарынан ауыл шаруашылығының жарамды жерлерінің сапасы төмендеп, суармалы және егіндік алқаптар азайып кетті. Кейінгі жылдардың өзінде химиялық ластанудың салдарынан ауыл шаруашылығы айналымынан 380 мың гектар жер шығып қалған.

Жердің бүлінуі өнеркәсіптік кәсіпорындардың жұмысының әртүрлі объектілер мен құрылғылар салынуының, пайдалы кен қазбалары орындарының ашылуына байланысты. Қазір облысымызда бүлінген жер көлемі 42,8 гектар, оның 12,8 мың гектарын қайта қалпына келтіру қажет. Өкінішке орай кейінгі жылдары бүлінген жерді қалпына келтірумен ешкім айналыспай отыр.

— Ғарыш аймақтары мен Семей ядролық полигоны туралы айтып өттіңіз. Енді соларға кеңірек тоқтасаныз.

— Айналамыздағы ортаға әсер ету жағынан біздің облыс ерекше аймаққа жатады. Республикамызда мұндай техногендік ауыртпалық ешқайда жоқ. Аталған зымыран полигондары мен Семей сынақ полигонынан орасан зор зиян келуде. Семей атом полигоны ақыры тыныш тапты. Бірақ оның зардабы әлі жойыл-

ған жоқ. Ал Сарышаған зымыран полигноны мен Байқоңыр космодромы 40 жылдан бері айналадағы ортаға кері әсерін тигізіп, облыстың экологиялық жағдайын нашарлатып келеді. Республика Ұлттық Ғылым академиясының ғарыш зерттеу институты биосфера жағдайының тепе-теңдігі ауқымды бұзылып, «озон тесігі» пайда болуы мүмкін екендігін де ескерткен болатын. Сарышағанда адам өміріне кері әсер ететін зымыран отыны мен оның құрамды қоспалары өте көп мөлшерде сақталады. Зымыран ұшырылған кезде оның ұшыру аппараттары жерге жанып құлайды. Осыған байланысты бұл мәселені мемлекеттік деңгейде көтеріп, оны шешу үшін шаралар жүйесін жасау қажет. Бұрынғы Семей сынақ полигонының жерін халық шаруашылығына қайтару мақсатында Үкімет қаулысымен «Тәжірибе алқабы» деп аталған жер мен Мыржық енді біздің облысымызға қарайтын болды. Бұл жерлерде кезінде 132 ядролық жарылыс жасалғанын еске алып көріңіз. Енді бұл алқаптарға радио-экология-геохимиялық зерттеу жүргізіліп, қалпына келтіру және жерді халық шаруашылығының айналымына жіберу үшін кешенді шаралар жасалуы қажет деп ойлаймыз.

— Облымысыздың экологиялық жағынан сауықтыру мақсатында жасалған бағдарлама бар екенін білеміз. Сол бойынша қандай жұмыстар атқарылды? Оның толық жүзеге асуына бөгет болып отырған не?

— Қазақстан Республикасының «Айналадағы ортаны қорғау туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында 1993 жылы облыс әкімі өкім шығарған болатын. Кезінде бұл өкім облыс экологиясын сәл де болса жақсартуға үлес қосты. Жылыту энергетикасында 16 қазандыққа тиімділігі жоғары «Эмульгатор» текті күл мен газды тұтып қалатын қондырғы орнатылды. «Испат-Кармет» ААҚ-дағы сортты прокат өндірісінде қайталама сумен қамтамасыз ету циклі іске қосылды.

Мұнымен жұмыс тынды деуге болмайды. «Тентек» ЖЭО мен Қарағанды №1 ЖЭО күлін тазартатын қосымша қондырғы салу мәселесі әлі шешілмей келеді. Сол сияқты Нұра өзенінің түбіне «Карбид» АҚ-нан шөккен сынаптан тазарту жұмысы да қолға алынған жоқ. Кейбір зерттеулерге қарағанда Нұра өзенінің түбінде 150 тонна сынап жатыр. Соның әсерінен Нұра өзені құятын Теңіз көлі жанындағы Қорғалжын қорығы суларында да сынап деңгейі белгілі дәрежеден көбейіп кеткен.

Бұл жұмыстарды жүзеге асыруға бөгет болып отырған жайлар көп. Біріншіден – қаржының тапшылығы болса, екіншіден – берекесіздік бел алған. Кейбір басшылар экологиялық сауықтыру мәселесін қосалқы жұмыс деп есептейді. Олар қаржы тапшылығын сылтау етіп, халық денсаулығын ойға да алмайды. Тек өткен бір жыл ішінде ғана 913 басшыға бір миллион теңгедей айып салынуы соның дәлелі. Тіпті кейбір кәсіпорындардың жұмысы тоқтатылды да. Ортаны ластандыратын кейбір жеткізіп беруші кәсіпорындардың ісі табиғат қорғау прокуратурасына беріліп, тергеу де жүргізілді. Бірақ одан экологиямыздың жақсарып кеткені шамалы. Дегенмен де қазір экологиялық ахуал өткен жылдармен салыстырғанда біршама жөнделді. Оған бірталай кәсіпорындардың әртүрлі себептермен тоқтап қалуы «игі әсерін» тигізіп отыр.

– Президентіміздің халыққа Жолдауында Қазақстан 2030 жылы ауасы таза, мөлдір сулы, жасыл желекті елге айналуға тиіс екендігін атап көрсетті. Бізде мұндай мүмкіндік бар ма? Оған сіз қалай қарайсыз?

– Егер Президентті бүкіл халық қолдаса, экологиялық сауықтыру шарасын бүкіл ел болып жүзеге асырса, оған таң қалатын ештеңе жоқ. Алдағы уақытта кәсіпорындардың барлығы тек өнім шығарумен ғана емес, айналадағы ортаны, табиғатты қорғау ісімен де

түбегейлі айналысуы қажет. Қоршаған орта тазалығы өз қолымызда. Оны ластандырмай, ауасын, табиғатын бұлдірмей ұстауға болады. Ол үшін мұны әркім өзінің төл міндетім деп түсінуі керек. Негізі Президентіміздің бұл Жолдауы ұзақ мерзімге арналған, ауқымды шараларды қамтыған құнды құжат деп білемін. Сондықтан да оның сөзсіз жүзеге асатынына кәміл сенімдімін.

— Әңгімеңізге көп рахмет.

2000 ж.



ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ БІР КЕПІЛІ — ЖАСЫЛ ОРМАН

Өткен жылдың құрғақшылығы орманшыларды көптеген қиындыққа ұрындырғаны белгілі. Өрттің салдарынан жасыл желектің көпшілігі жанып кетті. Сондай өкінішке ұрынбас үшін не істеу керек? Сол мәселе төңірегіндегі және басқа да сұрақтарды Қарағанды орман шаруашылығының директоры Михаил Қабдоллаұлы ЖАҚЫПОВҚА қойған едім.



Өмірдерек:

Көкшетау облысында туып-өскен. Қарағанды облысында 1960 жылдан бері тұрады. Мнчурин ауыл шаруашылығы техникумының механизация бөлімін бітірген. Ленин аудандық жөндеу-құрылыс басқармасының бастығы, «Победа» совхозында бас инженер, «Коммунистический» кәсіпорнының бастығы, Қарағанды қалалық атқару комитеті жол-пайдалдану басқармасының бастығы қызметтерін атқарған. 1991 жылдан бері Қарағанды орман шаруашылығының директоры.

— Михаил Қабдоллаұлы, Қарағанды орман шаруашылығының жер көлемі қандай? Онда қандай ағаш түрлері өседі?

— Жалпы алғанда 17 мың гектар жер біздің шаруашылығымыздың қарамағында. Соның ішінде 10 мың гектары таза орман. Сол жасыл желектің 6 мың гек-

тарына ағаш қолдан егілген. Олар Қарағанды, Шахтинск, Абай, Саран қалаларының маңында. Сол сияқты Белағаш қорығы мен Бабаев атындағы шаруашылық маңындағы (Бұқар жырау ауданы) 8 мың гектар жер де біздің қарауымызда. Бұлардағының көпшілігі табиғи түрде өскен ағаштар. Олар қайың мен терек болып келеді. Кей жерлерде қарағай да кездеседі. Бұлар бірінші топқа жатады деп есептеледі. Яғни, санитарлық-гигиеналық жағынан халық денсаулығына пайдалы деген сөз. Бұл өңірдің ағашын шауып, өнеркәсіпте пайдалануға болмайды. Тек құраған, қисық өскен, құлап қалған ағаштарын ғана кесіп, санитарлық тазарту жұмыстарын үзбей жүргізіп отыру керек.

— Жыл сайын ағаш отырғызу жұмыстарымен де айналысасыздар ғой?

— Иә, бұрын айналысатынбыз. Жыл сайын кем дегенде 300 га жерге ағаш егетінбіз. Енді кейінгі жылдары қаржының тапшылығынан бұл жұмыс тоқтатылды. Біз бюджеттегі ұйымбыз. Басқа табыс көзі жоқ.

Президентіміздің Қазақстан халқына Жолдауында да әрбір тұрғынның бір-бір түп ағаш отырғызуы қажет екендігі атап өтілген. Алдағы уақытта Керней ауылы маңынан 1000 га жер сұрап отырмыз. Мұның ішінде 100 га «Победа» АҚ-ы жерінен дайындалуға тиіс. Қаражат болса, қиын жұмыс емес. Негізінен барды аман сақтап қалу басты мақсат болып отыр.

Биылғы бір міндет — Астананы айналдыра 13,5 мың га жерге ағаш отырғызу. Соның ішінде 2 мың га жер Көкшетау, Қарағанды, Астана орман шаруашылықтарына жүктелген. Қазір 360 гектарға отырғыздық. Енді 1999 жылға дейін 500 гектар дайындамақпыз.

— Өткен жылы ауа райының құрғақ болуына байланысты өрт жиі болды. Бірталай жер, орман жанып кетті. Енді соны биыл қайталамас үшін біраз шаралар істеліп жатқан болар?

— Әрине, негізінен наурыздың 15-інен сәуірдің 15-іне дейін өртке қарсы дайындық айы деп есептеледі. Содан бастап қар түскенше қауіпті мерзім болып табылады. Қарамағымызда біршама техникамыз бар. Бірақ олар жетімсіз. Соған қарамастан сол техникамен жұмыс істейміз. Орманға барғанда, орман ішінде демалғанда от жақпау керектігін, от жаққан жағдайда өрт қауіпсіздігінің шараларын қатаң сақтау керектігін, орманшыдан рұқсат алуы керектігін түсіндіреміз. Үгіт-насихат жұмыстарын жүргіземіз. Қала және аудан әкімдері өртке қарсы шаралар қабылдайды. Өрт бола қалса, төтенше жағдайлар жөніндегі басқарманың қызметтері де бар. Олар да дайын отырады. Ауылдық жерде жекешеленген шаруашылықтар, шаруа қожалықтары мен өндірістік кооперативтер өз жерлеріндегі ормандарды айналдыра жыртып, өртке қарсы қауіпсіздік шараларын жүзеге асыруы қажет.

Өткен жылы құрғақшылық болғаны рас. Дегенмен де өрттің көпшілігі өзіміздің мәдениетіміздің төмендігінен, салдыр-салақтықтың салдарынан болды. Шаруашылықтар жекешеленіп кетті. Олардың техникасы жаңаланған жоқ. Өрттің көпшілігіне ескі техника себеп болды.

Біздің орман шаруашылығына қарайтын 1,5 мың гектар жер жанып кетті. Соның 980 гектары таза орман. Нақты үстінен түсіп, қолынан ұстап алмағанымызбен «пәлен кісіден келуі мүмкін» деген 4 хаттама жасалып, заң орындарына берілген болатын. Бірақ тергеуден еш нәтиже шыққан жоқ...

Орман өртінен келетін шығын миллиардтап есептеледі. Жаңа отырызылған қарағай екі жылда 10 сантиметрге зорға жетеді. Ол көп жылдар бойы өсіп-жетіледі. Өртеніп кеткен орманның қалпына келуі үшін жарты ғасыр уақыт керек екен.

Қала маңына қарағаш отырғызамыз. Оның өмірі жи-

ырма жылдан аспайды. Одан соң ол құрап қалады. Қурағанын қиып тастап отырамыз. Сонда оның түбірінен жаңасы шығады. Қазір енді қаржы жоқтығынан сондай жұмыстарға да мүмкіндік болмай отыр. Өткен жылғы өрттен 3 миллион теңгедей залал тарттық. Бұл өзіміз бағалай бермейтін терек пен қайыңның өзінен келген шығын. Ал егер мұны нақтылай түссек, тартқан шығынымыздың мөлшері әлдеқайда көп болары сөзсіз.

— Жаңа бір сөзіңізде мәдениеттілік туралы мәселенің шет жағасын шығардыңыз ғой. Соны ашыңқырап айтып берсеңіз.

— Ол — орман-тоғай алқаптарында тынығуды ұнататындарға байланысты. Демалуға келгендер отырған жерлерінде от жағады. Оны өшірмей кетеді. Орманшылармен келіспейді. Демалған жерлеріндегі қалдықтар мен қоқыстарды жинап алмайды. Далаға шаша салады.

Сол сияқты қала маңындағы ормандар арасында орналасқан саяжайлар бар. Сондағы мәдениет те онша емес. Өзінің саяжайының маңын таза ұстағанын қайтейік, орман ішін ластандырып жібереді. Өйткені саяжайынан шыққан қоқысты орман ішіне апарып тегеді. Осылардың барлығын айтып, насихат жұмыстарын жүргізуге тырысамыз. Бірақ біздің сөзімізді қабыл алып жатқан ешкім жоқ.

— Қазір ауылдық жердегі тұрғындар отын шабуға қайта кірісті ғой. Оларға қалай рұқсат бересіздер.

— Иә, қазір халықтың тұрмыс деңгейі төмендеп бара жатқаны шындық. Көмір сатып алуға екінің бірінің шамасы келе бермейді. Сондықтан да олардың үйінің жанындағы орманға отын шабуға келетіні сөзсіз. Бірақ олар көбіне орманшыға жолығып, талон алуды, қай жерден шабуды ескере бермейді де, кез келген, өзіне ыңғайлы жерден шаба береді. Бұл дұрыс емес. Өз бетімен ағаш қиғандарды сотқа береміз.

Егер олар талон алса, іс бұлай насырға шаппас еді. Ондай талон кез келген орманшыда бар. Талонның құны да қымбат емес. Ол ағаштың түріне қарай. Оны орман шаруашылығы жөніндегі комитет белгілейді. Мәселен, қайыңның бір текше метрі 30-ақ теңге тұрады. Бір үйге бес текше метр отын керек. Сонда ол небәрі 150 теңге ғана төлейді. Ал, орманшы болса, қай жерден, қалай кесуді көрсетіп берер еді. Сот арқылы айып төлесе, ол адам үшін көп шығын болары сөзсіз. Мұны да ескерген жөн.

Жалпы алғанда қиыншылықтар көп. Солай екен деп қол қусырып, қарап отырған біз жоқ. Шама-шарқымыз келгенше жұмыс істеп жатырмыз. Бюджеттен ақша тек жалақыға ғана беріледі. Ал жанар-жағар май және бөлшек-сайман үшін қаражатты өзіміз табуымыз керек.

Сөз соңында оқырмандарға тек қана жақсылық тілеймін. Сонымен қоса орман — ел байлығы екенін ұмытпасақ дегім келеді. Халқымыз «Әуелгі байлық — денсаулық» деп тегін айтпаған. Сол денсаулық кепілінің бірі — жасыл орман. Орман ішінде бәрі де бар. Онда сіз таза ауада демаласыз, жеміс-жидегін, саңырауқұлағын тересіз, аң-құсын аулайсыз. Мөлдір, кәусар суынан қанып ішесіз. Сондықтан да орманды сақтауға бүкіл халық болып ат салысқанымыз жөн.

— Көп рахмет.

1998 ж.



БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ — БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Қаламыздағы фитохимия институты 1995 жылы сәуір айында Қазақстан Республикасы ҒМ-ҒА Орталық Қазақстан бөлімшесінің органикалық синтез және көмір химиясы институты табиғи қосылыстар хими-

ясы лабораториясы негізінде құрылған еді. Қазір бұл институт көптеген жұмыстар атқарып, дәрі-дәрмек өндіруде, экологияны жақсартуда елеулі үлес қосып отыр. Осы институт директоры ҚР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, химия ғылымдарының докторы, профессор Серғазы Мыңжасарұлы ӘДЕКЕНОВПЕН кездесіп, әртүрлі мәселелер бағытын байыптадық.

— Сіздердің институт ең әуелі дәрілік өсімдіктерді зерттеу, олардан дәрі-

дәрмек жасау, оны жаппай өндіруді жүзеге асыру сияқты ғылыми жұмыстармен айналысады ғой?

— Иә, біздің өзіміздің шаруашылық алаңымызда дәрілік өсімдіктерді егіп, оны өсіріп, шикізат ретінде дайындаймыз да, фармацевтика өндірісінде қорытып, өңдеп, дайын өнімдер аламыз. Қазір біздің институттың 5 дәріханасы бар. Солар арқылы медициналық



Институт директоры, республика ҒА-ның корреспондент-мүшесі, химия ғылымдарының докторы Серғазы ӘДЕКЕНОВ.

мекемелерді және тұрғын халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етеміз.

Қаламыздың орталығында 44 га жерге орналасқан ботаникалық бақта пайдалы өсімдіктің мыңнан астам түрі, оның ішінде дәрілік өсімдіктің 83 түрі өседі. Біз соларды селекциялап өсіреміз. Негізінен бұл біздің нағыз кәсібіміз емес. Коллекциялық қорды ұлғайту үшін ғана қажет. Ал, оны көбейту үшін үлкен тәжірибелік учаске, питомник болуы керек. Егер қажет болса, онымен келешекте айналысуға болады. Фитохимия институтының басты мақсаты — дәрілік өсімдіктердің коллекциясын жасау, өсімдіктердің генофондын сақтап қалу, осы өсімдіктер бойындағы биологиялық белсенді заттарды зерттеу және олардан дәрі-дәрмек жасау.

Дәрілердің шикізатын дайындау, оны өндіру деген Қазақстанда бұрын болмаған кәсіп. Осы үш жылдан астам уақыт ішінде институт 8 лабораторияға дейін өсті. Дәрілік өсімдіктер тұқымын өсіретін питомнигіміз және

дәрі-дәрмек шикізатын дайындайтын тәжірибелік шаруашылығымыз бар. Мына Теміртаудың сыртындағы Березняки ауылының жанынан 530 га жерге тәжірибелік шаруашылық құрдық.

Институттың үлкен жұмысы — дәрілік шикізатты дайындау технологиясын, оны өндіру және өңдеу технологиясын жасау. Өсірген өсімдікті мая салғандай үйе салуға болмайды. Оның да өзіндік



Инженер-технолог Қорлан Итжанова мен инженер-химик Елена Тихонова.

талабы бар. Өйткені ол адам ағзасына баратын нәрсе. Дәрілік өсімдіктерді қала ішіне орналасқан осы ботаникалық бақтағы ашық жерде өсіруге тағы да болмайды.

Айналадағы ортадағы ауыр металдар мен шаң-тозан қонады. Сол себепшен питомникті қала шетіне шығардық. Мына Михайловканың сыртынан орман шаруашылығынан 10 га жер берілді. Сонда селекция жасап, тек тұқым және екпе материал аламыз. Олардың құрамын ауыстырып алмай Березнякидегі алаңға апарып өсіреміз.

«Арглабин» деген тұнғыш отандық дәріні тек тықыр жусаннан аламыз. Жалпы, жусанның Қазақстанда 80-нен астам түрі болса, соның ішінде жиырмашақтысы эндемикалық болып табылады. Олар басқа жерлерде өспейді. Американдықтардың, үндістердің, пәкістандықтардың осы Қарағандыға келіп, «құда түсіп» жүргендері сол. Осыдан үш жыл бұрын осы тықыр жусанды американдық ғалымдар өздеріне апарып өсіруге тырысты. Өсуі өскенімен оның құрамында арглабин түзілмеді. Өте ғажап! Бұл біздің табиғаттың және топырақтың ерекшелігінен. Міне, сондықтан да бұл тықыр жусан Қазақстанның байлығы, республика монополиясы болуы қажет. Қазақстан оны басқа алыс-жақын шетелдерде шығатын дәрі-дәрмекке айырбастап отыруы қажет. Жалпы алғанда дәрі-дәрмекке мемлекеттік тұрғыдан қараған дұрыс қой.

— «Арглабин» деген атау қайдан шыққан?

— Негізі дәрінің



Кіші ғылыми қызметкер Татьяна Панферова мен бірінші дәрежелі инженер Гүлмира Қонысбекова жұмыс үстінде.

аты алынған шикізатының латынша атауымен беріледі. Ол халықаралық бекітілген атау. Тықыр жусан (полынь гладкая) латынша «артемизия глелла» — арглабин.

— Бұл қандай ауруларға қарсы қолданылатын дәрі?

— Арглабин қатерлі ісікке қарсы қолданылады. Жасыратыны жоқ, біздің ағайындар осы қатерлі ісікке жиі шалдығып жүр. Ал арглабин оны мүлде жазып жібереді деп айта алмаймыз. Оған ешкім де кепілдік бере алмайды. Тек осындай аурудан сақтануға себеп — ол иммундық жүйенің жұмысын жақсартады. Қазір бұл дәрімен 200-ден астам адам емделіп жатыр. Бұл дәрі бауыр ісігіне, әйелдердің төс ісігіне ем. Бұрын омырау ісігін кесіп алып тастайтын. Қазір оны дәрімен емдейді.

Осы арглабин жөнінде жұмыстар АҚШ-тың, Англияның, Пәкістанның ғалымдарымен бірігіп жүргізілуде. Былтырдан бері Тәттім Шәйкенов деген жетекші ғылыми қызметкеріміз АҚШ-та Хьюстон онкологиялық лабораториясында жұмыс істеп жатыр. Сержан Аманов деген аға ғылыми қызметкеріміз Үндістанда үш ай Бангалор биотехнологиялық орталығында жұмыс істеп келді. Енді Пәкістанға үш адам барып қайтпақ.

— Осы жерде институттың ғылыми потенциалы, жалпы қызметкерлер құрамы қандай деген сұрақ еріксіз туындайды.

— Институттың өзінде сексеннен астам ғылыми қызметкер бар. Дәріханалар жеке, оларда елу шақты адам еңбек етеді. Тәжірибелік шаруашылықта, питомниктерде, тәжірибелік фармацевтика өндірісінде қырықтан астам адам бар. Осылардың ішінде Республика Ғылым академиясының бір корреспондент-мүшесі, бес ғылым докторы (барлығы да профессор), 16 ғылым кандидаты қызмет істейді.

Институт құрылғаннан бергі уақыт ішінде екі док-

торлық; он шақты кандидаттық диссертация қорғалды. Өзіміздің диссертациялық кеңесіміз бар. Оған ресми құжаттармен рұқсат берілген. Кадр дайындау мәселесіне үлкен көңіл бөлеміз. Қазір жиырмаға жуық аспирантымыз бар. Кейінгі кезде диссертациялар қазақ тілінде де қорғалып жүр. Жаңа айтып кеттім — кейбір ғалымдарымыз шет елдерде біліктілігін арттыруда. Жуырда докторлық диссертация қорғалатын лаборатория меңгерушісі Қобыланды Тұрдыбеков екі айдай Англияда қызмет істеп келді.

Жұмысқа ынталы жастар бар. Аспиранттарды біз барынша қолдаймыз. Стипендия алады. Көпшілігі жарты ставкаға өзіміздің лабораторияларымызда жұмыс істейді. Оларға жалақыны бірінші кезекте береміз. Ал олар болса уақытпен санаспай күндіз-түні лабораторияда жүреді. Сондықтан да барынша жағдай туғызуға тырысамыз.

— Институттың ғылыми-зерттеу жабдықтарымен қамтамасыз ету жағы қалай? Құрал-саймандар жеткілікті ме?

— Шынын айтқанда жабдықтар жағы өте қиын. Қажетті жабдықтар жоқ. Өйткені оған қаржы тапшы. Біздің дәрімізге сұраныс өте үлкен. Барлық елдердегі



Өсімдіктер дүниесі (флора) және өсімдіктер құрылымы лабораториясының қызметкері Римма Апкиова.

сияқты бруцеллез, туберкулез, гепатит, СПИД аурулары тегін емделеді. Басқасын айтпағанның өзінде гепатитті емдеу үшін ғана жылына миллион таблетка отандық салсоколлин дәрісі керек. Оның шикізаты кәдімгі дала қаңбағы. Қаңбақтың

өзі 12 түрлі болады. Соның ішінде бұйрат қаңбығынан алынады. Бұл дәріні облыстық аурухана сұрайды, Алматы сұрайды. Оның бәріне жетпейді. Біз оны тегін береміз. Жалпы алғанда онкологиялық орталық, облыстық денсаулық сақтау департаменті, жергілікті бюджет бізге 9 миллион теңге бермекші.

Ресейдің көптеген заводтарымен байланыс жасаймыз. Ғылыми-зерттеуге пайдаланылатын нәзік технология бар. Мәселен, арглабин мен салсоколлин алу технологиясы терең ғылыми зерттеуді қажет етеді. Олардың жабдықтары да стандартты емес, бірегей нәрсе. Сондықтан да оларды арнайы заказбен дайындайды.

— Біздің Қазақстанда фармацевтика өндірісі дамымаған сала екендігі елдің бәріне белгілі. Бұл туралы сіздің пікіріңіз қандай?

— Ол — шындық. Біздің Қазақстанда фармацевтикалық өндіріс көлемі барлық тұтынымның тек 3-ақ процентін өтейді екен. Басқасын сырттан, алыс-жақын шетелдерден аламыз. Денсаулық сақтау комитетінің дерегіне қарағанда Қазақстан халқын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін жылына кем дегенде 320 млн. АҚШ доллары қажет. Қазір соның негізі қаланып жатыр. Фармацевтиканы дамытуымыз қажет. Ол үшін ғылым дамуы керек. Фармацевтикалық химия дамымай, өсімдіктерді өсіріп-өндіру саласы дамымай ісіміз алға баспайды. Біздің соған қызмет етіп, соған баса назар аударғанымыз дұрыс. Кадр мәселесінің атқаратын ролі үлкен. Технологияны игере алатын жастар болуы қажет.

Кезінде біздің республикада тек шикізат қана дайындалып, олар Батуми, Челябинск, Қорған, Барнауыл, Томск фармацевтика заводтарына жіберілетін. Бізде шикізат дайындау ғана болғанымен оны өңдеп, дайын дәрі-дәрмек үшін таблетка машинасы, ампула дайындайтын және стерилизациялау жабдығы қажет. Ампу-

ла түрінен басқа таблетка, суппозиторин және май түріндегі дәрілер де бар. Соның бәріне арнайы жабдық керек. Бір сөзбен айтқанда дәрі өндірісін жолға қою біздің басты мақсатымыз.

— Сөзіңіздің басында ботаникалық бақты да институт құрамына қосқанын айтып кеттіңіз. Енді осы бақ туралы кеңірек тоқталсаңыз.

— Біздің ботаникалық бақ 1939 жылы құрылған. Биыл оған 60 жыл толады. Бір кезде Қазақстанда бес ботаникалық бақ болды. Соның ішінде көлемі жағынан алып қарағанда Алматының бас ботаникалық бағынан кейінгі екінші орында. Оның 650 шаршы метр жерді алып жатқан шынылы оранжереясы бар. Бұл бақтың негізгі мақсаты осы өңірге басқа жерлерден, басқа климаттық аймақтардан өсімдіктер мен ағаштар әкеліп, жерсіндіріп, өсіру. Соған байланысты мұнда үлкен дендрарий бар. Онда ағаштың 300-ден астам түрі, ғылыми коллекциясы сақталып келеді.

Енді атқарылып жатқан жұмыстарға сәйкес оның проблемалары да зор болып отыр. Жыл сайын экспедицияларға шығып, өсімдіктер жинаймыз. Қазір бізде 16 мыңнан астам гербарий жасалған. Гербарий жинау сонау қырқыншы жылдардан бері келе жатыр. Экспедиция соғыс жылдарында да тоқтамаған. Сол кезде Мәскеудің, Ленинградтың эвакуацияланған ботаникалық институттарының ғалымдары Қарағанды ботаникалық бағында жұмыстарын жалғастырған ғой. Солардың коллекциясы әлі күнге дейін сақтаулы түр және жыл сайын толықтырылып отырады.

Гербарий жинау да қажет, бірақ сол өсімдіктің түрін тірідей әкеліп, осында отырғызудың, оны жерсіндірудің маңызы зор. Сондағы мақсатымыз — сол өсімдіктің түрін құртып алмау.

— Экология — үлкен мәні бар, мемлекеттік мәселе. Фитохимия институты да бұл мәселеге үлес қосып отырған шығар?

— Иә, бұл үлкен, бүкіләлемдік мәселе. Өйткені, өндіріс дамыған жерде экология мәселесі еріксіз сөз болады. Өндірістің табиғатқа кері әсері мол. Жезқазған аймағындағы, Қарағанды маңындағы шахталар мен ашық разрездер табиғатты құртып жатыр. Жер асты байлығын алғанда оның бетіндегі өсімдіктер жойылады. Оны сақтау мақсатында ботаникалық баққа басқа жақтың өсімдіктері мен ағаштарын әкелеміз. Оларды сақтаймыз, тұқымын аламыз, биологиялық, онтогenezдік, морфофизиологиялық ерекшеліктерін зерттейміз.

Біздің ботаникалық бақтағы дендрарий питомнигі көп жылдан бері қалыптасқан. Ол қаламызға егетін және отырғызатын екпе материалдарын береді. Солардың көпшілігі басқа жақтан әкелінген, біздің жағдайымызға бейімделген:

Кені алынып үйілген жынысты «отвал» дейді. Оған ештеңе шықпайды. Өйткені оның құнары болмайды. Сондықтан оған өндірістік рекультивация жасау керек. Қаржының жоқтығына байланысты кейінде жұмыстар тоқтап қалды. Қазір «Шахталиквид» МАҚ бар, «Испат-Кармет» АҚ бар. Соларға міндетті түрде айтып отырамыз. Бірақ соған көңіл бөліп, жұмыс істеп жатқан ешкім жоқ. Бұл күнде бұрқырап жатқан шаңды кім тоқтатады, күлді кім басады дегенді ойлап отырған жан болсайшы!

Көпшілік жердің соры шығып жатыр. Егер «Қазақмыс» АҚ кенін алып, пайдасын көріп, жерін бүлдіріп кетсе, өкініш сонда болады. Инвестор деген жақсы. Ол — бүгінгі күн талабы. Бірақ, ертеңгі күнді де ұмытпайық.

Көктемде отырғызатын көшеттер беріп жатырмыз. Федоровка су қоймасының жаны мен ҚарМУ бас гимнатының жанына кез келген ағаш түрін отырғызуға болмайды. Оған томарикс пен қарағаш бердік. Терек пен қайың шыдамайды. Ол сортаң жер. Суарған кез-

де тұзы жоғары шыға береді. Сол маңайдың көгалданбай тұрған себебі сол. Соны анықтап ұсыныс жасадық. Қағаз жүзіндегі ұсыныспен екпе материалын қоса бердік. Екі жыл болды сол маңайға екікізіп жатырмыз.

Астананы көгалдандыру мәселесін Президентіміз Ғылым академиясының алдына қойған болатын. Сондықтан да Астанаға ең жақын ботаникалық бақ бізде болғандықтан бұл мәселені шешу біздің үлесімізге тиді. Биылдың өзінде Астанаға үш мың түптен ағаш жөнелттік.

Интернационалист-жауынгерлер паркіне қарағайлар отырғыздық. Олар қазір жап-жақсы өсіп келе жатыр. Олар бейімделген ағаш түрлері. Егер біз оларды Көкшетаудан немесе Қарқаралыдан алып келіп, тікелей ексек — көктемей, қурап қалар еді. Монғолиядан, Жапониядан әкелінген ағаш түрлері бар. Оған жапон айвасын мысалға алуға болады. Біз оны былтырдан бастап қалаға отырғызуға бере бастадық. Байқаған боларсыздар, біздің есіктің алдында аршаға ұқсас бүршікті ағаш тұр. Оны туя деп атайды. Ол тек тропикалық жағдайда, көлеңкеде ғана өсетін ағаш. Қелешекте оны неге қала ішінде өсірмеске!?

— Кешіріңіз, сөзіңізді бөлейін. Қарағандының көшелеріне сонша теректі неге көп еге берген? Оның мамығынан келетін зиян өте көп. Адамдар аллергиялық ауруға шалдығады, мамықтың салдарынан көптеген өрт кетеді...

— Иә, түсінікті. Өзім де соны айтқалы келе жатырмын. Теректің өсімталдығы мен төзімділігіне қызығып қырқыншы жылдардан бері қарай бей-берекет отырғыза берген ғой. Оның мамығынан өрттің көп шығатындығы сондай — төтенше жағдайлар жөніндегі басқармадан өтініш хат түсті. Соған байланысты жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Ұегізі, теректің екі түрі болады. Оның аталығы мен аналығы бар. Соны дұрыс пропорциямен

отырғызу керек. Сондай популяция болғанда ғана дұрыс өседі.

Былырдан бері біздің ботаниктеріміз шығып, аталығы мен аналығын анықтап, таңбалауды бастады. Содан соң оның санын шығарып, қайсысын кесуді, қайсысын қалдыруды белгілейді. Мысалы, Бейбітшілік бульварын көрдіңіз бе? Онда дұрыс тұрған ағаштар оталып тасталды. Оған тиісуге болмайтынын айтып, дабыл қақтық. Оңтүстік-Шығыста алты мың терекке белгі салдық. Оларды қидырамыз, бірақ орнына басқа ағаш отырғызамыз.

— Енді сөз соңында алға қойған келешек жоспарыңыз туралы қысқаша айтып өтсеңіз.

— Алға қойып отырған мақсатымыз, болашақ бағдарламамыз өте ауқымды. Осы институт ашылғанда оның тұсаукесеріне еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан болатын. Содан соң үкімет шешімімен қолданбалы зерттеулер жүргізуге бес жылдық бағдарлама берді. Бюджеттен қайтарымды түрде қаржы бөлініп жатыр. Жаңа айтып кеттім, содан бергі уақыт ішінде 8 лаборатория аштық, питомник, тәжірибе шаруашылығын ұйымдастырдық, екі жыл ішінде колонналық хроматографияға байланысты 480 литрлік үлкен коллонналар және экстракциялық жабдық орнаттық. Олар арғлабин алу үшін қажет. Қорыта айтқанда бұл ғылыми-техникалық бағдарламаның мақсаты — қысқа мерзім ішінде жаңа отандық фитопрепараттар өндіру технологиясын игеру және оларды жасап шығару, яғни отандық фитохимиялық фармацевтика индустриясын қалыптастыру. Бұлар қолданбалы зерттеулерге жатады. Оның жүзеге асуын Үкімет талап етеді.

Енді Академия беріп отырған іргелі зерттеулер бағдарламасы бар. Оған жаңағы айтқандай экспедиция жасау, эндемикалық өсімдіктерді зерттеу, олардың антогенезі мен морфологиясын анықтау, ол

өсімдіктердің бойында қандай табиғи қосылыстар бар, соның құрылысын зерттеу жатады. Бұл — дәріні тікелей өндіргенмен соған дайындық. Оған қаржыны Академия береді.

Бұл үш жылға белгіленген бағдарлама. Жұмыстың бұл саласы бойынша Ғылым академиясы алдында есеп береміз.

Міне, сөйтіп, осындай екі бағдарлама бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Әзірше қиындықтарға қарамастан алған бағытымыз жаман емес сияқты. Алдағы уақытта осы бағдарламада белгіленген жұмыстардың барлығын жүзеге асырамыз деп ойлаймын.

— Әңгімеңізге көп рахмет. Еңбектеріңізге жеміс тілейміз.


1999 ж.



БАЛҚАШ КӨЛІ

Балқаш көлі — Каспий және Арал теңіздерінен кейінгі ірі көлемдегі және ағынсыз су қоймасы. Көлдің ұзындығы — 614 км, ені — 3,5-ден 44 км-ге дейін. Ең терең жері 26 метрге дейін жетеді. Айдың көл беті 18200 шаршы км болса, тоғандарының ауданы 413000 шаршы километр.

Балқаштың бір ерекшелегі — оның жінішке бұғазбен жалғасып жатқан батыс және шығыс бөліктерінің минералдарының екі түрлі болып келетіндігінде. Ба-



тыс бассейні бұрын суы көп болған іледен толығатын болғандықтан

суы тұщы болады да, шығыс бөлігі — ащы. Қазір көлге Іле,

Қаратал және Лепсі өзендері құяды. Кей жылдары, қатты тасыса Аяғөз өзенінің де суы жетеді. Бұл көл төрт облысты — Алматы,

Қарағанды, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарын тоғыстырып тұр. Батысында ең сусыз және тіршілік иелері өте аз кездесетін Бетбақдала жерімен шектеседі.

Балқаштың табиғаты өте таңқаларлық және оның қарама-қайшылықтары да аса көп. Климаты — күрт континентальды. Жазғы, көктемгі және күзгі маусымдарда ағып құйылатын су түгелге жуық буланып кетеді де, көлдің деңгейі 12 текше км-ден 200 текше км-ге дейін ауытқып отырады.

Іле — Балқаш бассейнінің биологиялық тіршіліктің

сан саласы, бағалы балық түрлерін өсіру, сол сияқты балық шаруашылығы тұрғысынан алып қарағанда да маңызды су қоймаларының бірі болып саналады. Ихтио-фаунаға жататындар ішінде сазан, Амур балығы, шабақ балық, каяз балығы, шұбаржон балық, ақбалықты, ақмарқаны, лещ, жайын және басқаларды атауға болады. Көлден жыл сайын 8-10 мың тонна балық ауланады. Балқаш ақбалығы мен оның алабұғасы Халықаралық «Қызыл кітапқа» енгізілген. Аралда өліп қалған шабақ балықтар мен Арал каязы (усач) тек осында ғана сақталған. Оңтүстік Балқаш жағасындағы қамыс пен тоғай арасындағы өзен жағалауларында жыл сайын мыңдаған түрлі құстар ұя салады. Солардың арасында Қазақстанның «Қызыл кітабына» жазылған жиырмадан астам құс түрі бар. Бұл жерде қабандар мен ондатралар, киіктер көптеп саналады. Бір кезде Балқаштың оңтүстік жағалауында Тұран жолбарысы билік жүргізген еді. Оның соңғысы отызыншы жылдары атып өлтірілген болатын.

Көлдің солтүстік жағалауында отандық өндірістің алыбы, әлемдік кәсіпорынның алдыңғыларының бірі — «Балқашмыс» АҚ орын тепкен.

Балаш көлі демалыс пен саяхат үшін аса бірегей орын. Мұнда жыл сайын еліміздің әр түрлі түкпірінен мыңдаған адам келіп дем алады.



Е.НЫҒМАТУЛИН,
Парламент Мәжілісінің депутаты

КӨЛ ТАҒДЫРЫ — КЕЛЕШЕК ТАҒДЫРЫ

Балқаш көлін қорғап қалу бәріміздің ортақ міндетіміз. Бұл ретте өзімнің әріптестеріме көп рахметімді айтқым келеді. Мәжілісте олар мені қызу қолдады, ұсыныстарын айтты.

Заң жобасын жасауға қатыстырды. Жергілікті жерде кеңейтілген мәжіліс өткізуге ат салысты. Балқаш көліне қатысты мәселені Мәжілістің жұмыс жоспарына енгізді. Балқаш көлі жөнінде Заң жобасын қолға алмас бұрын тәжірибелі депутат В.Земляновпен әңгімелестім. Бұл өте күрделі мәселе деді ол. Жеке



көл туралы бізде бұрын ешқандай заң қабылданбаған. Сондықтан, тыннан сүрлеу салуға тура келеді. Бір топ депутат Үкімет басшысының қабылдауында болдық. Ол Балқаш көлінің тағдыры туралы ойымызды мұқият тыңдады, қуаттайтынын білдірді. Сөйтіп, Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар министрлігіне арнайы бағдарлама жасау үшін тапсыр-

ма берді. Осы мақсатта жұмысшы тобы құрылды. Бағдарлама жасауға байланысты арнайы қаржы бөлінді. Балқаш көлі туралы бұрын да халықаралық деңгейде мәселе көтерілген болатын. Алайда, қандай ұсыныс, жоспар болғанымен Заңсыз жүзеге аспайтыны белгілі еді. Бағыт, бағдар қажет болды. Балқаш өмір сүруге тиіс. Табиғат жанашыры М.Елеусізов көл туралы мәселені тиісті орындардың алдына көптен бері қойып келеді. Қоғамдық пікір де қалыптасып жатыр. Біздің барлық ниетіміз, ойымыз, Отаншылдық сезіміміз Заң жобасында көрсетілген. Сәтін салып, қабылданғаннан кейін жүйелі түрде жұмыс жасауға мүмкіндік туатын болады. Ғалымдар да өз көзқарастарын айтты. Балқаш тағдыры — жылдар бойы қордаланып қалған мәселенің жиынтығы. Алайда, соңғы жылдары көлдің ластануы, судың төмендеуі қатты байқалды. Ендігі арада ұзын-сонарлыққа салынудың реті жоқ. Каспий және Арал теңізі басқа мемлекеттермен шектеседі. Олардың тағдыры сондықтан тек біздің қолымызда ғана емес, көршілерге де тәуелді. Ал Балқаш көлі өз республикамыздың ішінде, бүкіл халық болып бірлесіп жұмыс жасауымызға мүмкіндік бар. Арал тағдырын қайталауға жол бермеуіміз керек. Арал апаты біздің кінәміз. Біраз жылдан бері Іле өзенінің суы азайғаны байқалып жүр. Балқашқа су аз мөлшерде құйылады. Бұған Қапшағайдағы су электр станциясының да «күлесі» аз емес.

Мамандардың айтуына қарағанда су деңгейі 2,5 метрге дейін төмендеген. Көл суы жағалаудан 100 метрге дейін шегінген. Бұрын балықшылар жылына 10 мың тоннаға дейін балық ауласа, кейінгі кезде оны 1000 тоннаға дейін әзер жеткізетін болды. Қабылданатын Заңда балық аулаудың мәселесі де сырт қалмауы керек.

Заң жобасын жасауда ғалымдардың, мамандардың, жұртшылықтың пікірі, ұсынысы ортаға салынды. Осы-

ның бәрін егжей-тегжейлі сараптап, салмақтап барып Заңның жобасы өмірге келді. Бассейндік басқарма Балқаш қаласында орналасуы керек. Олардың арасында ғалымдардың отырғанын қалаймыз. Ресейдің Байкал көлі туралы Заңында 36 бап бар. Ал біздегі Заң жобасы 52 баптан тұрады. Бірақ шағын, әрі ықшам. Бір айта кететіні Заң жобасындағы 14-20, 30-тараулар бір-бірін қайталайды. Менің ойымша оны біріктірген дұрыс сияқты. Ал, 7-бапта адамдардың құқығы мен міндеттері жазылған. Оның барлығы, әрине, Балқаш бассейніне байланысты болып отыр. 14-15-бапта басқару құрылымы жөнінде айтылған. Қалай болған күнде де біз өзіміздің табиғи байлығымызды сақтап қалу үшін, шын қожайын екенімізді сезінуіміз керек. Сондай-ақ, арнайы кеңес құрылса деген ұсыныс бар. Жергілікті биліктің шаруашылық жетекшілерінің ғылыми бірлестіктердің бәрі-бәрі атсалысып, игілікті істерді бірлесіп шешуге ұйытқы болуы керек. Көлді, қоршаған ортаны сақтау, қорғау жөнінде күзет болғаны жөн. Келешекте адамдардың таза экологиялық аймақта өмір сүруіне жағдай жасауымыз қажет. Көлдің шекаралары анықталып, кімнің қандай шара өткізетіндігі, жауапкершілігі анықталуы тиіс. Су режимін анықтайтын бөлім болса да артық етпейді. Ол көлдің төмендегенін, көтерілгенін бақылап отырады. Көл маңындағы шаруашылықты іріктеп, есепке алып отырудың да артықшылығы жоқ. Әлеуметтік, экономикалық сала заңының әр тармағында көрсетілген. Заң жобасында шаруашылық нысандарың салуға, оны кеңейтуге мүмкіндік болатындығы қамтылды. Қаржы мәселесі де заңды жолмен шешілуге тиіс. Өйткені көлді құтқарудың, сақтаудың өзі қаржы арқылы шешілетіні белгілі.

Көл тағдыры — біздің келешегіміздің тағдыры. Жақсы бастама қолға алынды. Оның баянды болуына тілектеспін.

«ҚАРЖЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ»

Табиғат қорғау шаралары облыстық басқармасының құрылғанына бір жылдан асты. Бұл басқарманың басты мақсаты – бөлінген қаржыны экологиялық шараларды жүзеге асыратын орындарға бөліп, оның орындаласын бақылау. Бұл туралы осы басқарманың бастығы Анатолий Георгиевич БОЛОГОВ былай деп әңгімеледі:

— Біздің басқарма өткен жылдың мамыр айында облыс әкімінің шешімімен облыстық қоршаған ортаны қорғау қорының базасында құрылды. Ол адамның қызметі салдарынан табиғат экологиясын бұзатын кері көріністерді жоюға бағытталған облыс әкімдігінің экологиялық саясатын жүзеге асырады. Мысалы, Ақтоғай ауданында 60-шы жылдардың басында ашылып, айналаға жағымсыз рең таратқан 5 радиоактивті карьер жойылды. Сол сияқты есіз қалған қыстақтар бар. Адамдар өздерінің ауырғанын, оның радиоактивті заттардың әсерінен болғанын сезбестен осы қыстақтарға қоныстанған. Қазір біз оларды жойдық. Кейбір карьердегі радиациялық рең сағатына 3000 микрорентгенге дейін жеткен. Біз оларды жапқан соң ол рең сағатына 29, кей жерлерде 35 микрорентгенге дейін төмендеді.



Өкінішке қарай өткен жылы біздің штатта өте көп қысқарту болды. Қазір 11 адам істейміз. Табиғат қорғау шараларына жыл сайын облыстық бюджеттен 250 миллион теңге бөлінеді. Негізгі бағытымыз радиоактивті жертөлелер мен

карьерлерді жою, далалық жерлерді тәртіпке келтіру. Бізде бей-берекет, ретсіз қоқыс төгетін орындар көбейіп кетті. Банкротқа ұшыраған шаруашылықтардың иесіз қалған жерін мемлекет өзінің бақылауына алады. Егер сол жердің иесі немесе жекелей құрылым мен басқа да сабақтас құрылым жоқ болса, онда ол жерді мемлекет өз қарамағына алып, экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкес тиісті жұмыстар жүргізеді.

— Өткен жылы аяқталмай қалған сондай шаралар бар шығар?

— Өткен жылы көптеген қауырт жұмыстар атқарылды. Кейбір объектілердегі жұмыстарды атқару үшін конкурстар өткізілді. Ол жұмыстардың кейбірі бітпей қалғандықтан биылғы жылға ауысты. Оларға Приозерскідегі, Ақтоғайдағы, Ақадырдағы жұмыстарды атауға болады.

Биылғы жылы да Приозерск мен Балқашта конкурс өткіземіз. Приозерск қаласында канализацияның авариялық суы жиналатын тоғаны Балқаш көлінің жағасынан небәрі 60-ақ шақырым жерде. Ол жетілдірілмеген, бір кездері жергілікті жердің өз күшімен салынған. Жыл сайын бөгеуі бұзылып, ағынды сулардың көлге дейін жететін уақыты болады. Қазір Приозерск қаласының әкімдігі бұл істің экологиялық маңызды шара екендігін мәлімдеді. Өйткені ауыз су алатын құбыр да одан алыс емес. Бұл буландырғыш Балқаш көлінің осы нүктесіндегі барлық мәселені шешеді. Өйткені, оның құрылысын салған соң барлық ауыртпалық соған түседі.

Объект өте үлкен болғандықтан оған кететін қаражат та көп. Оны бір жылда бітіру де мүмкін емес. Сондықтан да ол ауыспалы болып саналады. Яғни, биыл басталып, келесі жылы аяқталады. Оған Токаревка поселкесіндегі канализациялық тазарту қондырғысы да жатады.

Балқаш қаласындағы канализациялық жүйенің авариялық жағдайы салдарынан кейбір кездерде көлге құйылып кететін уақыттары да болады. Өткен жылы халық бірнеше тәулік бойы апатпен күресіп, қысқа мерзім ішінде оны қалыпқа келтірді. Сондықтан да канализация қалдықтарын өз бетімен жібермей, көгалды жерге жаймаламай, арнаулы тоғандар мен бөгеттерде, буландырғыштарда жинақтаған жөн.

Мәселен, Приозерскіде ол тек тәуліктік қана қор жинауы мүмкін. Ал апаттық жағдайды жойған соң авариялық қабылдауға әрқашан дайын болады.

— Балқаш қаласында салынып жатқан тазарту қондырғысының сіздерге қатысы бар ма?

— Жоқ. Ол — «Қазақмыс» корпорациясынікі. Біз оған араласпаймыз. Олардың өздерінің экологиялық бағдарламасы бар. Олар соны орындауға міндетті. Бірақ ол біздің облыстық қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармасының, жергілікті құрылымдар мен әкімдіктің бақылауында. Сондықтан да белгіленген кесте бойынша жұмыс істейді.

— Енді алда тұрған міндеттерге тоқтала кетсеңіз артық болмайды.

— Қазіргі біздің алдымызда тұрған үлкен жұмыс «Карбид» АҚ-ның мәселесі. Ол маңайын сынаппен ластандырып отыр. Сондықтан да сынап тазартудың ауқымды бағдарламасы жасалып жатыр.

«Карбид» АҚ жөніндегі төтенше жағдайлардың алдын алу, оның зардаптарын жоюдың кезек күттірмейтін міндеттері белгіленді. Биылғы жылы облыс әкімдігі облыстық Мәслихаттың шешімімен тағы да қаржы бөліп отыр. Енді облыстық қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармасымен бірігіп қандай жұмыстар атқару қажеттігін анықтаймыз. Кейбір цехтарда шашылып жатқан «тірі» сынап та кездеседі. Өткен жылы бірнеше тоннасын жинаған болатынбыз. Жинауды биылғы жылы да жалғастырамыз. Оған қоса

құрамында сынабы бар топырақ та күреліп алынады. Бірінші кезекте ол жерде бөгде адамдар жүрмес үшін қоршалып, күзет қойылды. Адамдар кірмес үшін және сынаптың қызып, буланбауы үшін кейбір цехтардың бөлмелерінің есік-терезелері мықтап бекітілді.

Балқаштың жағдайы мәз емес. Онда құстар құрып кетіп еді, олар қайта келе бастады. Енді құрттар пайда болды. Былтыр тұрғындар құрттармен өз күштерімен күрескен болатын. Биылғы жылы біз де қатысып, көмек көрсетеміз.

Шет ауданында да рудасы алынып, ашық қалған карьерлер мен жер қыртыстары бар. Оларды да жабуға қаржы бөлінбек.

Бір сөзбен айтқанда заң бойынша экология саласына бөлінген қаражат сол салаға жұмсалады. Ол басқа салаға кетпеуі қажет. Өйткені біздің басқарма қоршаған ортаны қорғау басқармасы жанынан құрылғандықтан барлық қаржы тек экология саласына ғана жұмсалады. Біздің облыстың әкімдігі экология мәселесіне жылдан-жылға баса назар аударып келеді.



Облысымызда көптеген шешуі қиын мәселелер бар болса, соның ішіндегі бастысының бірі экология екені белгілі. Сондықтан да экологиялық шараларға облыстық бюджет қаржы бөлуді тоқтатқан емес. Ол жыл сайын сессияда қаралып, бекітіліп келеді. Алдағы уақытта да мақсатқа сай бөлінген қаражаттың қалай жұмсалатындығын бақылауды өз дәрежесінде жүзеге асыра бермекпіз.

ҚАРА ЕРТІС ҚАЛАЙ ҚАРАЙ АҒАР ЕКЕН?

Бір кезде су тапшылығынан бейнет көрген Қарағанды халқы Ертіс-Қарағанды каналы салынған соң ғана бір масайрап қалып еді. Кейіннен канал бойында суармалы шаруашылықтар көбейіп, суды көп қажет ететін кәсіпорындар да көптеп салынып, су тапшылығы айқын сезіле бастаған болатын. Енді нарық келген соң ғана көптеген кәсіпорындар тоқтап қалып, ауыз суға деген қиындықтан арыла бастадық. Бірақ былтырдан бері тағы бір мәселенің шеті қылтып қалды. «Жел болмаса шөптің басы қимылдамайды» дейді ғой атам қазақ.


Ол мына көрші мемлекетіміз Қытай жағынан шығып отыр. Қазақ және орыс тілдеріндегі басылымдардың жарысып жазып жатқандарына қарағанда бір қауіп, тіпті өте қатты қауіп бар сияқты. Қара Ертісті қытайлықтар өздеріне қарай бұрып алмақ екен. Жыл басында Парламенттің төменгі палатасындағы Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитеті мемлекеттік шекара жөніндегі Қазақстан-Қытай келісімін бұзбау жөнінде мәселе қарағанын «Хабар» арқылы тыңдадық. Өткен жылы даулы аймақтарға қатысты мәселе мемлекетаралық деңгейде реттелген болатын. Дегенмен, бұл мәселе әлі де өз орнын таппаған. Өйткені, Қытай жағы әлі де болса белсенді келіссөз жүргізіп жатқан мәселе бар. Олар Қара Ертіске көз тігуде. Қара Ертістің Қытай шекарасы жағынан басталып, Зайсан көліне құятыны тамам жұртқа белгілі. Ал Зайсан көлінен ағып шығатын Ертіс өзені

сонау Солтүстік мұзды мұхитқа дейін созылып, маңайындағы елді, одан әлдеқайда алыста жатқан Қарағандыны сумен қамтамасыз етіп отыр.

Былырдан бері мәлім болғандай Синьцзян — Ұйғыр автономиялы ауданында су бөліп алатын тоған салынып жатыр екен. Жұмыс қызу өріс алған. Олар осы жерден мұнайдың мол көзін тапқан, енді оған өте көп мөлшерде су қажет. Ол суды Қара Ертістен бөліп алмақ ойлары бар.

Кейбіреулердің «Онда тұрған не бар?» деуі де мүмкін. Сарапшылардың айтуына қарағанда бұл үлкен апатқа ұрындырмақ. Каналдың ені 20 метр екен, тереңдігі де бірталай бар дейді. Егер бұл каналмен Қара Ертіс кейін ақса, Зайсанға қаншама су келмей қалатынын ойлап көріңіз. Онда Қазақстандағы су жолы бар жалғыз өзеннің кемелері еріксіз қайраңдап қалады. Ал Ертіс-Қарағанды каналының тағдыры не болмақ? Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаев бір сөзінде: «Қуатты және қарқынмен дамып келе жатқан елмен келіссөз жүргізудің өзі оңай емес», — деп атап өткен.

Мамандар дабыл қағудан жалығар емес. Егер арғы жақтағы канал іске қосылып, өз қуатында кіріссе, онда



тек Қара Ертістің ғана суы азайып қоймайды, Зайсан көлі мен Бұқтырма су қоймасының да түбі көрініп қалары сөзсіз.

Қазақстан мен Қытай арасында даулы жердің көлемі небәрі 900 гектар ғана екен. Ал ашкөздікпен қарап отырған Ұлы держава ертең «Екінші Арал» пайда болатындығын қаперіне де алар емес. Тіпті автономиялы ауданның шаруалары кетпендерін қайрап, дайын отырған жағдайы бар дейді.

Басылымдардың бірі Жаркент қаласының жанындағы Хоргос өзенін еске алады. Әуелде ол өзеннің суы жазда тартылып қала беріпті. Қазір ол өзеннің ізі де қалмаған. Сөйтсе, біздің көршіміз ол өзеннің суын бері қарай бір тамшы да ағызбай, өздерінің мақсаттарына жұмсауда.

Енді бір газет бұрынғы Кеңес Одағындағы «Қайта құру» кезеңіне дейінгі бір бастаманы еске алыпты. Онда СОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы Солтүстік өзендерді оңтүстікке қарай бұру мәселесін зерттеуді тапсырған. Сол кезде мәскеулік инженерлер үнділіктердің шу көтергендерін айтыпты. «Көрдіңіздер ме, — дейді мамандар. — Гималайдың арғы жағында күннің ыстықтығы 1-2 градусқа төмендеп кетеді. Бұл дегеніңіз — өлім». «Темір перденің» арғы жағындағы үнді халқының жағдайын түсініп, бұл идеядан бас тартылған екен.

Қазір уақыт басқа. Мамандар болса тек өзеннің 6 процентін ғана беруге болатындығын айтады. Ештеңеден ықпайтын халық Қара Ертістің кем дегенде бес-тен бір бөлегін бұрып алмақ. Бұл — Қазақстан халқын тікелей экологиялық апатқа ұрындыру болып табылады. Қазірдің өзінде шекараның арғы жағынан басталатын Іле өзенінің суы мүлде азайып кеткен. Балқашқа құятыны шамалы ғана.

Иә, тағы да есіме түсті, жуырда «Хабар» Іленің бойымен Қытай жақтан өлген балықтар ағып келіп жатқ-

андығын көрсетті. Анау-мынауға өле қоймайтын 35-40 килолық жайындардың жайрап қалуы тегін еместігін айтып жатты. Ондай жайынды өлтірген улы заттар балықпен бірге ағып келіп жатқаны сөзсіз. Біздің балықтарға бұл «жаңалық» жаға қояр ма екен? Мемлекет басшылары, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері бұл мәселелерге қалай қарар екен? Ендігі мәселені шешетін солар.

1999 ж.



ҚАРА НҰРА ҚАШАН ТАЗАРАДЫ?

Бүкіл Орталық Қазақстан аймағын кесіп өтіп, Теңіз көліне барып құятын, осы аймақтың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз етіп отырған Қара Нұра өзені. Оның ластануы Теміртауда осыдан елу жылдан астам бұрын синтетикалық каучук заводын салудан бастау алады. Кейіннен «Карбид» өндірістік бірлестігі аталған бұл кәсіпорын көбіне ацетальдегид шығарумен айналысты. Ал оның ең басты катализаторы сынап болды. Содан осы өндірісте пайдаланылған сынап қалдығы Нұра өзеніне ағын сумен және жер астымен барып құйылып, Халықаралық Қорғалжың қорығына дейінгі өне бойына түгел тарап, түбіне тұнып қалды. Мұнымен қоса, Қарметкомбинат (қазіргі «Испат-Қармет» ААҚ) пен КарГРЭС-1 кәсіпорындары да бұл өзенді аз ластандырып жатқан жоқ.

Кейінгі кездері Қара Ертіске Қытай жағының қол салып, суын кейін бұрып әкету қаупі байқалғаны жиі айтылып жүр. Егер ол шын жүзеге асса, онда Астана мен Қарағанды халқы бірінші болып су тапшылығын көреді. Астана халқы таяу жылдар ішінде 500 мыңнан асады деп болжануда.

Осыған байланысты Нұраның суын сынаптан тазартып, ауыз суға жарату ниеті де пайда болып отыр. Сондықтан, Дүниежүзілік даму және реконструкция банкі осы мақсат үшін АҚШ-тың 50 миллион доллары көлемінде грант берді. Енді осы қаражатты қалай игеру қажеттігі жайлы мәселе көтерілуде.

Бұл туралы «Гражданпроект» жобалау институтының директоры, тәуелсіз сарапшы Александр Александрович Золотарев өзінің ойын былай деп өрді:

– Нұра өзенінің түбінде миллиондаған доза боларлық қатерлі сынап жатыр. Бірақ одан қорқуға болмайды. Өйткені, сынап дегеніміз ерекше металл. Бір кезде патшалы Ресейдің емшілері оны ем үшін пайдаланып, адамға бір-екі түйірін жұтқызып жіберген де кездері болған. Ең зиянды нәрсе – оның буы. Ол ашық қалған кезде буланады. Сол кезде маңайындағыларға өте қауіпті. Одан көптеген жануарлар мен адамдар зиян шегуі мүмкін.

– Осы Нұра өзенінің ластануымен айналысқан адамдар бар ма? Бұрын біреулер зерттеген бе?

– Әрине, зерттеген. Көбіне оларды Мәскеуден келген оқымыстылар, КСРО Геология министрлігінің адамдары сол кездегі үкімет тапсырмасымен 1986-88 жылдары жүргізді. Қазір онымен Әл-Фараби атындағы Ұлттық мемлекеттік университеттің ғалымдары айналысуда. Сонымен қоса бұл іске Ұлыбританияның Гентан университеті сияқты бірталай елдің ғылыми-зерттеу институттары зер салуда.

– Егер бұл сынап дегеннің өзі судың астында, балшықпен араласып жатқанда онша зиянды болмаса, оны қозғап, жер бетіне шығарып қажеті не?



– Ол әзірше ғана. Келешекте Нұра өзенінің суын ауыз суға пайдалану қажеттігі туып қалуы ғажап емес. Қазірдің өзінде бұл өзеннің бойында 1,5 миллионға жуық адам тұрады. Олар өзен суын тікелей өздері ішпегенімен оның суын малы ішеді, бау-бақшаларын суарады. Ауыз суға падаланған кезде оның құрамынан сынап шығып жатса несі жақсы? Сондықтан да қазір тазалап қоймаса, кейін кеш болып кетуі мүмкін.

– Қалай тазалау керектігі, оның әдісі белгілі ме? Қай жерде қанша сынап жатқандығы қалай анықталады?


– Бұл да үлкен, күрделі мәселе. Қалай тазалау қажеттігін бұрын мұндай іспен айналысқан швед және француз фирмалары қолға алмақ. Ал жақсы географиялық ақпараттық жүйе жасау үшін қалыпты геологиялық және топографиялық негіз қажет. Сонда ғана мамандар кешенді зерттеу жүргізе алады.

Қалдық сынапты жинақтау үшін Жауыр батпағы уақытша қолданылған. Қазір ондағы жағдай қандай екенін де білмейміз. Ол осыдан елу жыл бұрын қолдан жасалған қарапайым ойпат.

Егер шынын айтатын болсақ, барлық ақпарат Мәскеуде сақтаулы. Біздің қарапайым есебіміз бойынша осы елу жыл ішінде 4 миллион тоннаға жуық ацетальдегид өндірілген. Яғни, бұл 4 мың тоннаға жуық сынап пайдаланылды деген сөз. Мұның ішінде қаншасы дайын өнім болып шықты, қаншасы шикізат болып қалды, қаншасы топыраққа сіңіп кетті, қаншасы шығын болды, 1976 жылдан бері қаншама қалдықты Украинаға көмуге әкетті деген сұрақтарға жауапты тек арнайы құжаттардан ғана табамыз. Ол құжаттар бұрынғы Орталықта қалып қойды. Сондықтан да біздің үкімет басшылығы елшіліктер арқылы Ресей мен Украинадан осындай ақпараттар сұратуы қажет. Ал мұндай ақпараттар болмай тұрып, зерттеу үшін және оны тазалаймын деп Нұраның кез-келген жерін қаза

бастау ақымақтық болады. Ол дегеніңіз Дүниежүзілік даму және реконструкция банкі берген 50 миллион долларды желге ұшырғанмен бірдей...

Иә, Александр Александровичтің сөзінің жаны бар. Соған орай бүкіл Орталық Қазақстан өңірінің күре тамырындай болып отырған Қара Нұра өзенін кез-келген жерден қаза бастамай, ғылыми тұрғыдан негіздей отырып, зерттеу жұмысын жүргізген дұрыс. Әрі бұл жұмысты көпке соза беруге де болмайды. Бұл жобаның маңызы өте зор. Егер ол жүзеге асырылатын болса, ауқымды экологиялық шара іске асырылып, халықтың денсаулығын жақсарту жолындағы айтулы оқиға болар еді. Бұған қоса Нұра өзенінің бойындағы қалалар арзан әрі таза сумен қамтамасыз етілер еді.



РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ АЛАҢДАТАДЫ

Қазақстан – бұрынғы ұлы держава мемлекеттерінің ішінде ядролық ессіздіктен көбірек жапа шеккен ел. 1949 жылдың тамыз айынан бастап мұнда 659 рет атом жарылысы жасалған. Бұл КСРО-да жасалған барлық жарылыстың 92 пайызы. Тек Семей полигонының өзінде 470-тен астам сынақ жасалған болса, оның 113-і ашық ауада, 352-сі жер астында жасалған, тек 5 жағдайда ғана ядролық заряд от алмаған.

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Жоғары қуат институтының деректеріне қарағанда Семей полигонында ашық ауада жарған барлық зарядтарының жалпы қосындысы Хиросима бомбасының 2,5 мың эквивалентіне тең. Ай сайын орта есеппен 1-2 бомбадан жарып отырған. Кейін мәлім болғанындай мұндай жарылыс тек Семей полигонында ғана емес, Қазақстанның түгелге жуық облыстарында салынған 12 тұрақты және 7 уақытша полигондарда да жасалған екен.

Тәуелсіздікке қол жеткен қазіргі жағдайдың өзінде кейде Ресейдің «адасқан» зымырандары Атырау облысының Махамбет, Қызылқоға және басқа аудандарының жеріне жиі құлап жүр. 2000 жылдың жазында да бір зымыран құлады. Ал «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылған «Протон» зымырантасығышының 1999 жылы екі рет құлауы көптеген мәселенің бетін

ашты. Бұл екі зымыран біздің облыстың Қарқаралы және Жаңаарқа аудандарының жеріне құлап, жеріміз бен ауаны гептил отынымен ластады.

Алатаудың арғы жағындағы Қытайдың Лобнор полигонындағы әрбір жарылыстан соң Жетісу өлкесінің ауа-райы күрт өзгереді, қатты жел соғып, тау алқабында селдетіп жаңбыр жауады. Райымбек, Ұйғыр және Жаркент аудандарының тұрғындары өзіне-өзі келе алмай, өздерін көпке дейін қолайсыз жағдайда сезінеді.

Россияның Маяк полигонындағы апат пен Тоцкідегі жарылыстың, сол сияқты Қазақстандағы Созақ ауданындағы, Маңғыстау түбіндегі, Ақтөбе жанындағы, тағы басқа жерлердегі жарылыстардың салдары әлі түгел зерттеліп біткен жоқ.

Ресейдің Капустин Яр және Ахтубе полигондарының әсерінің қаншалықты екені де белгісіз. Мұнда 1988-1991 жылдар арасында СС-20 тектес 619 зымыран жойылған. Ашық ауаға 30 мың тонна улы отын

тарап, шығысқа қарай соққан желдің әсерінен ол біздің елдің жеріне жайылған.



Бүкіл жер шарындағы құрлықтың алтыдан бір бөлігін алып жатқан Ресей жерінде Германиядан алып шыққан, шағын және орта қашықтыққа ұшырылатын зымырандарды жоятын «лайықты» жер таба алмай Алматы мен Талдықорғанның арасындағы Сарыөзекке әкеліп жарғаны белгілі. Бұл 6 мың шақырым жер жүріп, бар-

лық Германияны, Польшаны, Чехияны, Украина мен Ресейді басып өтіп, Қазақстанның халық ең көп қоныстанған жеріне әкеліп жаруы кімге «тиімді», кімге «қолайлы» болды екен?

Сөйтіп, бір кезде Қазақстан экспериментальдық полигонға, ал оның халқы «тәжірибелік қояндарға» айналған.

Мұндай ядролық сынақ өткізілетін басқа елдерде халық жарылыс туралы алдын ала ескертіледі, оларды қорғау туралы шаралар қолданылады, бұл жерден кеткісі келгендерге мүмкіндік беріледі. «Гринпис», «Орманның досы» сияқты және басқа да ядролық сынаққа қарсы қоғамдық қозғалыстар құрылған. Олар өздерінің қолдарынан келгенше ядролық державалардың осындай әрекеттеріне қарсылық жасап келеді.

Біздің жабық және тоталитарлық мемлекетімізде (бұрынғы КСРО-да) атом сынақтары өте құпия түрде жүргізіліп келді. Халыққа ескертілмеді, қайта олардан құпияны жарияламау туралы қолхат алынды. Радиациялық сәулеге ұшырауы туралы ешкімнің қаперіне де кірген жоқ. Елді алдады, теріс ақпарат таратты.

«Таймс» газетінде (7.ҮІ.1996) Семей сынақ полигонында болып қайтқан Макс Ихтерманның мақаласы жарияланған. Онда қазақ ауылдарында аяғы, қолы жоқ, көзі көрмейтін балалар туып жатқандығы туралы жазады. Әскерилер болса, мұндай фактілерді жасырып, оны туберкулез бен өкпеге суық тиіп ауырудың салдары деп түсіндіруге тырысады. Қазір ядролық сынақтың құрбаны, екі қолы жоқ болып туған, тісімен сурет салатын Кәріпбек Күйіков осы Қарағанды қаласында тұрады.

Сарыжал ауылының бұрынғы әкімі М.Қорғанбаев: «Әскерилер әрбір жарылыс болар алдында ауылға келетін. Олар біздің үйде болмай, далада жүруімізді өтінеді. Өйткені үйдің құлап, астында қалып қоюымыз мүмкін ғой», – деп еске алады. Сөйтіп, адамдарға осы-

лай эксперимент жасалған. Қазір сынақ аймағындағы өрбір 30 адамның тек екеуі ғана тірі қалып отыр.

Президеит Н.Назарбаевтың 1991 жылы атап көрсеткеніндей: «Құпия деген атпен адамгершілікке жатпайтын істер жасырылды. Ядролық сәулеге ұшырағандар не екенін түсінген жоқ, ештеңеге көңіл бөлместен уланған ауамен дем алып жүре береді». Ал мұндай қауіпті жақсы білген биік мансапты басшылар өз халқы қырылып жатса да қорыққандарынан аузын ашуға жарамады. Міне, содан бері он жыл уақыт өтті, бірақ біздің үкіметіміз Қазақстанның радиациялық жағдайы туралы картаны әлі жасап біте алмай отыр.

Қазір әскери ядрошылардың радиоактивті заттар өндіру үшін ашқан уран рудниктерінің әлі күнге дейін шахталарының аузы жабылмай ашық жатыр. Қазір бұл жерлерге рекультивация жасау енді қолға алынуда. Мәселен, біздің облыстағы Ақтоғай ауданының жерінде халықты радиациясымен улап жатқан, ашық қалған төрт рудник бар екендігі «Орталық Қазақстан» газетінде сан рет жазылды. Солардың ешқайсысының оқпаны әлі бітелген жоқ.

Ресей қазір радиоактивті қалдықтарға түншығуда. Оларды қайда көмерін білмей отыр. Кезінде мұхиттардың астына жасырған екен. Олары мәлім болып қалып, әлем халықтарының наразылығын тудыруда. Жапония, Корея, Скандинавия елдері сондай орындарды көрсетуді талап етуде. Мұндай орындарды олар зерттеуді ойластыруда.

Қазақстанның басқа елдердің ядролық қалдығын көп ақша үшін өзінде көмуге ризалық білдіргені туралы Парламент мәжілісінде де мәселе көтерілді. Шын мәнінде Қазақстанда урай кені алынған, бірақ жабылмай қалған, ашық жатқан кен орындары көптеп саналады. Сол жерлерге ядролық қалдықтарды көмуге болады. Әйтпесе, оларды жабумен айналысып жатқан ешкім жоқ. Егер сол жерлерде қалдықтар көміліп,

жақсылап жабылса, бұрынғыдан әлдеқайда пайдалы болар еді, деген пікір де бар. Ал, оның қайсысы дұрыс екендігін алдағы өмір көрсетеді. Бірақ біздің айтарымыз – Қазақстандағы радиациялық зерттеу жұмысы әлі кешеуілдеп жатыр.

(Орыс тіліндегі басылымдардың материалдары бойынша дайындалды).

АҚТОҒАЙ ХАЛҚЫ ДА ЗАРДАП ШЕГУДЕ

Кезіндегі империялық құйтырқы саясаттың салдарынан бүкіл Қазақстан даласы сынақ полигонына айналғаны мәлім. Дәл іргеде жатқан Семей ядролық полигонынан шеккен зардабы аздай аудан халқы бұл күнде ашық қалған уран рудниктерінен көрешекті көруде. Бұған қоса табиғи радиация мен экологиялық жағдай тағы бар. Осылардың барлығын жиып келгенде Ақтоғай ауданының радиациялық реңі нормадағыдан бірнеше есе асып кетеді екен.

Семей ядролық сынақ полигонында барлығы 470 жарылыс болса, соның 17-сі жер үстінде және ауада жасалған. Мұның 11-і әртүрлі жағдайлармен Ақтоғай



ауданының аумағына жетпеген. Ал алтауының ізі және радиациялық қуатына қарағанда аудан аймағын радиациялық ластауға әкеп соққан.

Аудандағы табандылық көрсеткен азаматтардың арқасында Қазақ

КСР Ғылым академиясының 1957-1961 жылдардағы аймақтық ғылыми-зерттеу патология институтының тарихқа кеткен зерттеу деректерін көтеруге қол жеткізді. Сол жылдардағы Ақтоғай (ол кезде Қоңырат) ауданының аймағындағы радиациялық ластануы нормадан ондаған, тіпті жүздеген есе жоғары болғандығын көрсеткен. Мәселен, радиоактивті заттар бақылаудағы аймаққа қарағанда біржылдық өсімдікте 100-500 есе, сүт тағамдарында 25-30 есе, малдың сүйектерінде 4,7-30,7 есе, адамның зәрінде 27-122 есе мөлшерден тыс болған. Сол сияқты радиоактивті заттар күлде, топырақта, суда да мөлшерден ондаған есе артық екендігі анықталған.

Аурулардың ішінде жүрек-қан тамыры (43,63), асқазан (39,73) аурулары басым болған. Жүйке аурулары, қан тасып ауыру жиі кезіккен. Басқа да аурулармен қоса бас ауруы, көздің көруі мен құлақ естуінің нашарлауы, мұрыннан қан кетуі, қан айналымы жүйесінің жұмысының өзгеруі сияқты ерекшеліктері болған. Осындай науқастарға душар болудың басты себебі радиация болғанымен бұл кезінде құпия сақталып, жасырылып келді. Қазір бұл көрсеткіштер еселенбесе азайған жоқ.

Осындай жағдайлардың барлығын алға тартып, Ақтоғай ауданының әкімі және басқа да алғыр азаматтары мәселе көтеріп, Республика Парламентінің алдына дейін барғанымен әлі ештеңе шешіле қойған жоқ. Барлығы да қаржыға келіп тіреледі. Ал аудан халқының талабы — Ақтоғай ауданын «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабына сәйкес ең төменгі радиациялық қауіпті аймаққа жатқызу. Бұған ауданда жүргізілген радиациялық зерттеу жұмыстарының қорытындысы толық сәйкес келеді. Ал аудан азаматтары осындай талаппен тиісті

құзыретті ұйымдар мен мекемелердің табалдырығын тоздыруда.

Ақтоғай ауданының радиациядан зардап шеккен халқының жанайқайы лауазымды адамдардың құлағына жетуі қажет деп ойлаймыз. Егер ниет болса қаржы табылар.

УРАНЫҢ УЛЫ ҚАЛДЫҚТАРЫ маңайына зардап таратуда

Сонау Қызыл империя кезінде «партияның дара басшылығына» ризалық сезім білдіріп жүре берген екенбіз ғой. Қай жерде бір пайдалы қазба болса, сөйіс түрткілеп, қазып алып жатқанда: «Неге алып жатырсың, не алып жатырсың?» — деп сұрауға бір адамың батылы жетті ме екен? Ақтоғай ауданының аумағында да шұқыланып, Жер-Ананың тәніне салынған жазылмас жаралар төуір-ақ баршылық. Оның зардабының қаншалықты екендігін қазір ғана біліп жатырмыз. Ақтоғай аудандық экологиялық комиссиясының төрағасы Амантай НОҒАЕВПЕН әңгімеміз осы мәселелер төңірегінде болды.

Қойылған сұрақтар:


1. Аудан көлемінде қанша уран руднигі бар?
2. Олардың ашық қалуы салдарынан қаншама зиян келіп отыр?
3. Рекультивация шаралары туралы не айтасыз?
4. Қазір бұл жұмыстармен айналысып жатқан ешкім бар ма?

— Осыдан 30-40 жыл бұрын шамасында «Рудниктер ашылады, ол аудан экономикасы мен мәдениетінің өркендеуіне елеулі үлес қосады», — деген хабарға қуанбаған жан болмаған шығар. Бүгінгі күні сол кезеңді

тарих елегінен өткізіп қарасақ, аудан халқына қуаныштан көрі көбірек қасірет әкелгенін көреміз де Кеңес басшылығының халқымызға тағы бір «қамқорлығын» байқаймыз.

Сол жылдарда біздің аудан аймағында Геология министрлігіне қарасты мемлекеттік «Волковгеология» кәсіпорны бес жерден геологиялық қазба жұмыстарын жүргізгені айқын болып отыр. Олар Қызыларай селолық округіне қарасты «Қызыларай» (Қарасиыр) Шабанбай селолық округіне қарасты «Октябрьское» (Молдашілік), Жидебай селолық округіне қарасты «Нұртай» (Нұртай), Нұркен селолық округіндегі «Қызыл» (Ақсай) және Сартерек селолық округіне қарасты Майтас кен орындары. Бұл кен орындарының бірінде тауды ұнги қазып, бірінде шахталық құдықтар арқылы жер астынан өте радиоактивті уран рудалары алынған. Қажет болған уақытында пайдаланылған бұл қазбалар ешқандай қауіпсіздендіру шараларынсыз ашық қалып, күні бүгінге дейін айнала қоршаған ортаны радиоактивті сәулелермен ластандыруда.

Осыдан біраз жыл бұрын бүкіл халық болып, Семей ядролық полигоныны жабылған кезде мұның да зардабына ерекше мән берген еді. Мәселе аудандық Кеңестің сессиясында қаралып, Республика Үкіметі мен Жоғарғы Кеңестің атына ашық хат қабылданды. Әкім көтерілген мәселені оңтайлы шешуді көздеп 1993 жылдың сәуір айында Республика Министрлер Кабинеті мен бір-




неше Министрліктердің және облыс басшылығының атына хат жолдады.

Құпия болып жылдар тозаңының астында ұмыт қалған шаруаның аяқ асты шешілуі оңай емес. Дегенмен бұл жұмыста біраз алға басқандық бар. Бұрынғы Жезқазған облыстық экология және биоресурстар басқармасы, облыстық СЭС, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы өндіргіш күштер кеңесінің мамандары осы саладағы аудандық мекемелердің көмегімен уран рудалары алынған орындарда болып, тиісті радиациялық өлшемдер жасады. Құзыретті орындардан арнаулы адамдар шақырылды.

1993 жылдың жазында мемлекеттік «Волковгеология» кәсіпорнына қарасты №39 геологиялық барлау экспедициясы аэроэкологиялық партия отряды жоғарыда аталған кен орындарында арнаулы тапсырмамен кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізді.


Осындай жұмыстардың нәтижесінде мемлекеттік «Волковгеология» кәсіпорнымен аудан әкімшілігінің келісілген рекультивация шаралары белгіленді. Олар: «Октябрьское» (Молдашілік) кен орнынан шығарылған кен жынысының көлемі 17400 текше метр. Ол екі жерде шоғырланған. Айнала ортаға қауіп туғызып отырған №2 кен жынысының көлемі 6300 текше метр, немесе 16332 тонна, орташа радиация мөлшері 60-80 мкр/сағат, кейбір жерлерінде 100 мкр/сағатқа жетеді. Тау кемеріндегі бұл үңгір бос жыныстармен жабылып, аузына қалыңдығы 1 метр тас бетон қабырға қалануы керек. Кен жыныстары жатқан жерінде тегістеледі де, ұс-



тіне жарты метр қалыңдықта бос тау жыныстары төселеді, одан кейін өсімдік өсетін құнарлы топырақ жайылады және азот, фосфор, калий тыңайтқыштарымен байытылады.

Майтас кен орнындағы сыртқа шығарылған тау жынысының жалпы көлемі 14342 текше метр, немесе 39 мың тонна. Радиацияның орташа мөлшері 35-250 мкр/сағат, кейбір аса қауіпті жерлері 2500 мкр/сағатқа жетеді. Бұл кен орнының елді мекеннен алыстығы ескеріліп, рекультивациялаудың санитарлық нормалары тау жыныстарын сол тұрған жерінде тегістеуді көздейді. Үстінен бос жыныстарымен қалыңдатылып көміледі де, өсімдік өсетін құнарлы топырақ жайылады. Кен орны аузы қалың тасбетондатылып бекітіледі. Орналасқан жерінің ерекшелігіне байланысты іргесінен диаметрі бір метрлік ұзындығы 150 метрдей арық қазылып, суағар жасалады.

«Қызыл» (Ақсай) кен орнындағы тау жынысының көлемі 9 мың текше метр (23760 тонна), орташа радиация мөлшері 80 мен 300 мкр/сағат аралығында, кей жерлерінде 2500-3000 мкр/сағатқа жетеді. Мұндағы тау жынысының бір бөлігі шахталы құдықты бекітуге кетеді, қалғаны сол жердің өзінде тегістеліп, жоғарыдағы кен орындарындағы сияқты қалыңдатылып, бос жыныстармен және өсімдік өсетін топырақпен жабылады.



Қарасныр


«Қызыларай» (Қарасныр) кен орнында 12258 текше метр тау жынысы қалған. Оның мөлшері 40-100 мкр/сағат, радиациялы 500 текше метр (1320) бөлігі бірінші кезекте ре-

культивациялауға жатады. Бұл тау жыныстары тұрған орындарында тегістеледі де бос жыныстармен және өсімдік өсетін топырақпен жабылады. Ал кен орнының аузы қалыңдығы бір метр тасбетон қабырғамен қаланады.

Нұртай кен орнындағы жұмыстар басқасынан жеңіл. Сыртқа шығарылған 4400 текше метр тау жынысы айналадағы ортаға аса зиянды емес, радиациясы 22-30 мкр/сағат, норма мөлшерінде. Сондықтан оны тұрған жерінде тегістей салады. Ал кен орнының аузын бос жыныстармен бекітеді.

Бүгінде акционерлік қоғам болып қайта құрылған «Волковгеологияның» бұл жобалары Экология және табиғи ресурстар министрлігінде сараптаудан өтуде. Ал бұған дейін бұрынғы Жезқазған облыстық экология және биоресурстар басқармасының ғылыми-техникалық кеңесінде қаралып мақұлданды.

Сол жылы өкімнің арнайы тапсырмасымен геология министрінің орынбасары, қатты кен байлығы басқармасының бастығы С.Ақылбаев және «Волковгеология» акционерлік қоғамының президенті Б.Берікболов мырзалардың қабылдауында болып, осы мәселелердің жүзеге асуын арнайы қойған едім. Бұл лауазым иелері ауданға көмектесу керектігін айтып, жақсы ниеттерін білдірген болатын.



Қызыларай тауы. Тесіктас.

Ал рекультивациялау шараларына келетін болсақ — орындалатын жұмыстардың көлемі ауқымды, арнайы мамандардың жұмыс істеуін талап етеді. Ең қиыны қаражат жағы болмақ. Тек

біздің аудан көлемінде атқарылатын жұмыстардың құны 1996 жылғы 1 шілдедегі бағамен алғанда 10 млн. теңгені құрайды. Бүгінгі күні мұндай көлемдегі қаржыны толықтай және бір мезетте ешкім де бере қоймас.

Дегенмен қаржы жоқ екен деп қарап отыра бермей аудан әкімі, аудандық экологиялық комиссия, тиісті аудандық қызмет салалары бастаған істі аяғына дейін жеткізу үшін алдағы уақытта да жұмысты жалғастыра бермек.

1998 ж.



МЕКТЕПТЕГІ ЭКОЛОГИЯ КАБИНЕТІ

Аудан орталығы Ақтоғай селосындағы Күләш Байсейітова атындағы орта мектептің экология кабинетіне кірдік.

Мұнда екінші сыныптың балалары оқиды. Жас бұлдіршіндердің бойына лайық шап-шағын аласа парталар қойылған кабинеттің іші өз шама-шарқынша тамаша безендірілген. Ең төргі қабырғада табиғаттың әсем суреті түрлі-түсті бояумен салынған. Суреттегі соңғы планда бейнеленген таудың жобасы етегіне Ақтоғай орналасқан Шатырша тауына ұқсайды.

Кабинеттің бар мақсаты — экологиялық білім беріп, қоршаған ортаны қорғау мәселесін насихаттауға арналған.

— Мен бұл мәселені Жезқазған қаласындағы №9 орта мектепте істеп жүрген кезімде қолға алған болатынмын. Содан осында ауысып келген соң бастаған ісімді одан әрі жалғастыруға мүмкіндік туды, — дейді осы екінші сыныптың мұғалімі Манат Ноғаева. — Маған мектеп директоры Нұрғайын Ақтаева мен ата-аналар, кейбір зиялы қауым өкілдері көп көмегін тигізді. Олар осы кабинетте тұрған, аудан көлемінде өсетін өсімдіктер мен ағаштардың түр-түрін жинастыруға, суреттерін салуға қолғабыс жасады.

Мен сабақ жүргізу барысында білімді экологиямен байланыстыруға тырысамын. Бір ағаш екеу болса деймін. Табиғат мәселесі бастауыш сынып балалары үшін қызықты тақырып. Әсіресе жан-жануарларды сүйеге шақырамын. Құстарға ұя жасауды, оларға жем

шашып, күтуді үйретемін. Сонда оларда табиғатқа, туған жерге деген көзқарас, ынта пайда болады.

Кабинет ішіне қойылған заттар мен суреттерді жағалай қарай бастадық. Екі қатар етіп қойылған партаның дәл ортасындағы бос жерге әртүрлі ағаштардың діңдері орнатылған. Олардың үстіндегі ойыққа гүл өсірген ыдыстар қойылыпты. Бөлме ішінде бұдан басқа да 17 түрлі өсімдіктер мен гүлдер өсірілген. Осылардың барлығы ешқашан сынып көрмеген. Жаз бойы аптасына екі рет келіп мұғалімнің өзі суарып тұрыпты. Енді сабақ басталған соң да бұл өсімдіктердің бір талы сынып немесе жұлынбайды. Оқушылар соған дағдыланған. Ал басқа сыныптарда болса мұндай гүлдер бұлай тұрмайды, баяғыда жоқ болар еді-ау деген ой келеді.

Қабырғаға әртүрлі стенділер ілінген. Соның ішінде «Экология және қоршаған ортаны қорғау» атты стенд көз тартады. Түсінген адамға олардың мазмұны да бай. Мәселен, оның «Ақтоғай ауданының экологиялық жағдайына әсер ететін факторлар» деген тарауында: «1. Семей ядролық полигоны. 2. Уран кен рудниктері. 3. «Байқоңыр» ғарыш айлағының әсері. 4. Табиғи радон концентрациясы. 5. Экологиялық жағдайға жергілікті факторлардың әсері» деп бөліп көрсетілген.

«Экологиялық факторлардың адам денсаулығына әсері», «Жекелеген елді мекендер бойынша адамның орта жасы», «Аудан халқының табиғи демографиялық көрсеткіші» тарауларынан да қызықты деректер табуға болады.

Биологиялық қорықтардың, облыстағы табиғи мұражайлардың, сирек кездесетін аңдар мен құстардың, облыс аумағындағы сирек кездесетін өсімдіктердің тізімдері де жазылған. Терезеге қарама-қарсы қабырғаның төменгі жағы жиектей аудан аймағындағы дәрілік өсімдіктердің суреттері майлы бояумен салынған.

— Мына материалдардың барлығы бастауыш сынып балаларының түсінігіне ауыр тимей ме? — деген сұрақты еріксіз қоюға тура келді.

— Бұл тек осы сыныптың балалары үшін ғана емес, бүкіл мектеп оқушылары үшін ашылған кабинет, — деді иесі. Басқа сыныптарға экологиялық мәселелер жөнінде деректер керек болғанда бізден алады. Кейде сабақты осында өткізеді.

Иә, өткен оқу жылының төртінші тоқсанынан бастап жұмыс істей бастаған кабинеттің бар келешегі алда. Жақсы ниетпен атқарылып жатқан жұмыс қой, сондықтан да енді ғана қадам басқан игілікті істің «көш жүре түзеледі» дегендей, кемшілігі болса түзеліп, балаларға тәрбие беруде қосар үлесі мол болады деп сенеміз. Ал облыстық білім департаменті мұндай жаңалық бастаманы құп алып, басқа да мектептерге үлгі ретінде насихаттағаны жөн деп ойлаймыз.



БЕГАЗЫДА КӨП СЫР БАР

Атақты ғалым Әлкей Марғұлан есімін құлағым шалса, Ақтоғай ауданындағы Бегазы кешені ойыма еріксіз оралады. Археолог, этнограф, әдебиетші, тіл маманы әм тарихшы, ғұлама-энциклопедист Әлекең осы Бегазыны бірталай жыл зерттеген. Жәй зерттеп қана қоймай оның өзіндік ерекшелігін әйгілеп, қола дәуірінен қалған осы жәдігерге «Бегазы-Дәндібай мәдениеті» деп ат беріп, тарих ғылымындағы өз орнын ерекше белгілеп кетті.

Біз сөз етіп отырған қорған Бегазы тауының етегінде ағып жатқан Қаратал өзенінің жағасында. Қазір бұл жер Шабанбай селолық округіне (бұрынғы «Қаратал» совхозы) қарайды. Осында сонау 1947, 1949 және 1952 жылдары Әлекең бастаған археологиялық экспедиция дүркін-дүркін қазба жұмыстарын жүргізіп, зерттеу жасаған екен. Сол туралы ел арасында тараған әртүрлі әңгімелер бар.

Әлекең жұмысшыларды жинап, қорғанды қаздырады екен де, бірдеңе табылған сәтте оларды қайтарып жіберіп, не істеп жатқанын, не тапқанын ешкімге көрсетпей, әрі қарай жұмысты өзі жалғастырады екен. Жақындаған адамды қуып жібереді дейді. Біраз заттар жиналғанда да ешкімге көрсетпей арнайы жәшіктерге сынбайтындай етіп орап салып, арнайы самолет шақыртады да, Алматыға жөнелтіп отырады.

Сол қазба жұмысына қатысқандар Әлекеңнің білгірлігіне таң қалады. Тіке қадалған тастарды санап келеді де: «Мына жерді қаз», — дейді. Сол жерден



шынында да бірдеңе табылады. Қазба жұмысына үзіліс жасап, біраз жылдан соң қайта оралған Әлекең бірде бұрынғы жүргізген қазба жұмысына қарап тұрады да: «Мына жердің бір тасы жоқ. Табыңдар!» — деп ауыл адамдарына қиғылық салыпты. Сол жерде отырған шағын ауыл (кейін мұнда бөлімше орталығы болды) абыр-сабыр болады да қалады. Содан бір үйден қымыз ішіп, өткен жылы салынған тас қораның (мал базы) жанынан өтіп бара жатқанда Әлекең: «Әне, мен іздеген тас ана тұр», — деп бір терезенің маңдайшасына қойылған ұзынша тасты көрсетіпті. Ауыл адамдары дереу тасты босатып алып, орнына салса дөп келіпті. Әлекең қазба жұмысын содан кейін ғана бастап кеткен екен дейді.

Сол Бегазы туралы 1971-1978 жылдары шыққан Қазақ Совет Энциклопедиясында былай деп жазады: «Бегазы қола дәуірінен қалған оба... Бұл арада 14 құрылыстың 20-сы қазылған... Тас жәшік іспетті қабыр-лерден басы батысқа, оңтүстік-батысқа, солтүстік-батысқа қаратылған өліктердің сүйегі, өртенген қалдығы табылған. Үшкіл, ромб тәріздес бедерлі, кейде тегіс өрнектер бар қыш ыдыстар, моншақтың шыны жалатылған көздері, алтынмен апталған қола сақина, хайуанаттардың азулары (тесілген), қола шығыршық-

тар шыққан. Таспен шегенделген қабірлердің сыртында қоршауы бар. Осындай бір қоршаулардың ішіндегі қақпақ тастан жәшік сияқтандырып қаланған қабірдегі өліктің сүйегі, онымен бірге жайпақ және дөңгелек келген әрнекті ыдыстар, масақты қола жебелер, сопақша тас моншақтар көміліпті. Мұның бәрі қола дәуірінде Орталық Қазақстанды мекендеген тайпалардың кәсібі, тұрмысы, өлікті жерлеу салты, қару-құралдары қандай болғандығы туралы мағлұмат береді». (ҚСЭ 2-том, 225-бет).

Бегазы деген қыз болған дейді. Тауды соның атымен атапты. Бұдан басқа дерек жоқ.

Сол Бегазы-Дәндібай мәдениеті «Бұрын қазақта отырықшылық болмаған, олар үнемі көшіп жүре берген» деген қағиданы теріске шығарады. Өйткені, бұл жерді қазған кезде ескі көзеге салған бидай табылыпты. Ол — отырықшылықтың белгісі дегенді Әлкей Марғұланнның өзі айтыпты-мыс.

Маған осы Бегазы кешенінде болуға тура келді. Қазылған екі тас қорған темір шарбақпен қоршалып тастапты. Тас қорғандарға сүйелген ұзын-ұзын қақпақ тастар кісі бойынан асады. Ұзындығы 2,5 және 3 метрдей, көлденеңі 1 және 2 метрдей. Бұлардың салмағы 1 және 1,5 тоннадай болады екен. Сонау қола дәуірінің өзінде, қуатты техника жоқ кезде, осындай салмақты тастарды мұнда қалай жеткізіп, қалай орнатты деген сұрақ көкейге еріксіз оралады.

Шыға берістегі үлкен қойтастың бетіне «Қазақ ССР Қорғандар қола дәуірі Мемлекет қарауында» және «Казахская ССР. Курганы эпоха бронзы Охраняется государством» деген жазулар бар шойын тақта орнатылған. Бірақ қай жылы орнатылғаны жазылмапты. Темір қоршаудың сыртында таяу жерде екі кірпіш бейіт тұр. Осы жердің тумасы, қазір «Абай» кеншарында тұратын Мәжікен Мақсұтов ағадан сұрап едім: — Бұл осы ғасырдың бас кезінде салынған бейіттер

болуы керек, кімдікі екенін білмеймін, — деді.

Жағалай әр жер — әр жерде үйіліп жатқан тастарға қарағанда соның барлығы адам жерленген қабір сияқты.

Біз солай әңгімелесіп тұрғанда жанымызға бір салт атты келді. Ол осында шаруа қожалығының жетекшісі Мұқсиын Әлжанов деген кісі екен. Бұрын қызмет атқарған, қазіргі зейнеткер. Ол да Бегазы туралы ештеңе жарытып айта алмады.

— Әлекеңнің зертегенін білеміз. Ол кезде жаспыз ғой. Ештеңеге мән бермеппіз. Тек Әлекеңнің бір келгенде: «Бұл жерде қорық жасатамын деп айтты», — дегенін естігенмін.

Қазір Қарағанды қаласында тұратын, сол ауылда қырық жылдай тарих пәнінен дәріс берген Сейітмұрат Құсманов ақсақал:

— Мен ол кезде Ұлы Октябрь колхозындағы (кейіннен «Қаратал» совхозы) жетіжылдық мектепте оқу ісінің меңгерушісімін. Бір күні мектеп директоры Жабас Кеңесбаев мені шақырып алды да: «Мына кісі Әлкей Марғұлан деген ғалым. Бегазыға ертіп бар» деп қосып жіберді. Бұл Әлекеңның Бегазыға ең алғашқы келуі еді. Ауданнан «Бобик» машинасын мініп келген екен. Жанындағы кісілермен қоса Бегазыға апарып салып, қайтып кеттім. Әлекең бұйра шашты, денелі кісі еді. Өте мәдениетті, жылы жүзді адам ретінде есімде қалды. Бұл шамамен 1947-48 жылдары болатын. Бұдан соң да Әлекең бірнеше рет келіпті. Бірақ менің ол кісімен кездесуім осы болды, — деп әңгімеледі.

Елуінші жылдардың ортасына қарай Әлекең өзі ғана келіп жүргенімен қазба жұмыстары жүргізілмеген. Ал Әлекең дүниеден озған соң Бегазы-Дәндібай мәдениеті мүлде аз айтылып, тіпті ұмытыла бастаған.

Осының барлығын айтып отырған себебім — Бегазының табиғаты өте әсем, жері тамаша. Тауы биік-биік жақпар тасты, қараған көзді қызықтырса, сай-са-

ласы орман-тоғайлы. Суы балдай, шөбі шүйгін. Жеміс-жидегі тілді үйіреді. Адамға да, малға да өте жайлы. Сирек кездесетін аң-құстары да жеткілікті. Бұл жерде ұзақ жасаған тұрғындар да көп. Мұндай әсем табиғаты бар жерді алыс-жақыннан келген қонақтарға ұялмай көрсетуге әбден боларлық. Бұған қоса Бегазы кешенінің дұрыстап, туристер мен саяхатшылардың тамашалап көруіне лайықты орын жасап қойса болады.

Ал, енді оның тамашасынан гөрі ғылыми мәні тіпті жоғары. Өйткені Қазақ Совет Энциклопедиясында жазылғандай әлі де 27 құрылыс мүлде зерттелмеген. Сондықтан да тағы да археологиялық экспедициялар ұйымдастыру қажет. (Бұған ҚарМУ-дың тарих факультетінің ғалымдары да үлес қосады деп ойлаймын). Оның қойнауына бүгіп жатқан тылсым сырын мұқият ақтаруымыз керек. Әрине, қаржы тапшы екені де рас. Бірақ солай екен деп ғылыммен айналыспай отыруға болмас. Бұл — ертенгі ұрпақ үшін өте қажет дүние. Тарихи-археологиялық зерттеу ғылым көкжиегін одан әрі кеңейтіп, одан әрі тереңдете түсері сөзсіз. Бегазыдан тағы да ғылыми құнды дүниелер мен бағалы заттар, тың деректер табыларына еш күмән жоқ.

Келешекте Әлекең айтты дегендей ұлттық парк немесе табиғат қорығын ұйымдастыру мәселесін де ойластырған дұрыс. Өйткені, Бегазы алыс жер емес. Ақтоғайдан небәрі 30-35 шақырым болса, Балқаш-Ақтоғай күре жолының бойынан 18-20 шақырымдай ғана.

Бүгінгі шамалы қаржыны қимағанмен болмайды. Егер бұл жерде аталған зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ұлттық парк немесе қорық ұйымдастырса, бүгінгі теңгенің есесі кейін бірнеше еселеніп, доллармен қайтады. Ол тек Ақтоғай ауданына ғана емес, облысымызға, тіпті бүкіл Қазақстанға үлкен мерей болар еді.

АЛТАЙДЫҢ АЛА БҰҒЫСЫ

Сіркіреген майда жаңбырдың толассыз жауғанына бірталай уақыт болды. Қарқаралы орманы бұрынғыша құлпырып тұр. Жап-жасыл қарағайлар көкке өрлеп, тысыр-тысыр еткен жаңбыр үніне құлақ түргендей. Су болған жапырағын ауырлаған ақ қайыңдар да бұтағын төмен иген.

Бағанадан жауынға сырт беріп қозғалыссыз тұрған шаңырақ мүйіз бұғы жаңбыр саябырлағанда ағаш арасынан жазыққа қарай шыға берді. Сірә, топ басы сол болса керек, басқа бұғылар да оның соңынан ере бастады. Олардың ағаш арасынан шығуы тегін емес екен. Жем жейтін уақыты болыпты. Орманшының екі баласы қап-қап шөпті шашып болып, астауларға шелектеп жем төгіп жүр.

Бұғылар түгелдей шығып болған жоқ, екінші жақтан аяқ асты шыңғырған ащы дауыс құлақ тұндырды. Жалт қарасақ, екі жабайы қабан томпаңдап жүгіріп келеді. Сонда ғана ойыма түсті. Алдында орман күзетшісі Өмірғали Байқонысовпен әңгімелескенімізде, ол кісі:

— Біз мұнда алғаш рет 1980 жылы Бурабай орман-аң шаруашылығынан бес Европа бұғысын



әкелген болатынбыз. Одан соң 1983 жылы тағы да екі бұғы, он қабан әкелдік. Биыл Ростов мемлекеттік зоология паркінен үш Алтай қодасы, екі лань бұғысы, екі қабан әкелінді. Қазір үш қодас, қырыққа жуық қабан тау арасында жүр. Кейін көбейген соң қоршаудағы бұғылар мен қабандарды да тауға жібереміз, — деген еді.

Міне, сол Өмкең айтқан тағы жануарларды дәл жанынан көріп тұрмыз. Шаңырақтай мүйіздерін шайқаған бұғылар тым маңғаз екен.

— Әне, лань деген бұғының бір түрі анау, — деді Өмкең жемге келген бұғыларды нұсқап.

Шынында да тоғыз ірі және үш кішкене теңбіл бұғының арасында үлкендігі киіктей ғана қарақоңыр жалғыз бұғыны байқадым. Көзіме шалынбағанымен екіншісі тағы бар екен.

Бұғыларды тамашалап, қарап тұрғанымызда қорс-қорс етіп жанымызға келіп қалған екі қабанды байқамай қалыппыз. Әуелде сескеніп-ақ қалдым.

— Олар қолға әбден үйренген қабандар ғой, — деп орман қызметкерлері күліп жатыр.

Өмкең әлгі қабандарды жасқап жіберіп еді, олар өкпелеген баладай торсаңдап, бұрылып алып жүгіріп кетті. Анда-санда бір шыңғырып қойып, қорс-қорс етеді. Енді бір қарағанымызда әлгі қабандар орманшының балаларының қолынан әлдене тамақ алып жеп жүр.

Орман шаруашылығында болған шамалы уақыт ішінде көп жайларға қанықтым. Олардың ең басты мақсаты — табиғаттың байлығы мен әсемдігін сақтау. Ол үшін көптеген игілікті шаралар жүзеге асырылуда. Біздің көргеніміз сондай жұмыстардың тек бірі ғана. Алдағы уақытта да атқарылатын істің ұшы-қиыры жоқ деуге боларлықтай. Соның ішінде көне Қарқаралының бұрынғы жануарлар дүниесін қалпына келтіру ісіне ерекше маңыз беріліп отырғандығын айтуымыз

керек. Бір кезде мұнда жабайы бұғы да, қабан да, аю да, тағы басқа көптеген аңдар әкелінген. Келешекте биік қоршау ішіндегі аңдардың барлығы тау арасына еркіндікке жіберілмек. Қарқаралыда ұлттық парк ұйымдастыру туралы ізгі мақсаттың ұшығы да бар екен. Тек сабақты ине сәтімен болғай. Мен осындай игілікті жұмыстармен айналысып жатқан орманшылардың ісіне ризашылық білдіріп аттандым.

1985 жыл, қыркүйек.



Автордан: Қазір Қарқаралыда Ұлттық табиғат паркі құрылып, жұмыс істеп жатыр. Халық игілігі үшін атқарып жатқан еңбектеріне сәттілік тілеймін.

ЗЫМЫРАННЫҢ ЗАРДАБЫ

Қазақ даласына қашанғы қасырет әкеледі?
(Апаттан соңғы пайымдаулар мен түйіндеулер)

Арқа төсінде, егеменді қазақ жерінде небір жақсылы-жаманды оқиғалар болып жатыр ғой. Міне, қасиетті Қарқаралы жеріне аспаннан темір жауғанын да көрдік. Бүкіл Республика болып дүрліктік, Ресей үкіметін аяғынан тік тұрғыздық. Енді осы оқиға немен аяқталды? Республикалық «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» және бірталай тәуелсіз газеттерде, «Хабар», «ОРТ» телеарнасы сияқты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдар бойынша жасаған пайымдаулар мен түйндемелер осы сауалға жауап беруге тырысады.

Егеменді еліміздің үстінен айдың аманында зымыран құлатып, жұтып отырған ауамыз бен ішіп отырған суымызды улағаны кімнің болмасын жанына батқаны да рас. Осы апаттың залалдыры жойылмайынша, болашақта қауіпсіздік шаралары жасалмайынша, Байқоңыр ғарыш айлағы туралы шартқа сәйкес Ресей тарапынан өтемақы төленбейінше Байқоңырдан ғарыш зымырандарының ұшуы уақытша тоқтатылғаны да рас. Бұл біздің республикамыздың тарапынан жасалған аса бір батыл қадам болды. Онсыз да Байқоңырдан алғашқы зымыран ұшқан сонау 1957 жылдан бері қазақ даласына қаншама зиян әкелді. 1986 жылы Бетпақдалада миллиондаған киіктің қырылып қалуы да

осы зымырандардың кесірі. Басқа да біз білмейтін апаттар қаншама. Маршал Неделин басқарған әскерилерді жарылған зымыранның жылыны жұтып қойғаны да ешкімге жария етілген жоқ. Осындайларды қарап отырсақ, Қарқаралыдағы оқиға солардың бір тамшысындай ғана. Дегенмен, бұрынғыдай артымыздан бір тепсе «Ләппай, тақсыр!» деп бір сипап қойып жүре беретін заман өткен. Сол күндерде ұшырылатын зымырандарға тыйым салу Ресейдің ғарыш бағдарлама-сын бірталай тығырыққа тіреп тастады. «Маған жарылған зымыраннан гөрі қазақтардың қаптаған қара шегірткесі жаныма батып отыр», — деу Ресей үкіметінің сол кездегі басшысы Сергей Степашинің аузынан зығырданы қайнаған соң еріксіз шыққан сөз.

Бұл апат қазақ елінің табандылығын тағы бір көрсетті. Алғашқы күннен-ақ Тоқтар Әубәкіров, Мейірбек Молдабеков, Серікбек Дәукеевтер оқиға болған жерден табылып, үлкен қайраткерлік танытты.

Қазақ даласына «Протон» сынықтары жаңбырша жауған күні Президентіміз демалыста еді. Премьер-министр Нұрлан Балғымбаев барлық жүкті өз мойнына алып, ауырлықты арқалай білді. Тек, өкінішке орай, Павлов пен Школьниктің ғана соққыдақтық танытқаны жасырын емес.

Бірнеше күнге созылған Қазақстан-Ресей келіссөзі біршама сәтті аяқталды. «Протонның» ғарыш төріне



сөтсіз болған сапары екі елдің арасындағы бірталай нәрсенің ара жігін ашып алуға үлкен септігін тигізді. Осы жолғы апат екі жақтың Байқоңыр тақырыбына қайта оралуына себепші болды. Негізінен алғайда бұл апаттың астарлары бар еді.

Апаттың экономикалық жағы

Кейінгі кездері Ресей ғарышты ең табысты салаға айналдыра білді. Соңғы екі-үш жыл ішінде бұрынғы әскери зымырандарды коммерциялық мақсаттарға қолдана бастады. Ресей мен АҚШ-тың бірлескен кәсіпорыны ғарышқа жасанды жер серіктерін шығарумен айналысып, жылына 1 миллиард доллар шама-сында табыс тауып жүр.

Осындай зымырандар біздің жерімізден толассыз ұшырылып жатқанымен Қазақстан одан әлі күнге дейін көк тиын пайда көрген емес. Өйткені ондай келісім Байқоңыр жөніндегі шартта көрсетілмеген. Егер соңғы апаттың шығындары өтелмесе, оның себептері анықталмаса, Байқоңырды жуық маңда пайдалана алмасын білген Ресей жағы тек алты күннен соң ғана келіссөзге келуге мәжбүр болды. Ресейдің вице-премьері Илья Клебанов пен Қазақстан үкіметінің басшысы Нұрлан Балғымбаев арасындағы келіссөз күрделі жағдайда өтті. Біздің үкімет дегеніне жетті. Ресей жағы тамыздың 10-на дейін 12,5 млн. АҚШ долларын, қараша айына дейін 50 млн. АҚШ долларын төлейтін болды. Бұған қоса 65 млн. долларға әртүрлі заттар беріп, түрлі қызметтер көрсетпек.

Егер Ресей үкіметі коммерциялық ғарыш сапарына мүдделі екенін ескерсек, бұл төлемдерді мерзімінен кешіктіруге тиіс емес.

Осы келіссөз барысы Байқоңырды жалға беру шартында көптеген олқылықтардың бар екендігін ашып берді. Соның ішінде сақтандыру мәселесі мүлде ешкімнің ойында болмаған. Әзірше оған өзгеріс енгізіле

қоймағанымен, бұл шарт түптің-түбінде қайта қарауды қажет етеді. Ойлап қарасақ біздің де талай пайда табуымызға болады екен.

Апаттың экологиялық жағы

Бір абырой болғанда үй қирап, адам шығын болған жоқ.

Сонда да «Протон» құлаған күнінің ертеңіне-ақ үкімет комиссиясы жұмыс істей бастады. Экологиялық шығынды анықтау үшін Қарағанды облыстық комиссиясы да жұмыс істеді.

Келген шығынды есептеу кезінде екі жақтың пікірі екі айырылды. Егіні мен шөбі жайқалып тұрған даламыз өртенді. Ішіп отырған сулары уланды. Ауру-сырқаулы болғанда батпағына түсетін, сазын Қарағандының емдеу орындары пайдаланып отырған Қарасор көлі жарамсыз болып қалды. Соған қарамастан Ресей жағы келген барлық залал тек 20 мың доллар ғана деп, оны бірден төлеуге ұсыныс жасады. Біздің мамандарымыз келген экологиялық залалдың мөлшері бұдан әлдеқайда көп екендігін дәлелдеп-ақ баққанымен, осы сомаға еріксіз келісуге тура келді.

Қазақстаннан ғарышқа ұшу басталғаннан бері біздің жерімізге қаншама залал келгенін есептеген жан бар ма екен? Бұрынғы траекториямен ұшырылған зымырандардан бөлініп қалатын бөлшектер үнемі Теңіз көлінің маңына құлайтын. Сол маңдағы бір жерді қазақтар «Ракета»деп атап кетіпті. Астанамыз солтүстікке қарай ауысқан соң бұл траекторияны өзгертуге тура келген. Егер ол өзгертілмегенде осы жолғы «Протон» Астананың үстіне құлауы мүмкін еді.

Экология сөз болғанда алдымен ауызға гептил ілінеді. Өйткені сол күні сасыған балықтың иісіндей иісті сезгендер, басы ауырғандар, жүрегі айнып, лоқсығандар болған. Бұл — гептилдің әрекеті. Тіпті Беталыс көлінің суында да сондай иіс пайда болған. Құла-

ған зымыран сапарға аттанғанда оған 466 тонна қыш-қылатқыш, 181 тонна отын толтырылған. Тағы бір ғалымдардың айтуына қарағанда гептил адамның табиғи клеткаларының түзілісін бұзады. Демек бұл ұрпақ үшін қауіпті. Екінші буында дене бітімі, іш құрылысы және ақыл-ойы кеміс балалардың тууына себепкер.

Ертеңгі ұрпақтың кемістігі ешқандай ақшамен өлшеуге келмейтіндігін әрқашан есте сақтайық. Онсыз да Семей қасыреті бір басымызға жетеді ғой.

Апаттың техникалық жағы

Ресей жағының айтуына қарағанда стартқа дайындау барысында ешқандай ауытқу болған емес. Негізі «Протон» тектес зымыран әлемдегі ең таңдаулылардың қатарына жатады. Оны пайдаланып келе жатқан он жылдан бері екі-ақ рет авария болыпты. Мамандардың айтуынша бұл өте үздік жетістік. Конструкторлардың пікірінше оның жалғыз ғана кемшілігі — улы отынмен жұмыс істейтіндігі.

Қазақстан жағы комиссиясының пайымдауына қарағанда бұл зымыранды ұшырар алдында-ақ кінәраты бар екендігі мәлім болған. Ұшыру әртүрлі себептермен бірнеше рет кейінге қалдырылыпты. Зымыран аспанға атылған алаң соңғы рет бұдан жиырма жыл бұрын пайдаланылған. Одан соңғы уақыт ішінде қарап тұрған. Бірақ неге қарап тұрғаны айтылмайды.

Осы «Протон» алғаш рет мамыр айының ортасында ұшырылу жоспарланған, бірақ отын толтыру жүйесіндегі ақауға байланысты кейінге қалдырылады. Маусым айының аяғында енді ұшырылмақ сәтте қайтадан ангарға (жабық орын) жіберіледі. Оның ресми себебі: басқару жүйесінде ақау болыпты. Ал ресми емес деректе: ұшу тапсырмасы бар борт компьютері із-түзсіз жоғалып кетіпті-міс.

Бұдан соңғы дайындықта береке болмайды. Жедел дайындап, аспанға атады да жібереді. «Протон» бұл

жолы шпиондық әрекетпен ұшып бара жатқан. Ол барлау жүргізетін әскери «Радуга» спутнигін орбитаға шығармақ еді. Оның тапсырмасында Косовода бейбітшілік миссиямен жүрген ресейлік әскерлермен байланыс орнату мақсаты да бар болатын.

Ресей жағын зымыранның емес, спутниктің тағдыры алаңдатып отыр. Өйткені оның борты құпия аппараттарға толы болатын. Болжам бойынша Алтайдың бір жеріне құлаған бұл спутникті тапқандар мол олжаға кенеледі. Бұл күнде соны іздеп Алтайда шетелдіктер қаптап жүрген көрінеді. (Мүмкін ендігі тапқан да шығар). Негізі бұл Ресей қорғаныс министрлігіне оңай соққы болған жоқ.

Жалпы, Ресей жағы түбінде Байқоңырды тастап, солтүстіктегі Плесецк, Қиыр Шығыстағы «Свободный» ғарыш айлақтарына толық көшкісі келеді. Бірақ ол бір жылдың ісі емес.

Ал, «Протон» ұшырылған соң 277 секундтан кейін космодромның телеметриялық орталығы зымыранның ұшу бағытынан ауытқуы байқалған. Биіктік 112 шақырымға жеткен кезде белгісіз себептерден бақылаудан ғайып болады.

Апаттан соң Қарағандыға келген Үкімет комиссиясының құрамында бөлған Қазақстан Республикасы Ұлттық аэроғарыш агентігінің бас директоры Мейірбек Молдабекке жолығудың сәті түскен еді. Сол кезде ол кісі мынадай әңгіме айтты:

— Бұл шамамен Жезқазған қаласының үстінде болған жағдай. 112 шақырымға барған кезде двигатель істен шығады. Содан әрі қарай лақтырған тас сияқты екпінмен ұшып барып, Қарқаралы ауданының жеріне келгенде, яғни Байқоңырдан 1050 шақырымға барғанда жарылыс болады. Негізгі ұшырылған ғарыш кемесінің екінші сатысы біздің инженерлік есептеулеріміз бойынша сол мандағы Балықтыкөл деген жерге құлауға тиіс еді. Зымыран қалдығының

құлау ауданы элипспен шектеледі. Бұл жолы апаттын салдарынан барлық бөлшектер элипстің сыртына құлап отыр. Көктастағы Ғалия Жүнісова деген адамның қорасынан 30 см. жерге 200 килолық бір үлкен бөлшек құлапты. Құдай сақтап бәрі аман-есен. Бір қызығы — сол үйдің мекен-жайы Гагарин көшесі, 6-үй.

Аспанда зымыран двигателі тоқтаған соң әртүрлі жарылыстар болған. Егер сол жарылыс болмағанда гептил отыны зымыранмен қоса жерге түсіп, оның зардабы әлдеқайда қиын жағдайға ұрындыратын еді. Улы заттар бәрі жерге жайылып, айналаға, экологияға, малға, адамға үлкен зиян келтіретін еді. Жарылыс болған кезде гептил жанып кеткен. Жанбағаны атмосфералық ауаға тараған. Біздің комиссияның негізгі мақсаты — біріншіден, барлық зымыран бөлшектерін тауып, сол арқылы апаттың себебін анықтау болса, екіншіден, апаттың зардабынан келген шығын көлемін анықтау.

Қазіргі біздің болжауымыз бойынша зымыранның екінші сатысындағы двигательден өрт шыққан. Оның толық жұмыс істемеген үшінші сатысы бар. Одан соң екпіндету (разгонный) блогы деген бар. Ол төртінші сатыға жатады. Содаң кейін барып аппараты бар. Осылардың барлығы әртүрлі отынға толы. Кейінгі сатылары Алтай өлкесіне барып құлаған болуға тиіс.

— Олардың радиациялық зияны жоқ па?

— Жоқ. Кейбіреулер айтып жүргендей құлаған бөлшектерде радиациялық сәуле болуы мүмкін емес. Олардың тек химиялық зардабы ғана болуы мүмкін. Өйткені бұл аппаратта радиациялық сәуле шашатын элементтер жоқ.

— Осы оқиға үшін кім жауап беруге тиіс?

— Әрине, Ресей үкіметі. Осы келген зиян үшін өтемақы төлеуі қажет.

— Байқоңырдан әрбір ғарыш кемесі ұшырылған сайын зымыран тасығыштың белгілі бір бөлшегі Қазақстан-

ның аймағына түсіп қалып отырады. Сол үшін де неге өтемақы төлемейді?

— Байқоңырға байланысты Қазақстан-Ресей шартында Қазақстандағы зымыран тасығыш бөлшектері құлайтын Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарындағы бөлінген жерлер көрсетілген. Бағдарлама бойынша соның барлығы үшін төленетін өтемақы Ресей жағы төлейтін 115 млн. доллардың ішіне кіреді. Ал қазіргі жағдайда бұл арнайы бөлінген аумаққа жатпайтындықтан бұл ол шартқа кірмейді.

— Зымыран бөлшектерінің елді мекен үстіне құлауы бүкіл халықты алаңдатып отыр ғой...

— Техникалық апат деген қай салада болмасын кездеседі. Бұл жерде күтпеген жағдай болды. Мұндай оқиға бұрын да болған, келешекте де болуы мүмкін.

Бұдан соң Ұлттық аэроғарыш агенттігінің бас директоры құлаған бөлшектерді Ресейдің әскерилері мен осы жұмысқа қатысты мекемелерінің қызметкерлері өздері жинап, зиянды заттардан тазартып отыруы аталған шартта жазылғанымен оның орындалмай отырғандығына қынжылыс білдірді.

Кейін мәлім болғанындай Ресей жағы соңғы келісімде көрсетілген 12 млн. долларды тамыз айының 10-ы күні аударыпты. Бұған қоса бірталай мөлшерде азық-түлік өнімдерін жіберген.

Осы зымыранның ғарышқа шыға алмай, апатқа ұшырауына байланысты Ресей жағы да бірталай шығынға батты. Ұшыруға рұқсат берілмей «Зенит» және «Прогресс» жүк корабльдері бірнеше күн бойы тұрып қалды. Олардың әрбір күні Ресейге 500 мың рубль көлемінде шығын әкеліп отырды. Сол күндері зымыран жасаушылардың бірі, Украинаның «Южная» конструкторлық бюросы бас директорының орынбасары Слава Гунц жүрек талмасынан қайтыс болды. Қарағандыға келген ресейлік дәрігерлер апат аймағындағы 2 мыңнан астам

адамды медициналық тексеруден өткізді. Оларға дәрігерлік көмек көрсетіп, емдеу жұмыстарын жүргізді. Ресейден келген үкімет комиссиясы бірнеше күн бойы апат аймағында болып, шығынның экологиялық және экономикалық зардаптарын, апаттың техникалық себептерін анықтауға қатысты.

Сайып келгенде бұл апат бірталай саяси және экономикалық жағдайлардың бетін ашты. Ол Ресей үшін де, Қазақстан үшін де көптеген қолайсыздықтардың бар екендігін анықтап берді. Ең бастысы Байқоңыр ғарыш айлағына байланысты шартқа көптеген түзетулер енгізу қажеттігін көрсетті. Осы және басқа да мәселелер бойынша екі жақтың Үкімет комиссиясы тағы да кездеспек. Бұл жолы қазақстандық комиссияны ғылым министрі Владимир Школьник басқарады. Алғашқы комиссия сияқты бұлар да табандылық таныта білсе деген тілектеміз.

Тамыз, 1999 жыл.

«ГЕПТИЛ» ДЕГЕН НЕ ПӘЛЕ?

«Протон» зымырантасығышында отын ретінде гептил қолданылады. Өйткені гептил жылдам әрі тым қызулы жанады. Оның үстіне салмағы да жеңіл. Жердің тартылыс күшін бұзып шығарда жүктің жеңілдігі орасан рөл атқарады. Техникалық жағынан таптырмас қасиеттерге ие болған гептил өте ұлы, тіршілікке тым қатерлі.

Ресейдің «ОРТ» телеарнасын қарап отырсам, зымыранға байланысты бір хабар беріп жатыр екен. Елен ете қалдым. Сонда хабар жүргізуші комментатор: «Сіздер өте сирек кездесетін кадрды көріп отырсыздар. Ол Ресейдің бір стратегиялық мақсаттағы әскери бөлімінде түсірілген. Қазір континентаралық баллистикалық зымыранға гептил отыны толтырылуда. Бұл

өте улы, адамның басын айналдыратын қосындылардан тұрады. Оның құрамында сынап пен күкірт қышқылы бар. Егер әскери қызметкер противогаз бей арнайы қорғаныс киімін кимеген болса, онда ол бір дем алғаннан ақ жан тапсырар еді. Егер гептил денеге тиіп кетсе, ол жерде жазылмайтын жара пайда болады деседі. Оны тек арнайы ыдыстармен ғана тасиды, өйткені бұл отын металды «жеп» қояды.

Байқоңырдан ұшырылатын «Протон», «Циклон» сияқты зымырандарға, сол сияқты балластикалық зымырандарға гептильді теміржолмен Уфадан әкеледі екен. Онда гептильді Ресейдің ірі химиялық кәсіпорындары дайындайды. Оның салмағының жеңілдігіне қарамастан қуаттылығы жоғары. Гептильдің таза орыс өнімі екендігін ресейліктер мақтан етеді. Ол басқа ешбір елде отын ретінде пайдаланылмайды. Гептил ауада өте баяу буланады, оның есесіне суда тез ериді. Тірі организм көбіне су арқылы уланады», — деп түсінік жасады.

Қарқаралы жеріне құлаған зымыраннан қаншама гептил төгілгені толық анықталған жоқ. Ол кезде гептильді анықтау әдісі әлі жасалмаған еді. Зымыран құлаған күні ауыл тұрғындары сасыған балық сияқты жағымсыз иіс сезген. Бұл — гептильдің иісі.

Тағы бір қызық дерек — ұшқыш басқаратын космоавтиканың «әкесі» Сергей Королев «Протон» жасаушы академик Челомейдің бір жобасын қызыл қарындашпен бір-ақ сызыпты. Өйткені ол гептильді зымыранмен ғарышкер ұшырмақ болған ғой.

Кейінгі кездері Ресей экологиялық таза зымырантасығыштар шығара бастады. Соның бірі апат болған кездері ұшуы бірнеше күнге тоқтатылған «Зенит-2». Ол керосин мен оттегі арқылы жұмыс істейді. Енді бірі «Мир» станциясындағы ғарышкерлер Сергей Андреев пен Виктор Афанасьевке су мен азық-түлік, оттегін жеткізген көлік кемесі де экологиялық таза зымыран-

ға жатады.

Біз қазір тек гептил туралы ғана жиі айтып жүрміз. Ал зымыран отынының компоненттері (КРТ) сан алуан. Солардың ішінде аса улы және өте жылдам тұтанғыш несметричний диметилгидразин (НДМГ) немесе гептил. Бұдан соң басты айналдырып, жүректі айнытатын нитродиметиламин (НДМА) және тетрамитилтетразин (ТМТ), сол сияқты жүректі айнытуы біршама төмен, қауіптілігі 4-ші сыныпқа жататын формальдегид деген бар.

Бұл заттар ағзаға тыныс жолдары, тері және асқазан арқылы түскенде адамды уландырады. НДМГ тыныс жолдарын, қан құрамын бұзады. Қимыл-әрекеттерге, аяқ-қолдың сіңірінің тартылуына әсерін тигізеді.

Зымыран отыны ретінде керосин де пайдаланылады. Қауіптілігі төртінші сыныпқа жатқызылғанымен онымен уланған адамның тәбеті жоғалады, басы ауырады, ас қорыту ағзасының жұмысы бұзылады, енгігу пайда болады, жүрек тұсы ауырады. Сол сияқты сутегі тотығы да қолқа мен өкпе жолдарын қабындырады. Зымырантасығыштың алғашқы сатысы бөлініп қалғанда оның сынықтарымен қоса осы отындардың жанбай қалған біршама бөлігі қайтсе ауаға тарап, жерге түсетіні сөзсіз. Сонда ол айналаға әсер етпей қоймайды.

Айналадағы ортадағы гептил құрамын сапалы анықтайтын қазақстандық әдістеме тек ҚазМУУ-дың физико-химиялық әдіспен зерттеу орталығында жасала бастады. Қазіргі кезде айналадағы ортада гептил құрамының қаншалықты екендігін анықтайтын әдіс ҚР ҰҒА-ның химия институтында да жасалды. ҚарМУ-дың физика факультетінде де жасалып жатыр.

Облыстық басқарма айналадағы ортаның зымыран отынымен ластануын бақылау деңгейін арттыру және ақпараттық нақтылау мақсатында өзінің бақылау-талдау базасын жасауды ойластырып, «Протон» зымы-

рантасығышы екі рет құлаған соң келген шығынды өтеу мақсатында Ресей тарапынан бөлінген қаржыға өзінің зертханасы үшін «Цвет-800» хроматографиялық кешенін сатып алды. Бірақ ақпараттың жабықтығына (құпиялылығына) байланысты зымыран отынының құрамын анықтау әдістемесі және гептилдің тек Ресей авиағарыш агенттігінде ғана бар стандартты үлгісі алынған жоқ. Бұған қоса облыстық басқарманың зертханасында гептилді анықтаудың фотоколориметрлік әдістемесі игерілді. Онда индикаторлық түтікшелер комплексі гептилдің ауада, топырақта және суда қаншалықты мөлшерде екендігін анықтауға мүмкіндік бар.

Интернет беттерінен

Ғарышқа зымыран ұшыру туралы әлем ғалымдарының пікірі сан түрлі. Біреулері оны «ғылымның дамуына жол ашады», десе енді біреулері «ол ғылымның дамуына бөгет» деген пікір айтады. Соңғысының айтуына қарағанда, мәселен, зымыран ұшыруды тоқтатып, жасанды жер серігі орбитаға шығарылмаған болса, онда жер серігінің міндетін атқаратын басқа бірдемелер ойлап табылар еді. Ғарыш арқылы байланыс жасау немесе барлау жасау міндетті нәрсе емес. Жер бетіндегі байланыстың өзі жеткілікті. Оған радиобайланыс түрі мысалға келтіріледі. Басқа да мысалдар толып жатыр.

...

Тағы бір ғалымдар зымырандарды ұшыру кезінде жер бетін лақтамау үшін ұшақпен көтеріп (ең биік шегі 20 шақырым), биіктен атып жіберуді ұсынады. Сонда оның бөлініп қалатын сынықтары аз болар еді және ол атмосфераның арғы жағына шығып кеткен соң жерге түспес еді.

...

Енді бір ғалымдар зымырандарды мұхиттардың

бірінен ұшыруды ұсынған. Онда зымыран сатысының бөлшектері қазіргідей елді мекендердің үстіне емес, мұхиттарға құлап түсер еді. Бірақ бұған шетелдік эколог-ғалымдар қарсылық білдіруде. Ал Ресей басшылары бұл туралы әлі бас қатырып көрген жоқ.

Деректер

* Біздің облыс аумағында әлемдегі ең ірі экологиялық қауіпті үш объекті — Семей ядролық сынақ полигоны, «Сарышыған» әскери полигоны және «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан.

* Байқоңыр пайдалануға берілген уақыттан бері 1300-ге жуық зымыран ұшырылыпты.

* Ақтоғай ауданы жерінің 37%, Шет ауданы жерінің 93%, Жаңаарқа ауданы жерінің 37%, Ұлытау ауданы жерінің 74% «Протон» зымырантасығышы ұшырылған кезде зымыран отыны гептилмен ластанады.

* Гептил адам мен жануараларға канцерогендік және мутагендік әсері бар улы зат.

* «Протон» зымырантасығышының алғашқы сатысына 500 тонна гептил отыны толтырылса, оның бөлініп, жерге құлайтын бөлшегінде 10-30 тонна отын жанбай қалады екен.

Гептилдің концентрациясы бір текше метр ауада — 0,001 мг., ал 1 кг топырақта 0,1 мг. болғанда ғана зиянсыз.

* «Казмеханобр» кәсіпорнының 1994 жылғы жасаған есебіне қарағанда зымыранның бірінші сатысы құлайтын жерлердегі малдың еті мен сүтіндегі гептил мөлшерден ондаған есе асып кеткен.

* Республика аумағында 47 аймаққа зымыран қалдықтары түсетін болса, соның 39-ы Қарағанды облысының үлесінде.

Апаттар (1996-1999 жылдар)

1996 жылғы 14 мамыр — «Союз» зымырантасығышы құлады.

1997 жылғы 20 мамыр — «Зенит» зымырантасығышы құлады.

1999 жылғы 5 шілде — «Протон» зымырантасығышы құлады.

1999 жылғы 27 қазан — «Протон» зымырантасығышы құлады.

(Басқа нақты дерек жоқ. Негізінен 37-38-рет апат болған).

Тарихи анықтамалар

1955 жылғы 12 ақпан — «Байқоңыр» ғарыш аймағын салу жөнінде шешім қабылданды.

1955 жылғы 12 мамыр — Кешеннің құрылысы басталды.

1955 жылы — «Р-7» зымыраны ұшырылды.

1957-1995 жылдар — Айналадағы ортаға және халық денсаулығына кері ықпалы туралы деректер шектеліп келді.

1997 жылғы 4 қазан — Ресей Федерациясы «Байқоңыр» кешенін жалға алған жағдайда оның аумағындағы экология және табиғатты пайдалану мәселесі жөнінде келісімге қол қойылды.

1998 жылғы 21 қазан — Табиғатты қорғау заңының бұзылуын болдырмау жөнінде Қызылорда облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы ұйғарым шығарды.

1998 жылғы қараша — 1999 жылғы мамыр — ұйғарымды орындау туралы Ресей жағымен хат алмасылды. Ресей жағы ұйғарымның барлық тармақтарын орындайтындығы туралы хабардар етті.

1999 жылғы 29 наурыз — Ресей-Қазақстан комиссиясы кездесіп, бірлескен хаттамаға қол қойылды. Ресей жағы ұйғарымның барлық тармақтарын орындайтындығын білдірді.

1999 жылғы 29 мамыр — Ресей жағының ұйғарымды орындамауына байланысты ғарыш айлағының қызметін тоқтату туралы ҚР Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі қаулы шығарды.

1999 жылғы 2 шілде — Қызылорда облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы ғарыш айлағынан зымырантасығыштың ұшуына тыйым салынатыны туралы Ресей жағына ескерту хат жолдады.

1999 жылғы 5 шілде — Ақаумен ұшырылған «Протон» зымырантасығышы Қарқаралы ауданының жеріне құлады.

1999 жылғы 5 шілде 31 тамыз — Апаттың себебін зерттеу, зардаптарын жою, талаптар қою.

1999 жылғы 1 қыркүйек — «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылатын зымырантасығыштарға салынған тыйым алынды.

1999 жылғы 27 қазан — «Протон» зымырантасығышының екінші апаты болды. Бұл жолғы сынақтар Ата-су поселкесінің жанына құлады.

1999 жылғы 28 қазан — «Байқоңыр» ғарыш айлағының қызметін тоқтату туралы Үкімет қаулысы шықты.

1999 жылғы 1-2 қараша — Үкімет комиссиясының мәжілісі.

1999 жылғы 18 қараша — Келісімдерге қол қойылды. Келген шығынның орнын толтыру талап етілді.

2000 жылғы 5 қаңтар — «Протон» зымырантасығышына салынған тыйым алынды.

Жалға беру шарты (1994 ж.)

* Жалға беру ақысына (жылына АҚШ-тың 115 млн. доллары) табиғатты пайдалану төлемі де қосылған. Бірақ Қоршаған ортаны қорғау қорына одан бір тиын да түспей отыр.

* Экология және табиғат қорғау мәселелері 1997 жылы 4 қазанда жасалған келісіммен жеке реттеледі.

* Ғарыш айлағы объектілеріне бөгде адамдарды кіргізу көзделмеген. Бұл мәселе 1999 жылдың 1 қарашасындағы жеке ережемен кейіннен реттелген.

«Байқоңыр» кешенінің инфрақұрылымы

* Байқоңыр қаласы.


* Ғарыш айлағы

— құрамында 52 ұшыру қондырғысы бар кешен (85x125 км);

— 34 техникалық кешен;

— көмекші объектілер (заводтар, аэродромдар, жылу-электр орталығы).

* Зымырантасығыштың бөлініп қалатын бөлшектері құлайтын аудандар (Жалпы көлемі 4,8 млн. га болатын 22 алаң).



ҒАРЫШ АЙЛАҒЫНЫҢ ҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ БАР?

Бұл өте күрделі сұрақ. Сондықтан да бұл сауалды Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың ректоры, Халықаралық жоғары мектеп Ғылым академиясының академигі, техника ғылмдарының докторы, профессор Жамбыл Сәулебекұлы АҚЫЛБАЕВТЫҢ алдына тарттық.

— «Байқоңыр» ғарыш айлағы өткен ғасырдың еншісіне жазылған адамзат баласының ең бір теңдесі жоқ жетістігінің бірегейі десек артық болмас. Сол арқылы адам табиғат құпиялары мен ерекшеліктерін игеру үрдісіндегі өзінің алар биігі мен жетер асуын нақты істерімен дәлелдеп берді.

«Байқоңырдың» қызмет ете бастағанына қырық жылдай уақыт болса, осы уақыт ішінде ол Қазақстанды әлемге танытты. Алғашқы жер серіктері осында ұшырылды. Соңғы мәліметтерге қарағанда мұнда



тұрған ғимараттар мен басқа да жарақтардың құны 25-30 миллиард долларға бағаланады екен. Ол бұрынғы Кеңес Одағынан қалған мұра. Қазақстанның ғылыми дәрежесінің өсуіне де үлкен әсер етті деп айта аламыз.

«Байқоңырдан» ғарышқа бірінші адам аттанғаннан бері қаншама жер серіктері, ғылыми-зерттеу станциялары, ғарыш корабльдері ұшырылды. Соның нәтижесінде ғылымымыз өркендеп, табиғаттың талай тылсым құпиялары ашылды. Демек, «Байқоңыр» ғарыш айлағының адамзат баласы үшін де, еліміз үшін де алар орны ерекше.

— Кейінде «Байқоңырдың» осындай артықшылықтарымен қатар қоршаған ортаға тигізер зияны мен залалының да аз болмай отырғанын айтып жүрміз. Бұл тұралы не дейсіз?

— Иә, бұл ғарыш айлағының басқа да полигондармен қатар айналадағы орта мен табиғатқа орасан зиян келтіріп отырғандығы жасырын емес. Оның қауіпті аймағы бір миллион шаршы метр жерді қамтиды екен. Аспаннан жауған ғарыш аппараттарының сынықтары мен қалдықтары, бұлардың құрамындағы зиянды заттар топыраққа да, ауаға да, өсімдікке де аз залалын тигізбейтіндігі нақты зерттеулер арқылы дәлелденген. Солардан жан-жануарлар мен адамдар да зиян шегіп келе жатқанын осы кейінде ғана айтып жүрміз. Әсіресе, «Протон» зымырантасығышының тіршілік атаулыға тигізер кері әсері шаш етекпен. Өйткені ол ұшырылғаннан кейін аспанда отынының біраз бөлегін жандырған соң, бірінші және екінші сатылары бөлініп, жерге түседі. Бұл отынның құрамында улы отын — гептил бар. Сол гептилдің жанбай қалған қалдығы жерге қоса құлайды. Оның қаншалықты қауіптілігі мен зияндылығы жайында талай айтылды, оны қайталап жатудың өзі артық. Демек, «Байқоңыр» жайында сөз бола қалғанда осы мәселе ерекше ескерілуі қажет.

— «Байқоңыр» ғарыш айлағы мәселелерімен көпте-

ген ғылыми зерттеу институттары мен оқу орындары айналысып жатыр. Оған сіздің университет қандай үлес қосып отыр?

— Бұл ғарыш айлағы аз зерттелген жоқ. Бірақ ол зерттеулердің нәтижелері мен қорытындылары күні бүгінге дейін құпия сақталып келді. Ендігі жерде егемен ел болған соң осы айлақтың өз ерекшеліктерін айқындап, оның зиянды жағын ғылымн тұрғыдан дәлелдеп, негіздеп беру міндеті тұр. Бұл іске біздің университет ғалымдары да араласа бастады. Өйткені бізде мүмкіндік көп. Бізде қазір студенттер 70-тен астам мамандық бойынша оқытылады. Осыншама мамандық алып шығады. Біздің ғылым докторлары мен академиктеріміз де көптеп саналады. Ғалымдарымыздың осындай жауапты істе білімі де, білігі де жететініне кәміл сенемін. Осыған байланысты біздің университетте физика факультетінің деканы, профессор Қазыбек Бақтыбековтың басшылығымен жұмыс істейтін экологиялық ғылыми-зерттеу орталығы ашылып отыр. Онда гептилдің айналадағы ортадағы мөлшерін анықтайтын құрал дайындалып жатыр. Онымен жұмыс істеудің жаңа әдістемесі жасалуда.

— Енді осы орталықтың жұмысына да кеңірек тоқталып өтсеңіз.

— Бұл орталық «Байқоңырдан» ұшырылатын зымырандардың облыс көлемінде адамға, жануарларға, табиғат пен ауаға тигізіп отырған зиянды әсерлерін зерттеумен қатар, оның алдын алу мүмкіндіктерін зерделеп шығуды мақсат өтіп отыр. Бүгіндері осы бағытта жұмыстар басталып та кетті.

Негізгі мақсаттарды былайша нақтылап отырмыз. Біріншіден — аталып өткен бағыттар мен ғалымдар зерттеулерін үйлестіру. Екіншіден — зымыранға пайдаланылатын жанар майдың қоршаған ортаға тигізер зиянын анықтаумен қатар, оны неғұрлым зиянсыз түрлерімен алмастыру мүмкіндігін қарастыру. Бұл жол-

да біздің ғалымдарымыз нақты нәтижелерімен көрінетіндігі даусыз. Өйткені осы сала бойынша олардың бұрыннан айналысып жүрген тақырыптары да ғарыш кемелерін техникалық жағынан жетілдіру мәселесімен сабақтас болуы себепті бұл жұмыс күткендегідей нәтиже береріне ешқандай күмән жоқ.

Біздің орталықтың зерттеу бағыттары сан-салалы. Мәселен, биология факультетінде зымырандардың жерге түсетін бірінші сатысының жер рельефіне және өсімдіктер дүниесіне кері әсері зерттеледі. Ол жұмысқа ғылым кандидаты Кәмшат Ақпамбетова жетекшілік етеді. Бұған қоса осы биология факультетіндегі ғылым докторы Нұрлан Ержанов жүргізіп жатқан ғылыми жұмыс та ерекше атауға тұрады. Ол Қазақстанда өте сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарларға (киік, елік, ақбөкен) теріс әсерін зерттейді. Кейінгі кезде киіктің саны күрт төмендеп кетті. Ол мыңдаған жылдардан бері келе жатқан бірегей жануар. 90-шы жылдардың басында зымырандар апатының әсерінен жүздеген мың киіктердің қырылғанын кейін білдік. Осы зерттеу нәтижесінде киіктің қоныс аударған, лақтаған кездерінде «Байқоңырдан» ұшырылатын зымырандарға шектеу қоюды да талап ету керек шығар деген мәселе ойымызда бар.

Заң факультеті де бірталай жұмыстар атқаруда. Өйткені халықаралық, үкіметаралық келісім-шарттарға заңды түрде, дәлелді түрде өзгерістер енгізу қажет. 1994-95 жылдары қол қойылған келісім-шарттар тарихи түрде де, моральдық түрде де ескіріп жатыр.

Экономика факультетінің ғалымдары да осы іске атсалысады. Өйткені келісім шарттардың экономикалық жағына дұрыс көңіл бөлінбеген. Мәселен, коммерциялық шарт арқылы ресей жүздеген миллион доллар пайда тауып отыр. Ал Қазақстан жағы зиян шегуде. Соған байланысты экономикалық ұсыныстарымыз да бар.

Ұлытау ауданы тұрғындарының да әлеуметтік-экономикалық жағдайлары зерттелмек. Негізі зымыранның алғашқы сатысы осы аудан жеріне құлайды. Әлеуметтану факультетінің деканы Құрал Меңдібаев басқаратын топ осы мәселемен айналысады. Басқа да факультеттер тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар өз алдында бір төбе. Сол зерттеулердің барлығын экологиялық ғылыми-зерттеу орталығы үйлестіріп отыр.

Міне, біздің ғалымдарымыздың осындай талпынысы мен ізденісі көпшілік тарапынан қолдау тауып жатса ғана нәтижелі болмақ. Табиғат-Ананы ұрпақтан-ұрпаққа сол қалпында жеткізу жолында бірлесе еңбектенгеніміз жөн.



Ә Ң Г І М Е Л Е Р

КӨКҚАСҚА

Сол жылы қыс қатты болды. Доғы боран қора үстіндегі пішенді қоса «жұлып жеп», ұшырып әкетіп жатты. Азын-аулақ шөбі таусылып бара жатқан шағын ауыл кішкене болса да күн құлағы көрінсе, бірлі-жарым тоқты-торымын өріске шығарады.

Түс ауа жел саябырлап, күн ашылған. Мәрлен екі баласын ертіп, қойларын қорадан шығарып жатқан. Көрші тұратын Сәмиға шешей:

— Мәрлен шырақ, менің қойларымды да айдай кет, жайылып келсін. Ауырлығы бола қоймас, — деп шарбақтың ар жағынан тұрып қолқа салды.

— Жарайды, шешей, шығарыңыз.

Екі бала аяқтарына шаңғысын іле шыққан. Қырға көтерілісімен өздерімен өздері болып кетті. Биіктеу бір қырдан сырғанап ойнап мез. Қарын жылқы теуіп босатқан қырқа төсіне екі үйдің оншақты қойы табан аудармай жабыса қалған. Мәрлен қыраттан көз тігіп, жан-жақты бағдарлап қарап тұр. Өзімен бірге ере шыққан тайыншадай көк төбет бағанадан шаңғылы балалармен жарысып, арсалаңдап жүрген еді, енді Мәрленнің қасында мелшиген қалпы алысқа көз тігіп, шоқиып отыр.

Аспан ала бұлтты. Әлгінде ғана тымық еді, қайта күшейіпті. Қасат қардың бетімен жыланша ирелендеп, сырғыма жүгіре бастады. Мәрлен батысты бағдарлап еді — ақшулан бұлт қоюланып, түнеріп келеді екен. «Сірә, боран болатын шығар», — деп ойлады. Екі ба-

лаға қол бұлғап, шақырып еді — көрмеді. Айқайлап еді — естімеді. Көк төбет иесіне таңдана қарады да, керіліп жата кетіп, аунай бастады. Артынша атып тұрып ерсілі-қарсылы жүгіріп, ойнақтап асыр салды. «Боранды күні ит пен бала құтырады» деуші еді әкесі. Боран басталып келе жатқанына шүбә келтірген жоқ. Бір кезде иті мұрнын шүйіріп, құйрығын ішіне тығып алып, жер иіскелеп жүгіре жөнелді. Отыра қалып, аспанға қарап ұлыды. Иттің мазасыздануы тегін емес екенін түсінген ол қойларды ауылға қарай икемдей бастады. Балалар сонда ғана көрген болуы керек, бері қарай жүрді. Бір жағы қарсы соққан жел, екінші жағынан өрге қарай балалардың ілгері басқан аяғы кері кетіп, қимылы мандымай қойды. Бұл кезде жел қатайып, борасын басталған. Қойды ауылға айдап жүре берейін десе, балалар адасып кете ме деп қауіптеніп, артына көп қарайлады.

Балалар келіп жеткенде, боран алай-түлей ұйытқып барып басылып, қайтадан жаяу борасындата бастаған.

— Жүріңдер тезірек, боран үдеп кетпей тұрғанда жетіп алайық.

Жел қайтадан ұйытқи соғып, ұлпа қарды құйындата үйірді. Маңай тағы көрінбей кетті. Көкқасқа арсарс етіп, ерсілі-қарсылы жүгіріп, қойдың алды-артына кезек шығады. Бір сәтте қараң еткен әлде нені көк төбет арсылдап қуа жөнелді. Қанша тесіле қарағанымен жел көзін жасауратып, не қуып кеткенін анық аңғара алмады. Қойлар дүркіреп, иіріле қалды. Ортасында бір көк ит оршып жүр.



«Қасқыр!» деген ой Мәрленнің бойын мұздатып жіберді.

— Айт, айт! Көкқасқа, айт! — деп айқайға басты кішкенедең соң.

Көкқасқа көрінбейді. Өзі жүгіре түсіп тоқтады. Қысылған кезде қасқырдың адамға шабатынын білетін Мәрлен балаларынан қорықты. Екі ортада оларды жазым етіп жүрер деп ойлап, бар болғаны итін айтақтай берді. Екі бала аң-таң. Біресе қойларға, біресе әкесіне қарап тұрып қалған.

Көкқасқа көрінбей кетті. Қасқыр жарып кеткен қойды шаңғының үстіне салып алып сүйретіп, аман қалғанын айдап ауылға келді. Қас қылғандай Сәмиға шешейдің бес қойының бірін жарып кетіпті. Сол бес уақпен бұзаулы сиырынан басқа ештеңесі жоқ, жалғыз адамның жапа шекеніне Мәрлен қатты күйзелді. Қарт ананың алдында не айтарын білмей, беті күйіп келеді. Ол — ол ма? Қойдың алды қораға жеткенде бір-ақ көрді. Көрші кемпірдің тағы бір қойының және өзінің бір қойының құйрығын жалбыратып кетіпті. Екі мал да пышаққа ілінді. Көкқасқа ертеңіне бір-ақ оралды. Қасқырмен айқасқа түскен болуы керек, өн-бойында сау жер жоқ. Есік алдында дір-дір етіп, қыңсылап тұрған итті қораға кіргізіп алды.

Екі қасқыр қыс бойы маза бермеген. Ауыл адамдары аңшылық жасап көргенімен ештеңе өндіре алмап еді. Бұл арлан мен қаншық туралы сан түрлі аңыз тараған. Осыдан кейін кейбіреулер «Бұрын екеу еді, енді жалғыз екен, өз көзіммен көрдім», — деп жүрді. «Бөлен деген адамның қорасындағы қойын түк қалдырмай қырып кетіпті». «Мына ауылдағы бөленнің малын жусатып салыпты» деген ала-қашпа сөзде шек жоқ.

Шын мәнінде жалғыз қасқыр болып шықты. Жарасы әбден жазылған Көкқасқа дамылсыз қырға қарап үріп, ауыл сыртында ұзақ жүріп қайтатан болды. Жа-

зғытұрым қар кете бастағанда ауыл балалары мал қарап жүріп, төменгі ойпаттан өлген қасқыр көргендерін айтты. Есік пен төрдей арлан екен. Бұрын аңшылықпен айналысқан кейбіреулер: «Бұл бірімен бірі таласқаннан өлген қасқыр» дегенді айтты. Өлген қасқыр туралы Мәрленнің де құлағына жетті. Ол қасқырды өлтірген Көкқасқа екендігіне шүбә келтірген жоқ.

Жаз бойы ешқандай жамандық естілмеп еді, күз түсе жалғыз қасқыр қайта пайда болды. Ауыл шетіндегі бұзауларды бұтадай атады. Қыс бойы Мәрленнің Көкқасқасы да дамыл көрмеді. Қырға қарап үреді де, жүгіре жөнеледі. Басқа иттер ілесіп барып, қалып қояды. Ал, көк төбет болса біраздан соң оралады. Наурыз туысымен Көкқасқа тіпті мазасызданды. Төбе басына шоқиып отырып алып, ұзақ ұлитынды шығарды. Кейде бес-алты күн жоқ болып, қайтып келіп жүрді. Бірде он шақты күннен соң оралды. Әлде неге ызаланып, ырылдап, желке жүнін күжірейтіп, маңайына айбат шеге қарайды. Бұрын да ауыл иттерін бетіне қаратпаушы еді, енді көзіне көрінгенін тұра қуып, жетіп алса қып-қызыл ала талап жібереді. Көршілерге ырылдап, ұмтылатынды шығарды. «Біреуді қауып алып, ұятқа қалдырып жүрмесін» деп қауіптеніп, Мәрлен итін біраз уақытқа дейін байлап қоюға мәжбүр болды. Қанша ойланғанымен таппаған итінің бұлай өзгеруінің жұмбақ сырының шешімі кейін анықталған еді.

Мамыр айының орта кезі. Кешкілік ел орынға отыра бергенде құрдас болып ойнап жүретін Тайбек жетіп келді. Оның аздап аңшылықпен айналысатыны бар.

— Мәрлен, мен бір жерден қасқырдың апанын көрдім. Ертең ерте шығын, күшіктерін алайық. Сәтін салса, енесін де қолға түсіруіміз мүмкін. Сен «Көкқасқам қасқыр алады» деуші едің ғой, итінді ерте жүр...

Әуелде қалжындап тұрған шығар деп ойлаған. Сөзінің шындығына көзі жеткен соң түнімен оқ-дәрісін

сайлап, таңертең ерте мылтығын асынып, Көкқасқаны ертіп жолға шыққан. Тайбектің айтқан жеріне түске қарай жетті. Аттарын алысқа тұсап, бұқпантайлап таяп келе бергенде Көкқасқа қыңсылай бастады. Сол-ақ екен апаннан атып шыққан қасқыр қаша жөнелді. Тайбек дайын ұстап келе жатқан мылтығын басып-басып қалды. Оқ дарыған жоқ. Мәрлен болса итін қосып, айқайлап әлек. Бірақ көк төбет қасқырды жанын сала қуа қойған жоқ, шоқақтап жүгіріп барды да, төбенің басына шоқиып отыра қалып, ұли бастады. Екі жігіт аң-таң болып бір-біріне қарасты. Олардың таңдануы апандағы көзі әлі ашылмаған күшіктерді көргенде тіпті үдей түсті. Өйткені, олар кәдімгідей сарғыш-сұр түсті емес, қаракөк болып шықты. Тіпті кейбіреулерінің қасқасы бар. Жеті күшікті жинап, қоржынға сала бастағанда қыңсылап Көкқасқа жетіп келді. «Шайнап тастап жүрер» деген қауіпшен Тайбек оны қақпайлай берген.

— Тиіспе, не істер екен, байқайық, — деді Мәрлен сабырмен,

Көкқасқа болса құйрығын бұлғандатып, қыңсылаған күшіктерді иіскеп-иіскеп, шеткі біреуін жалап-жалап алды.

Екеуі үн-түнсіз бір-біріне қарады. Қасқырдың күшігін жалаған итті бірінші көрген олар не айтарын білмей тұр. Олжаларын қоржынға салып алып, тұсаулы аттарға беттегенде ғана:

— Не десең о де, мына күшіктердің әкесі — біздің Көкқасқа, — деді Мәрлен шешімді үнмен.

— Мен де солай ойлап келемін, — деп Тайбек те нық жауап қатты.

БАЛА БҮРКІТ

Үсеннің бүркітінен бүкіл ауылда қорықпайтын бала жоқ. Бір кезде, тіпті, далаға ойнаудан қалғанбыз. Ауыл

үстінде айнала ұшып жүрген қыранды көргенде үйден шықпаймыз. Үлкендердің өздерін де үйге қуып тығады. Бұл Талғат сияқты жалқау балаларға жақсы болды.

— Бала бүркіттен қорқам, — деп қозы-лақ, бұзау қайырып келуге жұмсаса, бармай қояды.

— Бүркіт ұстап, серілік құрған несін алған...

— Аңшы болмай, әдірем қалғыр...

— Баланың зәресін алып бітті ғой...

— Ішетін арағын жөндеп ішпей, бүркітте несі бар десейші...

Міне, осы сияқты сөздер естіліп, ащы дауыс шықса болды, бұл Талғаттың шешесі екенін біле қоямын. Баласы тіл алмаған сайын осылай ашуға басып, айқайлап жатады.

Бірде атам екеуміз ат арбамен төменгі ауылға барып келе жатқанбыз. Атамның қолында делбе, бір әуенге салып ақырын ыңылдайды. Мен арбаның артындамын. Қолымдағы жіңішке шыбықты иіп, садақ жасамақ ойым бар. Бір кезде атам артына бұрылды да, ептеп көтеріліп, астына салған ұзын көрпешенің бір

басын менің алдыма жаба салды. Оның неге бүйткенін түсінбей қалдым. Бетіне қарап, аузымды ашқанша болған жоқ, әлде не үстімізден зу етіп ұшып өтті. Зәрем зәр түбіне кетті. Үнім шықпай отырып қалдым. Ептеп қарап едім — қалықтап кетіп бара жатқан үлкен құсты көрдім. Ол — Үсеннің бүркіті еді.

Бала бүркіттің мұнысын кейін түсіндім. Ол жолы



атам менің үрейімді алмайын деп әдейі айтпаған екен.

— Балам, мына шалбарыңды әзірше кимей-ақ қой,
— деді ол келесі күні кеше киген қызғылт шалбармен далаға шығайын деп жатқанымда.

Біздің бүркіттен сескенуіміз тегін емес еді. Өйткені, содан екі айдай бұрын бала бүркіт өз «өнерін» көрсеткен болатын.

Май айының орта кезі болуы керек. Бір күні: «Қалиды бүркіт бүріпті», — деп бүкіл ауыл шу ете қалды.

Сабақ арасында үзілісте Қалиды қоршап алдық. Ол өзінің кешегі бастан кешкен оқиғасын «майын тамызып» айтып берді.

— Бөлекшоқының бауырында жайылып жүрген құнанды алып келуге барғам. Ұстап алып, жүгендедім де, тұсауын шешіп, міндім. Ауылға қарай желдірте жөнелгенім сол еді, не болғанын түсінбей қалдым...

— Е, не болыпты? — деді бір бала дегбірсізденіп.

— Не болушы еді? Бүркіт келіп қалған шығар.

— Қоя тұрыңдаршы, қазір айтады ғой, — деп біреуі басу айтты.

Біз үнсіз қалдық. Қали әңгімесін әрі қарай жалғастырды.

— Әлдеқандай бір күш желкемнен бүріп алып, кейін тартып барады. Оң аяғым артына қарай қайырылып кетті. Бұрылып қарасам — алба-жұлба бірдеңе. Құстың қанаты екенін бірден білдім. Үсеннің бала бүркітінен басқа не болушы еді? Далбақтаған құстан үріккен құнан жалт берді. Жайдақ аттың үстінен сыпырылып барып, жерге топ еттім. Тізгін қолымнан шығып кетті.

— Өне, айттым ғой бүркіт деп.

— Түу, қоя тұршы, сөзге араласа бермей, — дейді Қали әңгімесін бөлген балаға жақтырмай қарап. — Содан енді көзімді шұқып алатын шығар деп зәрем кетіп, қолыммен бетімді жауып етпетімнен жатып қалдым.

Бірақ көпке дейін дыбыс білінбеді. Бір кезде көзімді

ашсам — ештеңе көрінбейді. Орнымнан тұрып, аспанға қарасам, Үсеннің бала бүркіті төбемде айналып жүр.

— Тағы да бүрейін деп жүрген шығар?

— Енді қалай деп едің? — дейді бір бала білгішсініп.

— Содан, қалай құтылдың? — деп сұрайды бірі істің немен тынғанын тезірек білгісі кеп.

— Қалай құтылушы еді, ауылға дейін жүгіріпті, — деп Қали үшін тағы біреу, жауап берді.

Қалидың өзі жауап беруге асықпай, маңайына маңғаздана қарайды. Сол кезде қоңырау соғылды да, бәріміз класқа қарай ұмтылды. Қали алдымызда келе жатыр.

— Әне, бешпентін қараңдаршы, дәл сол жерден бүріпті, — деп оның жаурынының ортасын көрсетті Талғат.

Шынында да үш тырнақтың ізі қалыпты. Оң жақ аяғындағы резеңке етіктің өкшесі де жыртылыпты.

Қали өз класына қарай бет алды. Біз соңынан қарап тұрмыз. Онсыз да биік бойы бұрынғыдан да ұзара түскен сияқты. «Ойпырым-ай, Қалиды көтеруге шамасы келген бүркіт біз сияқты кішкене балаларға түскенде не істер едік?» деген үрейлі сұрау ойыма оралып, денем қалтырап кетті.

... Ол кезде Үсеннің қандай жұмыс істегені есімде жоқ. Бригадир болды ма, не есепші болды ме, әйтеуір ат үстінен түспейтін. Көбіне ішіп жүретін. Аздап аңшылықпен айналысатыны бар еді.

— Үсен бүркіт әкеліпті, — дегенді естідік бір күні.

Бір топ бала баспалап Үсеннің үйінің жанына келдік. Бірақ үйге кіреудің ретін таппадық. Мінезі шайпау адамнан бәріміз де қорқамыз. Сан баланы қамшымөн арқадан осып жіберген. Бұрын атын ғана естіп, суретін кітаптан көргеніміз болмаса біздің жақта өмірі болмайтын құсты өз көзімізбен тамашалауға бәріміз де құштармыз. Бірақ дәл сол күні ойымыз жүзеге аспай, әрқайсымыз үйді-үйімізге тарқадық.

Бүркітті көрудің сәті түскен балалар мектепке айтып келіп жүрді.

— Кішкентай ғана балапан екен, — дейді бірі онша менсіңкіремей.

→ Иә, саған, — дейді оған енді біреуі, — балапан болса да екі қанатының өзі екі құлаш.

— Көзі от пашады...

— Тырнағының өзі қандай.

— Тұмсығы тауықтікіндей емес, имек екен, — дейді бірі таңданып.

Бір күні менің де жолым түсті. Атаммен еріп барып көрдім. Көлденең ілінген ағашқа қонақтатып, аяғын байлап қойыпты. Көзі көрінбейді. Басына бірдеңе кигізіпті. Оның «томаға» деп аталатынын да кейін білдім. Балалар айтқан басқа белгілердің бәрі рас екеніне көзім жетті. Қыбыр етпей қаздып тіп-тік отырған түрінің өзі сұсты. Үсеннің өзі болса, алдындағы тақтайшаға жас өкпені турап отыр.

— Тарбағатай тауының қыраны ма? — деп сұрады атам амандықтан соң...

— Жоқ, Алтайдың нағыз ақ иығы ғой, — деді Үсен мақтанышын жасыра алмай.

— Бір жылқыға айырбастап әкелдім. Дәл осындай бүркіт Бөрілідегі бір аңшыда болғанын сонау жылдары көргенмін. «Бір күні төрт түлкі, екі қоян алдым» деп отырған. Қасқырға да түседі екен.

— Апыр-ай, ө, — деп таңдана таңдайын қақты атам, бүркітке қарап қойып.

Үсен күз бойы балапан бүркітін баулып, үйретумен болды.

— Ой, биыл қыс Үсеннің бала бүркітінің қызығын көреміз, — деп алдын-ала кейбіреулер желініп жүр.

Бірақ бүркіттің қызығын ешкім көрген жоқ. Дұрыс баулымаса керек, құс аңға түспей қойыпты.

— Енді мұны жаз шыға алған жеріне апарып ұшырып жіберсе дұрыс болар еді. Тұз тағысын үйрете ал-

май, босқа обал жасады. Үсенді ақылға көндірейік, — деп отырғанын естідім, ауыл ақсақалдарының.

— Үсен үлгі алатын бұл маңда бүркітші жоқ. Ол өзі естігені ғана болмаса, өмірі құс баулығанды көрмеген адам ғой, — дейді ақсақалдың бірі.

Бір күні Үсен бүркітін қолдан босатып алыпты. Қайтадан ұстамақ болып қанша әрекет жасағанымен түк шыққан жоқ. Бүркіт маңайламады. Өз бетімен тамақ табуға үйренбеген жыртқыш құс ақыры келіп адамға түсті.

Бұл оқиғаға ол кезде онша мән бере қойған жоқ едік. Енді ойлап қарасақ бұл оның Үсенге деген наразылығы сияқты екен. Қазір аспанда қалықтаған қара құс көрінсе, сол бала бүркіт есіме түседі.

БАЛ БҰЛАҚ

Облыстағы су шаруашылығы басқармасының бастығы Досбол демалыс алып, ауылға оралғанда Соқырқұдықтың басына бір соқпай кетпейді. Келген сайын цементпен көмкеріп шегендеген терең құдыққа көз салып, сүйсініп ұзақ қарайды. Қазір оның басына су тартатын мотор орнатылып, жанына қой фермасы салынған. Моторына от беріп, сарқыратып су ағыза жөнелгенде ферманың мың жарым бас қойы бір мезгілде суға қаныш шығады,

Осы қондырғының барлығын бір кезде Досбол өз қолымен салдырған еді. Енді жанында екі баласы бар, тағы да қызыға қарап құдықтың басында тұр.

Сарыарқаның кешкі саумал ауасын құмарлана жұтып, көк кілем төсегендей мауыты жасыл алқапқа мейірлене көз тастайды. Айналаға еліте қарап, өзін тап бір табиғат көрінісі салынған тамаша үлкен полотно алдында тұрғандай сезінеді.

Екі бала болса мұнда еш шаруасы жоқ. Астаудағы суды қолдарымен шапалақтап ойнап, өз беттерінше қызыққа батуда. Бір кезде Досбол да осы екі баладай қызықшыл, думаншыл болып өсті. Әсіресе жас кезінде суға шомылып, балық аулауға құмар еді. Марқұм әкесі Байназар аса әңгімешіл адам болатын. Досболды алдына отырғызып алып, дөң басына жиналған ауыл адамдарына әңгіменің неше түрін айтатын. Оңаша қалған шақтарда да Досболдың басынан иіскеп қойып, ақыл-кеңес беруге жалықпайтын. Көбіне табиғат жайлы толғанушы еді. Міне, сондықтан болар кішкене Досбол жасынан табиғатты сүйіп өсті.

Ауыл балаларымен қосылып алып жаз бойы суға шомылуды қатты ұнататын. Мұнда әкесі: «Жөн-ақ, балам, су деген нәрсе адам жанына шипа ғой. Күннің көзі мен дарияның суы қандай кесел болмасын қағып әкетеді. Көп шомылғаннан жапа шекпейсің» деп су сорып жарылып кеткен баласының бетінен мейірлене иіскеп қоятын.

Сол баласы өсе келе өте сушыл болып өсті. Ауылдың төменгі жағындағы иірім-иірім қара сулар жаз бойы балалардың шомылатын орнына айналады. Мұндайда өзара бәсеке тууы әдетті нәрсе. Кім де болса өзінің бір өнерін көрсетіп қалуға тырысады. Әуелде өзімен бәсекелес болып жүргендердің бәрі далада қалды. Су жарысының қандай түрі болмасын Досболға тең келетін бала ауыл арасында қалған жоқ. Жүзу мен суға сүнгудің қандай түріне болмасын әбден машықтанып алды.

Бір қызық оқиға мұның әлі есінде. Құрбысы Жәпектің қаладағы бір туысы ауылға баласымен



бірге дем алуға келіпті. Баласының жасы мұнан гөрі сәл қалқынқырақ.

Өзен бойындағы суға шомылып жатқан. Әлгі қаладан келген бала да жүр. Өзі мақтаншақтау екен. Жақсы жүзе білетіндігін көрсетіп, бір-екі баланы суға құлатып, өзі «құтқарып» шықты. Бұл ісіне мақтанған әлгі бала бір сәтте байқаусыз тұрған мұны да суға итеріп өтті. Қаперсіз тұрған Досбол суға секіріп бара жатып алдында ойластырып қойған қулығын іске асыруды ойлады. Судың астымен жүзіп барып арғы қабақтағы қалың қамыстың арасынан шықты да жағалауды бағып, тып-тыныш отыра қалды. Бағанадан тұншыға айқайлаған балаларды жағаға сүйреп шығарып, мез болып жүрген мақтаншақ бала суға қарап біраз тұрды. Досбол шыққан жоқ. Ол сасқалақтай бастады. Ал, басқа ауыл балалары қыбыр етер емес, ананың әуселесін бір көрмек үшін жақтарын ашпай, түк білмеген болуда. Анау енді шын састы.

Досболды іздеп бір-екі рет сүңгіп те шықты. Қолына ештеңе ілікпей дәрменсіздікпен сүйретіліп жағаға көтерілді. Тәмам жұрттың көзінше бағанадан масайрап жүрген баланың халі көпе-көрнеу мүшкілге айналды.

— Сүңгіші... Құтқаршы... Көмектесші... — деп көрінгенге жалынды. Бірақ жағалаудағы қулар түк білмегенсіп, тек иығын қушитып, бір қозғалғаннан басқа ештеңе демеді.

Мына көрініс қызықтарған Досбол су сорып, тонғанына қарамастан қамыс арасында басын қылатитып қарап отыра берді.

Әлгі бала бір сүңгиді, бір шығады. Әбден есі танып, сілесі қатып болды. Сүңги-сүңги қары талып, екінші жағынан әбден сасқандық болар бір кезде өлгінің аяқ-қолы ербеңдеп, жалғыз-ақ рет «құтқарындар» деуге шамасы келді. Манадан осыны күтіп тұрғандай Досбол қамыс арасынан атып шығып, ананы судан шыға-

руға ұмтылды.

Сөйтіп, Досболдың өзі мақтаншақ баланы шын құтқарып шықты. Содан әлігі бала қатты ауырып, әкесі сол күні қалаға алып кеткен болатын. Бұдан соң ешкім мұнымен су жарысына түсіп көреген жоқ.

Ес біле келе Досбол әкесінің әңгімесін тыңдап, зердесіне түйе бастады. Ойлап қараса сол кездегі әке сөзі әлі күнге дейін көкейінде сайрап тұрғандай.

«Бұлақ көрсен — көзін аш, балам. Қайнаған суы сарқырал, сай-саланы толтырсын. Шөліркеген жануар мерейінен бір қандырсын», — деп желпіне отырып сөйлер еді.

Әсіресе әкесінің ертегісі қызық болатын.

— Баяғыда, — деп бастайды ол, — бір бай болыпты. Сол байдың қолында жалшылықта бір жетім бала жүрген екен. Ішкерге асы, киерге киімі жоқ жетім баланы бай көп жәбірлепті. Әр нәрсені сылтау етіп оны ұра беріпті. Мұндайда жетім бала ауыл сыртына шығып кетіп, бір ескі құдық басына келіп отырады екен. Әкесі мен шешесін еске алып, көз жасына ерік береді.

Бір күні жас бала қыр басында балалармен ойнап қалып, бұзау еміп қояды да қатал бай баланы тағы да таяқтайды. Жәбірленген бала әдетінше сол құдықтың басына келіп отырады. Бір кезде ол жылап отырып көзін ашып қараса, өлгі құдықтың бетіндегі қос уыстай шалшық суда кішкене бір ақ шабақ шоршып жатыр. Судың аздығы сондай, балықты енді құтқармаса өліп қалатынын түсініп, еңкейіп ала беремін дегенде сүрініп кетіп етпетінен түсіпті. Бір қолымен жалмажан төмпешіктен ұстай алады. Екінші қолы батпаққа кіріп кетеді. Елтеп түрегеліп қолын батпақтан суырса, ар жағынан бұрқырап су шығады. Сол-ақ екен құдықтың арнасы суға толып, шабақ балық жүзе жөнеледі. Енді оның өлмейтініне көзі жеткен соң бала ауылға қайтады.

Ертеңіне бұзауын жайып жүріп, тағы келсе — су зым-

зия жоғалыпты. Балық тағы да кеседей суды шолпылдатып жатыр. Бала жалма-жан шешініп тастап, шалшықты арши бастайды. Бірақ қанша аршығанымен ештеңе өнбейді. Су шықпайды. Тіпті болмаған соң бала ауылға жүгіріп барып, күрек әкеліп қазады. Әлден уақытта күн кешкіргенде барып су пайда болады. Құдықтың сыртына шығып ұлгермеген баланың белуарынан су алады.

Келесі күні келсе тағы да су тартылып қалыпты. Бала тағы да аршиды, су тек кешке қарай пайда болады. Күнде келсе – келген сайын су жоқ болады. Бала да күнде арши береді. Су да күндегі әдеті бойынша кешке қарай шығады. Бірақ күндегісінен мол шығып, кең алқапқа жайыла түседі. Қанша мол шықса да ертеңіне кеседей ғана судан басқасы тартылып қала береді. Сонымен құдықтың түбін жалықпай аршып, екі құлашқа жеткізген баланың күрегі бір күні жақпар тасқа тиеді. Олай әуреленіп, былай әуреленіп, ақыры жақпар тастың жігін тауып қопарған екен, ар жағынан бір құмыра көрініпті. Көтерейін десе баланың шамасы келмейді. Әрі жұлқып, бері жұлқып бір кезде барлық күшін салып тартып қалған екен құмыраны жұлып алады. Сөйтсе құмыра көзін жауып тұрыпты, әлгі жерден атқылаған судың екпіні сондай – бала мен соншама ауыр құмыраны екі құлаш құдықтың ішінен сыртқа бір-ақ лақтырады.

Әлгі құдықтың көзі ашылып, бастау болып, бұлаққа айналады.

Бұлақ суының молдығы сондай – төмендегі сары жазықты түгел су алып, үлкен көлге айналыпты. Сол көлді жайлаған халық оны «Сарыкөл» деп атап, балығын аулап, құсын атып күн көріпті.

Бала болса құмырының ішіндегісін керегіне жаратып, мұратына жетіпті дейді.

Әкесінің ертегісін құмарта тыңдайтын Досбол алтын тапқан баланың ерлігіне сүйсінетін. Көз алдына әр

құдықтың түбінде бір-бір құмыра алтын жатқандай елестетуші еді. Әкесі сол құмыраларды іздеп жүргендей көрінетін. Сөйтсе, әке ойы әріде екен. Қаншама игілікті істер атқарған абзал адам! Соны есейіп, ер жеткенде бірақ түсінді емес пе бұл. Әкесі ауылдағы шөпшілердің шалғысын қайрап беретін. Сөйтіп жүріп қолы босап кетсе бұлақ аршитын. Шөпші ауылдың қай жерге көшетінін алдын ала біліп алып, ауыл көшкенде қонатын жердің бұлағын күні бұрын барып аршып тазалап келеді.

Әуелде ауыл адамдары «Байекең аршымаған бұлақ жоқ шығар» — деп жүрді. Кейіннен «Байекең аршыған бұлақ» дегенді шығарды. Бертін келе «Байекең бұлағы» дейтін болды. Қазір анау көрінген Беріктастың бауырындағы Айнабұлақ «Байназардың бұлағы» деп аталады. Сол аттың қайдан келгенін қазіргі жастардың кейбірі біле бермейді-ау деген ой Досболды мазалап өтті. «Байназар деген кім, деп ойлай ма екен».

Әкесі Байназар ауырып көп жатты. «Оң жамбасым сырқырап барады» деп құлындағы дауысы құраққа ұратын. Мұндайда шешесі отқа қыздырылған қызыл кірпішті немесе ыстық су құйылған резеңке торсықшаны ауру жамбасына басқан кезде ғана жаны аздап саябыр тапқандай болады. Байназардың оң жақ аяғының қысқалығы анық байқалатын.

Ақсақтығынан Отан соғысына да қатыса алған жоқ. Елдің айтуына қарағанда соғыс басталған жылы әскерге тіленіп, аудандық соғыс комиссариатына сан рет барыпты. Бірақ медициналық байқаудан өтпей қала берген. Балалығы ма кім білсін, әкесінің соғысқа қатыспағанын намыс көруші еді.

Бұлақ аршып жүргенде суық өтті ме, әйтеуір қатты ауырып төсек тартып қалды. Досбол кейінде әкесінің бұлақ аршып, су-су болып оралғанын жиі көретін. Шешесі екеуі екі жақтап киімін шешіп алып, керулі жіптерге жайып қояды.

— Бұл мінезін қоймаса өледі ғой әкең. Қой деген тілді алмайды, — дейді шешесі ақырын, бірақ дауысынан кейістік байқалмайды. Өзі тезірек самауыр қоюға кіріседі.

Ыстық шай ішіп, бойын біраз жылытқан соң әкесі сөз бастайды. Бүгінгі істеген жұмысын, көрген қиындығын немесе қуанышын бәріне әңгімелеп береді. Әсіресе, Соқырқұдық жайында көп айтады, Назарын Досболға аударып:

— Мен білсем бар ғой, мына Соқырқұдықты жақсылап аршыса, бір ауыл түгел суға қарық болар еді. Өттең көзі тым тереңде, қолмен қазып жету мүмкін емес. Көзі бір ашылса суы өте мол. Байқаймысың жаздың күні пілдеде басқа бұлақ атаулы ортайып сағасы сарқылғанда Соқырқұдықтың ортасындағы шалшық бір құрғамайды, — дейтін еді.

Сол жылы қайран әке дүние салды. Бірақ әкесі дүниеден өткенмен баласы әке сөзін ұмыта алмады. Аяқ басқан сайын әрбір жылы сөзі мен жарқын бейнесі көз алдында тұрады да қояды. Әсіресе, Соқырқұдық туралы айтқаны көкейінен кетпейді.

Келер жылғы көктем болатын. Оныншы класс бітіретін бір топ бала кезекті емтиханның соң қыдыруға шыққан. Тау бөктерлеп келе жатып, Соқырқұдықтың үстінен түсті. Кенет әке сөзі ойына оралған Досбол басқалардан бөлініп, құдықтың жанындағы жасыл шөбі жайқалған төмпешігінің біріне келіп отырды.

Мұның ойына не түскенін сезгендей бірге оқитын Жанар да жанына келіп тізе бүкті. Соқырқұдық болса баяғыдай бұлк етпестен тұңғыық беті жатыр. Тептегіс қара лайды көрген жанар оның бетіне саусағының ұшымен «Досбол» деп жазды да өзі дауыстап оқыды.

Қыздың қылығын өзінше қайталап, Досбол да өз атының жанына қыздың есімін жазып:

— Жанар, — деп оқыды.

Қыз еңкейе берген. Досболдың жүрегі дір етіп бұлқынып, аунап түскендей болды. Жанар ренжіп жазуларды өшіріп тастайтындай көрінген. Жоқ, ол Өйтпеді. Ептеп барып, саусағының ұшымен екі есімнің ортасына қосу белгісін қойды. Мұнан соң екеуі бір-біріне күлімдей қарап, қабағымен ұғысқандай алғашқы ыстық ықыластың тегеурінді пәк құмарлығымен көз тігіскен.

Сол алғашқы махабаттың беріктігінің куәгеріндей болып, Соқырқұдықтың бетінде екі есім қатар түскен еді.


Орта мектепті бітірген соң Досбол қалаға аттанды. Су шаруашылығының маманы болып шықты. Институт бітірген жылы өзі сұранып, осы Қайыңды алқабының су зерттеушілер экспедициясына келген. Аз жылда қаншама жұмыстар жүргізді десеңізші! Досболдың жасаған барлау жобасымен бірнеше су көздері табылып, артезиан құдықтары орнатылды.

Досбол әсіресе әкесінің көрегендігіне таң қалады. Өке сөзін еске ала отырып, өзінің біліміне сүйеніп, Соқырқұдыққа бұрғы салды. Шынында да көзі тереңде екен, қазу оңай болмады. Дегенмен еңбегі ақталды, өке арманы орындалды. Соқырқұдықтың астында жер асты теңізі бар екен.

Кенінен зерттеліп табылған тұщы теңіздің картасы жасалды. Мол сулы жерге мал фермалары салынды. Са-

рқырап аққан өзені жоқ, толқыған теңізі жоқ аймаққа бұдан артық байлық көзі бола ма? Досбол ойланып ұзақ тұрды.

Жанардың «Ертерек келіндер, кешкіге ағайым үйі қонаққа



шақырған» деген сөзі ойына түсіп, екі балаға қарай аяңдады. Бұл кезде олар құлықтың төменгі жағындағы жасанды көлшікте шомылып жүр еді.

Көңілін қуанышты бір күй әуені күмбірлеткен Досболдың ән салғысы келеді. Осы сәтте оның көмейіне:

«Қуансаң қуана бер әкежаным,

Мен сенің өміріңнің жалғасымын», — деген өлең жолы оралып еді.

АРМАНЫМ АҚБИДАЙ

Көршім Мұхтар екеуіміздің кейде қала сыртындағы көлге барып, қармақ салатын әдетіміз бар. Сол әдетімізбен демалысымызды пайдаланып, балыққа шыққанбыз. Күні бойғы еңбегіміз еш болған жоқ, біраз балық аулап, көңіліміз марқайып қалды. Кеш түсе:

— Қой, үйге қайттық. Сенің Жібегің жолға қарап, екі көзі төрт болып, құмалақ тартқызып отырған шығар, — дедім әзілдеп.

Ол менің сөзімнің мағынасын түсінбей бетіме қарады. Машинаға отырған соң жол қысқарсын деп жұмбақ сырды ақтырдым.

Біздің ауылда бір Ағипа деген құмалақшы болатын. Бала кезімізде құмалақ тартқанын сан көрдік. Соған күйеулері алыс жолға кеткен әйелдер үйіне шақырып алып, құмалақ салғызуды еді. Қою шайға әбден қанып, жіпсіген маңдайын сүртіп болған соң ақ орамалын жайып жіберіп, Ағипа әжей іске кірісетін.

— Менің қолым емес, бибі Бәтима пірімнің қолы, — деп күбірлеп бетін сипап, құмалақ тастарын үш топқа бөліп, үш қатарғай қойып, сөйлеп кететін. Содан біздің түсінетіміз: — Ал, келін, отыңды жағып, қазаныңды аса бер. Азаматың олжалы, қоржыны тоқ, аман-есен қайтып келе жатыр. Қабағында кірбің бар. Ол — ұзақ жол-

дан қажып, қарнының ашқаны шығар, — деген сөздері ғана болатын, Сол кісінің айтқаны дәл келуші ме еді, жоқ келмеуші ме еді, онысы ойымда жоқ. Тек әйтеуір ауыл адамдары оны қатты сыйлап, құрметтейтін. Ағипа әжейге соғыс жалдары құмалақ тартқызушылар көп болған екен.

Шелпек ауыз Шәрипа деген әйел күйеуі аңға кетсе де, бір жаққа кетсе де, тіпті қойдың кезегіне кетсе де Ағипаға жүгіріп барып, құмалақ салғызады екен. Аулымызда содан қалған «Ағипаға құмалақ салғыз» деп ойынды-шынды айтылатын, мәтел боп кеткен сөз бар.

Ағипа әжейдің ойыма түскен себебі — Мұхтардың үйіндегі замандасымыз да сол Шелпек ауыз Шәрипа сияқты мазасыз адам. Күйеуі бір жаққа шықса тағатсызданады да отырады. Егер көрші маңайда бір құмалақшы адам болса, ол да құмалақ тартқызудан тайынбас еді.

Мен әңгімемді аяқтап болғам жоқ, Мұхтар сөзімді бөліп:

— Ол кісі қазір бар ма? — деді жұлып алғандай.

— Жоға, қайдан болсын. Баяғыда қайтыс болған... Немене, құмалақ салғызайын деп пе едің?..

— Қап!.. — Кішкене ойланды да: — Ал, оның балашағасы бар ма? — деп сұрады.

— Бар. Баласы бар. Бірақ оның өзі қартайып, шал боп қалды.



Көршім сұрақты жаудырып жатыр. Менің бар түсінгенім — оған әжейдің құмалақ салған қалтасы керек сияқты.

— Ол саған неге керек?

— Керек болып тұр ғой... — деді де терең дем алды. — Құмалақшының қалтасын кейінгі ұрпақта-

рының қасиеттеп ұстайтын бір салт бар ғой. Мүмкін қалған шығар...

— Қалуын қалды... Сонау бір жылдары, сол үйге бір барғанымда ауыз үйдегі дінгекке қағылған шегеде құмалақ қалта сияқты бірдеңе ілулі тұрды. Содан бері оншақты жылға жуық уақыт өтті. Кім біледі...

Онда болды. Қалта сақтаулы. Енді соған қайткен күнде барып қайту керек.

Күн кешкіре бастаған соң Мұхтар машинасының шамын жағып қойды. Әлде бір ойға кеткен беті рульді қыса ұстап, екпіндете жүргізіп келеді.

— Сен «ол қалта бұған неге керек болып қалды» деп ойлап келе жатқан шығарсың, — деді бір уақытта маған қарай бұрылып, — Ол өте қажет. Менің өзіме ғана емес, бүкіл халыққа қажет. Өйткені, оның ішінде ақ бидай болуы мүмкін. Иә, кәдімгі ақ бидай!

— Шынында да оның не үшін қажеті бар? Халыққа құмалақ салуды үйретпек ойың бар ма? — дедім ойыншыны аралас.

Ол шамданып қалды.

— Жоқ. Сен құмалақтан басқа не білуші едің?! Мәселе онда емес... Ал, білгіш болсаң айтшы — ақ бидай дегеніміз не?

— Ал, жарайды білдік дедік.

— Білсең сол — ол адам шын құмалақшы болса, соғыс жылдарында да құмалақ салды. Ал, сол жылдары, әсіресе соғыс біткен жылы Арқаның ақ бидайы бітік шыққан. Баданадай-баданадай ақ бидай? Білдің бе?! Кейбіреулер оны кішкене өсіріңкіреп «бармақтай» деп те айтады, Мәселе — сол ақ бидайды табуда. Енді түсіндің бе?! — Ол біраз қызулана сөйлеп барып сабасына түсті. — Ақ бидайдың тұқымын көп жылдан бері іздеп жүрмін. Таптырар емес. Ендігі бар үмітім — сол... Мен де бала кезімде біраз құмалақшыны көргенмін. Солардың көпшілігінің ақ бидайдан құмалақ тартатыны

әлі есімде. Менің ойымша — солардың ең болмаса біреуінің қалташасында ақ бидайдың тұқымы қалуға тиіс. Әзірше ізденісімде еш нәтиже жоқ. Білетін құмалақшыларымның көпшілігін аралап шықтым. Қалташаларынан тек ас бұршақ пен жүгері ғана табылып жүр...

— Сонда оны не істемек ойың бар?

Ол «осы шын айтып отыр ма?» деген адам сияқты менің бетіме таңдана қарады.

— Тек табылсын де. Онда менің арманым жүзеге асар еді. Мүмкін бидайдың жаңа сортын алармыз. Тіпті болмаса музейге қойдырып, бір кезде халықты аштан құтқарған ақ бидайдың қандай болғанын кейінгі ұрпаққа көрсетер едім. Сол ақ бидайдың өнімінен ең болмаса бір түйір қалмағанына қалай қынжылмассың...

Уәде бойынша келесі демалыста жолға шыққанбыз. Мақсатымыз белгілі. Баяғы Ағипа әжейдің дінгек басындағы қара қалтасы. Жол бойы әртүрлі тақырыпқа әңгіме қозғалғанымен сезіміз көбіне ақ бидайға қарай ойыса берді.

— Сірә, жасыңда ақ бидайды көп жеген болуың керек, — деп қалжыңдадым орайы келген бір сәтте.

— Иә, — деді жұлпып алғандай Мұхтар, — біз көп жедік. Бір жаз бойы ақ бидайға тойғанбыз. Біздің жақта өспейді. Бірақ, «Тоқырауынның ақ бидайы» деп арбалап сатушылар көп болған. Солардан алған бидайды шешем марқұм бақырға қуырып, дастарханға төге салушы еді. Ыстық бидайды үрлеп отырып, суытып жеп, шайды сораптайтынбыз. Кейде шешем ортаға аздап сары май қоятын. Қасықтың ұшымен сары майды ептеп іліп алып, бидайға бастырып-бастырып бытыр-бытыр шайнаушы едік. Баданадай ақ бидай қуырған кезде тырсынып тіпті үлкейеді екен. Сырты шытынап, одан сайын жұмсара түседі. Сол жылдың күзінде соғыстан қалған жарасы асқынып, өкем қайтыс болды. Одан соң шешем көз жұмды. Жетім қалған мені балалар үйіне алды...

Сөйтіп, ақ бидайды қойып, ақ нанға көштік. Жоқшылық-таршылық көргеніміз жоқ. Не ішеміз, не киеміз деп ойлаған емеспіз. Бірақ сондағы шешем қуырған ақ бидайдың дәмі әлі күнге есімнен кетпейді...

Соғыстан соңғы жылдары шынында да ақ бидай көп болған еді. Сірә, бітік шыққан болуы керек. Сол уақыттарда біздің ауылға да ақ бидай сатушылар жиі келетін. Біз де алып, қуырып жегенбіз. Бірақ, Мұхтар сияқты мен ештеңені есімде қалдыра алмаппын.

— Сен мені сол бидай қуырып жеп көрген жадау заманды аңсап отыр деп ойлап қалма. Маған тек ақ бидайдың тұқымы ғана керек. Қазірдің өзінде осы күнгі бидайдың бірнеше сорты бар. Ал, ақ бидайды солармен будандастырса, мүмкін, түсімі жоғары, ауа райының қолайсыздығына төзімді жаңа сорт шығып қалар деген ойым бар.

— Будандастырмай-ақ, сол беті неге өсіре бермеске?

— Оның өсуі қиын, Суды жаны сүйетін, суармалы дақыл. Соңымен бірге күтімді болуы қажет.

— Суармалы дақылдарды өсіру қиын ба екен? Қазір күріштен қаншама өнім алып жүрміз?!

— Өсіруге болады. Бірақ, ақ бидайды өсіру үшін одан да көп еңбек қажет болса керек. Содан барып кейбіреулер қиын еңбектен қашып, «түскен түсім кеткен еңбек пен шыққан қаржыны өтемейді, дөні үлкен болғанымен ұндық қасиеті аз болады» дегенді сылтау етіп, ектірмей тастаған. Тек қуырып жеуге ғана жарағаны болмаса, нан басуға келмейді деген сияқты алыпқашпа дақпырттың салдарынан ол мәдени дақыл қатарынан шығып қалған. Сол сияқты бір кезде «Қожа бидай», «Бес бас бидай» деген де тұқымдар болған. Бұлар да ақ бидайға ұқсас, бірақ одан кішілеу болады екен. Кейбіреулер білмейтіндерге «ақ бидай» деп алдап сатқан кездері де болыпты... Бұл бидайлар туралы естігенің бар ма?

— Естігенім жоқ, — деп шынымды айттым.

— «Бес бас бидай» деген тіпті қызық. Бала кезімізде бір көргенім бар. Бір басында бес масақ бес саусақ сияқты қатар өседі, — деп оң қолының бес саусағын жоғары көтеріп, көрсетіп қойды. — Әбден толған кезінде сабағы иіліп, басын зорға көтеріп тұратын...

Қырқаға шыққан соң Мұхтар машинасын тежеді. Сыртқа шықтық. Күздің дымқыл ауасы бетімізді желпіп өтті.

— Енді аса алыс емес. Анау көлбей жатқан қара бұйраттың арғы беті ғой, — дедім мен ауыл жақты сілтеп.

Ол үндеген жоқ. Мен меңзеген қара бұйратқа қарап тұрып-тұрып, иығын қозғап, екі қолын жан-жаққа керіле сермеп, денесінің құрыстанғанын жазды.

Біраз дем алған соң жүріп кеттік. Екеуімізде де үн жоқ. Басқа дүние ұмыт болған сияқты. Ойымызда тек арман болған ақ бидай. Ауылға жеткенше асықпыз...

Машина зымырап келеді...

«АҚҚУ КҮЙІ» ТУРАЛЫ АҢЫЗ

*(Нағашым Алтынбек Досмағанбетов
айтқан әңгіме)*


Сонау отызыншы жылдары болатын. Бірде жолым түсіп, Қарқаралы қаласына сапар шектім. Жұмыс бабына орай қалалық орман шаруашылығының сол кездегі бастығы Әнуарбек Мусинмен таныстым. Ол адамға үйірсек, әңгімешіл, кішіпейіл бір тамаша жігіт екен. Біз тез тіл табыстық. Бос уақытты пайдаланып, Қарқаралы өңірінің ғажайып табиғатын тамашалауды жөн көрдік.

Қала сыртына шықтық. Біз үшеу едік. Әнуарбек, мен және шофер жігіт Шекен. Жаймашуақ күннің бірі

болатын. Бүкіл атырап жасыл желек жамылып, бір түрлі құлпырып тұрған. Сол сәттегі көк мұнар болып, сан құбылған Қарқаралы тауының көрінісі естен кетпес керемет, қайталанбас суреттің бірі еді. Мен табиғаттың әдемі көрінісінен сұлулықтың тылсым сырын ұғып, көңілімде жыр толқып, арайлы сезімнің кең айдынына жүзіп бара жаттым. Әдемілік әлемін қиялмен шарлап, ерекше елтіп тұрған сол бір сұңғыла сәтімнің шырқын бұзған Әнуарбектың құс мылтығының оқыс даусы болды. Ол айдын көлді ен жайлаған үйректің бірін қағып түсірді. Ал Шекен аулаған балығын аршып, сорпа жасап жатты. Далада ішкен астың дәмі таңдайдан кетер ме? Тіл үйірген балықтың тәтті сорпасын ішіп отырып, қызу әңгіме құрдық. Сол күні Әнуарбек маған естен кетпес бір хикая айтып еді.

...Ертеде шылауына шыр бітпеген бір кедей жігіт болыпты. Оның бар байлығы мен бақыты шиті мылтық пен бес баласы екен. Мінерге аты да болмаған жігітті жұрт «Жаяу мерген» атапты. Ол қас мергеннің нағыз өзі болса керек. Қарауылына іліккенді қалт жібермейді екен. Жаяу-жалпылап жүріп-ақ өз отбасын, өзі сияқты кедей көрші-қоландарын аң мен құс етіне қарық қылып тастайды екен. Жаяу мергеннің арқасында оның бүкіл тұқым-тұяқтары ешкімге

кіріптар болмай, еркін өмір сүріпті. Бірде Жаяу мергеннің үйіне көршілері жиналып, қызу әңгіме құрады. Кенет біреу оған: « С і з д і ң мергендігіңізге шек келтіретін ешкім жоқ. Даңқыңыз алысқа кетті. Сізде



ешқандай өкініш пен арман жоқ шығар», — дейді. Сонда мерген ойланып барып жауап беріпті: «Менің де өзегімді өртеп жүрген бір өкінішім бар. Қолыма шиті мылтық ұстап, аң-құс атуды кәсіп еткеніме көп жыл болды. Бірақ әлі күнге дейін қаруымның қарауылына бір рет те аққу құсын іліктіре алмадым. Жаяулықтың кесірінен алыстағы үлкен көлдерге баруға ықылас еткенім жоқ. Аяғым жеткен жерден аққу кездеспеді. Құс төресі аққуды көрмегенімді арман етемін», — дейді ол.

Бір күні Жаяу мерген жазғы тұрымғы су тасқынынан қалған көлшіктерді жағалап, құс аңдып жүргенде кенет тым алыста ұшып келе жатқан қос аққуды көреді. Аққу өте кірпияз, биязы, талғамшыл құс. Оның мұндай жай суға, көлшік-шалшыққа қонбайтыны өзіне аян. Сондықтан мерген өз өмірінде тұңғыш көрген сұлулық патшасын өзінен алыстатқысы келмейді. Қапысын тауып сол әдемі дүниені өз қолына қондыруға құлшынады. Ол Қоңыртөбенің басына шығып, аспанда қалықтай ұшқан қос аққуды қарауылға алады...

Сол маңда мергенмен замандас атағы алысқа кеткен бір домбырашы, сері жігіт болыпты. Ол да астындағы жалғыз атынан өзге тігерге тұяғы жоқ кедей екен. Ол да сол күні таңмен таласа тұрып, домбырасын беліне қыстырып, ел аралауға шығады. Кенет оның құлағына аққудың сұңқылдаған үні естіледі. Қос аққудың қанат сылдырынан шыққан биязы сусыл-дыбыс жігіттің сезімін оқыс селт еткізгендей болады. Ат үстінде келе жатқан ол домбырасын қолына алып, тиегін салып, құлақ күйін келтіріп, аққу үніне қосып, шерте жөнеледі.

Кең даланың сүт самалы ағаш домбыраның шанағынан шалқып төгілген саз толқынын тым алысқа жұлқи жетелеп, атырапты бір ғаламат әуенмен әлдилейді. Сері жігіттің астындағы аты да домбыра-

ның саз-ырғағына ілесіп, сәт сайын бауырын жазып, қанат біткендей жүйткіді. Сол бетімен серінің аты домбырада шертілген аққудың үніне құлақ түріп, билей басқан бойда айдай әдемілікті суық қарудың қарауылына сиғызып, бей-қам отырған мергеннің үстінен бірақ қарғыш өтеді. Мерген аунап түседі. Домбырашының аты да кілт тоқтай қалыпты. Мына оқыс жәйттен шошыған мерген орнынан атып тұрып, салт аттының шаужайына жармасады. Содан мерген мен күйші брін-бірі аударып-төңкеріп ұзақ арпалысады. Әбден демдері бітіп, шаршаған соң барып, тілге келеді. Сонда мерген: «Астыңда білдей атың бар, мынау ен далада Қоңыртөбеден басқа тау жоқ па? Жусан мен бетегеден өзге бұдыры жоқ жерде отырған адамды сен қалай көрмедің?! Анау кеткен аққуымды үркітіп, қолыма зорға қондырғалы отырған сұлулықтан айырдың», — дейді ызаға булығып.

Домбырашы сәл ойланып: «Аққудың үні құлағыма жеткен кезде мен ес-тұстан айырылғанмын. Бар еркім-ырқым да астымдағы жануарымның өзіне берілген. Ағаш домбырама тіл біткен кезде мен өзімді-өзім ұмытамын. Бүкіл жаһанды көзіммен емес көкірегіммен көремін. Мұндайда биязылық пен әдеміліктен өзге ештеңені сезіне алмаймын. Ал сен аққуды атып алатын едім, жолымды бөгедің, қолымды қақтың деп қамығасың. Мен ізгілікті, әділдікті, жанның жазын, көңілдің көктемін сүйетін адаммын. Оның бәрін аққудың қанат суылынан, сыңсыған сұңғыла үнінен таптым. Мен аққу үнін домбыра шанағына байлап рахат таптым. Бұл сәтте менен бақытты адам бар ма? Ал сен менің сол бір ғажайып сәтімді, бақытты шағымды, арманымды қапыда мерт етпек болдың. Егер қос аққу қапылыста сенің оғыңның құрбаны болса, мен өмір бақи өксік пен өкініштің отына өртеніп өтпеймін бе? Бүкіл әдемілік пен пәктікті, сұлулықты сенің қанды қолыңнан құтқарғаныма қуаныштымын. Тек, аққуларды көлге қондырып, күйімді аяқтауым ке-

рек еді. Сен оған мұрша бермедің», — дейді сері жігіт те қамығып.

«Егер күйің ұнаса, сенікі жөн, ұнамаса төбелестің көкесін сонда көресің», — деп мәрт мінезді мерген өз түйінін айтады.

Сол арада күй шертіледі. Күй құдіретінің ғажайып қуаты табиғатынан қаталдыққа бейім, аңғал мінез мергеннің жан дүниесіне ерекше бір жылы әсер қалдырыпты. Мерген күйші жігіттен кешірім сұрап, еліне апарып қонақ етеді. Екіншіде аққуды атпасқа серт береді. Сөйтіп, мерген мен домбырашы жігіт дос болып өтіпті. Ал, олардың ерлігі, өнері кейінгі ұрпаққа өнеге болып қалыпты. Ғажайып «Аққу күйінің» туу тарихы осылай екен.

БҰЛБҰЛ

Қаладан түс ауа шыққан автобус тауды бөктерлеп, күншығысқа қарай зымырап келеді. Әлгінде автовокзалдан топырлай мінген жолаушылар қала сыртына шыққанша әр жерде түсе-түсе қазір селдіреп, оншақты ғана адам қалған.

Оқу жылы аяқталып, төртінші класты ойдағыдай аяқтаған Жанат ауылға қайтып келеді. Кішкене сіңілісіне алған қуыршақты әрі-бері айналдырып біраз отырды да сыртқа көз салды. Жасыл кілемдей құлпырған алқап, тау бөктерінде жайылған бес-алты ешкілақ көрінеді. Ешкі баққан бірі үлкен, бірі кіші екі бала. Алыста күн сәулесімен жыт-жыт етіп, сала толқыны күнмен ойнаған айдын көл жатыр. Арғы жақтағы үйдің шатыры ағараңдайды. Таулы жердің табиғатына біраз көз жіберіп отырған Жанат енді автобус ішіне жағалай зер сала бастады.

Екінші қатардағы бет-аузын сақал мұрт басқан масаң еркек бық-сылқ етіп қалғып келеді. Қолындағы

бұлбұл құс қамалған темір торын бауырына қысқан беті аузынан сілекейі шұбыра түскен.

Жаңа ғана салонды әсем сазға бөлеп сайраған бұлбұл да бір сәтке иесімен қоса тынығайын дегендей кішкене белдеу ағашқа қонақтай қалыпты. Иесі болса автобустың жүріс ырғағымен теңселіп, кейде қолынан темір торды түсіріп ала жаздап келе жатыр. Мұндайда сол жақта отырған кішкене шоқша сақалды қара торы шүйкедей шал сүйеп қалады.

Бір кезде екпіндетіп келе жатқан автобус шатқалға кіре бере қатты толқып кетті. Қалғыған жолушы құлап түсе жаздап барып, қайта оңалып отырды.

Отсыз жанары өлеусіреген қызыл көзін бір нүктеге ойсыз қадап отырып, бір уақытта есіне әлде не түскендей қолындағы кішкене құсты айналдыра бастады. Сірә, бұлбұл әнін тындағысы келсе керек. Кішкене құс болса қырғи тигендей шыр-пыр болды да қалды. Темір торға қамалған әлсіз құс әлде кімнен көмек іздегендей аянышты дауыспен шиқылдайды. Мына жан түршігерлік оқиғаға автобус ішіндегі барлық жолаушылар көз тігіп, ұрпиісіп қалды. Анау елең етер емес, қолындағы ұзынша сым темірмен кішкене құсты шиқылдаған сайын өшіге түрткілейді. Темірмен шұқыған сайын құс қанатын қорғана сабалап, тордың төрт бұрышына кезек тығылады. Үлпілдек мамығы бұрқырап, қауырсыны ұша бастады.

— Қарағым, бекер әуре қыласың. Панасыз жәндік қой, обал болады, — деп сол жақта отырған шал аяныш білдіріп, тамағын кенеді.

— Шаруаң болмасын, — деді анау, тіпті оған назар аудармастан.

— Әй, өзің бір обал дегенді білмейтін не деген адамсың. Болды ғой енді, шырылдатып бейшараны. Тоқтат... Тоқтат деймін мен саған... Өзіңді сөйтіп жұлар ма еді шырылдатып.

Алдыңғы орында отырған мол денелі, адуын мінезді сары әйел біраз сөйлеп барып басылды. Анау оны да елең қылмады. Қайта өршелене түсті.

— Үйретемін мен бұл шүйкедейді. Бармақтай болып қасарысуын. Ал, сендер, жабыңдар ауыздарыңды, өңкей шуылдақтар. Мен бұл үшін ақша төлегенде алдыма осылай салып әлдилеп отыру үшін алды ғой дейсіңдер ме? Бұл маған сайрап береді әлі. Сайратамын. Сайрамайды екен — мойынын жұлып аламын...

Мылжыңға басқан мас жігіт әнші құсты базардан қалай сатып алғанын және қалай саудаласқанын біраз әңгімеледі.

Елдің бәрі қозғалақтап, бір-біріне қарасты. Гулеп сөйлесе бастады.

— Өлтіреді ғой мынау ...

— Қандай адам сатты екен мынаған...

— Е, ақша алса болды ғой ол саудагерлерге...

— Қап, мынаның қорлығын-ай.

— Бұлбұл ұстаған не теңі десейші...

Мас адамның жаң түршігерлік мына қимыл-әрекеттеріне отырған жұрт селт етіп, түксие қалысқанымен ешкімнің араша түсер түрі көрінбейді. Анау болса өз әрекетімен бола берді.

Мұның бәрі Жанатқа бір сұмдықтай болып елестеді.

Үлкендердің мына кішкене құсқа араша болмауын қарашы.

«Сұмдық қой, сұмдық! Мұндайды кім көрген?».

Бұлбұлдың аянышты үнмен шиқылдаған даусы Жанаттың жүрегіне шаншудай қадалып, өне бойы шымырлап кетті. Көңіліне әлдеқалай аяныш сезімі оралғанда көзіне жас үйірілетін. Бұл жолы көзіне жас келген жоқ, қайта ұшқын атқан жанарын анау масқа қадап, жанына жетіп барды. Тәмпіш танауының кішкене желбезектері желпілдеп кеткен.

— Босат қане, — деп торды жұлқылады.

Мас босатар емес.

— Шаруаң болмасын бала. Бұл құс менікі ме, менікі. Саған неге беремін? Өлсе — ақшасы төленген. Алғың келсе сатып ал, ақшаң болса, — деп қарқ-қарқ күледі. — Мә, ал, бағасы он-ақ сом. Жанат көп ойланып тұрмады. Орнына барып, жол қапшығын ашты да ішінен ораулы қағаз алып шықты. Ол қағаздың арасында бес сом бар екен.

— Мә, ақша, алыңыз,

— Жоқ, мен он сом сұрадым ғой. Он сом. Түсінесің бе? Бес сомға бола сөзді көбейтіп жатпай-ақ қояйық.

Бала аңтарылып тұрып қалды. Бұлардың іс-әрекеттерін манадан үнсіз бағып отырған сол жақтағы шүйкедей шал әмиянынан бір сом алып, балаға ұсынды. Сол-ақ екен автобус ішіндегі жолаушының барлығы да өзара күбірлесіп, бір-бір сомнан ұстата берді. Жанаттың қолына лезде бірталай ақша жиналып қалды. Жәбірленген құсты әйтеуір азат етуге бел буған жұртшылықтың мына қылығына Жанат таң қалған жоқ. Қолындағы дудыраған ақшаны мас еркектің қолына ұстата салып, торға қайта жармасты.

— Тоқта, құлыншақ, тоқта. Әуелі ақшаны санап, дұрыстап есептейік. Мүмкін әлі де толмайтын шығар.

Ол бір қолымен торды құшақтап отырып, ақшаны санап шықты.

— Он алты сом, — деді баппен санап, — Он алты сом. Жарайсың, қызым, жарайсың. Тіпті артығымен.

Оның не айтып, не қойғанын тыңдаған Жанат жоқ. Темір торды қолына алып, көңілі жай тауып, орнына барып отырды.

— Өркенің өссін, қарағым. Бақытты бол.

Баланың батылдығы мен шешімділігіне риза болысқан жолаушылар тағы да гулесіп кетті.

Осы кезде азаптан құтылған бұлбұл құс сайрап қоя берген еді. Оның төгілдірген әсем әні жас бүлдіршінге айтылған зор алғыстай сезілді.

Жолаушылар әлгіндегі қолайсыз оқиғадан арылып,

сұлу сазға бөленді. Әрқайсысы естірте және іштей Жанатқа деген алғысын жаудырып жатты.

БІР ШОҚ ГҮЛ

Қанша дегенмен де отыз жылға жуық отасқан жары ғой, Қазипа науқастанып, ауруханаға түскеннен бері Тарыбайдан тағат қалған. Жұмыс аяғы бітер-бітпестен үйге ұмтылады. Келе салып, кіші қызы Ғалияның дайындап қойған оны-мұнысын ала салып, ауруханаға жүгіреді.

Сол әдетімен бүгін де жұмыс аяғы таясымен тықырши бастаған.

Бірақ қырсыққандай енді шыға беремін дегенде стол үстіндегі қызыл телефон шыр етті.

Әуелде трубканы көтермей шығып кетпекші болды да: «Мүмкін Қазипа шығар», — деп қайта оралды. Кейде телефон соғып, қажеті болса айтып, «Ананы әкел, мынаны әкел» деп бұйрық беретіні бар еді.

Телефон соққан бастықтың өзі болып шықты. Жуырдағы бір мәліметтер туралы сұрап, келіп кетуін өтінді. Басқа біреу болса бетінен алып: «Ертең де күн бар емес пе?» — деп тойтарып тастар еді. Бастығы болған соң амалы жоқ, ұн-түнсіз айтқанына көнді. Күнделікті жұмысқа байланысты болмашы нәрсе. Дегенмен соның өзі біраз уақытты алып, Тарыбайдың ызасын келтірді. Сонда да сабыр сақтап, сұраған санын тауып беріп, жайландырды да, кабинеттен шықты.

Автобуспен ырғалып жүруге уақыт қалмаған соң таксиге жүгірді. Кезек онша көп емес екен. Оның есесіне асыққанда қарыс қадам жерге жету қияметке айналатына белгілі — такси келе қоймады. Мұндайда кез келгеннің жүйкеге тиетін әдеті. Кезегі жеткенде Тарыбайдың жүйкесі әбден жұқарып, терісіне симай тұрған. Осы кезде аңдып тұрғандай бір дудар бас, ала

жейделі, қараторы жігіт пайда болды. Қолындағы бір шоқ гүлі шошаң-шошаң етіп, Тарыбай отырмақшы болған таксиге жармаса кетті.

— Ағасы, менің кезегім.

— Қарағым-ау, есің дұрыс па? Жаңағы сары келіншектен соң мен тұрдым ғой. Сені көрсем көзім шықсын. Келгенің жаңа емес пе?

— Тууһ! Сізде сөз емес нәрсеге бола... «Кезегі бар еді» дей салсаңыз ештеңеңіз кете қоймас...

— Қой, қарағым, тайталаспа... Асығыспын...

— Ой, мен сізден де асығыспын.

— Қап, қасарысқан бір қу екенсің... Сен-ақ бар, су түбі құрдымға баратын болсаң да...

Дымы құрыған Тарыбай шеттей берді. Ана жігіт бұл кезде жүргізушінің жанындағы орынға отырып алған болатын. Бұлар солай тайталасып тұрғанда келген таксилер кейінгілерді мінгізіп алып жүріп кетіп жатыр.

Кезекте тұрғандардың:

— Озбырын қарашы өзінің!

— Қу жігіт екен жап-жас болып, — деген күңкілдері естілді.

Жүре берген машина қайта тоқтады.

— Сіз қайда барушы едіңіз? — деп сұрады кабинаның есігін ашып, басын қылтитқан жүргізуші.

— Микроауданға, одан соң ауруханаға.

— Онда мініңіз, — деді де жүргізуші орнына отырды. Сірә, ана жігіттен қайда баратынын сұраған болуы керек.

— Микроауданға болса, мені де ала кетіңіздер. Жолдан түсіп қаламын, — деп тағы бір жігіт жармасты.

«Осылар-ақ жармаспаса жүре алмайды екен», — деп Тарыбайдың оған да ызасы келді.

Такси зырлап келеді. Асыққан адамға ұшқан құстай самғаса да баяу көрінетін әдеті. Оның үстіне жүргізуші де жас жігіт екен, жанындағы гүл ұстаған дудар баспен шүйіркелесе түскен.

— Гүлің әдемі екен, — дейді таксист.

— Асығып жүріп қолыма іліккенін ала салдым. Қазір гүл де удай қымбат. Осының өзіне бес сомымды қағып алды.

— Соны да сөз деп. Қайта онша қымбат емес екен. Кейде бір шоқ гүлдің бағасы он сомға дейін барады.

— Сөз емес дейді. Бұдан артық қыра ма? Бүгін бірінші рет кездесуіміз болмағанда алмайтын да едім. Танысқанымызға көп болған жоқ. Өзі бір тамаша жақсы қыз. Қарсы болмаса мүмкін үйленетін де шығармыз.

«Кеше танысып — бүгін кездесуге шақырысасындар, ертең үйленіп — бүрсігүні айырылысасындар» деп кекеткісі келіп кетті. Аузын енді аша бергені сол еді:

— Осы жерге тоқтай қалыңыз, мен келдім, — деп соңғы мінген жігіт түсіп қалды.

— Кішкене жылдамырақ жүрсең етті, — деп кейістік білдірді Тарыбай орындыққа шалқайған беті.

Жылпылдақ жігіт таксистен бұрын жауап берді:

— Ағасы, жылдамдықтың шегі деген болады қалада. Бұл ауыл емес, одан асыруға болмайды.

Бірдеңе деп тастағысы келді де, ыза болғанда құрысып қалатын әдетімен тымырайып отыра берді. Жүргізуші жігіт те үндеген жоқ.

Драма театрының алдынан өте бере такси тағы тоқтады. Бұл жолы гүл ұстаған жігіт түсті. Есеп айырысып жатып жүргізушіге қарай еңкейген сәтте Тарыбай бес сомның гүл шоғына көз салды. Ұзынша келген екі жапырақ пен ортасындағы әппақ үш тал раушан гүлі. «Қазипаны ауруханадаи шығарып аларда осындай бір шоқ гүл алу керек екен. Ол гүлді ұнатады».

Театрдың бұрышын айнала бергенде сыртқа көз салды. Қызыл ала көйлегінің етегі самал желмен тербеліп кетіп бара жатқан қызға көзі түсті. «Япыр-ау, Ғалия емес пе?.. Жоқ, ол емес шығар. Қызым бұл уақытта мамасына ас дайындап қойып, мені күтіп отырушы еді ғой», — деп ойлады.

Қызы үйде болмай шықты. Күндегідей емес, ас дайындап қоймаған. Тек ауыз бөлмедегі стол үстіне асханадан әкелген екі-үш тоқаш пен пәрәмашты орап кетіпті. Асыққан болуы керек — сыртқы есіктің аузанда шашылған аяқ киімдерді де реттемеген.

Әкесі енді қайтіп ренжімесін. Институттың үшінші курсының студенті. Бала емес. Түске дейін сабағына барып келеді, түстен кейін не бітірді десейші. «Ананың көңілі — балада, баданың көңілі — далада» деген осы. Анасы болса бұларды бір минут есінен шығармайтын шығар. Үлкен қызы болса өз үй-ішімен өзі. Қазір қала сыртында тұрады. Тек демалыста ғана болмаса күнде қатысып тұруға мүмкіндіктері жоқ. Мына Ғалияның мұнысы не!? Ең болмаса шешесі ауырып жатқанда қолғабыс жасамай ма? «Ауруханаға кеткен шығар» дейін десе, онда мына алғандарын неге тастап кетеді? Осылай ойы он саққа жүгірген Тарыбай апыл-ғұпыл жиналып-теріліп, сыртқа қаңтарып келген таксимен ауруханаға жетті.

Науқасының беті бері қараған Қазипа біраздан бері басын көтеріп отыруға жараған. Алғашында зәрені біраз алған еді. Сол кезде Тарыбайдың жарғақ құлағы жастыққа тимей, түн ұйқысын төрт бөліп, жарының жанында болды. «Жаман айтпай — жақсы жоқ». Егер олай-пылай болып кетсе, өйтіп-бүйтіп күнін көрер-ау. Осы заманда күнін көре алмай жүрген жан жоқ. Бірақ Ғалияның болашағы үшін қатты қиналды. Анасыз қыздың күні не болмақ. Жетім қозы сияқты аңырап қалады ғой. Ана деген сол — үлкен қызының тойын дүркіретіп жасады. Жақын жуықтың бәрі жиналды. Екі жақтың адамы да риза болып тарқасты. Қазипа болмаса бұлай істеу мұның қолынан қайдан келе қойсын. Бәрінің ретін келтіре біледі. Іштей тілегі сол — ең болмаса Ғалия орын тапқанша аман болса екен. Қазипаның өзі тәуір бола бастағанша: «Ғалияның қызығын көріп кетсем арманым жоқ», — деп жиі айтып жатты.

Бүгін де анасы ең әуелі қызын сұрады:

— Ғалияш жүдеген жоқ па? Тамағын уақытымен ішіп жүр ме? Өзі неге келмеді жарығымның?

— Келеді ғой. Сабаққа дайындалуға кітапханаға кетті.

Өтірікке жоқ Тарыбай сөзінің аяғын күмілжіп барып, өзіне өзі сенімсіз аяқтады. Қапелімде мұндай сылтауды қалай тапқанын өзі де аңғармай қалды.

— Үйдің шаруасын екеулеп істеңдер. Бәрін өзі істеймін деп сабағын босаңсытып алып жүрер.

— Сондайлық не шаруа бар дейсің. Оған алаң болма. Сабағы жаман емес...

Дегенмен де ана жаны сезімтал. Әлденені сезген адам сияқты. Оның күнге тимей бозаң тартқан жүдеу жүзіне, нүр тайған жанарына назар сала алмай Тарыбай төменшіктей берді.

Біраз отырған соң қайтпақ болып орнынан тұрғанда да анасы қызын қайта-қайта тапсырып жатыр.

— Таңертең ұйықтап қалмасын. Сабағынан кешікпесін. Шайын ішкізіп жібер, сабақтан қайтқанша қарны ашады. — Одан соң бұрынғысынша жарының қамын да ойластырып, қамқор тілегін жасырған жоқ: — Өзің де тамағынды мезгілінде ішіп жүр. Жүдеп қаласың. Көйлегіңді жуғызып, киімдеріңді өтектетіп ал. «Әйелі ауырып еді, жүдеп кетті» деп жүрмесін. Үстібасыңа мұқият бол.

Палатадағы басқа әйелдер де оның сөзін қостап жатыр:

— Дұрыс қой, еркектерге айтып қоймаса ұмытып кетеді.

— Қайтсын енді, отыз жыл отасқан жары екен, біраз күн ауырғанда есінен қайтып шығарсын.

— Әйел деген сол — әне... ауырып жатса да балашағасын ойлап жатады.

Барлығымен қоштасып, тезірек сауығуларына тілек айтып, далаға шыққанда кеш қарая бастаған еді. Күздің

дымқыл ауасы денені тітіркендіргендей. Күні бойы көйлекшең жүрген Тарыбай даланың салқын тартқанын енді сезді. Сонда да үйге асыққан жоқ. Көңілі күндегісінен де жадау тартып, құлази түсті. Келесі аялдамаға дейін жаяу келді. "Ғалияшым тамақ әзірлеп қойып, қарап отырған шығар", — деген ой мазалап, автобусқа мінген. Бірақ ойлағанындай болмай шықты. Ғалия әлі келмеді. Аяқ киімдер баяғы беті жатыр. Сүрініп жығыла жаздады да, аттап өтіп барып, шам жақты. Өзінше жинастырған болды да, ауыз бөлмеге өтті. Тоңазытқышты ашып, ішінен бір бөлек ет алды. Не істерін білмей орнына қайта қойды. Келіп диванға қисайды. "Бүгін бір кері кеткен күн болды".

Көзі ілініп барады екен, есіктің қоңырауы шылдырағандай болды. Көзін ашып алып, біраз тыңдап жатты. Қоңырау естілмеді. Сонда да есікті ашып қарады. Ешкім жоқ екен. Ұйқысы ашылып кетті. Ештеңеге зауқы жоқ болса да, кешкі тамақ қамына кірісті. Өйткені Қазипа: "Тамағыңды уақытымен ішіп жүр қарның ашып қалмасын", — деп тұрған сияқты болды.

Саусағына пышақ та тиіп кетті, бармағын күйдіріп те алды. Бірдеңе қуырып, пісірген болды. Бірақ оны жеуге тәбеті шаппады. Бір-екі рет алып көрді. Әлде тұзы кем бе, әлде жөнді піспеді ме, болмаса бірінші рет жалғыз өзі отырып тамақтанғандікі ме, әйтеуір бірдене жетіспей тұрған сияқты болды. Стол басында отыра-отыра жалыққан соң қисайып жатып, қолына кітап алды. Оны да оқып береке тапқан жоқ, Ойына сан түрлі оқиға келді.

Сонау жылы үлкен қызы тұрмысқа шығарда да кеш келуді жиілетіп еді. Енді міне Ғалиясы да сол әдетті бастаған сияқты. Тегін жүріс емес. Сағаттың тілі жылжып-жылжып кетіп барады. Ол әлі жоқ.

Бір кезде есіктің қоңырауы шылдыр ете түсті. Тықыр еткен дыбысқа құлақ түріп жатқан Тарыбай тұра ұмтылды. Дәліздің шамың жағып, құлыпты аша бас-

тағанда біреу баспалдақпен тасыр-тұсыр төмен қарай тұра жүгірді. Сасып қалған Тарыбай:

— Бул кім? — деп оқыс дауыстап жіберген еді.

— Мен ғой, папа, — деп жарқын естілген қызының үні көңілін жайландырды.

— Жарағым-ау, осынша қайда жүрсің?

Тал бойына жарасқан әсем қызыл-ала көйлек киген қызы жайнаң қағып ішке кірді. Кенет Тарыбайдың көзі оның қолындағы бір шоқ гүлге түскенде түрі бұзылып тұрып қалды. Оны аңғарған Ғалия жоқ:

— Ой, папа, әлі ұйықтамаған екенсің ғой, — деді де аяғын жүре шешіп, қолындағы бір шоқ етіп ораған ұзынша келген екі жапырақ пен ортасындағы әппақ үш тал раушан гүлін төргі бөлмедегі вазаға салып жатты.

— Иә, иә, әлі ұйықтағам жоқ, — дей берді Тарыбай басқа ештеңе айта алмай теріс бұрылып.

Шын мәнінде жүрегі шымырлап, бүкіл денесінен жан кетіп қалған сияқты болып еді. Ақырын басып ұйықтайтын бөлмеге өткенде Ғалияның ыдыс-аяқты сылдырлатын жүргенін естіді.

— Қандай тәтті қуырдақ! Папа, сен тамақты тамаша пісіреді екенсің ғой, — деп тамақ іше отырып сөйлеп қояды.

"Қап, қарны ашып қалған екен-ау..."

Тарыбай түні бойы ұйықтаған жоқ.



ӘЗІЛ-СЫҚАҚ ӘНГІМЕЛЕР

ТӘПЕКТИҢ СӨЗІНЕ СЕНЕМ ДЕП...

Мен шылым да шекпеймін, "ақанды" да аузыма алмаймын. Дегенмен салқын сырамен ептеп шөл басытыным бар. Кейде көбігі аспанға атқан салқын сусынға аңсарым ауып, сыраhanaға келгенде темекенің ащы түтіні қолқамды қауып, көзден жас ағызатыны жайсыз тиіп-ақ жүр. Тобылғы торы сыраның белгісіз сиқыр күші мені сонда да баурап тұрады. Бір-екі сапты-аяғын дем алмай-ақ сіміріп алған соң ғана ащы түтінге көңіл аударып, жан-жағыма бажайлап қарап тұрғам. Сол-ақ екен жанымға келген дембелше жігіт:

— Темекенің жоқ па? — деп сұрады.

— Жоқ, — дедім мен, — темекі тартпаушы едім.

— Қиын екен, — деп бұрылып жүре берді.

— Несі қиын?

Ол тоқтады.

— Шылым шекпейтініңізді айтам. Өзі шылым шекпейтін адамның осындай жерде тұруы кімге оңай болсын. Бір кезде мен де тартпайтынмын. Үйреніп алдым.

Кенет бір ой ұшқыны менің де басымда жылт ете қалды. Жан-жағыма қарасам айнала тұрғандардың көпшілігінің аузында қызарған от көрінеді. Еміне сорып, рахаттанып отыр. Осылардың да бір кезде "үйреніп алғанына" көңілімде титтей шәк қалған жоқ.

Менің жанымнан бір орын босап еді, әлгі дембелше жігіт орналасып алды. Күні бойы сол орынның босауын күткен адам сияқты әлдекімнен сұрап алған темекісін сора түсіп шанияды. Өзі бір сөзшең екен. Аузы-аузына жұқпай сөйлеп отыр. Біраз мәселенің басын қайырды. Мен Төпекпен осылай таныстым. Әр нәрсені сөз етіп отырған Төпек темекі жайына тағы айналып соқты. Тап бір темекі тартудың төрт айлық курсың бітіргендей білгішсиді.

— Темекі тарту керек. Бұл жарықтықты қазір қыз-келіншектер де тартады. Қолға алсаңыз болды, опонай игеріп кетерсіз.

Төпектің "жарықтық" деуіне қарағанда темекінің үлкен қасиеті болуға тиіс-ау деп шамаладым. Түп-тура екен. Ойлағанымдай болды.

— Темекенің қасиеттері көп қой. Бір тал темекі тартсаң — көкірегің кеңіп, сарайың ашылып сала береді. Атап айтқанда: ұйқыны қуады, ашуды басады, басыңды жазады, нервінді түзейді...

Айтпақшы, бұдан басқа негізгі үш қасиеті бар. Керек болса соны айтып берейін.

— Айтыңыз, айтыңыз...

Бағанадан білгім келіп тұрғанымның өзі сол еді.

— Темекіні көп тартқан адамда үш қасиет пайда болады. Бірінші — ит қаппайды, екінші — үйіне ұры түспейді, үшінші — қартаймайды.

Екі қалтамды темекіге теңдеп алып үйге қарай аяндап келемін. Әлгінде Төпектен біраз "жаттығу" үйреніп едім, енді соны орындауым керек. Темекі тартуды үйреніп алуға әбден бел будым. Осыншама өнердең кенже қалғанымға іштей өкініп келемін.

Ана жылы көрші үйдегі шибарқыттан балағын шидей қылып шалбар киген Шектігүл де: "Шылым шекпейтін жігітті жаным сүймейді", — деп жанына жолатпап еді-ау. Сірә, темекінің қасиетін ол да жақсы білген екен ғой. Сондықтан да ит қаппайтын, үйіне

ұры түспейтін және қартаймайтын күйеуге тигісі келген. Міне, көрегендік деген осы да.

Әсемгүлімнің үйде жоқ болғаны мұндай жақсы болар ма. Демалыстан оралғанда мен оған сыйлық жасайтын болдым. Диванға қисая кетіп ал будақтатайын. Әуелде біраз қиқылдап, қиналғаныммен табандылықпен жасаған "жаттығуым" нәтижесіз болған жоқ.

Бір күні жұмыстан келісімен күндегі әдетімше көк түтінді бұрқыратып жатқам. Есіктің қоңырауы шыдырады. Ашсам — Әсемгүлім. Демалыстан қайтқанда дабырламай үн-түнсіз жетіп келетін әдеті. Қапсыра құшақтап алып, көк түтіннің арасымен айналдырып өкеттім.

— Мынау не көк түтін?

— Темекінің түтіні ғой.

— Оны кім тартты?

— Мен...

— Не дейсің? Не деп тұрсың-ей? Өзіңнің есің дұрыс па? Темекі тартқаның не болғаның? Ажалыңнан бұрын өлейін деп пе едің?

Қолымды итеріп тастаған Әсемгүлім есік-терезені ашып, үйдің ішін желдетіп жүр. Аузы тыным табар емес.

— Темекі тартқандар қоя алмай жүрсе, бұл өле алмай өлек екен ғой.

— Темекі пайдалы дейді ғой елдің бәрі...

— Кім айтты саған пайдалы деп? Қане айтшы?

Төпек айтты.

— Төпегің кім еді, масқара-ау?

Мен болған жайды, темекінің қасиеттерін айтып бердім. Сол-ақ екен Әсемгүлім ішегі қатқанша күлді дерсің. Не істерімді білмей қалдым. Есім шыға бастағанда өзінің тілге келгені жақсы болды.

— Қожанасырдың сарқытын ішкен аңқауым-ау. Сөйтіп елдің алдауына түсесің де жеүресің. Білмейсің бе — тыңда. Мен саған түсіндіріп берейін. Темекіші

адамды ит қаппайтыны рас. Өйткені ол тез қартайды да, белі бүгіліп қолына таяқ ұстайды. Таяқ ұстаған адамды ит қаппайды. Ұры түспейді дегені де дұрыс. Шылымды шеге-шеге тесік өкпе-көксау болған адам түнімен жөтеледі. Адам жөтеліп жатса әлі ұйықтамаған екен деп ұры қорқады. Ал шылымшы адам ана дүниеге ертерек аттанады. Қартаймайды деген сол. Түсіндің бе, миқұла, кеңсе?.. Мұны Тәпек емес, халық айтқан ертеде-ақ. Соны жаңа естідің бе?

Төбе-құйқам шымырлап кетті. Енді шамалыдан соң о дүниелік болып кете жаздаған адам сияқтымын. Үрпиіп отырмын. Әсемгүлім болса әлі сөйлеп жүр. Жаңағыдай емес бірте-бірте дауыс ырғағы қатайып, екпіні үдеп барады. Жалынып-жалпайып, аңт су ішіп әрең қойғыздым.

Содан бері Әсемгүлге берген аңтымды әлі бұзған емеспін. Темекі көрсем теріс айналам.

ДӘМЕ

Егінжайдың ортасында ұзын сирағы сидиып, маңғаз тұрған тырнаны көргенде келе жатқан жолаушылар тоқтаған машинадан түсе-түсе қалысты.

— Мергенмін, — деп жолшыбай мақтанып келе жатқан Дөдеге мылтығын ыңғайлағанша артқы орындықта отырған Сәнеке қуанышын жасыра алмай:

— Тырнаның егін бірінші рет жейін деп отырмын, деп сілекейін жұтынды.

Сол-ақ екен әлгі тырна қанатын бір-екі қағып, әрмен қарай қалықтай жөнелді. Дөң аса беріп "Хош болыңдар!" дегендей жалғыз рет "Тырау" деді.

— Жедің атаңның басын! — деді ашуға булыққан Дөдеге. Қап-қара болып түтігіп, тұрған жеріне отыра кетті.

СЫЙЛЫҚ

Бүгін менің туған күнім. Кейбір сәтте есіктің қоңырауы мен екі иығы дір-дір етіп, қара телефон қатар шырылдағанда қайсысына жүгірерімді білмей қалатын сәттерім де бар. Келіп жатқан достарым құлағымнан жұлқыса, келіншегі бетімнен сүйіп, есімді тандырады. Дүниеде беттен сүйгенді жаным жек көретін басым, ерін тиген жерді жеңіммен сүртіп тастап шапқылап жүрмін. Ә, дегенше құшағым гүлге толды да қалды.

Бір кезде Тәпек құлағымнан аямай-ақ жұлқыды.

— Нешеге келдің-ей, сұр бойдақ? Сонша рет жұлқыын. Түбімен қоса жұлып алайын ба осы, қалқиған жарғағыңды.

— Қой, ойбай! Кейін тағы керек болады. Келесі жылы да туған күн өткізбеймін бе?

— Кел, ұзынтұра. Еңкеймесең менің бойым жетер емес, — деп Тәпектің бәкене келіншегі Төлжан зорлап еңкейтіп, бетімнен сүйді де: — Сорайып жүріп құр қаласын ғой қыздардан. Мына гүлдей жайнай бер, сондай үлбіреген әдемі қыздың біріне құрық сал. Ал, бұл әзірше ғана. Саспа, сувенирің қазір болады. Қыздар әкеле жатыр, — деп аяқтады сөзін.

— Рахмет, рахмет, — дедім мен де өзімше ізет білдіріп. Алғанды кім жек көрсін.

Сөйткенше болған жоқ, есіктен апыр-топыр үш-төрт қыз келіп кірді. Сірә, әлгі айтқан сыйлықтарын әкелген болса керек:

— Кәне, Мурлик, көзіңді жұм, — деп ду ете түсті. Мен айтқандарын істедім.

— Көзіңді аш.

Аштым. Өз көзіме өзім сенер емеспін...

Не деп ойлайсыңдар ғой? Топатай деген қыз бір кішкентай тақыр жүнді қанден итті ұстап тұр. Ал, Закилаш болса бір мысықты алдыма көлденең алып

келді. Қалелімде не дерімді білмей, ауызыма сөз түспей, аңқиып тұрып қалдым. Менің бұл тұрысымды қыздар өзінше түсініп, қуанғанымнан не дерін білмей қалды деп ойласа керек.

— Ал, ал. Бұл саған әкелген біздің сувениріміз, — деп шу ете түсті қыздар.

Мен қолыма ала қоймаған соң Топатай қанденді жерге түсірді. Сол-ақ екен шолық құйрық кішкентай қанден артқы екі аяғымен секіріп билеп, елдің шек-сілесін қатырды.

Зәкилаш мысығын жерге түсіріп еді, ол құйрығын тіке шаншып, итке қарай ысылдады да диванның астына кіріп кетті. Сәрі, бөтен үйді жатырқаған болса керек.

Екі қыз өздері әкелген "товарларын" жер-көкке сыйғызбай мақтап жатыр.

— Базарға барсақ, — дейді Топатай, мына ит билеп тұр екен. Маған ұнағаны сондай: "Осы итті алайық" дедім Зақаға. Ол дереу келісе кетті. Өйткені маған ұнаған нәрсенің барлығы да Муркаға ұнайтынын ол біледі ғой. Солай емес пе, Зақа? (Закилаш мақұлдағандай болып басын изеді). Ал, мына мысықты Заканың өзі таңдады. Ғажап емес пе, а, достар, айтындаршы? Қандай тамаша сыйлық! Сыйлық дегеннің өзі де осындай оригинальней болуы керек қой. Мұндай затты ешкім де ойлап таба бермесе керек.

Өзіме де обал жоқ. Жай жүрмей осы Топатайдың үйіне барғанда итін мақтап жөнелетін әдетім бар. Менікі «Иесіне жағамын десең — итін мақта» дегеннің кері. Кейде қыз алдында сөз таба алмай қысылған шақта «Жұлдыз бен Айды мақтайтын» — жігіттеріміз ғой. Бірде басқа сөз таба алмасам керек Топатайдың «Васька» атты сабалақ кішкене қанден итін өлтіре мақтаймын деп өкпелетіп алғаным бар.

— Сенің итің қандай тамаша ақылды. Менің осындай бір итім болса шіркін. Осы «Васькамен» ойнаған

сайын көңілім бір сергіп қалады, — деп едім ол шарт та шұрт ашуланып қалғаны. — Ә, сен мен үшін емес, мына ит үшін келеді екенсің ғой осы үйге. Менің көңіліме қарамайсың, ө? Шық, ойбай, үйден шық!

Бірақ шық дегенге мен шығамын ба? Тұрған жерімнен тыбыр етіп қозғалғам жоқ. Ыза болған қыз отыра қалып жылай бастады. Мен не істерімді білмей састым. Артынша өзіме-өзім келіп, оны жұбата бастадым. Жанына отырып, бетінен, ернінен, сор татыған көзінен сүйдім. Сол-ақ екен Васька да алдына секіріп шығып, қыздың беті-көзін жалай бастады. Итінің бұл қылығына риза болып кетсе керек:

— Ой, біздің Васька шынында да ақылды, — деді ол жылауын қойып. Сөйтіп, біз екеулеп, жылаған қызды зорға жұбаттық.

Міне, сонымен, менің өзім де жеке бір итке ие болып отырмын. Сірә, Топатай менің осындай «нәзік жындылығымды» ескерген болса керек.

Стол басына жайғастық. Сөзді бірінші болып Тәпек алды. Ол жуан қарынымен столды төңкеріп кетердей болып орнынан түрегелді де:

— Стакандарыңызды араққа толтырыңыздар, — деді.

Біз толтырдық.

— Ендеше ұстаңдар.

Ұстадық.

— Айтсаңшы, айтатыныңды көп сызылмай. Бізге бұйырып-ақ біттің ғой өзің, — деп Төлжан оны түйреп өтті.

— Айтсам — сол...

Бірақ Тәпек сөзін айта алған жоқ. Үйдің іші астанкестен болды да кетті. Сірә, ойыншыл қанден тарғыл мысыққа тиісті-ау деймін. Ойын көтеретін ана мысық па? Бұрын итке үйренбеген болса керек, лездің арасында кішкене қанденді шикандай қылып талады да тастады. Ашушаң неме екен.

Қыздар маған тығылды. Қарны кебежедей болып Төпек Төлжанның артына тығылды. Мен екі мақұлықты зорға дегенде ажыратып алдым.

— Қап, бет-аузын қанатып тастағанын қарашы, — деді қыздардың бірі тұрып.

— Қанаса оған жолауға болмайды. Мүмкін құтырған шығар, дәрігерге көрсету керек, — деді енді бірі.

Сол-ақ екен жұрттың бәрі орындарынан қопарыла көтерілді. Сірә, өлгі сөз үрей тудырса керек.

Тілек айтусыз, арақ ішусіз қалды. Итке бір, мысыққа бір қарап, ортасында жаудырап, жасаулы дастарханның жанында мен қалдым.



А У Д А Р М А Л А Р

Юрий СКВОРЦОВ,
чуваш жазушысы

БІЗҚҰЙРЫҚ ҮЙРЕК — ҮЙ ҚҰСЫ (Әңгіме)

Бізбұйрық әсем құс емес еді. Құйрығы селдір, тура қыл елек сияқты сирек, әрі үнемі шошандап тұрады. Бояуы да қанық емес — қара қошқыл белгісіз бір түр, жуылмаған сатпаққа ұқсайды. Соған қарамастан оның бір досы болды...

Наурыздың сырғымалы күндерінің бірінде Бізқұйрық өзінің тұрақты баспанасы — атқорадан шығып, қар үстінде жалғыз аяғымен біраз тұруға батылы барды. Бірақ суық оның батылдығын тез қайтарды — көп ұзамай екі аяғын бауырына басып, тұмсығын қанатының астына тығып, отырып қалды. Құйрығы әдеттегідей шошаң-шошаң еткен сайын атқорада жабысқан сабан мен шөп қиқымдары ұшып түседі. Осылай көңілі жай тапқан Бізқұйрық кірмейтін жері жоқ тауықтардың қылығын қызыға бақылай бастады. Міне, олардың бірнешеуі ағашқа қонақтағандай сиырдың арқасына жайғасып алып, Бізқұйрық сияқты емес — аяқтары жылы жерде, ештеңеден алаңсыз қалғып отыр. Олар сиырдың үстінде ұйықтайтын болуы керек, өйткені таңертең сиырға мініп шыққанын Бізқұйрық сан рет көрген. Иә, не дері бар, сенімді «көлік», олар өзінің осындай жағдайын мақтан етеді, тек

үй иесі әйел Бізқұйрыққа тамақ алып шыққанда ғана илігеді. Оларда ұят жоқ мұның тұмсығының астындағы ең дәмдісіне жармасатыны бар. Бізқұйрық тістелеп қорқытпақ болады, оған қайда, олар көп, бірін қуса, екіншісі мына жақтан ала қашады да, әртаман жүгіріп барып, жұтады-ай, жұтады — тіпті қақалмайды. Бізқұйрық тамаққа қайта ұмтылады, содан сиырдың бірі келіп, астауға жып-жылтыр суық тұмсығын тыққанша қалғанқұтқанды теріп жейді. Оны тістеуге, тіпті ренжуге Бізқұйрықтың батылы жетпейді. Сиырмен таласпай-ақ астаудан аулаққа кетіп, қардан бір асап — шөл басады да, қайтадан бұрынғы қалпынша тұра береді. Міне, бүгін де ол аздап жүрек жалғады, оның досы Ақтұмсық та не аш емес, не тоқ емес мұның қасына ілесті. Не істесін: кім озбыр және күшті, соныкі дұрыс...

Бізқұйрық қақпаның жиегіне, кәрі талдың бұтақтарына ұзақтай тізіліп, жансыз қуыршықтай болып, қозғалмай отырған торғайларға қарады. Олардың көптігі сондай, бұтақ қап-қара боп көрінеді. Бір ғажабы: ұзактардың барлығы бірдей желге қарап — басын оңтүстікке, құйрығын солтүстікке қаратып отыр...

Кенет қалай қалғып кеткенін Бізқұйрықтың өзі де байқамай қалды, ол тіпті бір тәтті түс те көрді. Кенет мылтық даусындай тарсылдан барылдай оянып, атып тұрды. Қорқыныштан ес жиғанда Бізқұйрық бұл тек үй төбесінен ұшып шыққан көгершін екенін көрді. Өзіне-өзі келіп, қайтадан қалғығанда сол түсті қайта көрді...

Айнала орманды, қамысты, балық оты өскен үлкен көл екен. Онда алтын аққудай күн сәулесі шомылуда... Су бетінде жиренішті ызындап масалар ұшуда.

Бізқұйрық өңінде мұндай көлді өмірі көрген емес. Иә, онда өмір дейтін өмір де жоқ! Ол жарық дүниеге барлы-жоғы өткен жылы ғана осындай бір деревняда, дәл осындай бір үйде — ағаш төсек астындағы тал шыбығы-

нан тоқыған себет ішінде келді. Бірде тоқыма ұядан еденге құлап түсіп, әрі қорқынышты, әрі ауырсынғаннан есін көпке дейін жия алмағанын Бізқұйрық әлі ұмытқан жоқ. Сонсоң жаны қыла ұшына келіп қорқудың не екенін, әсіресе, өткен күзде, олардың үйректер тобы күн сайын көз алдында азая бастаған шақта тағы бір рет басынан өткеруге тура келді. Екеуі ғана қалғанша иесі оның сінділері мен бауырларын белгісіз бір жаққа апарып тастап жүрді. Бұларды да жақсылық күтіп тұрған жоқ еді: күндердің күнінде иесі екі үйректі де қапқа салып, бастарын сыртқа шығарып байлап, арбаның үстіне тастады да, бір жаққа ала жөнелді. Арбаның соңында аяғын сылбыр басқан байлаулы сиыр келеді, ал бұлардың жанында, арбадағы қапқа салынған сарғыш торай өжеттене шыңғырады. Қаптың аузы мықтап байланғандықтан оған онша қолайлы емес сияқты, торай ұмтылып, сыртқа шықпаққа жанталасады. Ақырында ол қабымен қоса арбадан аунап түсіп, шыңғырғаны сондай, бізқұйрықтың зәресі ұшқандықтан қауырсындары үрпип кетті.

Ақырында олар белгісіз бір дәмді иіс шыққан биік дуалдың жанына келіп тоқтады. Байқауынша жылқыға бұл иіс жақпайтын болуы керек, ат үркіп, осқырып, пысқырынды. Бірақ иесі оны баратын жағына қарай жүруге күшпен көндірді...

Мұның бәрінің не екенін Бізқұйрық артынан түсінді. Сөйтсе, оларды базарға әкелген екен, иесі оны киімінен шаң мен ұнның иісі шыққан бөтен адамға сатып жіберді. Ол адам бізқұйрықты бөтен және танымайтын еркек үйрек отырған себетке салды да, бетін қаппен жауып, осында, міне, мына атқораға алып келді. Тек осында келген соң Бізқұйрық атқораның қабырғасындағы кішкене терезеден түскен әлсіз жарықта өзінің серіктесіне барлай қарай бастады. Ол аздап ірілеу, елтеп бұдан биік, бояуы да қара қоңырлау, ал оның басы түп-тура қасқа бас адамдікіндей, көгілдір

түспен жылтырайды. Беті ақ, бауыры ақшыл, ал жемсауы және екі қанатының ұшы қою жасыл жібектей құлпырады. Тұмсығында ақ таңба көрінеді, сондықтан үй иелері оны Ақтұмсық деп атады. Ақтұмсықтың өзінен әдемі екендігін мойындау Бізқұйрыққа оңай болған жоқ. Ол Бізқұйрыққа бірден ұнады. Шын мәнінде оның сықырлаған даусы аздап ызасын да келтірді. Ақтұмсық та Бізқұйрықты достықпен қабылдады. Бір сөзбен айтқанда көңілдерінен шыққан таныстықтан соң олар қатарласа отырды. Ұйықтағанда да олар бастарын бұрып, алтындай жылт-жылт еткен жанарларымен бір-біріне қарап қояды. Олар араздаспай және бір-бірін ренжітпей бір ыдыстан тамақ ішіп жүрді.

Дегенмен осыдан үш күн бұрын олардың арасында алғашқы араздық басталды. Қыс бойы қамқоршы болып, тып-тыныш жүрген Ақтұмсық кенет Бізқұйрыққа сүйкене келіп отырды да, Бізқұйрық бұрын-соңды естімеген өлде не туралы жылдам-жылдам айта бастады. Ол құмарлана ұзақ сөйледі, мұның өзі Бізқұйрықтың жемсауын рақаттандыра қысып өтіп, бұлдыр тұмандай басын айналдырды. Өміріндегі осындай бір бақытты сәтте кенет Ақтұмсық мұны шекесінен шоқып қалды. Бізқұйрық ештеңе ойланбастан өзің-өзі қорғау әрекетімен жауап берді — ол да Ақтұмсықты көзден ауырта түртіп өтті... Анау көзін ауырсына жыпылықтатып, төбелесқор құрбысына ренішпен теріс айналды. Келесі күні Ақтұмсық онымен қатарласа отырмады, Бізқұйрықпен бір ыдыстан тамақ ішпеді. Ол жүні үршіп, ауырған көзін мамығына тығып, жеке отырды. Бұрышқа барып жеке ұйықтады.

Бізқұйрық күн сайын жылына түскен көктем күнінің шуағында маужырап, қалғып отырған шағында ойламаған жерден жанына Ақтұмсық жетіп келді. Ол үш күн бұрынғыдай қызулана айқайлап, тіпті одан да қызулы және сондағыдан да түсініксіз сөйлөй бастады. Соған қарап үш күн бұрын Бізқұйрықтың көзін

ауырта шоқып алған жоқ, тек бетінен наздана өпкен еді деп ойлауға боларлық. Бізқұйрықтың басы қайтадан айналып, белгісіз бір бақыттың өсерінен кеудесінде сәуле ойнады...

Олар әлде не туралы әңгімелесіп, атқораға кіріп кетті. Таңертең де аулаға қатарласа шықты.

Күн нұрын көңілдегідей төгіп тұр. Тіпті тоңғақ тауықтардың өзі сиыр «көліктерін» тастап, аулада жүгіріп жүр. Төбенің жиегіндегі сүңгілер өткір пышақпен қиып жібергендей құлап түседі. Бір сөзбен айтқанда көктемнің көңілді, шуақты күні еді. Бізқұйрық пен Ақтұмсықтың көңіл күйлері де дәл сондай. Ауланы айнала жүгіріп өтті де, олар қар суынан іркілген қақ жанына тоқтап, бір-біріне су шаша қанаттарын қағып, тұмсықтарын тақылдатысты. Олардың маңында үйректердің қимылына еліктеп, ұйпаланған торғай әлекке түсіп жатты.

Келесі күні бұрынғыдан да әсем және жылы болды да мұндай күндер біріне-бірі жалғасып, тізбектеле берді. Көп ұзамай көктемнің алғашқы әні — орманда қыстап қалған көк құстың шықылығы естілді. Нағыз көктем келді. Көктеммен бірге Бізқұйрықтың да көңілі әлі мәлімсіз, бірақ толқымалы да, қуанышты сезімге толды. Күндердің күнінде олар Ақтұмсықпен екеуі әдеттегіше сыртқа шыққанда бұл сезімнің оны толқытқаны сондай, Бізқұйрықты қуаныш қана емес, қорқыныш пен үрей де биледі. Ол шыдамсыздана шалғынға жүгіріп барды да, ақырында белгісіз бір қатерден қорғаныш іздегендей табалдырықтың астына кіріп кетті. Еш жерден баспана таппай қайтадан сыртқа жүгіріп шығып, Ақтұмсыққа барды да, ақыл сұрап кеңесті. Анау қақ суын алаңсыз шалпылдатқан беті бұған: «Өзің шеш, өзің шеш...» — деп немқұрайды мінгірледі. Содан Бізқұйрық теңселе басып көшені жылдам кесіп өтіп, бөтен атқораға кіріп кетті. Табиғаттың күшіне қарсы тұруға шамасы жетпей, үй иесі шашып алған

бір шөкім сабанның үстіне отыра кетіп еді, көп ұзамай астында жұп-жұмыр бірдене жатқанын сезді... Жүрегі шымшып Бізқұйрық бір сәтке көзі ілініп кетті. Міне, ол астына тұмсығын ешпен тығып, баға жеткісіз жүгін байқап көрді де, орнынан тұрып, оны сабанмен, мамықпен, өзінің қанатының астынан жұлып алған қауырсынмен бүркей жапты. Үяның үстінде біраз тұрды да, одан ептеп түсіп, құпиямды біреу-міреу байқап қалған жоқ па екен дегендей жан-жағына барлай қарады. Маңай жазық еді, көңілі жайлана, рахаттанған ол кездейсоқ қатерге ұшырамайын деп, жан-жағына қарап қойып, сыртқа беттеді. Ал, жөппелдемеде салынған ұяда, сирек бүркеменің астында ақшыл-жасыл жұмыртқа қалды.

Бізқұйрық өзінің шексіз қуанышын досына жеткізуге асықты. Ол Ақтұмсықты сол орнында, бұрынғысынша қақ суына шомылып жатқан жерінде тапты. Оның құлағына үйіп-төге ұзақ бірдеңені қызулана айтып, Бізқұйрық мойнын бірнеше рет созып, бірнеше рет ішіне тықты, басын атқора жаққа бұрып, Ақтұмсықты шақырды. Ақырында ол құрбысының не айтпақ болғанын түсінген болуы керек, теңселе басып соңынан ерді. Бізқұйрық болса желқайықтай есіп келеді. Атқораға дейін жүгіріп келді де, сабан шашылған жалғызаяқ жолдың үстіне тұра қалып, жан-жағына қарады. Күмәнді ештеңе байқалмаған соң табалдырықтың астына ұмтылды, бірақ іле-шала қайта жүгіріп шығып, мазасыздана барылдап, соқпақпен ерсілі-қарсылы жүре бастады. Содан соң қарауылшының үйшігін айналып өтті де, қайтадан барылдап, соқпаққа қайта оралды. Сабан шашылған бұрынғы орынға жетіп тоқтады да, жол жиегінде жатқан қарға барып отырды. Ақтұмсық оның маңында тұрып-тұрып, жанына қатарласа келіп жайғасты. Олар осылай ұзақ отырды, тіпті қалғып та кетті. Бірінші болып Ақтұмсық оянды. Ол барылдап, әуелі оң қанатын қомдап, сол аяғын созды, одан соң оң аяғын созып, екі қанатын жайып жіберді де, баппайымен тұрып, қанат-

тарын қатты-қатты қақты. Досының ісін Бізқұйрық та қайталады, оның қанаттарын өзеурей қаққаны сондай, тіпті жерден көтеріліп, көз көрмес қиырға ұшып кетердей көрінді. Міне, құстар жайланды да, атқораны айналып өтуге беттеді. Бұларды биіктен көріп отырған үй төбесіндегі ұзақ бар даусымен қарқылдап, өзіне-өзі риза кейіпшен тұмсығын сабанға сұртті де, ұшып кетті. Егер Бізқұйрық оның соңынан қарағанда құстың тырнағынан ақшыл-жасыл бірдененің жерге қарай жеп-жеңіл домалап түскенін сөзсіз көретін еді. Бұл Бізқұйрықтың алғашқы жұмыртқасының қабығы болатын.

II

Бәрібір Бізқұйрық атқораға тағы келді. Бұл жолы ол төңкерілген шананың астына жұмыртқалады. Жаңа ұядан шыққаны сол еді, барылдауықты бағанадан байқап тұрған атшы шананың астына еңкейді де, әлі жыпжылы жұмыртқаны қалтасына салып алып Бізқұйрыққа көз салмастан адымдай басып жүріп кетті. Бұдан соң Бізқұйрық біреудің ескі қорасына барып жұмыртқалап жүрді. Бірақ бұл келген сайын ұя бос тұратын. Көп ұзамай ол жұмыртқасын кім ұрлап жүргенін білді. Бір күні Бізқұйрық ұядан түсіп үлгергенше болған жоқ егеуқұйрықтан аз-ақ үлкен бір жіп-жінішке және ұзынша келген аң тура бұған жетіп келді де, сүйір тұмсығын астына тығып жіберді. Бізқұйрық зәресі кете барқ етті де, алды-артына қарамай қаша жөнелді.

Қазір ол қай жерге, қанша жұмыртқа салғанын ұмытып та қалды. Иесі оған ашуланып, тәулік бойы қорадан шығармай жауып қоятын болды. Бізқұйрық қамауда да жұмыртқалады. Сөйтпін жүргенде балапан бастың кез келді. Бізқұйрық болса, соңғы рет жұмыртқалаған соң қожасы себетімен қоса үйге кіргізгенше орнынан тұрған жоқ. Мұнда әкелген соң Бізқұйрықтың

астына тағы бірнеше жұмыртқа салды. Сөйтіп бұл оларды шыдамдылықпен басуға кірісті.

Екі, кейде үш тәулік бойы Бізқұйрық ұясынан тұрмайтын. Тамағы құрғап, ыстыққа шыдамаған шақтарында ғана ол аулаға асыға жүгіріп шығып, үй иесі әйелінің дайындап қойған ұнтақ қиқымдарын асап-асап, тамағына тығылғанда су құйылған астауға ұмтылады. Тек осы жерде өзіне-өзі келеді де, шөлін еркін қандырмстан үйге жүгіреді. Кейде иесі тамақ пен суды ұяның жанына өкеліп қояды да, Бізқұйрық апта бойы орнынан тұрмайды.

Жып-жылы, шуақты күндердің бірінде Бізқұйрық дүниенің бәрін бір сәтке ұмытып, қанатын қақты да, дуалдан ұшып өтіп, тоғанға қарай ұмтылды. Жалпақ табанымен есіп, су бетінде шаңғыдай сырғып келе жатқанда есі кіргендей болды. Сол кезде Ақтұмсықты көрді... Сондағы шаттықта, аһылау мен үһілеуде, мейірлене қаңқылдау мен барылдауда шек болсайшы! Олар мойындарын созысып, бір-бірімен тұмсықтарын түйістіріп, алаңсыз қауқылдасты. Содан соң біресе бірге, біресе кезектесе сүңги бастады. Сөйтіп, Бізқұйрық өзінің ұясының суып қалғанын жарты сағаттай, уақыт өткенде, тіпті одан да көптен соң барып есіне алды. Жағаға жанталаса жүзіп шығып, алаңсарлығы үшін өзін-өзі жазғырғандай жиі-жиі мазасыздана барылап, үйге қарай жүгірді.

Мүмкін, өзінің сол бір тоғанға барған қырсықты күнінің есесін қайтарды ма — үш күн бойы ұядан тұрмады. Бізқұйрық өте қатты жүдеп кетті. Денесі күйіп-жанады — суға шомылған соң ауырып қалған жоқ па екен? Ал жұмыртқасы оттай ысып, бауырын күйдіріп барады. Тіпті шыдамаған кезінде ол ұясында екі аяғын кезек көтеріп тұрады немесе олар қатты қызып кетпес үшін тұмсығымен аударыстырып қояды.

Міне, көптен күткен, көңіл толқытатын күн де келді... Бізқұйрық жұмыртқаның ішіндегі ақырын тырсылды

анық естіді. Сол күні иесінің үй толы қонақ шақырмасы бар ма!.. Аяқ дыбысы басылып, стол басы тарқағанда Бізқұйрық қанша тыңдағанымен жұмыртқаның жартысынан астамына күткен дыбысты ести алмады. Оның есесіне Бізқұйрықты қуанышқа кенелтіп, төрт балапан бірден жарып шықты. Бірақ оның қуанышы ұзаққа бармады — иесі анасының таптап тастауынан қорқып, кішкентай мамық домалақтарды басқа себетке салып қойды.

Бізқұйрық суып қалған жұмыртқаларды төрт күн басқанымен еш нәтиже шықпады, ол ақыры үмітпен күткен тықылды ести алмады. Тең иесі себеттегі барлық жұмыртқаны алып қойған соң ұядан түрды.

— Иә, қонақтар тәуір-ақ билеген екен, үйректің балапандары содан өліп қалған болуы керек, — деп екі жұмыртқаны жарып, ішінде өліп қалған балапандарды көрген иесі қамыға сөйледі. Бізқұйрық жұмыртқаны көрінген жерге сала берген соң иесінің жалғыз қамап қойғандығы да әсер еткен болуы керек — қалған жұмыртқаларды шел басып кетіпті.

Ал Бізқұйрық үшін осы төрт шөкімдей мамықтың өзі үлкен бақыт болды. Оларды қанатының астынан бір минут та шығармай күндіз-түні тырп етпей отыруға бар. Жұдырықтай үйректер сүтке үгітілген нан қиқымы бар табақты шалағай тақылдатқанын бір көзімен қарап масаттанса, екінші көзімен мамықтарына қауіпті ештеңе жоқ па екен деп маңайды қырағы қараумен болады. Тіпті иесінің өзі келіп су құйып, жем шашқан кезде де «жауына» ашулана пысылдайды. Ал көзінің қарашығындай балапандарына тақамақ болған мысықтың сазайын қалай тартқызғанын көрсеңіз! Сол күннен бастап мысық үйге кіруге бата алмай ауыздағы табалдырықта отырады. Бірақ сәтін күтіп жасыл көздерін есі кірмеген балапандардан аудармай бақылайтын. Ол Бізқұйрықтың да, оның сары ауыз балапандарының да қажеті жоқ, бұған бәрібір сияқты түр

көрсетті, балапандарының бірі бұған қарай талтаңдай басқанда бұл тіпті өзін-өзі күштеп есінеп те қойды. Дегенмен ол Бізқұйрықтан қорқатын. Бізқұйрықтың ештеңе ішкісі де, жегісі де келмеді — тұңғыш рет ана болудан артық бақыт жоқ еді.

Бірнеше күннен соң иесі Бізқұйрықты шөжелерімен қоса аулаға шығарды. Өзінің шағын әулетін көргенде Ақтұмсықтың қуанғаны сондай, Бізқұйрықты айнала билей жөнелді. Әрине, ол ес-тұсы қалмай құлағанша билей жөнелген жоқ, чуваш қыздары сияқты аяғын сүйрете басып, құрбысын байышпен айналып өтті. Содан соң бір орында екі аяғына салмағын кезек салып тұра қалып Бізқұйрыққа, балапандарына мойнын мейірлене иді... Осы сәтте Ақтұмсық өзінің еркін «артистігімен» — аяқ тебісімен, биімен, қимылымен өзін-өзі ақтамақшы болған, сахнада даусы қарлыққан эстрада әншісіне ұқсайтын еді... Ақтұмсықпен кездескеніне Бізқұйрық та қатты қуанды. Міне, екеуі қуаныштарын қосыла айтысып, бір-біріне мойындарын созысып, балапандарына мейірлерін төге барылдасып, қандай да болмасын қырсық пен шабуылдан қорғауға дайын еді. Ақтұмсық тіпті өзінің қандай батыл және ержүрек екенін көрсетіп те берді: иесіне жүгіріп келіп ысылдады, одан соң қоршаудың жанында секектеп жүрген кінәсіз торғайды қорқытты. Тобына оралып, өз тілінде бәрі орнында еш қауіп жоқ екенін хабарлап, Бізқұйрық екеуі шөжелерін жаңа көктеген шырынды, жұмсақ, тез тойдыратын жасыл шөпті жұлып жеуге үйрете бастады. Ақылсыз балапандар екі аяғын жерге тіреп алып, жасыл жапырақтарды тістеп бар күшімен тартады да, кенет үзіліп кеткенде жұмсақ құйрықтарымен отыра кетеді. Кейде шалқасынан түседі де, тұрмақ болып, бұлқынады-ай келіп.

Бірнеше күннен кейін Бізқұйрық пен Ақтұмсық балапандарын деревня сыртындағы орманның жанындағы тоғайға алып барды. Бізқұйрықтың әмір еткені

сол еді, балапандар қорықпай суға секіріп-секіріп кетті. Күн желсіз, жып-жылы, тоған бетінде ұсақ-ұсақ толқын бұйраланып көрінеді. Дегенмен Бізқұйрық пен Ақтұмсық сақтық жасап, шөжелеріне тоғанның ортасына таман жүзуге рұқсат етпеді. Оларды жағаға қарай қайырып жүргені де сондықтан болуы керек. Өздері су бетінде дір-дір еткен құйрықтарын қана қалдырып, тамақ іздеп кезек-кезек сүнгиді. Анда-санда кездесіп қалған тірі жәндік болса, асыға-үсіге балапандарының аузына тығындайды. Бақаның кішкене баласын ұстап алса, балапандарының кішкене аузына сыймайды да, ата-аналарының өздері еріксізден жұта салады. Оған сүйсінбейді де. Кешке қарай ауа тымықтанып, жылына түсті де, су бетінде қара маса қаптап кетті. Осы кезде балапандар да іске кірісті — төмен ұшып жүрген масаны ұстап алу қиынға түскен жоқ. Тек мойнын созып, аузын дер кезінде аша қойса болғаны. Әрине тек жылдамырақ қозғалу қажет, сонда аш қалмайсың.

Бір кезде Бізқұйрық өмірлі үнмен балапандарын жанына шақырды. Сөйтсе, ол жаңа сабақ — сүңгу сабағын үйретпек екен. Өзіне назарын аудара барылдады да суға сүңгіп кетті. Ал, Ақтұмсыққа балапандардың қалай сүңгітінін бақылау тапсырылған болуы керек. Олар икемсіз, қызық сүңгиді де, ал Ақтұмсық шалағайларға қарқ-қарқ күліп барылдаған сияқты.

Үйге қас қарайғанда ғана оралды. Ең алдында Бізқұйрық, оның артында сары мойындарын тырыса созған төрт балапан, шерудің соңын ала Ақтұмсық келе жатыр. Қай-қайсысы қатарды бұзса, әкесі: «Қайда барасың?» — деп қатаң айқайлап қояды. Балапан болса жолдың жиегіндегіні жеуге бола ма, жоқ па, біле алмай қатарға қайта қосылады. Олар аулаға дейін осылай маңғаздана басып, өзіне-өзі риза және тойынып оралды. Әрқайсының жемсауында жұп-жұмыр бір-бір жұмыртқа жатқандай.

Ш

Бізқұйрық пен Ақтұмсықтың шағын отбасы осылай тұрып жатты. Оларға қырсық үйірілген кездері де болды: бірде ұзақ пен сауысқан, кейде тіпті жыртқыш құстар қанатын суылдатып балапандардың үстін жанай ұшып жүрді. Бірақ үйректер олардан онша қауіптенген жоқ. Ауаны гүрілдей жаңғыртып, жасыл алқап пен деревняның үстінен зулай ұшып өтетін алып құс әлдеқайда қорқынышты көрінді. Оның үлкен көлеңкесі жер демей, тау демей, батпақ демей, үй демей соңына ілесе зулап өтеді. Сол кезде балапандар ешқандай шақырусыз-ақ анасының қанатының астына жасырынады. Бізқұйрық пен Ақтұмсықтың өздері болса, тап бір соққыдан жасқанған сияқты мойындарын іштеріне тыға қояды. Тек деревнядағы балалар ғана қорқынышты құстан үрейленбейді. Олар соңынан жүгіріп: «Самолет! Самолет!..» — деп көңілдене айқайлайды.

Бұлардың күнделікті тіршілігін үй иесінің кірмейтін тесігі жоқ шошқасы мазалап, өуреге түсірді. Одан Ақтұмсықтың өзі де қорқады. Ол басын кекжитіп алып тұмсығын барынша ашады да, ызалана ысқырғанымен өзі бірте-бірте шегіне береді. Кейде шошқа бұларға көңіл аудармай өтіп бара жатқанда соңынан тұра ұмтылады да, оны қуып жібергендей сыңай танытып оралып, жеңгеніне паңданып, Бізқұйрықпен ұзақ қиқуласады: міне, мен қандаймын, келіп көрсін, өлтіре тістеп алайын, — дегендей түр көрсетеді. — Әне, анау да қашып құтылды...

Бақытты үйректер бәрібір қайғыға тап болды. Күн сайын өскен балапандардың төртеуі бірдей Бізқұйрықтың қанатының астына сыймай қалды. Оларды көрші бақшаға не айдап барғанын кім білсін. Шын мәнінде олар қоршаудағы кірген тесіктен аман-есен шыққан сияқты еді. Бірақ жандарында балапанның бірі жоқ екендігін байқады. Ол қоршаудың ар жағында

қалыш қойған екен, шығатын тесік іздеп, қоршауды бойлай өршелене безілдеп шиқылдады. Балапандарын қай тесіктен алып шыққанын ұмытқан ата-енесі қоршаудың екінші жағында оған қалай көмектесерін білмей зыр жүтірді. Олар балапанның еніреген даусына шыдай алмай сасқанынан қоршаудың түбіне жата қалысты. Осы кезде бақшаның үстінен бір үлкен құс ұшып өтіп еді, балапанның шыңғыра шиқылдағаны сондай — Ақтұмсық шыдай алмады — шарбақтан ұшып өтпек болып, орнынаң ұшып тұрды. Дегенмен өз күшін есептемеген екен — қоршаудың жоғарғы жағына соғылды да, лақтырған тастай домалап түсіп, мойны шарбақтың жарығына ілінді де қалды... Ақтұмсық жұлқынған сайын мойнын тақтай қыса түсті. Жұлқынып-жұлқынып ақырында... тыныш тапты. Тұмсығы ашылып, денесі салбырады да қалды...

— Бізге үйрек құтаймады, — деп өкінді кешке қарай иелері. — Ата үйректің өлімі шарбақтан келді... Ал, балапанды қаршыға алып кеткен болуы керек... Енді үйрек асырамаймыз, бәрібір құтаймайды...

Бізқұйрық үш балапанымен күзге де жетті. Балапандардың бұғанасы қатып, үлкен үйрек болды. Әсіресе, біреуі оны қуанышқа бөледі — ол Ақтұмсықтан аумайтын еді. Сондай ақ басты, ірі, тіпті дауысы да аздап балалық қарлығыңқылығы болмаса, аумаған әкесі дерлік.

Бір таңертеңгі суықта иесі Бізқұйрықты екі балапанымен аулаға шығарып жіберді. Содан соң ол сүйікті балапанын қайтып көрмеді... Бұдан соң көп ұзамай — басқа балалары да бір жаққа жоқ болып кетті. Таңертең олар тоғанға бірге барған еді, үйге қайтатын уақыт болған кезде Бізқұйрық әумесер балаларын таба алмай қалды. Қанша шақырса да олар келмеді. Соқпаққа түсті де, мүмкін балапандар бұрын кетіп қалған шығар деген сенімді үмітпен жалғыз өзі домалаңдай жөнелді. Бірақ балапандар үйде де болмады. Олар

ертеңіне де, үшінші күні де келмеді. Иелері құстарды іздеп табанынан таусылды, сонымен қоса екі балапанын сақтай алмаған қандай құс деп Бізқұйрықты да жазғырды.

Бізқұйрықты сағыныш мүлде баурады. Оның тоғанға да барғысы келмеді — далада да, аулада да көлшік деген жеткідікті, қалай малшыласа да жарайды, тек пірінді қоймалжыңды аузымен сорып, мұрнынан шығаруға ерінбесе болғаны — тамақ деген мол — жауыннан қалған қақ суында да ұсақ жәндіктен көп нәрсе жоқ. Шынын айтқанда қарынның қамын ойлаудан, үйге уақытында қайтудан басқа оған жарық дүниеде істейтін іс те қалған жоқ. Бізқұйрық енді еш қуаныш көрмеді де, еш жұбаныш күтпеді де...

Бірақ салқын түсісімен Бізқұйрыққа бір аландаушылық пайда болды. Оның бір жаққа ұшқысы, жүгіргісі, қимылдағысы келді, бірақ қайда барарын өзі де білмеді.

Бір күні кешке қарай Бізқұйрықтың шомылып жүрген тоғанына бір топ жабайы үйрек келіп қонды. Олар Бізқұйрықтан кішілеу, күнге күйген, мойындары ұзын және қимылдары ширақ. Олардың жанарлары шапшаң және қызыға жылт-жылт етеді; үйректер бір минут та қимылсыз тұра алмайтын сияқты және олар Бізқұйрық сияқты теңселе қимылдамайды, сеніммен, жеңіл және серпінді қозғалады. Олар шуылдай топырлап Бізқұйрықты қоршап алды да, барлығы бірдей қатты дауыстап, шын көңілмен сөйлей бастады. Бізқұйрық мұндай сөзшен үйректерді бұрын-соңды көрген де, естіген де жоқ еді... Ешқашан сезінбеген бақыттан басы айналып кетті... «Сен мұнда, тап бір қанатсыз тақыр кесіртке сияқты, жерде неғып жүрсің? Бізбен бірге мыңа суықтан алысқа, дәмді балығы көп, үлкен көлдері жасыл тартқан, шырынды қамыс пен балық оты қаптаған батпақты жылы жаққа неге ұшпайсың... Ол ертегідей ел аса алыс емес — барлы-жоғы Волганың етегінде, жаңа теңіздің жағалауында... Мұнда сонша

не жоғалттың? Артыңа қарайлайтын не бар?» — деп елірген құрбылары бірінің сөзін бірі іліп әкетті.

«Оған бізге ілесу қайда? — деп ренжіді үйректердің бірі. — Бұл барылдауық үй құсы ғой, ұшуды ұмытқалы қашан. Мұның бойындағы қанның да қызуы баяғыда кеткен...»

«Ол қалай сонда? — деп қарсылық білдірді тағы бірі. — Бұл біздің нағыз тауысымыз! Сен неге мұнша жер болып, тағдырға мойынсынғансың? Қалайша сен өзіңді көрдей қараңғы жерде ұстап жүрсің? Ойлан — жарық дүниеде еркін де, әсем, басқа өмір бар... Оны тек ыстық сезімді, жүректілер ғана иемдене алады... Олар теңіздер мен мұхиттарды кесіп өтеді, ұшып келе жатып оттай жанады, қаза да болады... Бірақ олар өз бақытын ұшудан, еркіндіктен, қайсарлықтан табады...»

Барлығы да сөйледі, ұзақ-ұзақ және қызулана, қас қарайып, аспан төрінде алғашқы жұлдыздар көрінгенше сөйледі. Барлығы бірдей дүр сілкініп, аспанға көтерілді — олар сол жұлдызға қарай жол тартқан еді.

Үйректер бірге, әсем ұшып барады. Қанаттарының бір мезгілде қағылған дыбысының өзі ерекше әуенге құйылып, Бізқұйрықтың барлық бітім-болмысын шыдамсыздыққа, көзсіз ерлік пен батылдыққа баурады.

Ол екінші күні де алаңдауды қоймады. Қайта алаңдау арта түсті, жанына батып, өжеттене берді. Бізқұйрық өзін қоярға жер таппады. Ол тіпті талпынып көріп еді, өзеннен зорға дегенде ұшып өтті. Жем жеп, ұйқы ұйықтауды да ұмытты, өзеннің бойында қалғып, минут сайын сұңқылдай барылдайтын болды. Егер бұрын бір қалыпты, алаңсыз барылдайтын болса, енді қазір әртүрлі әуенмен қиқулауды шығарды. Бір демде жеті рет шығарған үні ішкі сезімнің сырын айна қатесіз бейнелейтін сияқты. Бұрын-соңды сезбеген соны сыздау мен орны толмас мұның Бізқұйрық екінші «крямен» білдірді. Бұл оның жеті түрлі монологының ең шарықтау шегі болатын.

Бұдан соң даусы да, сезімі де төмендей берді, соңғы үні алыстан жаңғырыққандай, тап бір түпсіз шыныраудан шыққан ауыр ыңкыл сияқты дыбыс болып естілді. Ал тұтастай алғанда бұл «кря-кря-кря-кря-кря-кря-кря» аспанға деген арынды талпыныстан, шексіз қиырға деген сағыныштан, содан барып осының барлығы үй барылдауығы Бізқұйрықтың қолынан келмейтіндігінен туған мұң екендігін байқатады. Сөйтіп, ол күнделікті өмірге деген ынтасын жоғалтып, ас пен суды ұмытып, үздіксіз әбігерге түсті, барылдады, ұшып-қонды. Ал қас қарайған шақта аспанда тағы да үшбұрыштана тізілген жабайы үйректер көрінгенде олар Бізқұйрыққа мазақтап қарап бара жатқан сияқты көрінді. Төмен ұшқандықтары сондай, қанаттарымен қағып кете жаздады.

Сол кезде Бізқұйрық та шыдай алмай кетті... Ол жауап ретінде бар күшімен барылдады да, таи бір: «Мен сендермен біргемін! Мені де бірге ала кетіндер!» дегендей болды. Сөйтті де жерден көтеріліп, топ үйректің соңынан қуалай ұша жөнелді. Олар болса мұның ерлігіне аң-таң болып, тоқтанқырап, бұған қарай төмендеп келді де, жерге үйренген құрбыларын қоршап алды. «Ұш, ұш, сен де ұша аласың!» — деп олар Бізқұйрықты көңілдендіріп қойды да, қайтадан үшбұрыштана қатарласа бастады. Бізқұйрыққа да қатардан орын берді. Бірақ ол қатарда ұша алмады: біресе тізбектен шығып кетеді, біресе сәндерін бұзып, құлдырай жөнеледі, тіпті кенет алға ұмтылып, жетекшімен қатарласа қалады. Ол болса қысқа дыбыс шығарып, епелейсіз цошақайды кекеткендей болады да ұшуын шапшаңдата түседі. Бізқұйрық бірден топтың соңында қалды.

Олар шоқ орманның үстінен ұшып бара жатқанда бұларға тағы бір топ үйрек келіп жалғасты. Олар да Бізқұйрықпен қатарласа ұшып келеді. Кенет Бізқұйрық қанатын қағудан жаңылып, жерге домалап түсе жаз-

дады: жаңа жолсеріктердің өз балалары екенін таныды! Қалайша бірден танымай қалды екен! Өйткені барлығы — қозғалыстары да, дауыстары да, тіпті дем алыстары да — бәрі-бәрі жанына өте жақын және таныс... Сонымен қоса ол бұларды сырт пішіндерінен-ақ — анау сызықтардан және тек анаға тән сезіммен ғана байқайтын белгілерінің мыңның ішінде болса да танып алар еді... Балапандар да анасын танып, шын жүректен үн қатты.

Бізқұйрықтың қуанышында шек жоқ. Оның өз балаларын жерде емес, мына кең аспан төрінде, ержүрек тұқымдастардың арасында ұшып келе жатып тауып алуы тіпті қуанта түсті... Тегі мына еркін құстар барлық уақытын ұшуда өткізетіндіктен де төкәппар шығар. Иә, аздап қорқынышты болғанымен ұшу деген қандай әсем. Ұшу жан-дүниенде шексіз менмендік, ержүректік сезімін оятады.

Бізқұйрық ұшып келе жатып қуанышпен барылап қояды және ержүрек құрбыларының жауабын да толқу сезімімен түсіне бастады. Топ күзгі суықтан дірілдеген алыстағы жұлдызға қарай ұшып келеді. Жұлдыз бір сәт болса да көзден таса болмай, қалың бұлт арасынан топқа жол көрсетіп, жылтырай түседі.

Міне, Бізқұйрық қала бастады. Шын мәнінде барлы-жоғы жарты шақырымнан аз-ақ астам ұшты ғой. Бар күшін жинап, соңғы үйректен қалып қоймауға тырысып, анасының соңын ала екі баласы да ұшып келеді. Орман үстінен, кең алқаптан ұшып өтті. Әрбір метр сайын үй құстары төмендей берді, төмендей берді. Бізқұйрық денесінің ауырлағанын сезіне түсті. Иә, ол өзінің жабайы құрбыларына қарағанда жуандау еді. Көп ұзамай ол жабайы үйректермен ертегідей елге ұшпақ болған арманының жүзеге аспайтындығын әбден түсінді... Жасыл алқаптан ұшып бара жатқанда Бізқұйрық өзіне таныс орынды — дереняны, тоғанды диірменді көрді... Мүмкін ол осы жерде туған шығар?

«Келіңдер, осында қалайық!» — деп ұсыныс жасады ол баларына.

Содан соң бірінші болып төмендей бастады. Балалары соңынан ерді. Бірақ оның бірі қайтадан аспанға шарықтап, жабайы үйректер тобын қуа жөнелді. Оның соңынан екіншісі де ұмтыла түсті де, ойынан тез қайтып, анасының жанына оралды...

Бізқұйрық деревняның кең көшесіне келіп қонды. Оның жүрегі, үй барылдауығының жүрегі, бар күшін жұмсағандықтан, оның үстіне бақыт пен күйініш сезімі қосарланғандықтан кеудесінен шығып кетердей боп көрінді. Бақытқа ұшқандықтан кенелсе, екінші жағынан оның ұзақ болмағандығынан күйінішке батты. Ол көк аспанға сағынышпен қарады, бірақ үйректер тобын да, оларды соңынан ұшып кеткен балапанын да көре алмады. Екінші балапан үйеңке ағашының үстінен айналып өтіп, анасының жанына келіп қона бастады. Міне, сол кезде ойламаған оқиға болды: әбден шаршаған ол өзін-өзі билей алмай, ұшқан беті электр сымна келіп соғылды. Сымдар бір-біріне тиіп, ұшқын шашырады... Үйректің балапаны лақтырған тастай домалап түсті... Оның өлусіреген көзінде көгілдір аспан, электр ұшқынының жарқылы соңғы рет шағылыса жылт етті де, мәңгілікке өшіп қалды...

Бізқұйрық балапанының оянуын ұзақ күтті. Содан соң оның тірілмейтінін түсінген болар, одан алыстап, көшенің ортасына қарай барды да, жан-жағына ойсыз көз салып біраз отырды. Оны ерекше бір селқостық пен алаңсыз тыныштықтың баурағаны сондай, тоғанға қарай домалаңдай жөнелді — ол өзіне жана дос іздемек еді...



Алексей МУРЗАШЕВ,
марий жазушысы

ТУҒАН ЖЕР ҚҰДЫРЕТІ

(Әңгіме)

Лайсаннан соң әлі кеппеген дала жолымен таяққа сүйенген бір қарт келе жатыр. Басына әбден тозған қалпақ киген, аяғында — қонышы тірсегін соққан резеңке етік, мақталы күртешенің жағасынан бір кезде көгілдір болған, енді күнге күйіп кеткен және қырқылған бөкебайдың ұштары шығып тұр. Оны самал жел дамылсыз желбіретеді. Мұның өзі діріл қағып, жұлқынып, қартты далаға, көктемгі алқалқа сүйреген өзінің жан дүниесі сияқты.

Қарияны Эшкий деп атайды. Мұндай қарбалас шақта ол үйде отыра алмайды: егіс алқабына келе жатыр, таныс жерлерді байқайды, күздік бидайды, жыртылған жерді, екпе шөпті көреді. Міне, үш көктем бойы ол ауласынан әрі ешқайда баспаған екен. Оның бір кездегі базарлы үйі араның тастап кеткен ұясындай қаңырап, тыныш бола қалды және енді оған қорқынышты да, тірі жан қалмағандай көрінді. Мұның өзі шалды одан сайын жабырқата түсті.

Не болды, оны ескі әдетінен тайдырған қандай жағдай еді? Ол қазір ешкімге жоламайды. Бүгіннің өзінде кемпірі бар да бар, үйде отыруың жетті деп болмаған

соң алқапқа шыққан болатын...

Қарт бұрынғыдай емес, аяғын байқап, сенімсіз басып келеді. Тап бір соққы тигендей, ұнжырғасы түсіп, тіпті жүрісі бұзылып кетіпті. Артынан біреу еріп, көз алмай қарап келе жатқан сияқты бола береді... Жерден топырақты қалай икемсіз алғанын, алақанында үгіп, иіскелеп, ол топырақты саусақтарының арасынан қалай суылдата төккенін байқау қиын емес. Байқап, көріп болған соң ол тағы да жүріп кетеді. Қушиған денесі бұрынғысыша желмен желбіреген бөкебайының соңынан алға ұмтылады.

Иә, оның ұнжырғасын түсіріп кеткен осыдан үш жыл бұрынғы есеп беру-сайлау жиналысы еді. Президиумға ұсынылған кандидатураның арасында әдеттегідей Эшкийдің де фамилиясы болған. Тізім бойынша дауыс беруге бұрын ешкім қарсы болмайтын. Бұл жолы кенет Эсай Виктов орнынан тұрды:

— Біз осы неге жыл сайын бір адамды құрметті столға қайта-қайта отырғыза береміз? Біздің колхозда солардан басқа ешкім жұмыс істемейтін болғаны ма?

— Қашан біз бір адамды қайта-қайта ұсындық? — деп колхоз председателі тізімге бірінші рет іліккен бірнеше адамның атын атады.

— Жоқ, мен Эшкийді айтамын, Уракаевты. Әйтеуір, менің білетінім — тап бір бастық сияқты сахнада ылғи сол отырады.

Эсай масайрап, қолдаушылар табылады деген үмітпен залда отырғандарға қарады. Бірақ ешкім үндеген жоқ. Тек председатель тұрып былай деді:

— Бізде осындай дәстүр бар ғой: кім жақсы еңбек етсе — соған құрмет, президиумда да сол отырады.

Жиналыс өз ретімен жүре берді де, Эсайдың әлгі сөзін есінде сақтаған ешкім болмады. Міне, сыйлық беріле бастады, тағы бірінші болып Эшкийдің фамилиясы аталды. Бірақ оны Виктов бөліп кетті. Ол орнына атып тұрды да, нық басып сахнаға беттеді. Отыр-

ғандар дабырласып, сыбырласып кетті. Ал, ол трибуна-ның жанына барып тоқтап, халыққа қарады да, сөз бста-ды.

— Бұл қалай? Әрқашан Эшкий. Онсыз бір өмір сүре алмайтын сияқтымыз. Міне керек болса — сыйлықты да бірінші сол алады!..

Председатель Эсайды қойғызып, жарыссөздің тоқ-татылғанын ескертейін деп еді, залдан біреу:

— Сөйлесін, — деп айқай салды.

— Сөйлеймін, — деді өзін қолдағанын арқа тұтқан Виктов маңғазданып, нағыз шешендерше қолын алға созып жіберді. — Немеңе, бізде одан басқа лайықты адам жоқ па? Егер мен болсам, оған ешқандай сыйлық бермес едім! Ұлдарының барлығын, түсінесіздер ме, қалаға жіберіп... Ал, егінді кім салады? Малды кім ба-ғады? Ал оған — сыйлық. Осы дұрыс па?

— Ұятың қайда, Виктов, ештеп жұтып алғансың ғой, сөзді қой. Әйтпесе, залдан шығуыңды талап етеміз, — деп председатель оны тыныштандырғысы келді. Бірақ, тағы да дауыстар естіле бастады.

— Сөйлесін.

— Виктов дұрыс айтады.

Бұл Эсайды тіпті желіктіре түсті.

— Иә, егер оның колхозға жаны ашыса, ұлдарын жібермес еді, ең болмаса біреуін алып қалар еді. Аяғына топырақ, қолына малдың қиы жұғады деп, балаларын аяп, барлығын қалаға орналастырды. Оның жер үшін қабырғасы қайыспайды. Дұрыс па осы айтқ-аным?

— Жарайсың, Виктов.

— Дұрыс емес, Эшкийдің өзі қолынан келгенін аян-байды.

— Жоқ, дұрыс. Бұл қалаға қашу деген не сән бол-ған өзі?

Ал, Виктов жасқанған жоқ.

— Сыйлықты, жаңағы костюмді Илинбаевқа бер-

генде ғой, мен шын жүректен қол соғатын едім. Оның төрт ұлы колхозда жұмыста. Өзі де қарап отырмайды. Колхоз байлығын күзетеді. Таяуда немересі комбайнер болады, қазір СПТУ-да оқып жүр. Дұрыс-айтамын ба?

— Дәл төбесінен түстің.

— Илинбаевқа да сыйлық беру керек!

Виктов президиумға бұрылып, қолын шешімді түрде бір сілтеді.

— Міне, солай, председатель, — деп өзінің орнына қарай бет алды.

Барлығы бір сәтке тып-тыныш бола қалды. Көпшілігі Виктовтың айтқанымен келісті. Өйткені, шаруалардың бұрыннан келе жатқан даналық сөзін олар жақсы біледі: балаларың жерді сүйіп, білуі үшін кәсіпті бірте-бірте бойына сіңіре үйретіп, жұмысқа жас кезінен төселдіру қажет. Кейбіреулер ұялғаннан басын көтермей отырған Эшкийге бірдеңе айтар деген үмітпен қарап қояды. Барлығы президиумда отырғандар не айтар екен, председатель не дер екен деп күтті. Ол орнынан тұрып, Эшкийге қарады. Оған қазір оңай болып отырмағанын түсініп, өз ойымен өзі келіскендей басын изеді де:

— Виктов дұрыс айтты, бізге адамдар керек және кім көрінген емес, өзіміздің деревнямыздың адамдары керек. Бірақ бір нәрсені екіншімен шатастыруға болмайды. Уракаевқа біз сыйлықты адал еңбегі үшін беріп отырмыз. Көктемгі егісте ол сапа жөніндегі инспектор болды. Астықтың бітік шығуына, сондықтан оның да қосқан үлесі бар. Күндіз де, түнде де егіс даласында болды. Кейбіреулерден жерді қайта жыртуды талап етті. Егін орағында да жаман жұмыс істеген жоқ. Міне, сол үшін біз оған сыйлық беріп отырмыз, — деді.

Халық сонда председательдың айтқанын жөн деп білген еді. Эшкийдің қалай жұмыс істегенін бәрі көзімен көрген. Содан соң бұл оқиға мүлдем ұмытылған бола-

тын. Дегенмен содан бері қарттан маза кеткен. Бұл туралы ойына алған сайын Виктовтың сөзінің дұрыстығына көзі жете түсті.

Ол көп ойлайтынды шығарды, елдің көзіне көрінбей қойды. Үйде қабырғаға ілінген рамкадағы фотосуреттердің алдына келіп, ұлдарының суретіне үнсіз қарап тұратынды шығарды.

Кемпірі Саскай да әр нәрсені сұрап мазалауды қойды. Бір күні бәрібір шыдамады, жанына келіп не болғанын сұраған еді.

Шалы оған бірден жауап берген жоқ. Аулаға қарайтын терезенің алдындағы өзінің сүйікті орнына жайғасып, үнсіз қалды. Біраздан соң ғана барып:

— Былай, шешесі, бүкіл өмірімізде ғой біз еңбегімізді жерге жұмсадық, бидай өсірдік. Енді қартайып отырмыз. Жерде еңбек ете алмаймыз. Ал, біздің балаларымыз болса, біздің не істегенімізді, қайратымызды қайда жұмсағанымызды білгісі де келмейді... Біз ешқайсысын орнымызға қалдыра алмадық..., — деп шалдың дауысы дірілдеп кетті де, кілт үзілді.

Саскай жанына келді де, оның әлі де күсі кетпеген, бірақ жеп-жеңіл, тарамыс қолына алақанын салып сөйлеп кетті:

— Қойшы, сол ма? Біздікі болмаса да көршілердің балалары қалды ғой. Есіңе алшы, қалайша сен оларға көмектеспедің, үйретпедің? Біздің балалар болмаса осы жер жетімсіреп қалар дейсің бе?

— Көршінікінің жөні бөлек, ал өзіміздікі ше? — Эшкі орнына тұрып фотосуреттер ілінген рамкаға дейін барды да, терезенің алдына қайтадан келіп отырды. — Үндемейсің, ә? Солай. — Терезеден алысқа қарап үнсіз отырды да, бір кезде: — Петрді шақыру керек. Қайтсын... — деді.

— Не деп отырсың, әкесі-ау? Оған газы, суық суы бар пәтер бермекші. Келмейді ғой ол. Егер келгісі келсе әскерден оралған кезде қалатын еді ғой. Оған жаңа

машина береміз, көмектесеміз депті...

— Ал, бұл не, үй емес пе? — Эшкий үйдің ішін көзімен шолып шықты. — Қаланың үйінен несі кем? Газ бар, суды тура ас үйге тартып алуға болады, монша да бар... Басқалар оралып жатыр ғой... Елдің жөзіне көрінуден қалдық.

— Қойшы, сол Виктов айта береді, ойыңа да алма оны, — деп Саскай басқа жақтан келуді ойлады. — Сен оның жыртқан жерін екі қайта жыртқыздың, артық жұмсалған жанар май үшін ақша ұстаттың, сол үшін өшігіп жүр. Ашумен айтылған сөз. Өзіңе-өзің кел, жүрегіңе қысас жасама.

— Виктов туралы сен қайдан білесің? — Эшкий кемпіріне қарай бұрылды. — Онда неге үндемедің, үндемей жүріп-жүріп енді неге сайрап кеттің?

— Өзің айтасың ғой деп ойлап едім. Мен ертеңіне-ақ бәрін естігемін, білсең осындағы көйлек киген «радиоляр» жаман жұмыс істемейді... Виктовтың өзі жөні түзу жан болса екен. Қолына алған ісінің барлығы керісінше болып шығады.

— Қандай адам болса, ондай адам болсын, айтқаны дұрыс. Тек ол мені өте кеш сынға алды, онысын бұдан да ертерек айтуы керек еді.

Эшкий айтқанын істеді. Қалаға әлі берік орнығып болмаған сияқты көрінген кіші ұлы Петрге хат жазды. Шынына келгенде байқастап, ештеңені тікелей айтпай, алыстан орғытып жазды.

Петр көп күттірген жоқ. Алғашқы жексенбіде-ақ семьясымен үйіліп-төгіліп жетіп келді. Бірақ шал күткендегідей әңгіме болмады. Ұлы деревняға оралу туралы шешімді ештеңе айтқан жоқ. Ештеңеге уәде бермеген беті қайтып кетті.

Сол әңгімеден соң алғашқы кезде қария ұлынан хат күтіп жүрді. Хаттар келіп жатты. Ол әрбір хатты қалтыраған қолымен ашып, таныс жазуға жылдам көз жүгіртіп өтіп көңілсіз ойды желпіндіретін ештеңе тап-

пай жүрді. Ұлының аэроклуб жанындағы ұшқыштар курсына жазылғаны, одан соң ұшқыштар даярлайтын училищеге түскені жайлы хабар шалды әбден қынжылтты. Бұдан соң ол хат күтуді де қойды. Почта тасушының алдынан да шықпайтын және келген хат болса кемпірінен жасырып оқитын болды.

Уақыт өтіп жатты. Петр болса жазда да келмеді, тек уақытының аздығын, қазір ұшудан тәжірибеден өтіп жүргенін жазды да қойды. Ең, жастар деревняны ғана емес, әкесі мен шешесін де ұмыта бастаған сияқты ғой! Қарт мүлде уайымға берілді. Аулаға шығып, бақшаны аралап жүріп алды да, өзі отырғызған ағаштарға, өз қолымен салған қора-қопсыға, ауладағы малына, еккен жүйегіне тек өзінен басқа ешкімге мәлімсіз жабырқау сезіммен қарап қояды. Егіс алқабына баруды да қойды, кеңсеге де бас сұқпайды. Денсаулығын сылтау етіп еш нәрсеге араласпайды. Міне, үйге де аздап жөндеу жүргізу керек болып тұр, оны да көрмегенсіді.

Бүгін оны кемпірі үйден өйтіп-бүйтіп зорға дегенде шығарды. Көктем келген осындай сәтте тырысып отырған жөн бе — терезенің жанындағы үйреншікті орнынан қуды. Мүмкін, дала желі шалды желпіндірер, сейілтер?

Міне, ол өзіне таныс жерлермен келе жатыр, жан-жағына асықпай қарайды. Мұнда оған әрбір төбешік, әрбір жыра өткен күнді, оның бір кездегі дені сау, күші мығым жан болғанын, жер жырттып, егін салғанын, астық орып бастырғанын — шаруа бейнетін санап бола ма, соның барлығын атқарғандығын есіне алады. Бұл жердің әрбір сүйеміне тамған тері бар. Атасы да, әкесі де оның өзі де барлық қуатын жерге жұмсады. Ал, ұлдары болса мынау... Оның ойы тағы да ескі арнаға ауысты...

Қария төбешіктен көтірелгенде кең, жасыл алқалқа жиналған елді, ақ полиэтилен қаптардың үйіндісін,

ұзын сырыққа ілінген қарала шұлықшаны, алқапқа қадалған жалаушаларды көріп, бәрін түсінді. «Самолет күтуде ғой. Кеше председатель радиодан сөйлеп, күздік бидайды самолетпен қоректендіреміз деген».

Жылдамырақ басқанын өзі де байқамай қалған. Эшкий кенет тоқтай қалып: «Неге асығамын? Қайда асығамын? Халық мені көре салысымен баяғы жиналысты тағы да есіне алар...» — деп ойлады. Бәрібір ақырын аяңдай берді, жаңа техниканы көргісі келді. Мұндай оқиға, біздің колхозға самолет ұшып келуі бұрын соңды болып па еді?

— О-о, біздің Эшкий атай келе жатыр! — деп мұны байқаған самолет қонатын алаңның бастығы алыстан дауыстап, қарсы жүгірді. — Келгенің жақсы болды. Әйтпесе, осы ел мүлде ауру деп жүр. Самолетті, оның қалай жұмыс істейтінін көресің.

— Жақсы, ұлым. Қара бидайға нәр берудің нағыз дер шағы. Самолет — жақсы машина ғой, бәрін шапшаң істейді және қазір заман басқа, біздің кезіміздегідей емес, ұшқыр заман... — деп Эшкий мұндай жылы қарсы алуға риза болып, көңілдене сөйледі.

Ол кезде барлығы шуылдап, қозғалысып кетті. «Ұшып келеді, ұшып келеді!» — деген дауыстар естілді. Көпшіліктің толқуы Эшкийге де әсер етті. Ол да кекжие қарап, жанарымен самолетті іздей бастады. Міне жылат-жылат еткен сарыала самолет тура соларға қарай, көз алдында зорайып, келіп қалыпты. Бастарынан айнала сырғи ұшып, төмендеп тез арада дөңгелектері жасыл түкті жерге тиді. Жүгіріңкіреп барды да бұрылып, әкпен шөп үстіне салынған ік сызыққа жақындады. Барлығы самолетке қарай ұмтылды, олардың соңынан Эшкий де қозғалды. Қалақтары тағы бір-екі айналды да тоқтады, есік ашылып, ұшқыш киіміндегі жігіт көрінді.

— Петр!

— Бәлі, мынау біздің Петр ғой, — деп бірнеше дау-

ыс қатар шықты.

«Бұл қай Петр? — деп ойлады қария. Кенет оның басына келе қалды: — Бәлі, бұл менің... Біздің ұл ғой...» Эшкийдің буын-буыны дірілдеп жүрегі аузына тығылды. Әжім айғыздаған бетімен сорғалаған көз жасын елеместен ұшқышты жабыла құшақтап, оған бірдеңе айтып жатқандарға қарап тұрып қалды.

Қалың тобырдың ортасында тұрған әкесін Петр де көріп, бұза жарып жанына келді де, қапсыра құшақтады. Ол бірдеңе деді, әлде не сұрады, бірақ әкесі жауап берген жоқ. Тұрған беті ұлына да халыққа да, самолетке де қараған жоқ, солардың ар жағындағы қиыр алысқа, сан түрге еніп, бірде қарайған, бірде жасыл тартып, бірде сарғайған өзінің жастайынан туып өскен даласына көз салып тұр еді.

— Рақмет, ұлым, — деді ол бір кезде ұлына қарап. — Сені шақырған мына туған жер ғой, туған жер шақырған...

ОЛАС (Әңгіме)

Бүгін күзгі аңшылық маусымы ашылды да, біз мектеп директоры Андрей Шамаев екеуіміз әсем Ақ өзенінің бір сағасы Таныптың жағасын таңертеңнен бері кезіп жүрміз. Екеуіміз де белшемізден суға малындық. Бізден бір адым қалмай, жанымызда Андрей Шамаевичтің иті Олас келе жатыр. Оның да үсті су-су.

Менің белдігіме бір үйрек ілінді, ал Шамаевта ол да жоқ. Енді Карш көліне бармақ болдық. Көлге таяп қалғанда бір топ үйрек аспанға көтеріліп еді, мылтық даусы естілді де, оның бірі қанатын далпылдатып, тонқалаң асып барып, қалың қаудың ортасына құлап түсті. Сол екен бұтаның арасынан қолында мылтығы бар

қара күртелі біреу шыға келді. Біреулердің суға шауып салған қалуенін аңшы етігімен таптай басқан ол үйректің құлаған жағына қарай тұра жүгірді. Бөтен адамды көрген біздің Олас алға ұмтылды да, арылдап үрді. Аңшы бұрылып, итке жақтырмай қарады. Бірақ ол екеумізді таныды да, кездескенімізге қуанған кісінің кейпін танытып, бізге қарай жүрді.

— О - о, Андрей Шамаевич! Міне, қызық! — деді өзінің қуанышын танытқысы келген аңшы алыстан гүжілдей сөйлеп. Мен оның біздің мектептің мұғалімі Аклиев екенін таныдым. Оның белінде үш үйрек ілінген, арқасына асқан рюкзактың ішінде де бірдеңе жыбырлайды. «Осындай ашкөзге табиғатты сеніп тапсырып көр — барлығын үйіне тасысын...» — деген ой келді маған.

Аклиев біздің мектепке биыл ғана келген еді. Дене шынықтыруды жүргізеді. Төртбақ келген, орта бойлы еркек. Дөңгелек беті май жаққандай үнемі жылытырап тұрады, көгілдір көзі бірдеңе іздеп, қарап жүрген сияқты ешқашан тыным таппайды. Орта мектепте оқып жүрген кезінен бастап спортты сүйетіндігін танысқан кезде айтқан болатын. Әсіресе, қысқа қашықтыққа

жүгіруден жоғары нәтижеге де ие болған. Кезінде, тіпті, республика чемпионы атанған. Айтысына қарағанда педагогика институтының сырттай бөлімінде оқиды.

Осы бір кеудесіне нан піскен жанның күлімдеген жүзін көрген сәтте жақ сүйегі шыққан, арық адамның бет әлпеті



менің көз алдыма келеді. Бір сөзбен айтқанда Аклиевке тура қарама-қарсы бейне. Ол біздің математик Чепайкин. Оның мұрнының жұқалығы сондай — кейде маған ол мүлде кеуіп қалған, шымшымақ түтілі кесіп алсаң да қан шықпайтын сияқты көрінеді. Ал көздері қашан да көңілсіз, кейде бір жанары жарқ ете қалғанда, еріксіз дір ете түсесің. Осындай жаратылысының алшақтығына қарамастан маған олар өзара ұқсас және әрқашан бірге жүруге тырысатын сияқты көрінеді.

— Андрей Шамаевич, менің осы мектепке келгеніме бір ай болса да, сіздің көңігі аңшы екеніңізді жаңа біліп тұрмын, — деп Аклиев қасақана сыпайы сөйлеп таяп келді де, кенет ақырын ғана:

— Андрей Шамаевич, мұнының әлсіздік. Жолыңыз болмады ма? — деп сұрады.

— Бүгін үйректерге дейін қырсыққан, — деді бұл. — Тығылып қалған ғой...

— Солай болса, солай шығар, дегенмен құр қол қайтуға болмайды, бүгін маусымның алғаш ашылуы — біздің мерекеміз ғой. Менің ойымша, бәрімізді де үйде мол олжамен күтіп отыр. Әйеліңе не айтасың? Балаларыңа не көрсетесің? Оларға бірдеңе әкеп берсең, қуанышқа батады. Ал сіздің күтіп отырған адамыңыз бар... — Соңғы сөздер аса бір жұмсақ, аянышты сезіммен, біздің директордың жолы болмағанына қиналған, оған шын жүректен тілектес адамның даусындай естілді. Содан соң ғана маған қарай бұрылды.

— Аһ, қандай тамашасын қолға түсіргенсіз. Бір килограмнан артық бар шығар, — дегенді іпштарлықпен айтты. Мен оған ештеңе дегем жоқ.

— Андрей Шамаевич, былай болсын, — деп пысықси қалды ол. — Бүгін үш үйрек және де балықтар маған артықтау болып қалды. Көлге бұранда тастағам, міне енді балығын тартып алайын деп бара жатырмын. Бір үйректі сізге беруіме болады. Керек десеніз екеуін де аямаймын.

— Рахмет, айтқаның да болады, Пектағын Аклиевич. Үйрегіңді алмаймын. Мұның дұрыс емес...

Бірақ Аклиев бетінен қайтқан жоқ, ең үлкен үйректі ағытып алды да, мектеп директорына ұсынды:

— Алыңыз, Андрей Шамаевич, алыңыз. Қазір мен — сізге, келесі жолы сіз — маған, бітті. Аңшылардың заңы бойынша... Жаңа тағы да бір үйрек шөп арасына құлап түсіп еді. Сіздердің иттеріңіздің көмегімен оны тауып алатындығымызға сөз жоқ...

Андрей Шамаевич Оласқа үйректі іздеуге бұйрық етті. Ол осыны күтіп тұрғандай лезде бұта арасына кіріп, көрінбей кетті. Біраздан соң аузында тістеген үйрегі бар Олас иесінің жанына келді де, тапқанын алдына тастады.

— Қандай ақылды! Қалай тез тауып алды! — Аклиевтің көзі шырағандай жанды. — Андрей Шамаевич ең болмаса осыны алыңыз. Шын жүректен ұсынылған затты алмау дұрыс емес. Бүгін екі норма орындадым деп тұрмын ғой. Екі адамға тура болады. Әйтпесе, мені браконьер деп қалуы мүмкін ғой. Көзіме түссе... қолым өзінен-өзі көтеріліп, өзімді-өзім ұстай алмай қаламын.

— Жарайды, бұл жолы сенің айтқаның болсын — алайын, бірақ қарызымды бәрібір қайтарамын.

— Олас!, Олас, кел мұнда, кел! Әй, жарайсың сен, Олас! Тамаша, ақылды, — Аклиев қайтадан Оласты мақтауға кірісті. Іле-шала арқасындағы қапшығын түсіріп, ішінен төрт жүз грамдай салмақ тартатын балық алып шығып, итке тастады. — Мә, Олас, жей ғой, же!

Олас болса иесіне қарады, жеген жоқ. Шамаев қалтасынан бір шағым қант алып, итке берді, содан соң ғана балықты жеуге талап етті. Аклиев Оластың жанына келіп, арқасынан сипамақ болған еді, бірақ ол ырылдап, шегініп кетті.

— Оу, Олас, мұның не? — біздің жаңа серігіміз

ренжіген дауыспен соза сөйледі. — Жарайды, әзірше бөтенсі бер, бәрібір кейін сенің иенмен аңға бірге шығатын боламыз да, сол кезде біз міндетті түрде достасамыз... Андрей Шамаевич, мынадай ақылды итті қайдан таптыңыз?

— Құдай берді ғой, — деп күлді анау. — Бір танысым сыйлаған еді, жақсы тұқым дейді ғой. Егер дұрыс тәрбиелесе аңға шыққанда тамаша қоғабыс жасайды. Біз Оласпен жаман жұмыс істеген жоқпыз ғой деп ойлаймын. Ол ақылды ит.

— Суда қалай?

— Бұйырсаң болды, бәрін орындайды.

— Тамаша ит! Эх, менде де осындай бір ит болса ғой...

— Қараңғы болып барады, қайтатын уақыт болды, — деп дауыстадым мен оларға. Аяғымызға қияқ оратылып, басшымызға қарай беттедік.

Осыдан кейін Аклиевтің Оласпен достасуға мейлінше талпынғанын байқап жүрдім. Итті көрген сайын қызыға қарайтын. Ал, ит болса неге екені белгісіз одан алыс жүруге тырысып, егер оның таяғысы келсе ырылдайтын.

Қысқа қарай мектепке ат сатып алынды. Бір апта өтпей жатып мұғалімдер арасында Олас пен аттың қызықты достығы туралы әңгіме тарады. Көп ұзамай маған аудан орталығына бару керек болды да, оны өз көзіммен көрудің сәті түсті.

Күндегіден ерте тұрып, мектепке бет алдым. Ат тұрған қораға қарай біреудің келе жатқанын сезген болуы керек, есіктің астынан шыққан Олас үре бастады.

— Олас, Олас, танымадың ба?

Сол-ақ екен ит маған қарай ұмтылды да, бірнеше метр қалғанда тоқтай қалып, кінәлі кейіппен алдыңғы аяқтарымен жер бауырлап жатып, басын жерге салды

да, құйрығымен жерді қуана сабалап, аяғымның астына дейін еңбектеп келді. Мен отыра қалдым да, басынан сипадым. Шананы ауланың ортасына алып шықпақ болып, тәртені ұстаған кезде, Олас қыңсылап жүгіріп барды да есіктің астындағы өзінің тесігінеі ішкі кіріп кетті. Оның артынша қораны ашқанымда пысқырынған ат маған қарсы келе жатыр екен. Олас болса, қыңсылап біздің қасымыздан шықпайды: біресе аспанға секіреді, аттың тұмсығынан түртеді, біресе қосаяқтап менің кеудеме қарғиды. Мен атты суарып, шанаға жеккенімше Олас аласұрып, секірумен, қуана қыңсылаумен, айнала жүгірумен болды. Қақпаны ашқан кезімде оқтай атылып, мектеп ауласына, одан көшеге шықты да, жолдың ортасына барып, бізді күтіп отыра қалды. Ат та еліріп келеді. Делбені қолыма алуым мұн екен, ол да бізді күтіп отырған итке жұлқи тарта жөнелді.

Бүкіл жол бойы Олас пен ат бір-бірімен ойнап келе жатқан сияқты. Ит кенет алға қарай алысқа жүгіріп кетеді де, жолдың ортасына тоқтан, отыра қалып, бізді күтеді. Оған дейін он-он бес қадамдай қалған кезде атқа тұра ұмтылады да, тоқтамастан келіп тұмсығына қарай секіріп, не тұмсығын, не шекесін жалап өтеді. Атпен қатарласып кішкене жүгірген соң, қайтадан озып кетеді де, артына қарап қойып, бірте-бірте ұзай береді. Ал мен оларға қарап отырып: «Бұл қалай: өздерінің тілі де жоқ, өздері әр түрлі жануарлар, бір-бірімен қалай досотасқан! Бір-бірін түсінуді қалай үйренген!» — деп ойлап келемін. Оларға сүйсіне қарап отырып жүрегім қуана дүрсілдейді, ал басыма бірінен-бірі жаңа, бірінен-бірі қуанышты және жарқын ойлар орала түседі.

Дегенмен көп ұзамай бұл жануарлардың достығы біреулердің жанына жақпайтындығы мәлім болды. Бір күні мұғалімдер бөлмесінде балалардың шығармасын

тексеріп отырғам. Чепайкин кірді. Бұл жолы ол бұрынғысынан да сопиып, түнере түскен сияқты. Жаныма таяп келді де, ақырын сыбырлады:

— Біздің директор өзінің итіне мектептің аты үшін сатып алынған ұннан береді екен...

Мынаны естігенде кенет менің тынысым тарылып, жүрегімнің қатты-қатты қаққанын сезіндім, шекем солқылдап кетті. Жалт бұрылып Чепайкиннің көзіне тіке қарадым. Оның бозғылт, буалдыр көздері менің қарағаныма шыдамай сығырая түсіп, наразы түрмен бұрылып кетті. Кішкене өзіме-өзім келген соң:

— Сіз не дедіңіз? — деп сұрадым.

— Директор өзінің итін мектептің ұнымен тамақтандырады, — деді ол бұрынғысынан қаттырақ, даусын тісінің арасынан шығарып.

— Соны айтуға аузыңыз қалай барып тұр? Олас мектептің ұнын жемейді. Тек Олас пен ат достасқан, ал сіз...

— Айтасың ғой, айта түс, — деп шиқылдады Чепайкин. — Бір астаудан қазынаның ұнымен тамақтандырса достаспағанда қайтеді...

— Ох-ох-хо, — деп басымды ызалана шайқап, дәптерді жинап алдым да, мұғалімдер бөлмесінен шығып кеттім. Класқа келіп, дәптерлерді тексеріп отырмын, ал Чепайкиннің жыландай ысылдаған сыбыры құлағымнан кетпейді. Жоқ, ол сыбыр емес, ызалы қуаныш еді. Бұл оның жағымсыз қылығы үшін Андрей Шамаевичтен жиі алатын ескертулерінің қарымтасын қайтарар сәттің келуінің қуанышы еді. Чепайкин балалармен қарым-қатынас жасай білмеді, оның сабағы өте салқын, көңілсіз өтетін, бүкіл класты қорқытып ұстауға тырысатын, барлығын емтиханмен, бағамен және мектеп бітіргенде берілетін мінездемемен қорқытатын, сол үшін мектеп директоры, мұғалімдер тарапынан сынға жиі ілігетін.

Көктемге қарай Андрей Шамаевич қатты науқастанып, ұзақ уақыт ауруханаға жатып қалды. Оның орнына оқу жылының аяғына дейін Чепайкиннің мектеп директорының міндетін атқаруын біздің көпшілігіміз күтпеген едік. «Жаңа сыпырғыш жаңаша сыпырады» деген сияқты, ол өзінің міндетін аса ықтияттылықпен орындап, біздің үстімізден қарайтын бастық екенін көрсете бастады. Керек пе жоқ па, оның ісі ме әлде басқаныкі ме — әйтеуір барлық уақ-түйекке араласа кетеді. Оның қандай да болмасын бір бұйрық шығармаған күні қалмады. Не ойлап шығармады десеңізші! Кейбір мұғалімдер оның ойланбай берген жарлығын орындаудан бас тартты, сол үшін ескертулер мен сөгістердің астында қалды. Мұны ол ерекше құлшыныспен, кішкентай ғана сылтау мен себепті қалт жібермей орындады. Көп ұзамай менің де кезегім келді.

Бір күні мектепке ертерек келгенмін. Мұғалімдер бөлмесінде ешкім жоқ екен. Сабақта қолданылатын көрнекі құралдарды қарап отырмын. Есік ашылды да, Чепайкин жылмаң етіп кіріп келді. Менің бетіме андай қарап, сәлеміме ізетпен жауап берді де, бұйрықтар мен жарлықтар ілу үшін өзі арнайы жасатқан тақтаға қарай өтті. Оған бір тарақ қағазды іліп, маған қарай салтанатпен бұрылды да, ізетпен және даусына мән бере былай деді:

— Жаңа бұйрықпен танысуыңызды өтінемін Сізден.

Тақтаға таяп келдім де көз жүгірттім. «Мектептің ұнын итке жегізудің алдын алу үшін, — деп жазылған онда, — бұрынғы директор Шамаевтың итін мектептің ауласына кіргізбеуге бұйырамын. Сонымен қоса, иттің балаларды қауып алуы мүмкін екендігін ескеріп, оны мектептің маңына мүлде таятпауға бұйырамын. Бұл бұйрықты орындауды техникалық қызметкерлер мен мұғалімдерге жүктеймін». Мен шыдай алмай қарқылдап күліп жібердім.

— Не үшін күлгеніңізді білуге болмас па екен? — деп зәрлене сұрады Чепайкин.

— Мұны жазған адамның ақымақтығынан хабар беретін бұйрық екен, — деп шыдай алмай тағы күлдім. — Мұндай ой басыңызға қалай келді?

— Тікелей бастығыңызға, оның үстіне қызмет бабындағы міндетін орындау кезінде тіл тигізгеніңіз үшін сізге сөгіс жариялаймын! — қап-қара болып түтігіп, айқайға басқан Чепайкин сумкасынан қалың дәптер алып шығып, сол жерде жаза бастады.

— Жазыңыз, керек десеңіз жүз бұйрық жазыңыз! — дедім де мұғалімдер бөлмесінен шығып кеттім.

Сабақтан соң балаларды үйлеріне босаттым да, дәптер қарауға отырғам. Тіл мамандарында дәптердің көп жиналып қалатын әдеті. Мұғалімдер де үйлеріне қайтқан. Жақсы жазылған жұмыстарға қуанып, нашарларына ренжіп отырғанымда, кенет дәлізде жүтірген адамның аяқ дыбысы естілді. «Үлкен адамның жүгірісі сияқты ғой», — деп ойлап, терезеге қарадым. Аяғы-аяғына жұқпай Аклиевтің жүгіріп бара жатқанын көргенде менің таңдануымда шек қалған жоқ. Оның қолындағы оқу гранатының снаряд-макетін байқап қалдым. «Мүмкін мына темірмен Оласқа кетіп бара жатқан шығар? — деген үрейлі ой келді. — Өлтіреді ғой!» Іштей мазасызданып, терезені қатты-қатты қақтым. Аклиев тіпті бұрылып қараған да жоқ. Аулаға қарай тұра ұмтылып, тек дәлізге ғана шығып үлгергенімде Оластың аянышты және үрейлі қыңсылаған даусы естілді. «Қалайша үлгермедім, қалайша...» — жүрегім қатты қысып кетті. Іле-шала шарбақтың түбінде жербауырлап жылжыған Оласты көрдім. Алдыңғы аяқтарын басып, тұрғысы келеді, бірақ тұра алмайды. Мені көре салысымен алдыңғы екі аяғымен жылдамырақ тырмысып, тақтайлардың арасындағы тесікке басын сұғуға бірнеше рет талпынды.

— Олас, Олас, қорықпа... Бұл мен ғой, Олас... — деп

барынша еркелете сөйлеуге тырыстым. Жас толған көзімен маған қараған ит қатты ауырғандықтан болар, қыңсылап, табандарын жалауға тырысады, еркіне көнбеген артқы аяқтарына таңдана қарайды.

Оласты аяғандықтан жүрегім ауырды. Қалтыраған қолыммен басынан сипап, не болғанын білгім келіп, денесін ұстап көремін.

— Жауыз! Дәл беломыртқадан тигізгенін қарашы, омыртқасын үзіп жіберген болуы керек, — деп сыбырлап отырмын. Оның гранаты иттің шарбақтан секіре берген кезінде дәл арқадан тиген болуы керек. Міне, сол гранат әне жатыр. Ызаланғаным сондай — алдым да атқорадан асыра құлаштай лақтырдым. Осы кезде мұғалімдер бөлмесінің терезесінен қарап тұрған Чепайкиннің бет-бейнесін байқап қалдым. Ол маған бірдеңе деп айқайлап, жұдырығын түйді, терезенің жақтауын қойғыштады.

Мен Оласты қолыма алып, қақпаны теуіп аштым да, мектептің жанындағы үйге қарай беттедім. Шамаевтің әйелі маған қарсы жүгіріп шықты.

— Мертіктірген ғой, мертіктірген, — деп ол аяушылықпен мұңая былдырлап сөйлеп келеді. — Оласты қуа бастағанын Андрей біледі, тіпті байлап қой деген. Оны қалай ұстап отырарсың. Сол атқа баруға неге сонша құштар болдың екен, Олас... Эх, Олас, Олас, Олас, саған олар не істеген? — өзін-өзі ұстай алмай әйелдің көзінен жас шығып кетті.

— Мұны енді жылы орынға жатқызу керек, — дедім мен.

— Моншаға апарайық, кеше қана жаққам. Тоңатын болса — түнге қарай үйге кіргізермін... Әзірше үйде кішкентайымыз еңбектеп жүр.

Шамаевтың әйелі Оласқа тамақ, астына төсеніш әкелуге кетті.

Итті жылы моншаның ішіне жатқызып, жанында кішкене отырдым да, бойымды уайым билеп, үйге

қарай аяңдадым. Көңілімде ащы өкініш, бұлыңғыр бірдеңе.

Ертеңіне күндегіден де ертерек тұрып, Шамаевтың үйіне беттедім. Байқаймын, моншаның есігі жартылай ашық тұр екен. Олас кешегі жатқызған жерімде жоқ болып шықты. Айналаны түгел қарадық — еш жерден таппадық. «Мүмкін жорғалап атқа кетіп қалған шығар», — деген ой келіп, мектептің ауласына бұрылдым.

Атқораның есігін аштым да таңданғанымнан қозғала алмай тұрып қалдым: аттың алдында Оластың өлі денесі жатыр еді. Оған төне қарап, басын салбыратып ат тұр. Ол жалт қарады да, ызалана тісін ақситқан беті зәрлене жер тарпып, маған қарай беттеді. Мен кейін шегініп, есікті тез жаба қойдым.

Оластың денесін тек атты жемдеп, суарып жүрген мектеп сыпырушы әйел ғана алып шықты. Олас менің қолымда, мектептің ауласымен аяңдап келемін. Айналама балалар жиналып қалды. Әрқайсысының итке не болғанын білгісі келеді. Мен оларға ештеңе айта алмадым.

Қақпаға жақындағанымда төртбақ келген, денелі және өзіне-өзі риза Аклиевті көрдім. Ол мектептің қақпасына таяп қалған еді. Олас екеумізге балалардың шалқасынан ашқан қақпаның дәл ортасына келіп тоқтадым. Топырлаған балаларды, қолымда көтерген ит бар мені көрген және менің тесіле қараған жанарыма көзі түскен Аклиев еріксіз кейін шегінді.



А.КУПРИЯНОВ,
өлке танушы.

ӘДІЛ МЕРГЕН ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ

Кезінде біздің ботаникалық бақта қызмет атқарған, қазір Барнауыл университетінің доценті А.Н.Куприянов өлке табиғаты туралы тамаша туындыларымен көпке мәлім. Оның Қарағанды облыстық экология және биоресурстар басқармасының демеушілігімен жарық көрген кітабы «Менің өлкем — Сарыарқа» («Мой край — Сары-Арка», ОПО «Полиграфия», Караганда, 1995 г.) деп аталады. Туған өлкенің әсем табиғаты, ондағы өсімдіктер дүниесі туралы сыр шерткен осы кітаптан алынған шағын бір ертегіні оқырманға ұсынғанды жөн көрдім.

Зәкәрия қарттың тотыққан жалпақ бетін әжім басқан. Күн сайын ол тері тулағын сүйретіп келіп, біздің оттың басына жайғасып отырады. Содан кейін әңгімесін:

— Тауды неге шарлай берсіңдер? Қасқыр жеп кетсе қайтесіңдер? Шөп теріп, қағаздың арасына жинап жүргендерің не? Керек болса немеремді жіберейін, бір арбасын апарып берсін, — деп бастау күндегі әдеті.

Күннің батқанына бірталай болған. Оттың жарығы айналаға дөңгелене сәуле түсіріп, түн түнегін кері серпіп тұр. Таудың ұшар бастары кешкі аспан астында айқын байқалып, қыр арқадағы биік-биік ағаштар сорайып көрінеді. Соларға көз салып отырған ақсақал:

— Сендер таудың, орман-тоғай, өзен-судың қалай пайда болғанын білесіңдер ме? — деп қулана сұрап

қояды.

— Білеміз, — деймін мен. — Жанартаулардың атқылауынан пайда болған. Кейіннен желдің әсері тиген.

— Е, е, е, онында мен түсінбеймін ғой. Одан да мен айтып берейін, — дейді ақсақал. Сөйтеді де қолына домбырасын алып, шертіп-шертіп жіберіп, қоңыр дауысымен әңгімесін бастап кетеді.

— Бұл баяғыда болған еді. Ол кезде біздің аталарымыздың аталары өмір сүріпті. Ал мына орман-тоғайдың орнында күн көзінен және даланың желінің әсерінен қарайып кеткен жалаңаш жартастар ғана тұрған екен. Осы жұтаң, шандақ өлкеде өте бай, әрі өте сараң бір сұлтан тұрыпты. Оның адамдары шығыстан батысқа, батыстан шығысқа қарай ағылып жатқан керуеннен алым жинапты. Алтын мен күміс, басқа да бағалы тастар оның сандығына суша құйылып жатыпты. Қанша байыса, сонша сараң бола түсіпті. Сұлтанның жалғыз ұлы болыпты. Оның басқа да балалары болған екен, бірақ олардың кейбірі аурудан өлсе, кейбірі сараң әкеден өздері безіп кетіпті. Сұлтанның кенже ұлы Самат болса бала кезінен кең далаға құмар болып өседі. Басқа ештеңеге мойын бұрмапты. Ол кішкентай кезінде қайырымды жандардың қолынан дәм татып, оларға қолдан келгенше көмек көрсетіпті. Есейе келе сұңқар қауырсынын қадаған жебесі, адырнасы қатты керілген садағы бар, құралайды көзге атқан мерген болыпты. Оның садағынан ұшқан құс та, жүгірген аң да құтылмапты. Ауылдағы қызкеліншектің барлығы мергеннің соңынан қызыға қарап қалады екен.

Кейбіреулер одан:

— Көрі сұлтан да өлер, сол кезде оның ұлан-асыр байлығын не істейсін, — деп сұрайтын көрінеді. Мерген болса:

— Барлығын елге таратып беремін, өзіме ештеңе де алып қалмаймын, — деп күле жауап береді екен.

Бұл сөз сұлтанның құлағына жетіп, әбден қанына қараяды да, ұлына керек болмаған байлықты ешкімге де бұйыртпауға бекінеді. Өлер шағының таяғанын сезген сұлтан бір түн ішінде барлық алтын, күміс, асыл затын тиіп апарып, тығып ұлгереді. Содан ертеңіне таң ата қайтыс болады.

Бүкіл халық жиналып келгенде, жас мерген елге таратып беретін ештеңе таппайды. Қарақұрым болған киіз үй мен сынған сандықтар ғана қалыпты. Мергенге ешкім сенбепті.

— Қуын қара, уәдесін орындамас үшін өзі апарып тығып қойған ғой, — дейді.

Халық бұдан соң тарқап кетіпті. Мерген болса реніштен көзіне жас алады. Содан қолына садағын ұстап, қашан байлықты тауып, елге таратқанша күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, жолға шығады.

Ол ұзақ жүріп, талай етік тоздырады, талай атты зорықтырады. Сөйтіп жүріп бір күні ай даладағы жалғыз үйге келеді. Төр алдында аппақ құдай сақалы белуарына түскен қария отыр. Шаршап-шалдығып келе жатқан жолаушыға жылышырай танытып:

— Қане, жолаушым, жоғарылат. Дүниеде не болып жатыр, айта отыр. Мұнда ешкімнің бас сұқпағанына талай болды, — деп жанына шақырады.

Бұған дейін мерген өзінің реніші туралы ешкімге тіс жармаған болатын. Қарау әкесі, берген уәдесі туралы қалай айтып салғанын өзі байқамай қалыпты. Қария болса тыбыр етпей отырып тыңдап алады да, мерген сөзін аяқтаған кезде аппақ құдай сақалын сипап қойып:

— Сұлтанның бар байлығын қайда тыққанын білемін. Ал оны қалай бөлмексің? — дейді.

— Тең бөлін беремін.

— Жоқ, — дейді қария басын шайқап. — Қанша әділ болғанынмен өркімге өзіне аз, басқаға көп берген сияқты болып көрінеді. Ел ішінде алауыздық, бір-біріне

сенбестік пайда болады. Бұл жақсылыққа апармайды...

Мерген терең ойға батып, жүзін уайым торлап, үн-түнсіз отырып қалады.

— Байқаймын, балам, елге жақсылық жасағың келеді екен, Мен саған көмектесейін. Ал қазір жат та ұйықтап, деп ал. Ертең үйіңе қайт.

Мерген ертеңіне ұйқысы қанып оянса — үй де жоқ, ақсақал да жоқ. Із-түссіз жоғалыпты. Сонда да ақсақалдың сөзін орындамауға дәті бармай, атының басын кері бұрыпты. Туған жеріне таяп келгенде аулын танымай қалыпты. Орман-тоғай қалың өскен биік-биік шыңдар қарсы алыпты. Терең сайлардан сылдырай аққан су алаңсыз жатқан малы бар көк шалғынды аңғарға сіңіп жатыр. Көкжиекпен астасқан кең далада дән толы бастары салбыраған егін жайқалып тұр. Сол алқаптың шетіндегі қарияның қараша үйін көріп, соған кіреді. Бірақ бала мерген қойманы ешқайдан таппайды.

— Е, ақсақал мені алдаған екен, — деп ойлаған ол оң жаққа бұрылса, текеметтің үстінде отырған қарияны көреді.

— Қарағым, бұлай ойлағаның дұрыс емес. Айналаға қарашы, мына жайқалған астық алтын емес пе, ана сылдырап аққан су күміс емес пе? Осының барлығы ел игілігі үшін ғой. Халыққа бәрін тең бөліп бердік, енді ешкім ренжімейді...

Біздің отымыз жанып бітіп, қызыл шоқтары ғана қалды.

— Жарайды, дем алатын уақыт та болыпты, — деп әңгімесін аяқтаған Зәкәрия қарт орнынан тұрады.

Біз болсақ әңгімені одан әрі жалғастырып, ұзағырақ отырып қалыппыз. Көп ұзамай таң жұлдызы Шолпан туды.



Юрий ПОПОВ,
өлке танушы

КЕНТ — АҢЫЗ АЙМАҒЫ

Кимасардан (Комиссаровка) өткен соң Кент тауы ертегідегі алыптардың шатырындай алдымыздан айқара ашылды. Оның көгілдір жамылғысы таудың айқыш-ұйқыш қойтастарын айқын көрсетіп тұр. Біраз жүрген соң тау шыңындағы қарағайлы орманы анық көзге шалынды. Дегенмен де алыстан көрінген көгілдір тау біз жеткенше сағыммен бұлдырап, бірнеше рет өзгереді. Біресе кең сай кездесе, біресе тар шатқалдар арқылы өтіп отырды.

Қасым Аманжолов атындағы совхоз орталығы тыптыныш екен. Көп адам да көрінбейді. Әуелі біз осы өлкеде туған ақиық ақынның ескерткішіне атбасын тіредік те, бірнеше қоршаулардан айналып өтіп, орманшы Мэлс Сағымбековтың үйіне келдік. Ол есік алдында машинасын жөндеп жатыр екен.

— Қазымбетке жету қиын емес, — дед ол. — Егер қиынсынбасаңыздар, мені де ала кетіңіздер. Онсыз да орман аралауға шығайын деп отырмын. Маған бензин үнем болсын.

Біз оған қарсы болмай, машинамызға мінгізіп ала кеттік. Өзектер мен батпақты жерлерден қиналмай өтіп отырдық. Бір кезде күз-күз биік жақпар тастарға кез болдық. Оның арасымен келе жатып, бір-бірімізден

адасып та қалдық. Мен Мэлстың соңынан қалмауға тырыстым. Ол маған жартастағы ертеректегі жазуларды көрсетпек болатын. Бірақ ол кешегі ғана емес бүгінгі жазғанынның өзін тану қиын, қалай болса солай өз аттарын сойдақтата берген жақпарлардан іздеген жоқ. Кішкене жүрген соң жүрелей отыра кетті де, үлкен тасты аударып, астына үнілді. Сөйтгі де маған қарап жымыды. Мен оның жанына келіп, Кент тауларында аты қалған «Я.П.Бернацкий, Никулин, академик Марғұлан» деген жазуларды оқыдым. Бұлардың алғашқы екеуі орманшы болатын, ал үшіншісі бүкіл халыққа есімі әйгілі археолог.

Бұдан соң ҚарМУ-дың студенттерінің лагерінде болдық. Олар Қызылсу өзенінің оң жағалауындағы көне жұртты қазып жатыр екен. Мұнда біз оқытушы Валерий Валентинович Евдокимовпен әңгімелестік.

— Кент маңында қола дәуірдің бірнеше мәдениетін меңгерген халық тұрғандығын қазба жұмыстары дәлелдеп отыр, — деді ол.

— Қабырғасы бірыңғай жалпақ тастардан қаланған баспананың орнын қазып жатырмыз. Мұндай құрылыс шатыр тектес болған. Ортасында от жағатын жері бар. Төбесіне мөткелер мен сырғауылдар салынып, оның сыртынан топырақпен жапқан. Бұл маң да он бес жылдан бері қазылып келе жатыр. Мұнда жабайы және үй жануарларының сүйектері, бұлан мен бұғының мүйіздері, садақтың ұшы, қола әшекей бұйымдар, саздан жасалған ыдыстардың қалдықтары сияқты заттар табылған, Биылғы маусымның қорытындысында қола біз, қола доғабас және шөп немесе бұтақ оратын қола орақ таптық.

— «Кент» деген атау қайдан шықты екен. Бұл атаудың өзі әлемнің әр жерінде кездеседі. Мысалы, Англияда Кент графтығы бар. АҚШ-та Кенттуки штаты бар. Өзбекстанда Ташкент деген сияқты...

— «Кент» деген ирандықтардан шыққан. Түп төркіні

«қала» дегенді білдіреді. Бұл жерде кент атауы біздің дәуірімізге дейінгі Х-Ү ғасырларда берілген болуы керек. Өйткені сол кезде осы маңда халық өте тығыз қоныстанған. Екі шаршы километрге жуық аймақта өзірге жүзге жуық құрылыс орны табылды. Оның ішінде табыну орны да, құрбандық орны да бар. Былайша айтқанда, мұнда Кент қаласы болған.

— Кент тауларынан бұдан басқа бұрын кездеспеген қандай ескі құрылыстарды көруге болады?

— «Қырғыз» совхозының Көнт бөлімшесінің дәл орталығындағы ерекше мұрдехананы айтуға болады. Ол біздің дәуірімізге дейінгі Х-ҮІІІ ғасырларлағы Бегазы-Дәндібай мәдениетіне жатады. Бұл тастан қашалған үш сатылы, биіктігі бір жарым метрлік пирамида. Дәл ортада бітеу тастан жасалған жәшік. Жалпы алғанда Кент тауының жазықтары мен сай-салаларында ерте қола дәуіріне жататын ескерткіштер көп.

Кеш қаранғылығы қоюлана кордонда тұратын Ләззат Ғабдуллиннің үйіне жетіп, қондық. Ертеңіне ол жолбасшымыз болып машинаға отырды. Оның екі баласы Ақмарал мен Маржанды да ала жүрдік. Әсем көріністерді қызықтау үшін Қызылкент қойнауына келіп кірдік.

— Бұландар мен мәліндер пайда болды. Жуырда Айтпайдан он екі арқар мен екі қарақұйрық кездестірдім. Ақтиіндер көп. Нарбаста бүркіт ұя салды. Өткен айда дауылдан соң үш бұлан алқапқа шығып кетіп, электрдің үзілген сымына оралып, тоққа түсіп өлді, — деп әңгімелеп келеді жолбасшымыз.

Соқырбұлақтан өткен соң Байшора көрінді. Мұнда бір кездері қарағай, шыршадан шайыр ағызыпты, пештің орны жатыр. Жылысай өзенінің аңғары қыста жылылығымен ерекшеленеді. Мұнда жел соқпайды Кеңсайда аң, әсіресе қоян көп екен. Ал Алаатта ақ тиіндер қаптап жүр. Сол сияқты мен Кішкенесай, Өйтімбет, Нұрабай, Қандауыз, Тасбақа, Аққазан, Қыш-

тас, Көктөбе, Лепсібай сияқты жер аттарын жазып алдым. Әр атау жердің өзінің кескін-келбетіне лайықты қойылған.

Біз Ләззат екеуіміз біраз жерді айналып өтіп, Тасырбай бейітінің жанына келіп тоқтадық. Бұл бейіт кейіннен салынған. Көне дәуір көмбелерінің жанында биіктеу төбенің басында тұр.

— Тасырбай бай адам болған, — деп әңгімеледі Ләззат. — Өмірді бес саусағындай білген. Сондықтан ол өзінің бейітін көзінің тірісінде салып кеткен. Содан 1928 жыл келіп, қампескеге ілігеді. Тасырбайды Сібір айдайды. Ол сол жақта қайтыс болыпты. Тасырбайдың Қызылсуда су диірмені болған екен. Ол жерді біз Өткелбермес деп атаймыз.

Анау алыстағы, «Бақты» совхозы жақта көрінген Қарашоғырды Байқоңыр деп атайды. Менің әкем сол жақтан он түйе сыйып кететін үңгір көрсеткен. Кейіннен мен сол үңгірді таба алмай жүрмін.

Біраз жүрген соң бір үңгірге келдік. Оның іші толған көгершіннің саңғырығы екен. Жер асты жолы жоғары қарай тік өрлеп кетеді. Ол жақта да құстардың дыбысы естіледі. Қыз-әулиеден әрі жоғары қарай кеттік. Бір шоқыдан бір шоқы биік, жоғарылай береді екен. Бір-бірімізге көмектесе отырып, тау асуына көтерілдік. Одан әрі жол жоқ. Сонау көз ұшында көрінген биік таудың ұшар басын көрсеткен Ләззат оның Қырыққыз деп аталатындығын айтты. Онда бүркіт айналып жүр екен. Оны жанымыздағы Гена суретке түсіріп алды.

Біз Қызылкеніштегі Будда храмын суретке түсіріп алдық. ХҮІ-ХҮІІ ғасырларға жататын ескерткіш мемлекет қамқорлығына алынған. Бірақ ол жауын мен желдің әсерінен мұрып бара жатыр екен.

Әулиетастағы үңгірді көруге бет алдық. Болпан кордонына келдік. Мұның иесі Гаухар Бекбосынова. Ол ері Мұратжан екеуі үйінде екен. Теледидар да жұмыс

істеп тұр. Аулада балалар ойнап жүр. Біз мұнда қымыз ішіп, қуырдақ жедік. Біраз әңгімеге қанықтық.

Әулиетасқа дейін бізді Мұратжан ертіп апарды. 250 миллион жылдан бері жатқан Әулиетас сол орнында екен. Тек ырғай өскен үңгірдің аузы бітелуге таялып қалыпты. Әулиетасқа келіп, тәуіп етіп, түнейтіндер де бар дейді. Ырғайдың бұтақтарына әркім ақтық байлайды. Ақша түйетіндері де бар.

Мұратжан тау беткейіндегі осыдан бес-жиырма жыл бұрын қазба жұмыстарын жүргізген орындарды көрсетті.

Бұл жерден тау көусарын қазып алған екен. Бұдан соң Мұратжан басқа да қазба орындарына әкелді. Археологтар біраз қазба жұмыстарын жүргізіпті.

— Бұл да Бегазы-Дөңдібай дәуіріне жататын көмбелер деп анықтады ҚарМУ-дың тарих факультетінің түлегі Гена. — Өте сирек кездесетін қабір. Өте бай адам болған сияқты.

Диаметрі 15 метрге жуық шеңбердің ортасында жатқан тас жәшікті көрдік. Тастардың барлығы қашалған. Шеңбердің әр жері солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған тастармен қиылысып жатыр.

Кент тауының тағы бір ерекшелігін біз ертеңіне ҚарМУ-дың сауықтыру лагерінде қонып жатқанда білдік. Бір машинаның қорабы толған тықыр жусан екен.

Бізге мұны:

— Бұл емдік қасиеті мол, әсіресе қатерлі ісікке қарсы дәрі алуға аса қажет тықыр жусан. Бұл «Қырғыз» совхозының аймағында Кент тауының ғана етегінде өседі, — деп түсіндірді білетіндер.

Міне, аңыздар өлкесі Кент туралы өз көзімен көріп, өз құлағымен естігенім осылар. Оның құпиясы әлі де мол болуы керек.

1996 ж.



НАТУРАЛИСТЕРДІҢ ЖАЗБАЛАРЫНАН

АУЛАДАҒЫ ТҮЛКІ

Жаздың қараңғы түні еді. Біздің хутор үйқыда болатын. Дала тыныштыққа бөленген, тек анда-санда әр жерден үрген иттің ғана дыбысы естіледі. Бір кезде Тарзан мен Найда арсылдай үріп, жалпақ канал жаққа қарай тұра жүгірді. Каналдың арғы жағы қалың қопа және шабындық жер болатын. Иттер суға түсуге бата алмай, төніп келіп, анда-санда арсылдап үріп қояды. Содан соң кері шегінеді. Ал бұлардың үргеніне арғы жағалаудан күшіктің шәуілдегені сияқты жауап дауыс естіледі.

Мен не болғанын білмекке жандарына таяп келдім. Мені көре салып ит одан сайын үре түсті. Бір кезде арғы қабақтан түлкінің сұлбасын байқап қалдым. Мәнжай сонда ғана белгілі болды.

Ол түлкі біздің хуторға жиі келетін. Адамдар бар, аулада иттер жүретін хуторда несі бар?

Түлкінің жиі келіп, құмнан тасбақаның жұмыртқасын қазып жейтінін білемін. Ал аулада қоқыс салатын жәшіктер тұрады ғой. Онда тамақ қалдықтары аз болмайды. Олар соны келіп теріп жейді екен. Адамдар соқтықпайды, ал Тарзан мен Найда ол кезде кішкентай болатын. Түні бойы бір бұрышқа тығылып алып ұйықтайтын.

Есейе келе олар аулада өздері қожа болуы керектігін түсінді. Міне, енді аулаға түлкіні келтірмес үшін ұйықтамай жүр. Түлкі болса оларды бәрібір алдап кетеді.

Иттер ұйқыға жатысымен қоқыс төгетін жәшікке келіп, тойып алып бірақ қайтады. Кейде таң атқанша жүретін кездері бар.

Бірде таңертең қоқыс жәшігінен шығып, кетіп бара жатқанын байқап қалдым. Мені көре салып, тұра қашты. Оны иттер қуа жөнелді.

Сол түлкі көпке дейін келіп жүрді де, басқа жаққа қоныс аударды ма, әйтеуір жоқ болып кетті. Оның кетуіне Тарзан мен Найда да әсер еткен болуға тиіс.

М.Андросов.

САҢЫРАУҚҰЛАҚТАР

Бұл қазан айында болды. Біз бір топ адам таңертең ерте Ертіс-Қарағанды каналының бойындағы тоғаннан балық аулауға шыққанбыз. Түнде аяз болды, бірақ тоған бетін мұз толық басқан жоқ екен. Кенет қатты дауылдата жел соқты. Біз қармағымызды жинап, үйге қайтпақ болдық. Сол кезде тоған шаруашылығының балықшысы Владимир Тимченко бізге саңырауқұлақ теруге ұсыныс жасады.

— Қандай саңырауқұлақ? Олар қайда? — деп таңдандық біз. — Айнала ашық алқап, аяғымыздың астындағы жер тастай болып қатып қалған, беті мұз.

Балықшының иті болатын. Ол оған:

— Ізде! — деп бұйрық берді.

Сол-ақ екен ит бірнеше қадам жүгіріп барды да, арс етті. Біз сол жерге келдік. Мынаны қараңыз — белгісіз бір күш жердің мұз басқан бетін томпайтып көтеріп тұр. Томпайған жер жарылып кеткен. Оны пышақпен қопарып қалғанымызда астынан саңырауқұлақтың қалпақшасы әппақ болып шыға келді. Содан біраз уақыт өткен кезде біз екі шелек саңырауқұлақ жинадық.

Бірнеше күннен соң бұрынғы бригадир-монтажшы

Степан Кудоровский біздің үйге телефон соқты.

— Саңырауқұлақ теруге барайық.

Мен қуанып кеттім. Аңадағы саңырауқұлақтардың дәмі әлі таңдайымнан кетпеген еді. Бірақ ол Константиновка мекенінің жанындағы орманға баратынын айтты. Шынына келсем, ол жаққа текке барамыз ғой деген көңіліме күдік келді. Өйткені суық басталды, кей жерлерде қар жатыр. Мен бәрібір келістім де, таңертең ертемен жолға шықтық.

Үш сағаттан астам асықпай жүрдік. Жолдың жиегінде бетін мұз кіреукелеген қақ суы көрінді. Әлі де болса текке өуре болдық-ау деген ой басымнан кетпейді. Жолға бір шыққан соң кейін қайту Степанның әдетінде жоқ.

Міне, біз орманға да келдік. Ағаштың жапырақтары түсіп, жер бетін жапқан. Шөп те жаңбырдың әсерімен тапталып қалыпты. Біраз уақытқа дейін қолымызға ештеңе ілікпей, орманды бос араладық. Егер шілде, тамыз айлары болса, жердегі жапырақтардың астындағы төмпешік болып тұрған саңырауқұлақ бірден байқалар еді. Ал қазір жердің беті теп-тегіс болып жатыр.

Дегенмен таптық-ау! Тізерлей қалып жинауға кірістік, Сөйтіп, жолға шыққан уақытымыз зая кетпеді. Шелек-шелек саңырауқұлақ алып оралдық.

ПАЙДАЛЫ ШӨПТЕР

Самарқанд су қоймасының оң жақ жағалауында Теміртау қаласының еңбек ұжымдары демалыс аймағын салып тастады. Мұнда Иван Алексеевич Шешеня жиі болады. Ол өрқашан демалушыларды қарсы алып, кеңестер береді. Кейбір отбасына биік теректің көлеңкесіне орналасуға ақыл қосады.

— Ол жерде сіздер санырауқұлақ терулеріңізге болады, — дейді.

Енді біреулерге:

— Сіздер анау қалың өскен қаудың, бұта мен қамыстың арасына орналасыңыздар, Онда ең болмаса бір түп жалбыз жинап аласыздар, — дейді Шешеня.

Үшінші біреулерді ол шыжыған күнде ашық далаға орналастырады.

— Сіздерге осы жер ыңғайлы, Мияның тамыры өте пайдалы...

Мұндай пайдалы шөптерді Иван Шешеня бүкіл Қазақстаннан жинайды. Ол машина жүргізуші болып еңбек етеді. Күзде демалыс аймағы жабылған кезде Шешеня рульге отырады да, жолға шығып, жүрген жерінен әртүрлі шөптің тұқымын, тамырын жинап әкеліп, агрономдық іспен айналысады.

Демалыс аймағындағы гүлдер мен шөптердің көпшілігі Шешеняның қолымен егілген.

ШАЯНДАР

Қамыс түбінен, бір топ бала шаян аулап жүр. Шешеня олардың жанына келіп:

— Мына шаян қауашағын жаңа ғана ауыстырған екен. Қарандаршы, сырты қандай жұп-жұмсақ, түртіп қалсаң жарылып кеткелі түр. Ал мынау шаян ұрғашысы, — деп түсіндіре бастайды.

Шешеня шаянның мойнын созып көрсетеді:

— Мінеки, байқайсыңдар ма, жасыл шегіртке сияқты ұсақ шаяндар толып жүр.

Содан соң ол кішкене шаяндардың «серуенге» шығатынын, қауіп төнген кезде теп-тез тауықтың қанатының астына жасырынған балапандар сияқты олар да анасының мойнына келіп тығылатынын, ал мойнының жиырылып, балаларын жасыратынын әңгімелеп

берді.

Біраздан соң балалар шаянды тастай салып, қамыс арасындағы шортандарды қууға кіріседі.

Д.Оськин.

ТҮНГІ ҚОНАҚ

Мен кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының Қарқаралыдағы «Юность» спорттық-сауықтыру лагерінде дем алған сайын ең түкпірдегі үйшіктердің біріне орналасамын. Бір түнде бетімді желпіген жұмсақ орамал сияқты самалдың әсерінен оянып кеттім. Көзімді ашсам — қаракөлеңке үйдің ішінде бас жағымда қонып отырған көбелекті көрдім. Негізі көбелектер түнде ұйықтайды. Ал, мынау түнде ұшатын көбелек екен. Бұл мені қызықтыра түсті. Қаракөлеңкеде қарап отырсам — көрінер-көрінбес жылт-жылт еткен бір сәуле байқалады.

Шамды жағып, анықтап қарадым. Сөйтсем, ол кәдімгі көгілдір көбелек. Тек оның екі ұзын мұрты жылтырайды екен. Былайша айтқанда оған жол көрсететін шам сияқты. Осы жолы адасқан ғой деймін. Ашық тұрған желдеткіштен байқамай кіріп кеткен болуы керек.

Көбелекті сыртқа шығарып жібердім. Ол қараңғылық қойнына кіріп кетті.

Бұдан соң маған ондай көбелек кездескен жоқ.

КІРПІ МЕН МЫСЫҚ

Түн ортасында Пираттың үрген дауысынан оянып кеттім. Аулаға бөтен ит келген болар деген оймен иығыма іліккен бір киімді іле салып, сыртқа шықтым. Мені көрген итім одан бетер шабалана үріп, қақпаға

қарай жүгіре жөнелді.

Түн сүттей жарық. Ай нұры айналаны әшпақ қылып тұрғандықтан иттің неге сонша абалағанын анық байқадым. Қақпаның түбінде домаланып кішкене ғана бірдеңе жатыр. Ол кірпі еді. Пират оның жанында шырқ айналып, алдыңғы аяғымен түртіп қалады. Ызыланып, тістегісі келеді. Бірақ аяғына қадалған ине одан сайын ызыландыра түседі. Мен итті шынжырына байладым да, бақылап біраз тұрдым. Кірпі көп кешікпей ашыла бастады. Сүп-сүйкімді сүйір тұмсығы көрінді. Одан соң кішкене аятарымен жер тіреп, жан-жаққа барлай қарап, иіскелей бастады. Кішкенедең соң дыбысын білдірмей жылжып барып, қақпаның астына кіріп кетті...

Сол жылы күз жылы болды. Қазан айы туғанымен күн нұрының қызуы әлі қайтпаған еді. Күз келе ұйқыға кеткенімен күннің жылуынан, немесе қарны ашып оянды ма, әлде біреулер жатқан жерінен мазалады ма, әйтеуір кріпіні тағы көрдім. Қорғаныш сезініп, тамақ іздеп, ұй маңына келген ғой...

Бір күні сыртқа шықсам, бір кірпі қораның алдында жер иіскелеп жүр екен. Қыстап шығатын орын іздеп жүргенін сезе қойдым.

Біздің үйге кіре берісте үш сатылы ағаш баспалдақ бар. Соның бүйірінде мысығымыз Мурка еден астына кіріп-шығып жүретін кішкене тесік болатын. Бұл орын кірпіге де ұнаған сияқты. Ол содан келесі күні ғана көрінді. Есіктің астынан өзіне орын сайлап алған болуы керек. Кірпіге Пират енді үрген жоқ. Кірпі аулаға шыққан кезде ит оған таңдана қарап тұратын болды. Ал, Мурка болса қатты ашуланды. Табаққа сүт құйып қойған кезде мысық бірінші ұмтылып, кірпіні аяғымен немесе тұмсығымен итеріп тастағысы келеді. Бірақ оған ине қадала түседі. Аяқтағы асты қызғанып, ызалана ырылдағанымен істер шамасы жоқ. Кірпі де көне қоймайды.

Құйылған ас жеткілікті болатындықтан олар тез достасып кетті. Содан қыстың суығы басталған кезде кірпі көктемге дейін тығылып қалды. Мысық болса ұзақ уақыт оны сағына мияулап жүрді. Табаққа таяп келеді де, сүтті ішпей мияулап отырады.

Көктем келіп, кірпі орнынан тұрған соң Мурка мен екеуінің достығы қайтадан жалғасты.

В.Хомич.

ҚАРИЯ

Кешкі астан соң бұғышылар тондарына оранып, дем алуға кірісті. Тек табынның түнгі күзетшісі жас жігіт Эгель ғана орнынан тұрды. Ол қазаннан бір кесек бұғы етін алып, сыртқа қарай беттеді.

Өзі:

— Мұны қария жесін, — деп сөйлеп барады.

Қос маңында жан жоқ, тундраның қысқы түнінде қандай қария болуы мүмкін.

Эгельдің қимылын бағып жатқан мен оның соңынан тысқа қоса шықтым. Ол оншақты қадам жүрді де, тырбық қайың түбіне етті тастай салды. Сол-ақ екен еріне басып келген ақ сұр ит етті тістеп алып, бір-екі сілікті де, орнына қайта тастап, өзі жайына кетті. Өйткені, бұғышылар өздерінің сенімді көмекшілерін кешкі астың алдында ғана тамақтандырған еді.

— Эгель, етті кімге бердің? — деп сұрап едім, ол жауапты қосқа кірген соң берді.

— «Қария» дегенім — қасқыр. Өте кәрі қасқыр, тіпті тістері де жоқ. Бұғыға шамасы келмейді, тоқтылық та қауқары жоқ. Тундрада біздің көшіміздің соңынан қалмай еріп жүреді.

— Атып неге тастамайсындар?

— Неге атамыз! Ол кәрі ғой. Бірде-бір тісі жоқ. Ол бізге зиянсыз. Жүре берсін, — деді ол тез-тез сөйлеп.

Осы кезде бригадирдің ренішті дауысы естілді:

— Эгель табынға бар. Осы отырғаның да жетер.

— Кеттім, кеттім. Бұғылар маңы да көңілсіз емес. Қарияны көргің келе ме? Барсаң жүр менімен, — деді маған.

Бұғылар табыны қостан аса алыс емес, ит тұмысығы өтпейтін қалың орманға таяу орын теуіпті. Қарлы алқапта аязды түн тұнып тұр. Алыс көкжиекте қарлы тау қарауытады. Эгель от жағып болды да, бір қалыпты ыңылмен бір сарынды әуенге басты.

Мен тырбақ қайыңның көлеңке жағына тағатсыздана қарап қоямын.

— Қазір қасқыр келгенде иттердің өзі-ақ белгі береді. Ертеректе ғой олардың өте көп болғаны. Бұғыларға жиі шабуыл жасайтын, біз де көп атып алатынбыз. Қазір тіпті азайып кетті. Мүмкін қария ең соңғысы шығар.

Сөйтті де ыңылдап қайта әнге басты.

Осы кезде қасымыздағы төбет басын сәл көтеріп, ақырын ыр-рр етті. Мен қайың тасасындағы сидіған ұзын аяқты, аузы ырсиған мақұлықты анық көрдім. Ол ештеп таяп келді де, қайың түбіне ақырын еңкейді.

— Иттер де оған тиіспейді. Көрдің ғой тіптен кәрі.

Қасқыр етті ақырын тістеп алып, дыбыссыз жылжып, тундраның түніне сіңіп кетті.

В.Булыгин

БАЙКАЛ АТТЫ ПАРТИЗАН

Вася Мальгиновтың әкесі қырық бірдің маусымында майданға аттанды. Фашистер Брянскіге таяғанда Вася шешесімен бірге партизан отрядында еді. Онымен бірге кішкентай күшік кезінде село жанындағы орманнан тауып алып, асыраған Байкал атты ит те болды. Бір жылдан соң Байкал ірі, өте сирек кездесетін

ақылды, айтқанды орындайтын қасқыр ит болып өсті.

Отрядта Вася 14 жасар партизан Миша Жуковпен дос болды. Олар ит баулуды жақсы білетін Афанасий атаймен бірге Байкалды әуелі әскери хабарлар тасуға үйретті. Ол оқша зуылдап Мишадан Васяға келетін де, кері қайтатын, әртүрлі бөгеулерден қорықпай өтетін, балаларды іздерінен-ақ тауып алатын болды. Сөйтіп ол хат тасушы қызметін тез арада меңгеріп алды.

Бұдан соң олар барлаушылармен бірге әрекетке барып, «тіл» алуға көмектесуді үйретпек болды. Афанасий атай үлкен қуыршақ дайындады да, оған фашист офицерінің киімін кигізді. Біраз уақыт өткен соң Байкал «айт» деген команда естілісімен үнсіз атылып барып, қуыршақты алып соғып, екінші команда естілгенше «ұстап» тұратын болды.

Енді Байкалды ұрыс операциясы кезінде сынайтын шақ туды. Бұл уақытқа дейін Вася мен Миша соғыс қаруларын тамаша меңгеріп, қолдарына автомат да түсіріп алған болатын.

...Жаңбырлы күздің түнінде партизандар тапсырмаға шықты. Ең алдындағы жаужүрек партизан Ярошевичпен қатар Вася Байкалын ертіп келе жатты. Миша колоннаның соңында болатын.

Деревняға бір жарым шақырым қылғанда партизандардың жер бауырлауына тура келді. Қолға түсіруші топ бөлініп, Вася өзінің серігімен соларға қосылды. Фашистердің штабы селолық мектепке орналасқан болатын. Үй жанында автоматты бір күзетші тұр. Барлаушылар еңбектеген беті солай қарай жылжыды. Әрбір тырс еткен дыбыс білінген сайын Байкал тоқтай қалып, құлағын қауіп білінген жаққа қарай тігеді.

Міне, мектептің қабырғасына жетті. Терезелерде жарық көрінбейді. Күзетші ерсілі-қарсылы жүруден шаршап, бір кезде есік алдындағы сатылы басқыш жақтауына сүйенді. Вася Байкалдың құлағына «айт» деп сыбырлағаны сол еді, фашист есін жиып үлгергенше жер-

ге сұлап түсті. Оны тез байлап тастап, аузын тығындап, кейін сүйреп әкетті. Бұдан соң партизандар терезеге бір мезгілде алты граната лақтырды. Фашистерден тек обер-лейтенант қана тірі қалыпты. Оның өзі жаралы. Оны мен күзетшіні өздерімен бірге алып жүрді.

Жарылысты ести сала екі машина солай қарай ұмтылған еді, олар партизандардың тосқауылына кезікті. Пулемет пен автоматтың жауған оғы немістерді деревняға кіргізбей, дереу кері қайтуға мәжбүр етті. Ұрыс кезінде Байкал байлаулы тұтқындарды күзетіп тұрды. Кенет шабуылға шыққан фашистердің бірі балалардың сыртынан айналып келіп, Васяға пышақ сермемек болды. Сол кезде Байкал жаудың әрекетін жүзеге асырмады. Атылып барып, қолына жармасып, жерге алып соқты. Сөйтіп ит өзінің иесін ажалдан аман алып қалды. Партизандар лагерьлеріне аман-есен оралды.

Партизандар лагерьінің маңында күзет сенімді болатын. Бірақ байланыс жағы қиын еді. Бірде жауапты бағытқа құрамында Байкалымен Вася бар құпия топ жіберу керек болды. Бұл топта Афанасий атай бастаған тағы төрт партизан бар еді. Оларға жаудың бағытын дер кезінде анықтап, бұл туралы лагерьге жедел хабар беру тапсырылған. Байкал байланысшы қызметін атқаратын болды. Ол тек Вася мен Мишаға ғана сенетін болғандықтан Васяның досы хабарды қабылдау үшін лагерьде қалды.

Маңайды түн қараңғылығы басты. Кезекшілерді белгілеген Афанасий атай мұқият болуды бұйырды. Вася Байкалдың жетек жібін қолына байлап алып, күзетке шықты. Таңға жақын ит құлағын тіге қалды. Бұл алда бірдеңе бар деген сөз. Партизандар ұрысқа дайындала бастады. Көп ұзамай таңғы тұман арасынан фашистердің сұлбасы да көрінді. Афанасий атай олардың бетін лагерьден аудару үшін ұрысқа кіруге бекінді. Міне сол кезде Байкалдың тағы бір көмегі тиді. Афанасий атай жаудың бағытын және өздерінің

әрекеттері туралы қысқаша хабарлама жазып, Васяға берді. Ол бұл хатты қарғыбауға тағылған қалташаға салды да итке бұйрық берді. «Байланысшы» жасырынып отырған ұрадан ақырын ғана шығып, лагерьге қарай зулай жөнелді. Хабар дер кезінде тиген командир отрядты жедел көтеріп, жауды лагерьге жеткенше қоршап алып, құртып жіберуге бұйырды.

С.Гаврилов.

ЕСКІ КҮЙСАНДЫҚ

Біздің Фиса атты мысығымыз болды. Ол аяқ астынан музыканы ұнататын болып шықты. Шешеміз күйсандыққа жақындаса болды, мысық та жетіп келеді. Бірақ ол иіскелеп, музыканы өзінше «тыңдайтын» еді. Күйсандықты айнала жүріп иіскейді. Кейіннен ол ешкім ойнамай, қақпағы ашық тұрған кезде де айналмалы орындықтың үстіне шоқиып отырып алып, сарғайып кеткен тілдеріне ұзақ қарайтын болды. Кейде оның үстіне секіріп шығып алады. Клавиштердің үстімен жайлап басып жүреді де, тоқтайды. Содан бір кезде ішегі дың ете қалса болды, лакталған жып-жылтыр қап-қара беттақтайына қисая қарап отыра қалады.

— Біздің мысық вальс үйреніп жүр ме? Әлде «Мысықтар күйін» шығарайын деп жүр ме екен? — деп күледі әкеміз.

— Қақпағын жап, — дейді шешеміз қатқыл үнмен, — Мен саған «қақпағын жап» деп жүз рет айттым ғой. Білгі күйсандықты ашық қалдырасың. Тілін шаң басып қалады...

Мұны маған айтады. Өйткені мен әлі кішкентай едім. Сондықтан қақпақты жаба алмаймын. Жабайын десем, ауыр қақпақ қолымнан тайып кетеді де, саусағымды қысып қалады.

Біздің мысыққа қақпағы жабық болса да бәрі бір. Ол

қашан ойнайтындығын күтіп отырған сияқтанып, тепкішектің түбіне келіп, ұзақ отырып алатын.

Бір күні түнде күйсандықтың дауысынан ояндық.

— Қақпағын тағы да жаппағанбысың? — деп жатыр шешем ұйқылы-ояу. — Кемінде жүз рет айтқан шығармын.

— Фиса мұнда, — деп таңданды әкем. — Менің аяғымның үстінде ұйықтап жатыр.

— Ойыны қанған соң келген ғой. Әйтпесе, ғайыптан бірдеңе пайда болды дейсің бе, — деп есінеді шешем.

Ертеңіне түнде күйсандық тағы да ойнады. Әкем орнынан тұрып барып, қарады да:

— Біздің үйде адам түсінбес бірдеңе бар, — деп таңдана оралды. — Күйсандық жабық тұр. Түк түсінсем бұйырмасын...

Бұдан соң ұйқымыз ашылып кетті де, ұзақ уақыт ояу жаттық. Сағаттың тықылы ғана естіледі. Тіпті сағаттың әлде бір серпмесінің әлсіз зыңылы да құлаққа жетеді. Кенет күйсандықтан қайта дыбыс шықты. Біреу тілін кезек-кезек басып, ойнауға талаптанған сияқты.

— Сайтан алсын, — деп ашуға басты әкем.

Бәріміз күйсандыққа қарай тұра ұмтылдық. Ол ештеңе болмағандай қап-қара болған беті жарықпен жылтырап, орнында маңқайып тұр.

— Бір құдірет бар шығар, — деп мінгірледі әкем күйсандықты айнала қарап шығып, — «Үй иесі болады» деуші еді, мүмкін сол шығар.

— Қойшы қалжыңды. Мен әлі өзіме-өзім келе алмай тұрмын. Бірдеңе істемесе болмайды... — деп шешем әкеме қарады.

Ертеңіне күндіз әкем күйсандықты жақсылап қарап шықпақ болды. Жоғарғы қақпағын ашып, аспаптың ішіне үңілдік, онда жасыл шұғамен көмкерілген кішкентай балғашалар қаз-қатар тізіліп тұр. Бұдан соң

әкем тілдерінің астындағы алдыңғы бетті ашпақ болды. Осы кезде Фиса аяққа оралғы болып, жанымыздан шықпай қалды.

Алдыңғы бетті алған кезде күйсандықтың ішінен... екі тышқанның атып шыққаны. Абайсыз тұрған шешем шыңғырып қалды. Фиса болса екі тышқанның соңынан қуамын деп біреуіне де ие бола алмады.

Сөйтсек, күйсандықтың артқы беті алшақтап кетіп, арасында саңылау пайда болған екен. Содан кірген тышқандар күйсандықтың ішін ұяламақ болған. Бір топ ұсақ қағаз бен жасыл шұға қиқымын үйіп қойыпты. Біраз балғашаның шеті кемірілген. Шұғасын жұлмамаймын деп балғашаларды тартықлайды ғой. Ал олар сым ішектерге соғылады да, содан дыбыс шығады екен.

Әкем күйсандықты қалпына келтіріп, жөннеді. Бұдан соң одан бөгде дыбыс шығып көрген жоқ.

В. Чернышев.



ТАБИҒАТ ТАМАШАЛАРЫ

ЖАНАТЫН ПЕШ

Эстонияның сланец бассейні Кохтла — Ярвенің өмірбаяны қарапайым пештен басталған.

Пеш қалайтын басқа ештеңе болмағандықтан жергілікті шаруаның бірі осы аймақта толып жатқан тастардан пеш қалапты. Бірақ отты алғаш жаққан соң біраз уақыттан кейін әлгі пештің өзі жанып кетіп, күлі ғана қалады. Жергілікті «тастың» ерекше қасиетін осылай білген екен.

Жанып кеткен пештің құрметіне оның орнына қалаықтар сланец толтырылған вагонетка қойып, тамаша ескерткіш орнатыпты.

ОЙЫНШЫЛ АҢДАР

Белорусь ғалымдары Березинск қорығының бір тоғанында ұялаған құндыздар мен кәмшаттардың үлкен тобын тапты. Құндыздар бірнеше күрке, бөгеттер жасап, үй иесі ретінде бірінші қабатқа қоныстанған. Ал кәмшаттар болса оқшауланған екінші қабатқа орналасады. Содан төмен қарай құндыздардың ойығына сырғанап түседі.

Бұл аңдар бірігіп ойнап, асыр салады, әсіресе, биіктен сырғанауға құмар. Оның өзінде де кез келген жерде сырғанап бермейді. Әдейі салынған биіктігі мен көлбеулігі ыңғайлы төбешіктерді таңдап алады. Егер

төбешіктің сырғанақ жолы ыңғайсыз, тегіс болмаса, онда көмшаттар тас, ағаш, басқа да бөгет болатын қоқыстарды жолдан алып тастауға жалықпайды.

ЕРЕКШЕ МАЙСАМЫРСЫНДАР

Майсамырсынның (пихта) бұл түрінің Камчаткаға қайдан барғанын ешкім білмейді. Тынық мұхит жағалауындағы бір түбекке өскен бұл ағаштар өзінің басқа тұқымдастарына қарағанда ерекшелігі бар екенін айқындап жүр. Барлы-жоғы 20 гектар ғана аумақты алып жатқан бұл майсамырсын орманы туралы ғалымдар екі ғасырға жуық зерттеу жүргізуде. Шын мәнінде оның тұқымдастарының ең жақын орналасқан жері кем дегенде мың шақырым болады екен.

Осы ағаштарды ғасыр басында зерттеген аса көрнекті орыс ботанигі В.Л.Комаровтың айтуына қарағанда бұл самырсындар тарихи жыл санаудан бұрынғы вулкандар мен мұз дәуірін бастан өткерген. Дегенмен кейінгі зерттеулер бұл болжамға түзету енгізді. Орманы өскен алқаптың топырақ қабатынан самырсын тозаңы табылған. Оның жерге түскеніне кем дегенде 1100 жыл болған. Басқа еш жерде мұндай самырсын жоқ. Сондықтан да мұның өзі нақтылауды, мұқият талдауды қажет етеді.

ЖАНУАРЛАРДЫҢ ОҢҚАЙЫ МЕН СОЛАҚАЙЫ

Адамда екі қол, екі аяқ, екі өкпе және екі жарты шардан тұратын ми бар. Ал инеліктің аяғы үш, қанаты екі жұптан тұрады. Қалай болғанда да табиғат тепеңдікті сақтауға тырысады. Соған қарамастан таби-

ғаттың кейбір «жағдайлары» бұл заңға бағынбай кететіні бар.

Әрине жер жүзіндегі жан-жануарлардың барлығының оңқайы мен солақайы бола бермейді. Дегенмен де үй жануарларының мінездерін жақсы білеміз.

Қазақы сиырлардың барлығы оң жағынан ғана сауғызады. Жылқы да сондай. Атқа бір-ақ жағынан мінеміз. Сондай-ақ, төлін бір-ақ жағынан емізетін жануарлар да бар.

Су ұлуларының да оңқайы мен солақайы бар. Олардың сыртындағы әк тас қауашағы кейде оңға қарай, кейде солға қарай бұралған болып келеді.

Иттер тышқанның інін қазған кезде екі аяғын кезек ауыстырады, бірақ бір аяғымен көбірек жұмыс істейді. Кішкентай шармен ойнаған кезде мысықтың ұялас күшігінің бірі алдыңғы оң аяғын көбірек жұмсаса, екіншісі сол аяғымен көбірек ойнайды. Әрине, мұның барлығы тепе-теңдіктің заңдылығы емес, кездейсоқ нәрсе. Ал балықшы құс болса бір аяғы талған кезде келесі аяғымен ұзақ тұрады. Содан барып бұл оның әдетіне айналып кетеді. Сол сияқты тұмсықтары айқасып келетін құстардың да оңқайы мен солақайы болады екен. Бұлардың тұмсықтары кейде сол жағынан, кейде оң жағынан айқасады. Оның өз дәрежесінде атқаратын «міндеттері» мен «қызметтері» бар. Мұндай торғайлар, әсіресе, шырша жанғақтарын шағуға шебер.

ӘУЕЖАЙДАҒЫ ТҮЛКІ

Бір кезде (осыдан оншақты жыл бұрын) Ереван әуежайының бір учаскесі айлар бойы жұруге болмайтын аймақ ретінде жарияланыпты. Мұндай төтенше шара қолдануға ұшу алаңының шетіне бір ұя түлкінің орналасуы себеп болыпты.

Таңертең жұмысқа келген аэпорт қызметкерлері жыра бойымен тартылған құбырлар арасына үш күшігі бар түлкінің орналасқанын көреді. Жанында жаңа ғимарат құрылысы салынып жатқанына қарамастан түлкі өзінің күшіктерімен күншуақта асыр салып жүреді. Кісілерді көре салып «кішкентайларын» ініне алып кетеді. Бұл аузын өзі қазып алған, ар жағында ыстық су жүретін құбыры бар жайлы орын еді.

Әуежай қызметкерлері оларға қамқорлықпен қарады. Түлкінің күшіктері өскенше әлгі жыраның топырағын жапқан жоқ. Оларға тамақ әкеліп беріп жүрді, көп мазаламауға тырысты. Бірақ бір күні таңертең ас әкелген үшқыштар түлкілерді таппады. Күшіктерін біраз есейтіп алған түлкі жақын жердегі орманға кетіп қалыпты.

САЯХАТШЫ ТАСБАҚА

Португалдың Мадейра архипелагы балықшыларының ауына тасбақа ілікті. Ол Атлант мұхитын жүзіп өткен екен. Оны тасбақаның бір аяғына салынған шығыршықтан анықтауға тура келді. Онда бұл саяхатшы тасбақаға шығыршық Флорида қаласында (АҚШ) осыдан он жылдан астам бұрын салынғаны жазылған. Газет хабарына қарағанда тасбақаның мұндай алыс және ұзақ уақыт саяхаты бірінші рет тіркеліп отыр. Мадейра балықшыларының бұл табысы ғалымдарды қызықтыруда.

ҚЫСТАП ҚАЛҒАН АҚҚУЛАР

Орлов деревнясының Любовша өзенінің жағалауындағы үйлер тұрғындары әдеттен тыс көріністерді тамашалады. Көктемнің түпсіз көгілдір аспанынан олар

күн сайын аққулардың күміс үнді қиқуын тыңдады. Маңғаз әрі әсем құстар өздерінің ұшып жүргендігін осылай хабарлайды. Бірақ бұл көктемгі құс келгендегі қиқу емес еді.

Бұл үш аққу осында қыстап шықты. Олар жылы жаққа ұшын бара жатып, өзен бойына демалуға қонған болуы керек. Маңайдағы селолардың тұрғындары болмаса, олардың қақаған қысқы аязға шыдауы қиын еді. Тұрғындар аққуларға жем беріп отырды. Оның үстіне Любовша баяу ғана ағатын өзен. Бұл маңайда бұлақтар да көп. Олар қысты сонда өткізеді. Ал күн жылынып, қызыл су сеңді бұзғаннан бері олар өздері қыстап, иелік еткен аймақты айнала ұшып, қиқуға басатын болды.

АҚ КИТ

1975 жылдың көктемінде Канада жағалауынан ұзындығы төрт метрлік, салмағы алты тоннаға жуық ақ кит ұсталған болатын. Қазір ол кит Британ Колумбиясындағы киттерге арналған әлемдегі ең ірі зоопаркте өзінің әдеттегі бауырластары арасында өмір сүруде. Зоологтар оның ұрпағы қандай түсті болатындығын тағатсыздана күтуде.

ДИНОЗАВРЛАР

Динозаврлардың шамалы ғана салыстырмалы уақыт ішінде жаппай қырылуы биологтар арасында көптеген пікір туғызған еді. Сондай болжамдардың ішінде ең белгілісі — климаттың, алыптар өмір сүрген табиғи ортаның өзгеруі болып саналатын. Динозаврлардың қырылуы туралы ағылшын ғалымы, профессор Свейн жаңа болжам ұсынды. Оның ойынша бұл алып хайу-

андар уланудың нәтижесінде қырылған. Диназврлардың жаппай қырылуына миллиондаған жылдар бұрын кең таралған кішкентай ғана улы шөп себеп болған. Свейн табылған қаңқалардың әдеттен тыс, табиғи емес қалыпта жатуына назар аударып отыр. Ғалымның пікірінше дененің мұндай қалыпта жатуы өлер алдында жанға батқан аурудан жанталасудан болады.

ЖҮЙРІК КЕНГУРУ

Жануарлар әлемінде алыс қашықтыққа жүгіруде кенгуруға тең келері жоқ. Тіпті ол сағатына 65 километр жылдамдықпен секіріп отырса да (ол мұндай жылдамдықпен жиі жүгіреді) ешқандай еңтікпейді. Мұның құпиясы жануардың аяқтарындағы өкшені тіземен жалғастыратын сіңірлердің ерекше қасиетінде болып отыр. Жылдам жүгірген кезде сіңір серіппе сияқты қызмет атқарады. Сөйтіп секіруге қажет көп қуат «үнемделіп» қалады. Былайша айтқанда, кенгуру қанша жылдам жүгіргенімен дем алысы жиілемейді. Ал басқа көптеген жылдам жүгіретін жануарларда әдеттегі зат алмасу процесінен күш-қуат жұмсалып, оттегінің жетіспеуіне әкеп соғады. Содан барып тыныс алуы жиілеп, еңтігеді. Міне, сондықтан да кенгуру Австралияда сақталып қалған. Өйткені ол еңтігіп қалатын жабайы ит дингоға жеткізбей кетеді.

ҚОЙЛАРДЫҢ «СУЛЫҒЫ»

Қой малы суықтан гөрі дымқыл ауадан көп жапа шегеді. Сондықтан да Жаңа Зеландия қой өсірушілері қойларға арналған полиэтилен сулық шыққанда қатты қуанған еді. Осындай «сәнді киім» пайда болғаннан бері Жаңа Зеландияның қойлары арасында өлім-жітім әлдеқайда азайды.

ҚАЛАДАҒЫ АЮЛАР

Коала аюы Австралияда қорғауға алынған алғашқы жануар түрі. Коала 1927 жылдан бері қорғалуда. Одан бұрын бұлар көптеп қырылды. Өйткені бұл аңның терісі өте жұмсақ, әрі жылы. Қорғау туралы заңның шыққанына жарты ғасырдан асқан кезде коаланың таралғаны сондай, Австралия халқының санынан артып кеткен. Бұл жануарлар қорықтарда алаңсыз өмір сүріп, түнде эвкалипт жапырақтармен көректеніп, күндіз тәтті ұйқыға кетеді.

Кейінгі кездері коала қорықтан тысқары жерлерге де шығып кететін болды. Сиднейде оның көбейіп кеткендігі сондай, мұндай мейірімді аңның кездесетін жерлеріне жүргізушілерге ескертіп, арнайы жол белгілерін қоюға тура келген. Қалалардағы үйлердің алдында өскен эвкалипт ағашына орналасып алған коала кейбір жас аналарды әуреге салып жүр. Өйткені коаланың дауысы бесіктегі баланың жылағанынан бір де аумайды.

ӨЛГЕН ЖЫЛАН ДА ШАҒАДЫ

Америка құрлығында өмір сүретін ысылдауық улы жылан (гремучая змея) өліп жатса да шағады екен. О дүниелік болған жыланның бұлай кек қайтаруы жиі кездеседі. Аризона штатының екі докторына қаралған жылан шаққандардың 15 проценті өліп жатқан, басы кесілген немесе мылтықпен атылған ысылдауық улы жыланның шабуылына тап болғанын айтқан. Осыған байланысты Аризона штатындағы Феникс қаласы медицина орталығының екі ғалымы зерттеу жүргізген.

Олардың айтуына қарағанда 11 айда жылан шаққан 34 адам қаралған. Олардың бесеуі шабуылдаған жыланның шалажансар екендігін дәлелдейді. Біреуі

жыланды ағашпен ұрып өлтірсе, екеуі мылтықпен бірнеше рет атқан. Тіпті біреуін екі рет шағыпты. Ол жыланды мылтықпен атады да, жерге жаншып, әбден өлгенше тұрады. Қозғалыссыз қалған кезде бөлектенген басын көтеріп алады. Кенет бас ұмтылып келіп, саусағын шағып алады. Енді бір адам жыланның мұндай қауіпті әрекетін білетінін айтады. Ол жыланның улы тісінен зақым келмейтіндей әдіспен көтеріп алған екен, кенет жыланның жақ сүйектері қозғалып кетеді де, саусағын жарақаттап, уын төге салады. Удын көп болғаны сонша, әлгі адамның саусағын кесуге тура келеді.

Зерттеудің барысы өлген жыланның басы бір сағатқа дейін шабуыл жасай алатындығын көрсетті. Калифорния ғылым академиясының биологы Джо Оловински дененің температурасын бақылайтын мұрын тесігі мен көздің арасына орналасқан орган — инфрақызыл сонсордың рефлекторлық әрекеті деп түсіндіреді. Сонымен қоса жыланның өлген соң да жұмыс істей алатын органы бар деп есептейді. Сондықтан да өліп жатқан ысылдауық жыланнан аулақ жүруге кеңес береді. Қажет болған жағдайда ұзын таяқшаны пайдалану керек. Ал, егер жыланды кездестірген адамның өзі оны өлтіруге ниет етпесе, ысылдауық жылан ешқашанда адамға бірінші шабуыл жасамайды екен.



ӨЛЕҢДЕР

ТУҒАН ЖЕР ТУРАЛЫ ЖЫР

Кең дала жасыл алқап манаураған,
Шалғынды, гүл майсасы алаулаған.
Туған жер аршын төсің қандай әсем,
Қызық қой сағынышпен қарау маған.

Көгілдір көк тауларың мұнарланып,
Алыстан сағымданып, тұманданып.
Жұпар ауа бойынды балқытады,
Япыр-ау, жырға қоспай тұрам неғып.

Дәру ғой көусар сулы бұлағың ем,
Саялы, жазиралы тұрағың кен.
Сағынып, самалыңды еске аламын,
Сайрандап еркің өскен ұланың ем.

Далаңда бұлдырайды сағым ойнап,
Жарысып құлын мен тай салып ойнақ.
Боздайды боз дөңгілде бота жусап,
Масайрап жан-жануар анық тойлап.

Қалың құс қиқулаған көл бетінде,
Сұлулық орнайғапты жер бетінде.
Суретші қыл қаламмен бейнелеген,
Әсемдік тұнып тұрған келбетінде.

Бал махаббат алғашқы бүршік атып,
Ғашықтық пайда болған ұйқы қашып.

Жүректе тұтанып бір өрт алауы,
Сезімді селт еткізген маржан шашып.

Сол далада қиялым қанаттанып,
Қызығын жастық шақтың сан атқарып.
Өткеріп гүл дәуренді төскейінде,
Оқуға кете бардым мен аттанып.

Аңсап келдім мен өзіңе, ауылым,
Қайда кеткен нәсерлеткен жауының?!
Аңсадым ғой мінезіңді ашулы,
Қайда кеткен құйындатқан дауылың?!

Қайда кеткен тынбай соққан самалың?!
Сағындым ғой өр мінезін даланың.
Күні-түні көсілуге шама жоқ,
Мезі қылды қыз мінезі қаланың.

Тұра салып жаңа отырған шайымнан,
Зыр жүгіріп, боранда қой қайырғам.
Бебеу қағып, құлын даусым құраққа,
Бөрілерден қозыларды айырғам.

Аңсап келдім бал бұлақты тынбаған,
Айлы түнді жасырын сыр ұрлаған.
Ыстық маған табиғаттың дүлейі,
Қылшылдаған жігіт етіп шыңдаған.

ШАҢЫРАҚТАУ

Торғын бұлт шың басына үйіліпті,
Көк аспан қабақ шытып, түйіліпті.
Шаңырақтау — шың басында тақия тас,
Бөріктей дөңгелене киіліпті.

Табиғат өзі жасап өз қолымен,
Жөнep кеткен содан соң өз жөнiмен.
Тақиятас жүректе бiр арман ғой,
Ешқашан қолың жетпес созғаныңмен.

Жидектер баурайында жайқалатын,
Араласаң жан-жүрек жай табатын.
Жан-жаққа шың басынан көзің салсаң,
Бас айналып, дүние шайқалатын.

Туған жер, тау биігі — Шаңырақтау
Япыр-ау, ол да өзінше жаңарыпты-ау!
Тағынып алтын алқа күн нұрынан,
Жап-жасыл мақпал кілем жамылыпты-ау!

Қараймын мен өзіңе келгенімде,
Қуанам паң тұлғанды көргенімде.
Сауығып, ерен күшке ие болам,
Қойнауыңнан бүлдірген тергенімде.

Жесем бiр жемісiңдi күш ап қалам,
Суыңнан бал татыған ішіп қанам.
Сондықтан ыстық маған көрiнесiң,
Баурында анам жатыр құшақтаған.

Таң келедi
ақ мамық шудаланып,
Ақ лақтың жүнiндей үлпiлдеген.
Жiбек шашақ сәулесi таудан асып,
Сыпырып жер бетiнен түн түнегiн.

Таң келедi
шығыстан арайланып,

Таудың басын алтынмен тақиялап,
Бойжеткендей қылымси қарай қалып,
Бойы балқып маужырап жатыр алап.

Таң келеді
нәр беріп тіршілікке,
Жердің тәнін аймалап қолдарымен.
Сұрағандай сүйінші көпшіліктен,
Жүгіреді масайрап жолдарымен.

ЖАЙЛАУ ТҮНІ

Тамылжып тылсым үні тыныш тауып,
Пердесін қараңғылық қымтап жауып,
Жұлдыздар жымындайды, ай қалықтап,
Түнгі шақ ортасынан кеткен ауып.

Бұлақтың аққан суы сылдырайды,
Құлындар кісінесіп құлдырайды.
Жетеді қой күзеткен шопан даусы,
Алыстан таулар биік бұлдырайды.

Түн сұлу жазғы кеште қыр төсінде,
Әжемнің әсем құрақ көрпесіндей.
Нәр берер табиғаттың сұлулығы,
Тұрғандай көркемсурет көрмесінде.

КҮЗ СУРЕТІ

Үзіліп ағаштан жапырақ,
Жерге кеп қалтырап түседі.
Сарғайған өңі оңып атырап,
Алтындай маржанды күз еді.

Сұрғылт бұлт төбеңнен түнеріп,
Дамылсыз ақ жауын жауады,
Қызуын аспаннан күн беріп,
Басады қапырық ауаны.

Адамға өмір бір өң берсе,
Құлпырып жаның жаз боларсың.
Көңілің құлазып өзгерсе,
Сондай-ақ, сен де тез оңарсың.

Сол шақта жүрегі жай табар,
Әркімнің өзінше күзі бар.
Жан бақша — мәуесі жайқалар,
Жемісін дер шақта үзіп ал.

Самал жел шөп басын тербейді,
Сыдыртып сыпыра жебелеп.
Көңілді қуаныш кернейді,
Жүрекке нұр ұшқын себелеп.

Көк аспан тұңғыық мөлдірсін,
Қараймың өзіңе тамсана.
Тұрмайсың ешқашан көлгірсіп,
Мейірім бір сенде қаншама!

Дертіңе дауа ғой, шіркін, ем,
Самалы жазира даланың,
Несіне, достар-ау, іркілем,
Жыр жолын тербейді қаламым.

БҰЛТТАР

Ақша бұлттар кеткен ұшып,
Қолың жетпес армандай.
Асқар таудың басын құшып,
Құшағына алғандай.

Баласының еркелетіп,
Анасындай бетін жуған.
Әлсін-әлсін нөсерлетіп,
Сел ағызар биік таудан.

БОРАН

Долы боран ышқына кеп үрлейді,
Таңға дейін түн түнегін түрмейді.
Қарсы жүрсең қара дауыл қиямет,
Тұншықтырып тыныс жолын күрмейді.

Аппақ түтек болжатпайды маңайды,
Адастырған долы боран талайды.
Бет қаратпай ысқырынған ызғырық,
Шеңгелдейді қасы-көзді, самайды.

Ақша қар бет ауызды сабалайды,
Қытымыр суық қылыш мазалайды.
Ақ қарымен табиғат осылайша,
Жазықсыз жүргіншіні жазалайды.

СЕҢ КӨШКЕНДЕ

Сең көшеді —
Аласұрып,

Есіріп,
Ақ толқында ағып жатқан көсіліп.
Ойнақтайды ақ бұзаудай шапқылап,
Байлауынан кеткен жаңа шешіліп.

Сен көшеді —
Ағыспенен,
Асығып,
Күнмен ойнап аппақ маржан шашылып.
Ақ бұзаудай
Еркелеген ұрыншақ,
Салып ойнақ,
Соқтығысып,
Қасынып.

Сен көшеді —
Бұзып-жарып,
Жапырып,
Астаң-кестең
Айдын бетін сапырып.
Алып қашып,
Ақ көбікті көкпарғып,
Буырқанып,
Бұрқ-бұрқ етіп атылып.

Сен көшеді —
Дүлей күшпен жеңдіріп,
Табиғаттың құдыретіне сендіріп.
Арпалысып,
Атой салған ақ жалдар,
Кездескенді өз еркіне көндіріп.

Сен көшеді —
Қайықтарды қашырып,
Әлек салып,
Мықтылығын асырып.

Әдеті ғой —
Мықтылардың әрқашан,
Әлсіздерді алатыны басынып.

Сең көшеді —
Кемелерге бұйым ба,
Бұзып-жарып өту оған қиын ба?!
Күштілердің күшті бетін қайтарар,
Сиын мейлі,
Тәңіріңе сиынба!...

Сең көшеді —
Қанша салып «төбелес»,
Бұзып өту мықтыларға сөз емес.
Кеме болу қолдан шіркін келер ме,
Сеңді бұзу өмірдегі көп емес.

Ақ самалмен,
сызылтып,
Құстар әнге салады.
Ауыл кеші қызық тым,
Есінде мәңгі қалады.

Күн еңкейіп,
тау асып,
Сәукелесін киеді.
Гүл-бәйшешек жарасып,
Күнге басын иеді.

Ыңыранып, тойынған,
Мал қайтады өрістен.
Кетпес сол сәт ойыңнан,
Қыр астында көріскен.

Түн маужырап, түнеріп,
Маңай тастай қараңғы.
Сыбдыр қағып — білерім,
Сыбырлайды тораңғы.

Келемін жалғыз аяндап,
Ауыл алыс талай жер.
Уақыт таңға таянды,
Көрінер болып қылаң бел.

Түнеріп, аспан бұлттанып,
Маңайды қатты құрсапты.
Қабағын түйіп, сұстанып,
Төгердей жаңбыр, бұршақты.

Үрейді алып тылсым сәт,
Қорқыныш кезі туғызар.
Шелектеп жауып, құйып сап,
Малмандай денең жуғызар.

Осының бәрі дәл маған,
Титтей де әсер етпейді.
Ойымнан асып ойлаған,
Санама еркін жетпейді.

Әлгінде ауыл сыртында,
Ойымда қыздың құшағы.
Көкірек сұлу жыр тыңдап,
Көңіл пырақ — ұшады.

Келеді менің ән салғым,
«Бақыттымын» дегім де.
Балқыған дене бап-балғын,
Ернінің дәмі ернімде.

Жаз еді,
 Ақ қайыңның арасында,
 Аралап,
 тамашалап,
 армандадық.
 Бөленген жасыл желек қала сонда,
 Түнімен қыдырушы ек таңға қалып.

Күз келді,
 Ақ қайыңдар тербеледі,
 Шашуғып жапырағын жерге төгіп.
 Көп болды сені қайтып көрмегелі,
 Қалды ма жүрек оты сенде сөніп.

Қыс болды,
 Ақ қайыңды суық сорды,
 Шықырлап бір бассан да аяғыңды.
 Жүрегім менің саған суып болды,
 Ұмыттым тәтті қылық баяғыңды.

Көктем бұл...
 Ақ қайыңдар бүршік атты,
 Жан кіріп бұтағына манаураған.
 Көңілде жуылмайтын кіршік қапты,
 Сөндіріп ұшқын отын алаулаған.

Маусымы табиғаттың өзгереді,
 Сен де сол ақ қайыңмен бір түлеген.
 Сенесін,
 анық оны көз көреді —
 «Алдамшы бұл дүние түлкі деген».

АРҒЫМАҒЫМ БОЗ АТЫМ

Зула-зула арғымақ,
Көзімізден жас парлат.
Іесе алмай қалсын-ақ,
Үшқан құс та аспандап.

Зула-зула зымыра,
Жарыса желмен екпінде.
Ризамын мұнына,
Еш жүйрікке жеткізбе.

Зула-зула көсіле,
Кең тынысты жануар.
Аянасың несіне,
Мен емеспін қамшылар.

Зула-зула боз атым,
Жарыс десе қызатын.
Барлығынан озатын,
Боз ат менің өз атым.

Бас бөйгені алатын,
Ортаға әкеп салатын,
Қуанышым, қанатым,
Боз ат менің өз атым.

Түнжырайды мамыражай түнгі аспан,
Жұлдыздары жымындасып, сырласқан.
Еркін ағып сай-саламен жүгірген,
Естіледі бұлақ үні тынбастан.

Таң да жақын. Осы бір сәт ғажайып!
Жұлдыздар да кетер сонда азайып.

Бұл көрініс қайталанбас сұлу ғой,
Қайталанбас сұлу, шіркін, жаз айы!

Қарасаң көз тоймайды,
Қарамасқа болмайды.
Әсемдік атты бұл әлем,
Өзіне тартып қоймайды.

Жібек жалы желбіреп,
Күнге қарай желді кеп,
Паң даланың сұлуы...
Табиғат тұр елжіреп.

Қалың орман, қарағайлы биік тау,
Теңселеді басын жерге иіп тал.
Сылақ-сылақ күліп, жүгіреді бал бұлақ,
Құстар үні тамылжиды — сал құлақ.

Жұпар ауа көкіректі ашатың,
Кәусар суы шөліңді де басатын.
Көрініске көз тоймайды қарасаң,
Әсем сурет табиғатым — тамашам!

ОРМАНШЫЛАР

Табиғатты аялауды білетін,
Қажып-талмай көзін салып жүретін,
Орманшылар — жасыл желек сақшысы,
Қалт жібермей атқаратын күзетін.

Табиғаттың тамашасын бағалап,
Көркейтеді, құлпыртады жаңалап.

Хас орманшы көз тігеді қиырға,
Жасыл желек, ақ қайыңды аралап.

Мөлдір ауа, желсіз дала, тымық қыр,
Жасыл орман мүлгіп қана тұнып тұр.
Алғашқы қар айналасын көмкеріп,
Құлақ шымшып ойнайды аяз шыңылтыр.

Кәусар жылға күміс үнмен сылдырап,
Жүгіреді таудан құлап сыңғырап.
Табиғаттың тамашасын көргенде,
Төгіледі көмейіңнен жыр бұлақ.

Бөлейді бал сезімге шыңғышыны,
Сары аяз, ақша қар мен салқын ауа.
Табиғаттың тамаша таңғы нұры,
Жанға шипа, рахат, дертке дауа.

Жазда болса — жасыл көше жайқалып,
Тұрар еді түгін тартса — май тамып.
Қыс қаншама мінсе-дағы күшіне,
Әсемдігі түр бәрібір байқалып.

Ақ көрпемен жауып қырды, қаланы,
Ақ қайыңды, шырша, терек, даланы.
Сары аязы бетін шымшып ойнаса,
Үлкен-кіші рахат тауып қалады.

АЛҒАШҚЫ ҚАР

Жер жатса кеше қара-бұйраланып,
Қойғандай бүгін аппақ нұрға малып.

Күміс қар жарқыл атып көзді ұялтса,
Сақылдап сары аяз да тұр жаланып.

Қақаған қаңтарың да, ақ боран да,
Түк емес елге дәулет, бақ қонарда.
Қалалар етек-жеңін қымтанып ап,
Өмірдің өрелі отын жақты олар да.

АҚ ҚАЙЫҢ

Бой созып, шуақ күнге қарай қапты,
Сылдырлап, әнге бөлеп бар аймақты.
Тәкаппар мінезмен өр тұлғалы,
Өтіп бара жатқанды қарайлатты.

Ақ қайың сұлулықтың символындай,
Ырғалып самал желмен қимылы жай.
Көз тартқан көркіменен ғажап сурет,
Япырым-ай, табиғаттың ғажабын-ай!



МАЗМҰНЫ

Бұл біздің соңғы мүмкіндік	3
Табиғатқа қастандық — қылмыс	9
Қоршаған орта тазалығы өз қолымызда.....	15
Денсаулықтың бір кепілі — жасыл орман.....	22
Ботаникалық бақ — байлығымыз.....	27
Балқаш көлі.....	38
Көл тағдыры — келешек тағдыры.....	40
Қаржымен қамтамасыз етеміз	43
Қара Ертіс қалай қарай ағар екен?.....	47
Қара Нұра қашан тазарады?.....	51
Радиациялық жағдай алаңдатады.....	55
Ақтоғай халқы да зардап шегуде.....	59
Уранның улы қалдықтары.....	61
Мектептегі экология кабинеті.....	67
Бегазыда көп сыр бар.....	70
Алтайдың ала бұғысы.....	75
Зымыранның зардабы.....	78
«Гептил» деген не пәле.....	86
Ғарыш айлағының қандай пайдасы мен зияны бар? ..	94

Әңгімелер

Көкқасқа.....	99
Бала бүркіт.....	103
Бал бұлақ.....	108
Арманым — ақ бидай.....	116
«Аққу күйі» туралы аңыз.....	121
Бұлбұл.....	125
Бір шоқ гүл.....	129

Әзіл-сықақ әңгімелер

Төпектің сөзіне сенем деп.....	136
Дәме.....	139
Сыйлық.....	140

Аудармалар

Бізқұйрық үйрек — үй құсы.....	144
Туған жер құдіреті.....	162
Олас.....	170
Әділ мерген туралы ертегі.....	181
Кент — аңыз аймағы.....	185

Натуралистердің жазбаларынан

Ауладағы тұлкі.....	190
Саңырауқұлақтар.....	191
Пайдалы шөптер.....	192
Шаяндар.....	193
Түнгі қонақ.....	194
Кірпі мен мысық.....	194
Қария.....	196
Байкал атты партизан.....	197
Ескі күйсандық.....	200
Табиғат тамашалары.....	203
Өлеңдер.....	211

Сүйіндік Жанысбай

САРЫАРҚАНЫҢ САМАЛЫ

(Туған жер, табиғат, экология мәселелері туралы кітап)

«Орталық Қазақстан» газетінің компьютерлік орталығында терілді.

Операторлары: **М.Әйнекова, М.Түрікпенбаева.**

Тех. редакторы **К.Мұстафа.**

Фотосуреттерін түсірген **Ж.Иманәліұлы, В.Петухов, П.Кунин, Д.Кузми-
чев** және басқалары.

Басуға 18.09.2003 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90 1/16. Офсеттік басылым.

Көлемі 14 баспа табақ. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1582.

Бағасы келісімді.

“АРКО” ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 2 үй.

